

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

ӘОЖ 94(574.5).08/.084

Қолжазба құқында

ТОҚБЕРГЕНОВА ЗАФИРА СҮНДЕТҚЫЗЫ

Қазақстанның оңтүстік аймағының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі (XIX ғасырдың соңы -1920 ж. аралығындағы Сырдария облысының мысалында)

07.00.02 – Отан тарихы
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Сыдықов Е.Б.

Қазақстан Республикасы
Семей, 2010

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы патшалық Ресей билігі тұсындағы Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы.....	13
1.1 Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері.....	13
1.2 Қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістердің Қазақстанның оңтүстік аймағындағы көрінісі.....	28
1.3 Сырдария облысы тұрғындарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысуының мәселелері.....	35
2 Сырдария облысының Ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдық-саяси өмірі.....	43
2.1. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі және Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі "көпөкіметтіліктің" орнауы.....	43
2.2. Сырдария облысы 1917 жылдың екінші жартысындағы азаматтық қарама-қарсылықтың күшеюі кезеңінде.....	71
3 Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кеңестер билігінің орнау кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және саяси өмір.....	96
3.1 Сырдария облысындағы Кеңес өкіметінің орнауы және қосөкіметтіліктен бір өкіметтілікке көшу.....	96
3.2 Кеңестік билік жүйесінің экономика мен идеология салаларындағы негіздерін құрудағы алғашқы қадамдары.....	107
Қорытынды.....	124
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	128

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығы отандық тарихымыздың, оның ішінде Қазақстанның ұланғайыр оңтүстік өңірін қамтыған бұрынғы Түркістан өлкесі Сырдария облысы тарихының аса күрделі де, ауыр кезеңдерінің біріне жатады.

Бүгінгі күндерде – Тәуелсіз Қазақстанның өмір шындығына сай тарихын қалыптастырып жатқан кезде - Қазақстанның 1917-1920 жылдардың аралығын қамтитын азаматтық қарама-қарсылық кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірін зерттеу ғылыми-танымдық қажеттіліктен туындап отыр.

Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы Сырдария облысы 1887 жылғы 1-і қаңтарда құрылған. Әкімшілік-территориялық тұрғыдан Ташкент, Черняев (Шымкент), Әулиеата, Перовск (Ақмешіт) және Қазалы уездерінен тұратын облыстың жер көлемі 459 мың шаршы км-ге (верст) тең ұланғайыр территорияны алып жатты. Бұл жердің басым көлемі ежелгі заманнан қазақтардың ата-қонысының (этникалық территориясының) құрамына кірді. Облыс тұрғындарының құрамы көп ұлтты болғанымен, қазақтар олардың басым көпшілігін құрады. Оны мекендеген өзбектер, қырғыздар, тәжіктер, қарақалпақтар жалпы саны, келімсек орыстарды қосқанның өзінде ондағы қазақтардың санынан әлдеқайда аз болды.

Осыған қарамастан Сырдария облысы 1918 жылға дейін алғашында Түркістан генерал-губернаторлығының, кейін Түркістан өлкесінің құрамында, ал 1918 жылғы мамырдан 1924 жылға дейін Түркістан АКСР-ның құрамында болып келіп, тек қана 1924 жылы Орта Азияны ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде Қазақ АКСР-на қосылды.

Қысқа уақыт аралығында әкімшілік-территориялық тұрғыдан үлкен өзгерістерге ұшыраған аймақтың XIX ғасырдың соңы - 1920 жылдарға дейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің даму ерекшеліктері осы кезеңдерде орын алған күрделі тарихи өзгерістермен тығыз байланысты. Аталған тарихи кезең әлеуметтік және саяси қарама-қайшылықтарға толы болды. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы және оның Ресей империясының Түркістан сияқты отарлық аймақтарына тигізген әсері, Орта Азия мен Қазақстанды түгелге дерлік қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, оларға жалғасқан 1917 жылғы қос революция мен азамат соғысы және оның нәтижесінде Кеңес өкіметінің жеңіске жетуін осы кезеңнің басты саяси оқиғалары ретінде көрсете аламыз.

XX ғасырдың басында жалпы Ресейде, оның отарлы аймақтарында әлеуметтік қайшылықтар шиеленісті, империяның Қазақстан мен Түркістан өлкесіндегі отарлық саясаты, әсіресе «столыпиндік» реформаларды жүзеге асыру барысында аса күшейді. Империядағы дағдарыс 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты шырқау шегіне шықты. Жоғарыда айтылған факторлар Қазақстанның, оның ішінде Түркістан өлкесіне қараған Сырдария облысының саяси хал-ахуалын да шиеленістірді. Бұл өңір біртіндеп метрополияның экономикалық өміріне ғана тартылып қоймай, оның орталығында орын алған саяси күрес орбитасына да тартыла бастады.

Бұл 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының Қазақстанға жасаған әсерінен, Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен аса айқын көрінді.

1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің жеңісі нәтижесінде патша үкіметінің құлатылуы мен Ресейде Республикалық тәртіптің орнатылуы Қазақстан мен Түркістандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті.

Жоғарыда аталған кезеңнің 1917-1920 жылдардың аралығын қамтитын уақыты аса өткір әлеуметтік мәселелер мен саяси қарама-қайшылықтарға толы. Дәл осы жылдары Кеңес өкіметі толық жеңіске жетіп, келешекте тоталитарлық жүйеге негізделген алып мемлекет Кеңестер Одағы құрылып, оның таптық ұстанымдар (принциптер) мен коммунистік идеологияға негізделген билік жүйесінің саясат, экономика және идеология салаларындағы негіздері құрылды.

Қазіргі тарих ғылымының басты талабы өткен кезеңдердегі әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени даму тәжірибесін ескеруді, оны ұлттық құндылықтар тұрғысынан зерделеу екендігі даусыз. Сондықтан қайшылықты оқиғаларға толы тұтас тарихи кезеңдерге қатысты күрделі мәселелерді белгілі бір аймақ шегінде зерттеу өзекті бола түсері даусыз. Қазақстанның оңтүстік аймағының, атап айтсақ бұрынғы Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің ерекшеліктері нақты зерттеу нысаны ретінде қарастырылған емес.

Кеңестік билік тұсында біз қарастырып отырған кезеңдегі Ресейдің ұлттық аймақтардағы жүргізген отарлау саясатының күшеюі мен бұдан кейінгі кеңестің билік жүйесінің орнығуының ерекшеліктерін терең зерттеп, жан-жақты ашу мүмкін болмағаны белгілі. Сондай-ақ тақырыптың ғылымтанымдық маңыздылығымен қатар, оның бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси-әлеуметтік дамуының мәселелерімен тығыз байланыстағы өзектілігін де атау керек. Себебі Сырдария облысында қарастырып отырған кезеңде орын алған тарихи өзгерістер, олардың себептері мен салдарлары қазіргі таңдағы еліміздің саяси, экономикалық, демографиялық дамуы мен мемлекетаралық қарым-қатынас мәселелерімен де тығыз байланысты.

Сондықтан Сырдария облысының ХІХ ғасырдың соңы мен 1920 жылдарға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін осы кезеңдерде орын алған саяси өзгерістер негізінде зерттеу бүгінгі күннің қажеттілігінен туындап отырған тақырыптардың бірі екендігі даусыз.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстанның оңтүстік аймағының Ресей империясының отарына айналуы мен оның салдарлары жөнінде кезінде көптеген зерттеулер жазылды. Олардың қатарында К.К. Паленнің [1], В. Заорская мен Г. Александровтың [2], А.И. Добромисловтың [3], П.Г. Галузоның [4], М. Шоқайдың [5], А. Пяковскийдің [6], С. Наурызбаевтың [7], Л. Динашеваның [8] еңбектерін бірінші кезекте атаған жөн. Бұл зерттеу еңбектерінде Түркістан аймағының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мен қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістердің барысы қарастырылған.

Кеңестік тарихнамада тарихымыздың 1917-1920 жылдар аралығын қамтитын кезеңі зерттеушілер тарапынан үлкен ықыласқа ие болды. Тарихнамада “Ұлы Октябрь революциясы мен азамат соғысы тарихы” аталған осы кезеңге жүздеген монографиялар мен мыңдаған мақалалар арналды. Зерттеушілердің ХХ-ғасырдың 80-і жылдарындағы есеп-мәліметтеріне жүгінсек, елде Қазан төңкерісінің жеңіске жету тарихына, олардың ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнау тарихына арналған тек қана кітаптар мен басқа да қорытындылаушы еңбектердің (обобщающие работы) саны 15 мыңдай болған [9, 26 б.].

Отандық тарихымыздың осы кезеңінің зерттелу жағдайына Г.Ф.Дахшлейгер [10-11], А.Нүсіпбеков [12-13], З.Алдамжаров [14], М.К.Қозыбаев [15], І.М.Қозыбаев [16-17] тарихнамалық монографиялар мен арнаулы зерттеу мақалалар арнады, ал Х.Ш.Иноятов [18], Т.Елеуов [19], С.Н.Покровский [20], С.Бейсембаев [21], А.С.Елагин [22], К.Нұрпейісов [23-24], т.б. қазақстандық және ортаазиялық ғалымдар өз зертеулерінің кіріспе бөлімдерінде немесе арнаулы тарауларында осы кезеңге қатысты тарихнамалық талдаулар мен шолулар берді.

Жоғарыдағы авторлардың тарихнамалық еңбектерінде Қазақстандағы 1917-1920 жылдардағы азаматтық қарама-қарсылық тарихын зерттеу ісі ХХ ғасырдың 20 жылдарынан басталып, сол ғасырдың 80-і жылдарының соңына дейін жалпы алғанда бір сарында, бір бағытта жүргізілгендігі баса көрсетілген. Бұл сарын мен бұл бағытқа тән басты қағидаларға төменгі үш тұжырым тән болды: 1) Ұлт аймақтарындағы, атап айтқанда Қазақстан мен Түркістандағы, Кеңес Өкіметі үшін күрес жалпыресейлік революциялық процестің құрамдас бөлігі болды. Оған большевиктер жетекшілік еткен Ресей жұмысшы табы басшылық етті; 2) Қазақстан мен Түркістанда социалистік революция мен пролетариат диктатурасы идеясы жергілікті еңбекшілер тарапынан қолдау тапты; 3) Қазақстан мен Орта Азиядағы қарулы күрес бүкіл елде орын алған және шетелдік империалистер мен Қазан революциясы жеңісінде саяси биліктен аластырылған езуші таптар бастаған Азамат соғысының құрамдас бөлігі болды.

Аталған кезең бойынша 1920-80 жылдарда жарияланған еңбектерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: 1-топқа 20-40 жылдар аралығындағы басылымдар жатады. Бұл топтағы жариялымдар негізінен революция мен азамат соғысына және кеңестік құрылыстың, алғашқы кезеңдеріне қатынасқандардың естеліктерінен (мемуарларынан) және жекелеген зерттеу еңбектерінен тұрды. Бұл топтағы еңбектер қатарында Ә. Әйтиев [25], С.Меңдешев [26], Ғ. Тоғжанов [27], С.Сейфуллин [28], О.Бекұлы [29], Т. Рысқұлов [30-31] сынды қоғам және мемлекет қайраткерлерінің еңбектерін атап өтуге болады. Олардың басым көпшілігі Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен өңірлеріндегі оқиғаларға арналды.

Соған қарамастан оларда құндылығын осы күнге дейін жоймаған деректер кездеседі. Алайда осы топтағы жариялымдардың басым көпшілігінде мұрағат құжаттары жеткілікті пайдаланылмады және жекелеген шындыққа сай келмейтін субъективтік пікірлер орын алды.

Соғыстан кейінгі жылдарда, әсіресе ХХ-ғасырдың 60-80 жылдары Қазақстан мен Орта Азиядағы ХХ ғасыр басындағы жағдай, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері мен азамат соғысы тарихы нақтылы және әртүрлі, әр қырлы деректер көздері негізінде зерттелді. Аталған мәселелер А.Б. Тұрсынбаевтың [32], И.И. Минцтің [33], К. Үсенбаевтің [34-35], С.Н. Покровскийдің [36], А. Жүргеновтың [37], П.М. Григорьев пен М.П. Пахмурныйдың [38], С.Зимановтың [39-40], Ф. Маликовтың [41] зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ аталған мәселенің зерттелуінде Орта Азия мен Қазақстан және Қазақстанның облыстарындағы кеңес үкіметінің орнау тарихына арналған жинақтардың да [42-43] орны ерекше.

О.Қоңыратбаевтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Т. Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінің Түркістан кезеңіне арналған зерттеуін де ерекше атап өту қажет [44].

1960-80 жылдарда жарияланған арнаулы зерттеулер жалпы алғанда, “Ұлы Октябрь революциясы - ХХ ғасырдың басты оқиғасы” деген коммунистік партия ұсынған тезисті дәлелдеуге, Қазақстандағы Кеңес үкіметі үшін күрес осы революцияның құрамдас бөлігі деген пікірді дәлелдеуге бағышталды. Бұл қоғамға, онда орын алған сан-салалы, әр қырлы өзгерістерге таптық және партиялық (коммунистік) көзқарастың көрінісі болды. Бұл жылдары жарық көрген еңбектерде Қазақстандағы 1917-1920 жылдардағы оқиғаларды талдап, оларға баға беруде таптық көзқарас пен коммунистік идеологияның басымдылығы үстемдік етті. Сондықтан да оларда Қазақстандағы Алаш пен Орта Азиядағы (оның ішінде Қазақстанның Оңтүстігіндегі) жәдидтер (жаңашылдар) қозғалыстарына, сол сияқты олардың нәтижесінде дүниеге келген Алаш және Түркістан (Қоқан) автономияларына тарихи шындыққа сай келмейтін теріс баға берілді. Бұл қозғалыстардың ұлт-азаттық мәні жоққа шығарылып, олардың жетекшілері “халық жаулары” ретінде қараланды. Сонымен қатар В.И. Лениннің “Кеңес өкіметінің салтанатты шеруі” туралы сезімге негізделіп (эмоцияға сүйеніп) айтылған сөздері тұғырнамалық (концепциялық) деңгейге көтерілді. Осының нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азиядағы Кеңес өкіметі үшін күрестің күрделілігі мен қиыншылықтары, оның Ресейдің Орталық аудандардағы жағдаймен салыстырғандағы өзіне тән ерекшеліктеріне мән берілмеді. Атап айтқанда Қазақстандағы қосөкіметтіліктің өзіне тән ерекшеліктеріне көңіл аударылмады, мұнда 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі алғашқы айларда Орталық аудандардағыдай (Петроград, Мәскеу) қосөкіметтілік емес, саяси билікке таласушы көптеген күштердің болғандығы ескерілмеді [45].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткен 1917-1920 жылғы оқиғаларды зерттеуде, оның басқа кезеңдері сияқты «тоталитаризм ұлттық тарихтың қалың-қалың қабаттарына кереметтей бір зұлымдық әдісті қарсы қойды - ұлттың өткен тарихының бір тұтас жанды тасқыны тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тасталғаны» [46] туралы тұжырымын естен шығармауымыз қажет.

КСРО-ның тарих саханасынан кетіп, Қазақстан мен басқа Орта Азия республикаларының тәуелсіздік алуына байланысты осы өңірлердегі 1917

жылғы қос революция мен Азамат соғысына қатынасы бар оқиғалар тізбегі, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан мен Түркістанның ұлттық интеллигенциясының ағартушылық және саяси қызметі тарихының көптеген беттері өмір шындығына сай қайта жазылуда. Бұл ретте Алаш және жәдидтер (ортаазиялық жаңашылдар) қозғалыстары жөнінде, 1917 жылы құрылған Алаш және Түркістан автономиясы туралы жарияланған К. Нұрпейісовтың [47], М.Қойгелдиевтің [48], Д. Аманжолованың [49], Ә. Ауанасованың [50] іргелі зерттеулері, осы мәселелерді әр қырынан қарастырған, Х.М. Тұрсынның [51], Е.Е. Сайлаубайдың [52], А. Махаеваның [53], Ж. Нұрманбетқызының [54], Б.Ә. Есіркемесованың [55], С. Смағұлованың [56] еңбектері отандық тарих ғылымының сұранысынан туындаған жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдарға негізделген зерттеулер ретінде ерекшеленеді. Ал, С. Өзбекұлы [57], Т.Қ. Әуелғазина [58], Ш.Т. Омарбеков [59], А.С. Сляммов [60], Г.С. Нарматова [61] сынды ғалымдар өз зерттеулерінде айтылмыш кезеңдегі Қазақстан мен Орта Азия зиялыларының саяси құқықтық, тарихи көзқарастары мен қоғамдық саяси қызметін жан-жақты қарастырды.

Қазақстанның оңтүстік аймағының біз қарстырып отырған кезеңдегі мәселелерінің жаңа тұрғыдан зерттелуінде Өзбекстанның Р.М. Абдуллаев, С.С. Ағзамходжаев, И.А. Алимов және тағы басқа бір топ ғалымдары жариялаған көлемді еңбекті атап өтуге болады. Бұл зерттеу жұмысында Түркістанның XX ғасыр басындағы, атап айтсақ 1917-1924 жылдар аралығындағы тарихының күрделі мәселелері ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан қарастырылған [62]. Еңбек авторлары XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Түркістанның саяси тарихына өздерінің басты назарын аударған. Атап айтқанда Түркістан мұхториятының (Түркістан автономиясының) құрылуы мен күштеп таратылуы, Бұхара және Хорезм Республикалары тарихының саяси және әлеуметтік-экономикалық қырлары, 1924 жылғы өлкені Ұлттық территориялық межелеу мәселелері тарихи шындыққа сай зерттелген. Алайда бұл еңбекте 1924 жылға дейін Түркістан АКСР-ның құрамында болып келген қазақтың байырғыдан бергі ата қонысы болған Сырдария мен Жетісу облыстары тарихи мәселелеріне жеткілікті мән берілмеген. Сонымен қатар Алаш және Түркістан (Қоқан) автономияларының тағдырындағы ұқсастық пен олардың әр қайсысына тән ерекшеліктер жөнінде нақтылы айтылмаған.

А.А. Голованов пен Г.С. Тілеуқұловтың “Түркістан тарихи бетбұрыста. 1917-1920 жж” атты еңбегі [63] жоғарыда сөз болған бір топ авторлар жазған зерттеу сарынында жазылған, тіпті оның жекелеген тарауларындағы деректер мен ойлар қайталанған. Бұл жағдайды А.А. Головановтың Өзбекстанда жарық көрген айтылмыш екі кітапқа қосалқы автор болуымен түсіндіруге болады. Сондықтан да А. Голованов пен Г.С. Тілеуқұлов жариялаған кітаптың жетістіктері де, жекелеген кемшіліктері де Р.М. Абдуллаев пен оның әріптестері шығарған еңбекке берген бағаға ортақ.

Тақырыптың зерттелу тарихына қысқаша тарихнамалық шолу жасай отырып, біз қарастырып отырған кезеңдегі Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саяси тарихының мәселелерінің отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанын көреміз. Отан

тарихында ең бір күрделі кезең болып табылатын ХХ ғасырдың басындағы қым-қиғаш тарихи оқиғалар кешенді түрде зерттеліп, бұл кезеңдегі басты тарихи оқиғалардың негізгі бағалары айқындалғанымен, бұл оқиғалардың жеке өңірлердегі көріністері, өзіндік ерекшеліктері толық зерттелген емес.

Диссертацияның зерттеу нысаны. ХІХ ғасырдың соңы мен 1920 жылдар аралығындағы Қазақстанның оңтүстік аймағының әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының өзіндік ерекшеліктері мен тарихи салдарларын зерттеу болып табылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың басты мақсаты Қазақстанның оңтүстік аймағының ХІХ ғасырдың соңы мен 1920 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерді Сырдария облысының мысалында аталған кезеңдегі тарихи дамуға негіз болған және оларға ықпал жасаған тарихи оқиғаларды талдау арқылы ғылыми тұрғыдан сараптау болып табылады. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

- ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы патшалық Ресей билігі тұсындағы Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктерін анықтау;

- Қазақстанның оңтүстік аймағындағы Ақпан төңкерісіне дейінгі қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерді сараптау;

- Сырдария облысы тұрғындарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысуының мәселелерін талдау;

- 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі "көпөкіметтіліктің" орнауының барысы мен ерекшеліктерін көрсету;

- 1917 жылдың екінші жартысындағы азаматтық қарама-қарсылықтың күшеюі кезеңіндегі Сырдария облысында орын алған қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістерді Алаш және Түркістан автономияларына тән ортақ белгілер мен жекелеген ерекшеліктерін талдау арқылы ашып көрсету;

- Сырдария облысындағы Кеңес өкіметінің орнауы мен орнығуы және осы өңірдегі "қосөкіметтіліктен" бірөкіметтілікке ауысу процесін жаңаша тұрғыдан пайымдау;

- Сырдария облысы мысалында Кеңестік билік жүйесінің экономика мен идеология салаларындағы негіздерін құрудағы алғашқы қадамдарына талдау жасау.

Зерттеу жұмысының деректік негіздерін әртүрлі мұрағат қорларының, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының, Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының, Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатының тиісті қорларында сақталған құжаттар мен қарастырылып отырған кезеңге байланысты жарияланған құжаттар жинақтарының мәліметтері, ХХ ғасырдың басында жүйелі түрде жарияланып тұрған «Сырдария облысы бойынша шолу» жинақтары («Обзоры по Сырдарьинской области»), статистикалық мәліметтер, осы кезеңдегі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің естеліктері, 1917-1920 жылдары және олардан кейінгі кезеңдердегі газеттер мен журналдардың материалдары құрайды.

Аталған мұрағат қорларындағы құжаттар мен материалдарда төмендегідей тарихи мәліметтер сақталған:

- Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатында (50, 384 – қорлар), Сырдария облысында бұрынғы болыс басшылары мен ауыл старшындарын Уақытша үкіметтің комиссарларымен алмастыруға арналған сайлауларда орын алған кемшіліктер мен заңсыздықтар және оны жою жөніндегі арыздар туралы мәліметтер, Әулиеата уезіндегі ашаршылыққа байланысты 1918 жылы 15 қарашада жазылған құжаттар сақталған.

- Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында (1,7 - қорлар) Сырдария облысы тұрғындарының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқандары туралы, Сырдария облысының әскери губернаторы қазақтар мен қырғыздардың ортасына от жағып, оларды араздастыру бағытында уезд бастықтарына берген нұсқауы туралы деректер сақталған.

- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан (1,406 - қорлар) Сырдария облысында 1919 жылғы астық өнімі бойынша әр уезге салынған азық-түлік салғырты мен мал басына белгіленген салғырттың көлемі және оның орындалу көріністері туралы мәліметтер алынды.

Сол кезде жарыққа шығып тұрған «Қазақ», «Наша газета», «Известия», «Бірлік туы», «Ұлұғ Түркістан» газеттерінде жарияланған мақалалар мен хабарламалар аймақта орын алған қоғамдық-саяси өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты құнды мәліметтер береді.

Сонымен бірге, зерттеліп отырған кезең куәгерлерінің естелік жазбалары (мемуарлар), М. Шоқай, Т. Рысқұлов, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов сынды халқымыздың біртуар перзенттерінің еңбектеріндегі, З.У. Тоған, М.Х. Сұлтанғалиев сынды Ресейдегі ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерінің шығармаларындағы зерттеу тақырыбына байланысты мәліметтер де дерек көздері ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының методологиялық негіздеріне тәуелсіз Қазақстан шындығынан туындайтын талапарға сай өткен тарихты зерттеп білуде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар ұстанымдары алынып, өркениеттілік ұстаным, тарихилық, нақтылық және логикалық бірізділік қағидалары ескерілді. Тақырыптың басты мәселелерін зерттеу барысында кеңестік тарихнамада маркстік-лениндік идеология қағидаларына сәйкес орныққан кейбір теориялық тұжырымдар қайта қарастырылып, тарихи-объективті баға берілді. Тарихи-хронологиялық әдіс ХІХ ғасырдың соңы - ХХ ғасырдың басындағы патшалық Ресей билігі тұсындағы Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын нақтылауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи тәсілді пайдалану Ақпан төңкерісінен кейінгі Сырдария облысының қоғамдық-саяси өмірін талдауға көмектесті. Сонымен қатар, диссертация тақырыбына тікелей қатынасы бар зерттеулер жүргізген жекелеген отандық және шетелдік ғалымдардың дәлелді ой-пікірлері де кәперге алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақстанның оңтүстік аймағының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын Сырдария облысы мысалында отандық тарих ғылымында жаңа

көзқарас тұрғысынан арнайы тақырып ретінде кешенді түрде қарастыра отырып, төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

- XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Сырдария облысында орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ерекшеліктерін талдау арқылы патшалық Ресейдің отарлау саясатының аймақтың әлеуметтік, демографиялық және экономикалық дамуына тигізген салдарлары мен зардаптары сарапталды;

- XX ғасыр басындағы Түркістан өлкесіндегі отарлық езгіге қарсы азаттық күрес идеологиясы мен өлкедегі түрлі саяси топтардың қызметтерін талдау арқылы Қазақстанның оңтүстігіндегі қоғамдық-саяси дамудың ерекшеліктері тұжырымдалды;

- 1916 жылғы Сырдария облысындағы ұлт-азаттық күресті жаңа тарихи көзқарастар тұрғысынан саралап, Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың заңды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Сырдария облысындағы күрестің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтағы көтеріліс тарихы да нақты үш кезеңге бөлу арқылы пайымдалды және бұл күрестің барысы мен ерекшеліктерін сараптау арқылы аймақтағы патша үкіметінің беделінің түсуі мен азаттық үшін күрес идеологиясының күшеюінің тарихи сабақтастығы айқындалды;

- 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі аймақтың саяси өмірінде орын алған қоғамдық-саяси өзгерістер “көпөкіметтілік” пен “қосөкіметтіліктің” орнауының барысы мен ара-қатынасы алғаш рет нақты, әрі деректі құжаттар негізінде анықталды;

- Қазақстанның оңтүстік өңірінің “Шуро-и-Исламшылдар” қозғалысы Қазақстандағы Алаш қозғалысы өкілдерімен осы өлкелердің Ресей демократиялық федерациясы құрамындағы ұлттық-территориялық автономия болуын жақтағанын қарастыра отырып, олардың өзара ұқсастығы мен жекелеген ерекшеліктері ұлттық - демократиялық Алаш қозғалысының белгілі қайраткерлері А.Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Мұстафа Шоқайдың, М.Тынышбаевтың, т.б. еңбектері мен естеліктері және нақты тарихи фактілерді салыстыра талдау арқылы дәйектелді;

- Большевиктердің өз биліктерін орнату жолында ұлттық мүдделерді соңғы орынға ығыстырып тастағаны нақты деректер мен фактілерге сүйене отырып қарастырылды және Сырдария облысындағы Кеңес өкіметінің орнауының өңірдегі ерекшеліктері “қосөкіметтіліктен” бірөкіметтілікке ауысу процесі жаңа құжаттар негізінде баяндалды;

- Кеңестік биліктің экономика мен идеология салаларындағы негіздерін қалаудағы іс-шараларын қарастыра отырып, тоталитарлық билік жүйесінің орнығуының аймақтағы нақты көріністері мұрағат деректері негізінде сараланды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері зерттеудің айқындалған мақсат-міндеттеріне сәйкес XIX ғасырдың соңы мен 1920 жылдың аралығы деп белгіленді. Алғашқы мерзімдік шек, яғни XIX ғасырдың аяғы 1887 жылы Түркістан өлкесінің құрамында Сырдария облысының құрылуымен межеленсе, ал соңы осы өңірде орын алған 1917-1920 жылдар аралығын қамтыған кең

мағынадағы азаматтық қарама-қарсылықтың аяқталып, Кеңес өкіметінің жеңісін айқындаған 1920 жылмен шектелді.

Зерттеудің теориялық және қолданбалық маңызы. Диссертация материалдарын, келтірілген дерек мәліметтері мен ғылыми тұжырымдар және қорытындыларын Қазақстан мен Орта Азия елдерінің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихының мәселелерін зерттеуде, Республикамыздың жоғарғы оқу орындарының тарих факультеттерінде Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихынан базалық курстар оқыту мен арнаулы курстар, семинар сабақтарын жүргізуге, элективті курстар дайындауда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Қазақстанның оңтүстік аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саяси өміріндегі өзгерістер тарихын Сырдария облысының мысалында қарастыра отырып, төмендегідей тұжырымдарды ұсынамыз:

- XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік аймағы метрополияның арзан шикізат көзіне айналып, жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылық тәртібі бұзылып, қалалар мен ауылдарда әлеуметтік теңсіздік орын алды;

- XX ғасырдың басында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі нәтижесінде Түркістан өлкесіне қараған Сырдария облысы саяси күрес орбитасына да тартыла бастады. Осылайша XX ғасыр басындағы отарлық езгіге қарсы азаттық күрес идеологиясы күшейіп, аймақта түрлі саяси топтардың қызметтері жандана түсті;

- Сырдария мен Жетісу облыстарындағы көтерілісшілер 1916 жылдың күзінде аяусыз басылып жаншылғанымен, нәтижесінде аймақтағы патша үкіметінің беделі төмендеп, азаттық үшін күрес идеологиясы одан әрі күшейе түскендігі пайымдалды;

- 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі Сырдария облысындағы «көпөкіметтілік» Орталық Ресей үлгісімен «қосөкіметтілікке» ұласты. Осы орайда ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының басшылығы Уақытша үкіметті қолдаса, жекелеген қазақ халқының өкілдері, негізінен радикалдық көзқарас пен әрекеттерді таңдап алған интеллигенция өкілдері кеңестер жағында болғандығы нақты деректер негізінде көрсетілді;

- Аймақтағы Алаш қозғалысы мен жәдидшілдік қозғалысының өзара ұқсастығы мен орын алған жекелеген ерекшеліктері де талданып көрсетілді;

- Сырдария облысында Кеңестердің жеңіске жету жолы кеңестік тарихнамада тұжырымдалғандай «салтанатты шеру» түрінде болған жоқ, керісінше тамыры терең әлеуметтік, таптық қарама-қарсылықты күшпен жеңу жолымен жүргізілді. Жергілікті халықтардың, олардың қатарында қазақтардың жекелеген өкілдері ғана Кеңес өкіметі үшін күреске қатынасқандығы, ал халықтың басым көпшілігінің бейтараптық позиция ұстағандығы пайымдалды;

- Сырдария облысындағы Кеңес өкіметінің саясат пен руханият салаларында алғашқы жылдарда-ақ қалыптаса бастаған ұстанымдары қоғамның

өміріне тұтастай бақылау орнатуға тиісті коммунистік идеологияның үстемдігін нығайтуға бағытталғандығы ашып көрсетілді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жалпы 10 мақала жарық көрген. Оның ішінде Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті белгілеген басылымдарда 5 мақала, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жасалған 4 баяндамалар түрінде жария болды.

Диссертация Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің тарих және құқық кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, жеті тараушадан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы патшалық Ресей билігі тұсындағы Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы

1.1 Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктері

XIX ғасырдың ортасына қарай патшалық Ресей Орта Азияны түгелге дерлік өзінің отарына айналдыру ісін аяқтады. Патша әскерлерінің Әулиеата мен Шымкентті алуы және генерал Черняев әскерлерінің осы өңірдің басты қаласы Ташкентке баса көктеп кіруі осыған дейін Қоқан хандығының құрамында болып келген ұланғайыр территорияны Ресей империясының отарына, ал оны мекендеген халықтарды оның бодандарына айналдырды. Сонымен қатар орыс патшалығы Орта Азиямен көршілес елдер арқылы бұл өңірге Ұлыбританияның енуіне тосқауыл орнатты.

Қазақстан мен Орта Азия бүкілресейлік шаруашылық айналымына енді. Ал мұның өзі метрополия үкіметі жүргізген саясатын және одан туындайтын басқа да шаралардың нәтижесінде бұл өңірлердің сан-салалы өмірін түбірлі өзгерістерге әкеп соқты. Қоғамдық-экономикалық қатынастарға айтарлықтай жаңалықтар ене бастады.

Патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азияны метрополиялық аграрлық шикізат көзі мен өз товарларын өткізетін рынокқа шапшаң қарқынмен айналдыра бастады. Осы зымиян саясатқа қарамастан, Ресейге шығыстағы ұлт аймақтарының қосылуы олардың экономикалық және мәдени дамуын жылдамдатты, олардың капиталистік қатынастардың иіріміне түсуіне ықпал жасады. Бұл өңірлердің халықтарының, оның ішінде Сырдария облысы тұрғындарының өмірінде, олардың Ресейге қосылу процесі аяқталуынан кейін айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Бұл өзгерістер, атап айтқанда, осы өңірге Орталық Ресейден қоныс аударушылардың лек-легімен келе бастауынан, егіншілік пен сауданың дамуынан, өнеркәсіп орындары мен теміржол құрылысының пайда болуынан, көшпелі шаруалардың отырықшылыққа көшу нышандарынан, қазақтар мен басқа да тұрғылықты халықтардың дәстүрлі шаруашылықтары мен әдет-ғұрыптарына жекелеген жаңалықтардың енуінен, т.с.с. анық көрінуі.

Ресей экономикасының ықпалымен халық шаруашылығының жекелеген салаларында капиталистік қатынастар пайда бола бастады. Осындай өзгерістер нәтижесінде қазақ ауылы мен өзбек қыстақтарында, қоныс аударушы орыс-украин селолары мен казак-орыс станицаларында әлеуметтік жіктелу үрдісі орын алып, ұлттық жұмысшы табының алғашқы топтары пайда бола бастады.

Айтылған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Орта Азиямен, Қазақстанмен салыстырғанда жақсы дамыған Ресей экономикасының объективті ықпалының нәтижесі еді. Олар жаңадан отарланған өңірлердегі халықтарды аяусыз қанап, ондағы өндірістік қатынастарды сақтауға тырысқан патша үкіметінің еркінен тыс орын алды. Сондықтан да 1917 жылдың қарсаңындағы Сырдария облысы, жалпы алғандағы Қазақстан мен Орта Азия

сияқты, Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар (феодалдық-патриархалдық) үстем болған аграрлы-отарлы өлкесі болуы.

Түркістан Генерал-губернаторлығының құрамындағы Сырдария облысы патша үкіметінің шешімімен 1887 жылдың 1-і қаңтарында құрылды. Сырдария облысы әкімшілік-территориялық тұрғыдан Ташкент, Черняев (Шымкент), Әулиеата, Перовск (Ақмешіт) және Қазалы уездеріне бөлінді.

Сырдария облысы шығысында Шу өзенінің, батысында Арал теңізіне дейінгі, солтүстігінде Балқаш көлі мен Бетпақдаланың, оңтүстігінде Әмудария мен Каспий теңізінің жағалауларына дейінгі көлемі 459 мың шаршы км (верст) ұланғайыр территорияны алып жатты [64, 1 б.].

Бұл жер Бұхар мен Хиуа хандығын санамағанда Түркістан өлкесі территориясының үштен бірі еді. Облыс халқының саны 1914 жылғы есеп бойынша 1.930.878 адамға немесе Түркістан өлкесі тұрғындарының үштен біріне тең болды (Түркістан өлкесі халқының жалпы саны 5.943.790 адам еді). Облысты мекендеген халықтың 313.776-ы немесе барлық тұрғындардың 18,8 % қалаларда, ал 1.566.142-і ауыл, қыстақ және селоларда тұрды. Халық санын уездерге шаққанда Ташкент уезінде - 415.452, Қазалы уезінде - 232.577 және Перовск уезінде - 176.703 адам болды. Ең үлкен қала - 247.023 халқы бар Ташкент еді. Қалған қалалардың тұрғындары саны 14 мыңнан 20 мыңның арасында болды: Қазалыда - 19.737 адам, Перовскіде - 14.581. Түркістанда - 19.522, Әулиеатада - 20.327, Шымкентте - 19.586 кісі өмір сүрді.

Облыстың ұлттық құрамын төмендегі көрсеткіштер белгілейді: қазақтар мен қырғыздар - 1.138.059 адам, өзбектер - 436.528, орыстар - 103.500, қарақалпақтар - 111.425, тәжіктер - 8.043, татарлар - 6.285, басқа ұлттар өкілдері - 12710 адам болды [65, 87 б.].

Отарлаушылар өздеріне қосып алған жерлерді әкімшілік-территориялық бөліске салғанда (өлкелерге, облыстарға, уездер мен болыстарға) өлкені мекендеген әр халықтың тіл, дін, әдет-ғұрып ерекшеліктері тіптен де есепке алынбағаны былай тұрсын, олардың ондаған, жүздеген жылдар бойы ұлттық және экономикалық мүдделерімен санаспады.

Түркістан өлкесін, оның ішінде Сырдария облысын әкімшілік-территориялық жағынан бөлшектеу тәртібі отарлаушы жүйенің мақсат-мүдделеріне бағындырылды. Патша үкіметі тағайындаған чиновниктер уезд бастықтарына дейін метрополияның мүдделерін қорғау мен өздерінің жеке бастарының мақсаттарын орындау үшін шексіз құқықтарға ие болып, ешкімнен қаймықпай, ойларына келгендерін істеді. Олар өздерінің тікелей бастықтарынан басқа ешкімнің алдында жауап бермеді.

Бұл жөнінде Міржақып Дулатов “Қазағым менің, елім менің” атты мақаласында былай деп ашына баяндаған еді. “...Ең алдымен қазақ халқы - Россияға тәуелді... оның, ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғаныңыздай... чиновниктер, урядниктер... қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе соны істеді.

Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдеп-ғұрыптарымызға... араласа бастады... діни кітаптарды тұтқынға алды.

Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде... “ [66, 221 б.].

Жергілікті билеу мен басқару жүйесінде «бұратаналық әкімшілік» («Гуземная администрация») дейтінге қосымша ғана роль берілді: қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе – болыс басшылары мен ауыл старшындары – көп жағдайда патша үкіметінің отарлау-әкімшілік аппаратымен біте қайнасып кеткен бай-шонжарлар өкілдерінің қолдарында болды.

Сырдария облысы тұрғындары шаруашылық жағдайы бойынша көшпелі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатын отырықшы диханшылардан (егіншілерден) тұрды. Тек қана 1906-1915 жылдар кезеңі ішінде Сырдария округінде – 2,5 миллион десятина жер тартып алынған. 1917 жылға дейінгі мерзімде патша үкіметі әртүрлі мақсаттарға, ең алдымен империяның орталық аудандарынан көшіп келушілерді орналастыруға, темір жолдар салу мұқтаждарына, т.с.с. Сырдария облысы тұрғындарынан, ең алдымен қазақтардан 3.204.696 десятина құнарлы жерлерді тартып алып, байырғы тұрғындарды шөл және шөлейт аймақтар мен таулы өңірлерге ығыстырды [67, 599 б.].

Сырдария облысындағы қазақ жерлерін тартып алу, Қазақстанның басқа аймақтарындағы сияқты, XIX ғасырдың 80-і жылдарынан бастап күшейе түсті. Зерделі зерттеуші Телжан Шонанұлының пайымдауынша XIX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғына дейін патша үкіметі қазақ жерін казак-орыс әскерлерін (казачество) орналастырумен қамалдар мен қалалар салу үшін алып отырса, одан кейінгі кезеңде орталық Ресейден орыс шаруаларын (немесе «қара шекпенді мұжықтарды») селдей қаптатып Қазақстанға көшірді. Бірінші кезеңде (әскерлердің) көшірілуін Телжан Шонанұлы “Сары орыстың” қазақ жеріне көшіп келуі деп атаса, екінші кезеңде көшіп келушілерді “қара орыстың қаптауы” деп анықтады. “Қазақ даласында переселен (көшіп келушілер – З.Т.) мәселесі, - деп жазды Т. Шонанұлы, - 80-жылдардың аяғында – 90-жылдардың басында кенеттен көтерілді. Осы 90-жылдардың басынан бері қарай ішкі қара шекпендерді көшкен бұлттай түнертіп, үкімет қазақ жеріне аударып бастады. Шын талау енді басталып, бұрынғылар ойыншық болып қалды. «Қара орысты көргенде, сары орысты әкем дерсің” деген мақал осы мезгілде туса керек. Неге десеңіз казак-орыстан гөрі (бірінші кезекте көшіп келген – З.Т.), оңтүстік жылы губерниялардан (екінші кезекте көшірілген – З.Т.) мұжықтардың түсі қаралтым, қонырқай болған) ... 90-жылдардан бері қарай қазақ жерінде талану тарихының 2-дәуірі туады. “Переселение” деген пәле шығады». [68, 224 б.].

Қазақ жерін тонаудың екінші, қарқынды кезеңінің басталуы Сырдария облысы құрамына кірген Түркістан өлкесінің Ресей империясының отарына айналуымен тұспа-тұс келді. XIX-ғасырдың соңына дейін Сырдария облысында қара шекпенділердің 48 поселкесі пайда болып, олардың 20 мың тұрғыны болды. Одан кейінгі жылдарда қазақ жерін заңсыздықпен, әрі дөрекілік жолдармен тартып алу аса шапшаң түрде 1906-1916 жылдар аралығында тоқтаусыз жүргізілді. Қазақ жерін тартып алу - Қазақстанды отарлаудың негізі болды. Сондықтан да Телжан Шонанұлы “Қазақ жерінің тарихы – бірте-бірте

қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы,” - деп анықтады [68, 209 б.].

Түркістанға, оның ішінде Сырдария облысына да, 1904-жылдардан кейінгі қоныс аудару ісін тексеріп, оны жіті зерттеген сенатор К.К. Пален осы істе орын алған көптеген заңсыздықтың бетін ашқан. Олар негізінен қоныс аудару учаскелерінің дұрыс бөлінбеуінен, жергілікті тұрғындардың өңдеп отырған жерлерін тартып алу фактілерінен, келімсектердің өздеріне бөлінген жерлерді тағылық әдістермен “игерулерінен” анық көрінген [1.; 8, 6 б.]. Сырдария облысы күн өткен сайын көп ұлтты аймаққа айнала бастады. Сырдария облысына оның Ресей отарына айналуынан бұрын басталған өзбек халқы өкілдерінің қоныс аударуы өзінің жалғасын тауып жатты. Мәселен, 1865-1885 жылдар аралығында облыстағы өзбектердің саны 19.000 адамнан 48.500-ге жетіп, 17 жыл ішінде екі жарым есеге көбейген. 1909 жылғы мәліметтер бойынша өзбектердің Әулие ата уезінде 9028 қожалығы болған [8, 17 б.].

Жоғарыда айтылған ұлттардың өкілдерімен қатар Оңтүстік Қазақстан өңіріне сол кезде татар, тәжік, неміс, еврей т.б. халықтардың өкілдері қоныс аударған [8, 17 б.].

Оңтүстік Қазақстан территориясына әртүрлі ұлттардың (ең алдымен славян тектілердің) қоныс аударуына байланысты бұл өңірдің демографиялық хал-ахуалы да біраз өзгерістерге ұшырады. Аймақ тұрғындарының санының өсуі халықтың орналасу тығыздығының біршама өсуіне алып келді. Сырдария облысында 1870 жылы әрбір шаршы километрге 2,2 адамнан келсе, 1914 жылы – 3,7-ге тең болды. Бұл көрсеткіш Жетісу облысында 1870 жылы – 1,9-ға тең болса, 1914 жылы – 4,4-ке дәл келді [8, 22 б.; 71, 70 б.].

Сырдария облысы ең алдымен метрополия үшін шикізат көзі, екіншіден оның өндіріс өнімдерін өткізетін рынок ролін атқарды. Өлкеде пайда болған кәсіпорындар негізінен ауылшаруашылық өнімдерінен басқа шикізаттарды алғашқы өңдеу ісімен айналысты.

1913 жылдың соңына қарай Сырдария облысында осындай кәсіпорындардың саны 183-ке жетті, 1914 жылы тағы да 19 завод іске қосылды [70, 118 б.]. Бұл заводтардың көпшілігі Ташкент-Орынбор темір жолы ашылған 1906 жылға дейін салынған еді. 183 заводтың 127-сі Ташкент уезінде, олардың 111-і Ташкенттің өзінде, қалғандары: Шымкент уезінде - 18, Әулиеата уезінде – 25, Перовск уезінде – 9, Қазалы уезінде – 4 завод болды. Олардың жылдық тауар айналымы 15.165.420. сомға тең болды. Бұл ақша айналымының 90%-і Ташкент уезі мен қаласындағы кәсіпорындардың үлесіне тиді. Олардың ішіндегі ең ірілері қатарына макарон фабрикасы, төсек жасау шеберханасы, керамика шығаратын кәсіпорындар, мақта тазалау заводтары (16 завод), типографиялар (11), шарап пен май шығаратын заводтар, т.б. жатты.

Іргесі 1883 жылы қаланған сантонин заводы Шымкенттегі ірі кәсіпорын болып саналды. Завод ақ жусаннан (читварная полынь) сантонин атты дәрі жасап шығарумен айналысты. Шымкент сантонин заводы жыл сайын жалпы құны 0,5 миллион сом тұратын 2000 пұт мөлшерінде айтылмыш дәрі шығарып тұрды. Завод сантонинге деген Ресейдегі сұранысты ғана емес, әлемдік қажеттілікті де артығымен қанағаттандырып отырды, өйткені осы дәріге деген

жержүзілік рыноктың жылдық сұранысы зерттеліп отырылған мерзімде бір мың пұттан аспайтын еді [71, 8-16 б.].

Облыстың барлық уезд орталықтарында шарап өндіру, тері өңдеу, жүн жуу мен оны түту, май өндіру сияқты кішігірім кәсіпорындары болды. Бұларға қосымша Ленгір кенін және Байжансай көмір кендерін, Қарамкөл мыс рудниктерін, Ташкент маңындағы мыс және алтын кендерін, тұз өндіретін орындарды атауға болады.

1912 жылғы мәліметтер бойынша облыста 100 мың пұттан астам көмір, 214.4 мың пұт ауыз тұзы, 5 мың пұт алебастр, 8 мың пұт әк, 78 құйма алтын өндірілді [72, 123-125 б.].

Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі сағасында 24 балық аулаушылар кәсібі болды. Сырдария облысының өнеркәсіп орындарында 3618 жұмысшы еңбек етті. Бұл көрсеткіш облыс тұрғындарының әр жүзінің 0,19 % - на тең еді. Ал бұл көрсеткіш бүкіл Түркістан өлкесінде 0,35%-ке тең еді немесе өлкенің әрбір екі мың тұрғынынан 7 жұмысшы шыққан болатын. Сырдария облысы ішінде салыстырмалы түрде жұмысшылардың үлес салмағы Әулиеата қаласында қомақты болды. Мұнда қаланың әрбір 1000 адамына 14 адамнан келді немесе Әулиеатаның 20 мың халқының 280-і жұмысшылар болды [70, 36 б.].

Ірі кәсіпорын саналған Шымкент сантонин заводына 60-қа жуық қала жұмысшылары еңбектенді, ал басқа кәсіпшілерде 8-ден 20-ға дейін жұмысшы болды. Мәселен, Байжансай көмір кенінде 8, ал Ленгір көмір кенінде 18 жұмысшы болды. Қалалар мен темір жолдардан алыс орналасқан осындай кен еңбеккерлерін индустриалды жұмысшылар деп атауға тіптен болмайтын еді. Олардың көпшілігі белгілі мерзімдегі (сезондық) жұмыстарды атқарды [70, 112 б.].

1906 жылы еуропалық Ресейді Орта Азиямен жалғастырған теміржолдың, ал одан кейін Арыс-Шымкент, Шымкент-Ленгір темір жол құрылыстары жүргізілді. Темір жолдар бүкіл Сырдария облысын кесіп өтті. Облыстың қалалары мен ірі елді мекендері тікелей темір жол бойына немесе оған жақын жерлерде болды (Ташкент, Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент). Ал мұның өзі Сырдария облысының өміріне айтарлықтай өзгерістер енгізді: дәстүрлі шаруашылық жүргізуде жаңалықтар пайда болды, Ресейдің өнеркәсіпті орталықтары мен сауда қарым-қатынастары жанданды, ұлттық жұмысшы табының, әсіресе темір жолшыларының қалыптасу және даму процесі басталды. 1906 жылғы мәліметтер бойынша Сырдария облысынан орталық Ресей аудандарына жөнелтілген әртүрлі товарлардың жалпы көлемі төмендегідей болды: Шымкент уезінен – 240.230 пұт, Әулиеатадан – 294.864 пұт, Перовскіден – 142.670 пұт, Қазалыдан – 134.650 пұт, Ташкенттен – 233.923 пұт жүк жіберіледі. Сырдария облысынан орталық Ресейге жөнелтілетін жүк тасқыны жыл өткен сайын күшейе берді.

Мәселен, 1908 жылы теміржол арқылы елдің еуропалық аудандарына 4,5 млн пұт жүк жөнелтілсе, 1912 жылы оның көлемі 18 млн пұтқа тең болды [7, 10 б.].

Заводтар мен фабрикаларда әйелдер мен жасөспірімдердің еңбегі кеңінен пайдаланылды. Түркістан өлкесінің барлық заводтарында 21 мыңға жуық жұмысшылар болды, олардың 16.404-і ер адамдар, 3672-і (немесе барлық жұмысшылардың 17,5%-і) әйелдер және 849-і жасөспірімдер (немесе 4,1%) болды. Ал Сырдария облысындағы 3618 жұмысшылардың 455-і әйелдер, 246-і жасөспірімдер еді. Өлке жұмысшыларының ұлттық құрамы төмендегідей болды: орыстар – 4774 адам, сарттар – 12.702, қазақтар – 944, тәжіктер – 1142, дұнған, тарапшы (ұйғыр) мен қашқарлықтар – 304, басқа ұлттар өкілдері – 1059 адам [70, 30-47 б.].

Теміржол жұмысшылары жұмысшы табының жақсы ұйымдасқан, жол бойында шоғырланып тұратын және барынша саналы өкілдері болды. Ташкент қаласында екі теміржол магистралі (Орта Азия және Орынбор-Ташкент) тоғысты, бұл қалада екі-екіден темір жол депосы мен теміржол шеберханалары (мастерские) орналасты. Ташкенттегі теміржол жұмысшыларының саны 2000-ның үстінде болса, Перовскіде – 400 жұмысшы болды [70, 17 б.].

Қазақстанда теміржол жұмысшылары XIX ғасырдың соңында қалыптаса бастады. Оған алғашқыда мұнда Сібір теміржолының Омск-Петропавловск бөлігінің, Покровск-Орал-Рязань теміржолдары мен Воскресенск теміржолдарының салынуы негіз болды. 1900-1904 жылдарда Қазақстан теміржолшыларының саны 6-7 мың адамға жетті. Орынбор-Ташкент теміржолы құрылысы аяқталысымен теміржол жұмысшыларының қалыптасу процесі шапшаң қарқын алды. 1906 жылы Қазақстанда 20 мыңдай теміржолшылар болды, ал 1913 жылы Троицк теміржолы іске қосылғаннан кейін олардың саны 22 мыңға дейін өсті. Мұның үстіне көтерме жұмыс істейтін (работающие по подряду) бірнеше мың жұмысшылар болды.

Алтай, Жетісу және Риддер темір жолдарының салынуы мен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты Орынбор-Ташкент, Сібір-Рязань-Орал және Троицк теміржолдарындағы тасымал көлемінің өсуі нәтижесінде 1917 жылы Қазақстандағы теміржолшылар саны 28 мыңнан асып, көтерме жұмыс атқаратындарды қосқанда 30 мыңдай болды [73, 519 б.].

Қазақстан теміржолшы кадрлары өз құрамы жөнінен көп ұлтты болды, алайда олардың көпшілігі ішкі губернияларынан келген орыс жұмысшылары еді. Олардың жекелеген кәсіби топтарының құрамындағы ұлттар өкілдерінің ара салмағы да әр түрлі болды. Мәселен, тұрақты түрде еңбек ететіндердің басым көпшілігін орыстар құрады, ал күндеп жұмыс істейтіндердің ішінде орыс емес ұлттардың өкілдері басым болды.

Мұндай жағдай орыс емес ұлт өкілдерін теміржол жұмысына алуға патша үкіметінің шек қоюымен түсіндіруге болады.

Мәселен, 1917 жылғы мәлімет бойынша Орынбор-Ташкент теміржолының Тоғыз сапақ бөлімшесіне қарайтын станциялар мен разъездерде тұрақты жұмыс істейтіндер қатарындағы қазақтар үлесі 2-3%-тей болса, күнделікті жалданып істейтіндер қатарындағы қазақтар үлесі 70% болған [73, 519 б.].

Заводтар мен фабрикаларда ауыр қол жұмысы үстем болды. Түркістан өлкесінде 1914 жылы небәрі 507 механикалық қозғалтқыштар (двигатель) бар еді, олардың қуаты 21713 ат күшіне тең болды. Механикалық

қозғалтқыштардың жартысынан астамы мақта тазалайтын заводтарға, т.б. кәсіпорындарда белгілі дәрежеде қол күші жұмыстарын жеңілдетуге қызмет етті.

Түркістан өлкесіндегі кәсіпорындағы жұмыс таңсәрідегі 5-7 сағаттан басталып, көптеген сағаттарға созылды. Кәсіпорындардың 12,7-інде ғана жұмыс күні 8 сағатқа дейін болса, көптеген кәсіпшіліктерде ол 17-18 сағатқа созылды [3, 19-20 б.]. Осыншама еңбегі үшін өлместің күнін көруге жетер-жетпес жалақы алатын еді. Сырдария облысы бойынша бір жұмысшыға тиесілі жылдық жалақы 180 сом 37 тиынға тең болды. Сол кезде бір отбасының өмір сүру минимумы 300 сомнан кем болмауын ескерсек, жұмысшылардың материалдық әл-ауқатының қаншалықты ауыр болғандығына көз жеткізуге болады. Жұмысшылардың 67%-нің ғана жеке баспанасы болды, ал қалғандары заводтардың ауласындағы барактар мен жертөлелерде, заттан босаған қамба мен қоймаларда тұрды. Соңғыларының басым көпшілігі жергілікті ұлттардың өкілдері еді.

Оларға дәрігерлік көмек мүлдем көрсетілмейтін. Сырдария облысының әрбір 15.952 тұрғынына бір дәрігерден келетін [70, 36 б.]. “Туркестанский курьер” газетінің 1909 жылғы 12-і желтоқсандағы санында мамандығы жоқ, жергілікті халықтар өкілдері болған жұмысшылардың жағдайы жөнінде төмендегі жәйттер жазылды: “Жұмысшылардың көпшілігіне баспана ретінде заводтағы қойманың бірі бөлінген, оның жарығы жоқ; шаң-тозаңнан көз ашу мүмкін емес; барлық жерде тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеледі; ...заводтардағы ауыр жұмыстар қол күшімен орындалады; осындай жағдайда күн сайын дерлік жұмысшылар жараланатын бақытсыз жағдайға ұшырап отырады, оның кейбірі өліммен аяқталады” [7, 71 б.].

Заводтар мен фабрикалардың иелері жұмысшылардың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мардымды қаражат жұмсамады. Сырдария облысының барлық заводтарының бір жылдық жалпы өнімі 15 миллион сомға тең болғанына қарамастан, жұмысшыларға дәрігерлік көмекке 2898 сом, баспана қажеттеріне 27 сом, әлеуметтік қауіпсіздендіруге – 13.497 сом, басқа шығындарға 5655 сом немесе жоғарыда айтылған мұқтаждықтарға жұмсалған қаражат бір жұмысшыға шаққанда 6 сом 10 тиынға тең болды [74].

Жұмыс күшін белгілі мерзімге жалдау Сырдария облысында кең тарады. Облыста көп тараған жалданып атқарылатын жұмыс түрлеріне мақта мен балықты өңдеу, сантонин заводы үшін ақ жусанды жинау, теміржол бойындағы маусымдық жұмыстар жатты. Ауылдар мен селолардан қалалар мен өнеркәсіп түрлері орналасқан елді мекендерге айтылмыш жұмыстарды атқару үшін ондаған, жүздеген шаруалар келе бастады.

Ауыл мен селоларды тастап қалалар мен теміржолдарға барып, пайда тауып қайтатындар (отходники) саны күннен күнге көбейе бастады. Осындай кәсіппен айналысатындар санының көбеюінің әлеуметтік-саяси мәні айтарлықтай болды. Бұл құбылыс бір жағынан ауыл тұрғындарының патриархалдық томаға тұйықтығын шайқалтса, екінші жағынан, халықтың белгілі бөлігін товарлық-ақшалық қатынастарға тартты. Ал мұның өзі түптеп

келгенде халықтың жалпы мәдени дәрежесі мен саяси санасының өсуіне қызмет етті.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында, басқа да көптеген елдер сияқты Ресей да дамудың индустриалдық кезеңіне нықтап аяқ басты. Ресей өнеркәсіптік төңкерісін аяқтап, өзінің отарлы аймақтарын, олардың қатарында Түркістан өлкесінде, жаңа әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың аясына тартты [70, 58 б.].

Бұл үрдіс отарлы аймақтардың байлықтарын шапшаң қарқынмен “игеру” және сол арқылы оларды бүкілресейлік экономиканың аясына тарту үрдісі – 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң жаңа қарқын алды [47, 32 б.].

Сырдария облысында Орыс-Азия, Орыс-Қытай банктерінің ықпалы күшті болды. Орыс-Азия банкі капиталының 70%-і француздардың қолында болды. Волга-Камск банкі де белсенділік көрсетті, оның бөлімшелері Ташкент қаласында ашылды. Ресейлік банктің жергілікті бөлімдері басқа кәсіпорындармен қатар Дәуітбаев, Коландаров, ағайынды Яушевтар, Давыдовтар, т.б. ірі мақта тазалайтын завод иелерін қаражаттандырды. Өлкенің экономикасы мен жер байлығына Ресей алпауыттарымен қатар шетелдік капитал да қол сұға бастады.

1917 жылдың қарсаңында Сырдария облысында өнеркәсіптің кейбір салалары дамып, темір жолдар үлкен маңызға ие болғанына қарамастан, оның экономикалық өмірінің негізі бұрынғыдай жер шаруашылығы (көшпелі және жартылай көшпелілер үшін) болып қала берді.

Ташкент, Шымкент, Әулиеата уездерінің тау бөктері мен таулы аудандарында оның тұрғындары мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де шұғылданды. Олар жартылай көшпелі өмір сүргендерімен отырықшы өмір салтына мықтап бағыт алған еді.

Ташкент уезінің халқы түгелге дерлік жер шаруашылығымен: мақта мен бау-бақша өсірумен, күріш егумен айналысты.

Қазалы уезінің тұрғындары мал шаруашылығымен қатар 6419 десятина жерге күріш екті, ал Перовск уезінің халқы негізінен мал шаруашылығымен шұғылданды, олардың иелігінде күріш алқабы небәрі 50 десятинаға тең болды. 1912 жылы Сырдария облысындағы егістік жер көлемі 830.378 десятина болды. Олардың басым көпшілігі суарылмалы жазық алқаптар мен құнарлы, табиғи ылғалы мол тау етектері мен таулы аймақтарға орналасқан еді. Барлық егістіктің жартысынан артығы немесе 453 мың десятинасы Ташкент уезі территориясында болды. Облыс жерінде негізінен мақта, күріш, бидай, арпа егіліп, бау-бақша мен жоңышқа өсірілді.

Облыстық Россияның өнеркәсіп орындары шикізат және азық-түлік көздеріне тез қарқынмен айналуына байланысты, оның жекелеген аймақтары белгілі дақылдарды өсіруге ыңғайландырылды немесе облысты экономикалық тұрғыдан аудандастыру ісі жүзеге асырыла бастады. Мәселен, Ташкент пен Шымкент уездерінде негізінен мақта егілсе, күріш Қазалы, Ташкент және Шымкент уездерінде өсірілді, ал Әулиеата және Шымкент уездерінің айтарлықтай өңірлерінде дәнді дақылдар егілді.

Сырдария облысы экономикасының жетекші саласы мал шаруашылығы болды. Мал шаруашылығымен барлық уездердің халқы айналысты. 1912 жылғы көрсеткіштер бойынша облыста 677.263 бас жылқы, 640.094 бас ірі қара мал, 5.0823667 бас қой, 922.044 бас ешкі, 455.936 бас түйе болды [74].

Облыстың барлық уездерінің шаруашылық өңірінде сауда үлкен орын алды. Ең алдымен саудаға түсетін төрт түлік мал болды. Мал саудасы әрбір уездің қажеттіктерін де, сырттан түскен сұраныстарды да қанағаттандырды. Мәселен, Әулиеата мен Шымкент уездері өздерінің ішкі рыноктарымен қатар Ташкент рыногы арқылы бүкіл Түркістан өлкесінің ірі орталықтарының малға деген сұраныстарын өтеді. Сырдария облысы сонымен қатар Жетісу мен Семей облыстарының сататын мал басын былай қойғанда, Қытайдан келетін малды Түркістан қаласы арқылы Ферғана жазығына өткізетін транзиттік аймақ рөлін атқарды. Ферғана облысына негізінен Әулиеата жәрмеңкесінен сатып алынған қой мен ешкі жөнелтіліп отырылды.

Бір ғана 1912 жылы осы жәрмеңкеде сатылған малдың құны 4,5 миллион сомға тең болса, оның 3800 мың сомына сатылған мал Ферғанаға жіберілді. [70, 115-117 б.].

Бауыржан Момышұлы өзінің “Ұшқан ұя” атты мемуарлық хикаятында сол кездегі Әулиеата қаласы мен уездің басқа елді мекендеріне сауданың дамуының қаншалықты жаңалықтар әкелгендігін бала Бауыржанның көзімен көркем баяндаған. ”... Біздің қыстаудың жанынан өтетін қара жолмен мал айдаған базаршылар шұбап барады. Біреулер ат жетектеп, біреулер қара мал қосарлап, енді бірі алдарына аша тұяқ уақ мал салып, көңілді кетіп барады. Көкем (әкесінің інісі Момынкұл – З.Т.) сондай бір топқа 4 қой қосты. Біз сатпақпыз... ол кезде қазақ үшін базар деген - мал алып, мал сататын орын ғана емес, жүздесіп көрісетін, қол алысып, қошеметке бөленетін, тіпті сағынысып табысатын салтанат мекені сияқты еді... Байқасам, базарға келмейтін жан жоқ екен. Алыс болыстың қазақтары, ала шапан өзбектер, тақиялы татарлар, күн қағарын басына киген қаба сақал орыстар, әр түсті әйелдер құмырсқадай құжынайды“[75 185-186 б.]. Сырдария облысының ұланғайыр жазықтық алқаптарында суару жүйелерін салғызуға патша үкіметі кезінде айтарлықтай көңіл бөлмеді және оған қажетті қаражат та керекті деңгейде бөлінбеді. Сондықтан да егіншілікпен айналысып, отырықшылыққа көше қоймаған облыстың негізгі тұрғындары - қазақтардың өмір сүруінің негізі мал шаруашылығы болып қала берді. Олардың тірідей сататын малы және оның өнімдері – ет, жүн, тері, ішек шикізаты – Ресей капиталы тарапынан үлкен сұраныс тудырды. Сондықтан да олар жартылай фабрикат (полуфабрикат) ретінде Ресейдің орталық аудандарына көп мөлшерде жіберіліп отырылды.

Облыс малшылары мен дихандары өндірілген өнімді империялық орталық аудандарына әкету 1906 жылы Ташкент-Орынбор теміржолы іске қосылғаннан кейін қарқындай түсті. 1912 жылы теміржол арқылы Сырдария облысынан Орталық Ресейге 968.287 пұт күріш, 1.032.069 пұт мақта, 428.953 пұт жүн, 98.595 пұт қой мен аң терісі, 292.950 пұт жартылай өңделген тері түрлері, 1.825.750 пұт балық және 429.000 пұт жеміс-жидек жөнелтілді. Жалпы алғанда айтылмыш 1912 жылы Ташкент теміржолы арқылы Ресейдің ішкі

губернияларына 18 миллион пұт жүн жөнелтілді. Бұл 1908 жылғы осындай көрсеткіштен 4,5 миллион пұт артық еді [70, 112 б.].

Мұның есесіне Ресейден товар жеткізу көлемі де өсе түсті. Сырдария облысынан әкетілген ауылшаруашылық өнімдерге айырбас ретінде метрополиядан мануфактура өнімдері, темір бұйымдар, қант, керосин, ұн, спирт, әшекей заттары, т.с.с. келіп жатты. 1912 жылы Ресейден Сырдария облысына жеткізілген осындай товарлардың жалпы көлемі 11 миллион пұтқа тең болды.

Метрополия мен отар аймақтың арасындағы сауда қарым-қатынастары әділдік, теңдік принциптеріне негізделген жоқ. Отаршылар аса арзан бағалармен Сырдария облысынан көп көлемде ауылшаруашылық өнімдерін шикізат түрінде алып кетіп, өздерінің дайын товарларын осында алып келіп, Орталық Ресейдегіден әлдеқайда қымбат бағамен сатты. Басқа сөзбен айтқанда отарлық өңір метрополия үшін арзан шикізат көзі мен оның товарларын қымбат бағамен сататын рынок аймағына айналды.

Патша үкіметі Сырдария облысында экономика саласында экспанциялық саясат жүргізумен қатар отарлы аймақта империялық мемлекеттің тірегі болуға тиісті келімсектерді көшіріп әкелуді үдетті.

XX ғасырдың басына қарай Түркістан мен Қазақстан территориясының негізгі алқаптары қазынаның (мемлекеттің) меншігі деп жарияланды. Ал мұның өзі “заң” жүзінде көшпелілердің “артық” жерлерін мемлекет меншігіне айналдырып, оларға мемлекеттің ішкі губернияларынан казак-орыстар мен қара шекпенділерді сан мыңдап көшіріп әкелуге мүмкіндік алды.

Түркістан мен дала облыстарын басқару тәртібін белгілеген “Ережелерге” сәйкес патша үкіметі қазақ жерлерін ашық тонауға мүмкіндік алды. Сондықтан да Телжан Шонанұлы 1886 және 1891 жылдардағы “Ережелерді” талдай келіп, “Қазақ жері құрбанға байланған қой, “Степное положение” союға (“құрбанға байланған қойды” – З.Т.) қайралған пышақ сықылды”, - деп жазды [68, 119 б.].

Зерттеуші Л.С. Динашеваның пікірі бойынша патша үкіметінің XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген қоныс аудару саясатын “әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаты жағынан өзгешеленетін” төрт кезеңге бөліп қарауға болады: 1864-1897 жылдардағы бірінші кезеңде патша үкіметінің жаңадан жаулап алған өлкеге ішкі губерниядан қоныс аударушыларға әртүрлі жеңілдіктер жасап, оларды жаңа жерлерде тұрақтандырды; 1897-1905 жылдардағы екінші кезеңде өңірге көшіп келген шаруалар тұрақтанып қана қойған жоқ, олардың империяның отарлау саясатын жүзеге асырудағы рөлі арта түсті; 1906-1911 жылдардағы сол кездегі Ресей үкіметінің басшысы П.А. Столыпинның аграрлық саясатына байланысты империяның орталық аудандарына “мазасыз” шаруаларды шет аймақтарға, оның ішінде Сырдария облысына да жоспарлы түрде көшіру жүзеге асырылды; төртінші кезең 1910 жылғы 19 желтоқсанда Түркістанды басқару туралы “Ережеден” басталды. Бұл “Ереженің” 270-і бабында “көшпенділер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігі қарамағына өтеді” делінген еді. Бұл бап қазақ жерлерін күштеп тартып алуды қарқынды жалғастыру үшін жаңа “заңдық” негіз қалады [8, 16 б.].

Орталық Ресейден жыл өткен сайын күшейіп отырған Түркістанға көшу ісіне бір орталықтан басшылық жасау мақсатында патшаның 1905 жылғы 14 ақпандағы жарлығы бойынша Түркістан қоныс аудару басқармасы және олардың жекелеген облыстардағы партиялары (бөлімшелері) құрылды.

Алғашында бұл басқармалық міндетіне өз бетімен көшіп келушілерді жерге орналастыру жатып еді. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін қоныс ауыстырушылар санының күрт өсуіне байланысты айтылмыш басқарма арнаулы мемлекеттік органға айналдырылды.

Көшіп келушілер үшін түпкілікті тұрғындардың сулы да нулы жерлері тартып алынып, олар ата қоныстарынан басқа жақтарға ауып кетуге мәжбүр болды.

Патша өкіметінің жер мәселесіндегі отарлау саясатының салдарлары Сырдария облысы үшін әсіресе қасіретті болды, өйткені егіншілік кәсібі үшін жарамды жердің көлемі мұнда шектеулі еді. Облыс территориясының басым бөлігін таулар мен қыраттар, Бетпақ дала, Мойынқұм мен Қарақұм шөлдері мен шөлейт аймақтар алып жатты. Ата қонысынан қуылған жергілікті халық осындай тіршілікке қолайсыз жерлерге көшірілді. Олардың басым көпшілігі, егіншілікті айтпағанның өзінде, жыл он екі ай мал шаруашылығына да қолайсыз еді. Мәселен, Әулиеата уезіне жататын биік таулы өңірдегі Сусамыр жазығында егін егу мен шабындыққа жарайтын бір гектар да жер болған жоқ. Сусамыр жазығында жазда бірнеше ай ғана мал жаюға болатын еді, ол жерде қысқа қалу адам мен малдың тіршілігіне қауіпті еді. Осыған қарамастан қоныс аудару басқармасы байырғы ата-қонысынан күштеп қуылған 14 болыстың тұрғындарына (негізінен қырғыз халқының өкілдеріне) айырылған жерінің төлеуі (компенсация) ретінде Сусамыр жазығына қоныстануды ұсынады. Сондықтан да халық арасында “Сусамырдан жер төлемін алу жаханнамаға мәңгілікке аттанумен бірдей” деген сөз тарады [76, 41 б.].

Алайда, осыған қарамастан отарлаушылар 1906-1912 жылдар аралығында түпкілікті халықтың иелігіндегі 3.204.696 десятина суармалы және табиғи ылғалы мол жерлерді келімсектерге тартып әперді.

1912 жылғы Сырдария облысының шолу кітабында (“Обзор Сырдарьинской области”) жарияланған мәліметтер бойынша Қоныс аудару басқармасы сол жылы Шымкент және Әулиеата уездерінің есебінен тағыда 71.509 десятина жерді, ал Ташкент уезі есебінен қосымша 73.674 десятина басы “артық” құнарлы жерді жергілікті халықтан тартып алуды жоспарлаған [77, 280 б.].

Қазақ жерін тартып алу халықтың барлық әлеуметтік топтары үшін қиыншылықтар әкелгенімен, ауыртпалықтың негізін еңбекші шаруалар көтерді.

Ресейлік капиталдың отарлы аймақтарға кеңінен ене бастауы қазақ аулы біртіндеп товарлы ақшалы қатынастарға жырылды. Осының нәтижесінде патриархалдық шаруашылықтың ыдырау процесі жылдамдап, жер мен мал басының бай-феодалдардың қолдарына шоғырлануы мен әлеуметтік жіктелу үрдісі кең етек жайды. Мұны 1906-1913 жылдарда Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск уездерінде жүргізілген санақтың нәтижелері растайды. Санақта 131.666 отбасы зерттелген. Санақ бойынша айтылмыш отбасыларының

81.173-інде немесе санақ жүргізілген отбастарының 61,7% - інде мал болмаған немесе жалқыға шаққанда бір бастан ғана мал болған, 2-ден 8-ге дейін жылқысы бар отбасылардың саны 37.439-ға тең немесе барлық санақ жүргізілгендердің 28,4%-іне тең болған, ал 22 бас жылқысы бар отбасылар саны 3756 ғана немесе санақ жүргізілгендердің 2,8%-ін құраған [4, 156 б.].

Басқа бір мәлімет бойынша 50 жылқыдан астам малы бар шаруашылықтар Әулиеата уезінде барлық қожалықтардың 1,2%-іне тең болды; 131 басқа дейін жылқысы бар қожалықтар Шымкент уезіндегі шаруашылықтардың 0,2%-іне тең болды. Жылқысы жоқ шаруалардың айтарлықтай бөлігі қосымша табыс көздерін іздеп басқа жақтарға (қалалар мен теміржол бойларына, т.б. жерлерге) белгілі мерзімдерге кетуге мәжбүр болды. Мұндайлардың үлес салмағы Әулиеата уезінде 35,4%-ке, Шымкент уезінде – 44,5%-ке, ал Қазалы уезінде – 56,6%-ке жетті.

1917 жыл қарсаңындағы Сырдария облысы ауылдарындағы таптық жіктелуді Әулиеата уезінің мысалынан анық көруге болады. Уездегі қазақ тұрғындарының төрттен үші бай мен манаптарға тәуелді кедейлер болды. Мәселен, уездің Меркі бөліміне қарасты Нарьяшин болысының үшінші ауылындағы тұрғындардың 91 отбасы батырақтардан, 42-сі кедейлерден тұрды, тек қана 8 қожалықта (барлығын қосқанда) 300 десятина егіндік жер, шалғынды жайылымдар мен жақсы өмір сүруге жарайтын мал басы болды [78, 64-71 пп.].

Батырақтар мен кедейлер аштықтан өліп қалмау үшін күллі отбасы мүшелерімен бай манаптарға жалданып, олардың шаруашылықтарындағы ең ауыр жұмыстарды атқаруға мәжбүр болды. Әдетте қыс айларында істелетін осы еңбегі үшін олар 5 сомнан 10 сомға дейін ақы алатын еді. Ал осы қайыршылық табысынан олар 2 сом мөлшерінде поселкелік қауымның белгілеген салығын төлейтін еді.

Ал базармен тығыз байланыс орнатып, сауда-саттық ісін жаңа табыс көзіне айналдырған ірі мал иелері кедейленген руластарын езіп-жаншып, аяусыз қанайтын. Бұл жолда олар патриархалдық-рулық заманнан бері жалғасып келе жатқан қанаудың жасырын түрлері болып санауға болатын “ат майын беру”, “сауын мал беру”, “күш қосу” деген сияқты ескі дәстүрлердің қалдықтарын шебер пайдаланатын [79, 93-94 б.]. Осының бәрі қанаушылар тарапынан қандастарға “рулық көмек” көрсету деп түсіндірілетін.

Ал іс жүзінде бұл еңбекпен өтеу рентасының (отрабочная рента) түрі болатын. Қазіргі кезде кейбір “теоретиктер” 1917 жылға дейінгі ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың мәнін жете білмегендіктен, бай-манаптардың кедейленген ауылдастарына “ат майын”, “сауын” берулерін олардың бүкіл рудың “риясыз жарылқаушысы” болғандығының дәлелі деп түсіндіргісі келеді. Бұл ретте айтылмыш “теоретиктер” “сауын” немесе “ат майын” алған кедей-кепшіктерден бай үйінің отымен кіріп, күлімен шыққандықтарын, байлардың дәулетін асыру үшін “сауын” мен “мініс” малының құнынан әлдеқайда көп еңбек еткендіктерін еске алғысы келмейді.

Қазақ ауылымен салыстырғанда көшіп келушілерден тұратын орыс және украин селоларында әлеуметтік, таптық жіктелудің деңгейі жоғарырақ болды және ол анық көрінді. Мәселен, Сырдария облысының Бетпақ дала және

Ташкент уездерінен басқа үш уезінде (Әулиеата, Шымкент және Перовск) мыңан астам орыс және украин қожалықтары жалдамалы батырақтардың еңбектерін пайдаланды, олардың ішінде 124 отбасы батырақтарды тұрақты түрде жыл бойы ұстады [72, 163-166 б.].

Айтылмыш қожалықтардың басқалардан ерекшелігі – олардың егіншілік пен мал өнімдерін базарға шығаруға маманданғандығында еді. Шымкент уезінде әрбір дәулетті қожалық орта есеппен жылына 645 пұт астық сататын еді, ал жекелеген шаруашылықтардың базарға шығаратын астық көлемі бұдан да асып түсетін [80, 90-91 б.].

Көшіп келушілердің ішінде әсіресе жаңа өлкеде жерге орналаса алмағандардың жағдайы аса ауыр болды. 1913 жылғы мәліметтер бойынша олардың Сырдария облысындағы саны 4955 адам болды [72, 5 б.]. Ресми құжатта айтылғанындай, олар жаңа жерлерге орналасқанға дейін “қала мен ауыл-селоның дәулетті тұрғындарына жалданып, үй қызметшісі мен малай ретінде еңбек етті. Олардың кейбіреуі өмір бойы жалданбалы батрақ болып қалатын еді. Мәселен, Шымкент уезінің Черные воды селосының 1913 жылы түгін есебінде (подворное описание) былай деп жазылыпты: “жер үлесін алуға үміттеніп Ресейден көшіп келген Яков Бехан Черные воды селосының тұрғыны Роман Оприщенконың үйінде айына бір сом 5 тиын пәтер ақы төлеп тұрып жатыр. Ол Лопатьев деген шаруаға төрт айға 70 сом және бір батпан (батпан - ертедегі ауырлық өлшемі – 3.Т.) бидайға батрақ болып жалданды [81, 270 п.]. Мұндай мысалдар мұрағат қорларында көптеп кездеседі. Демек, шет аймақтардағы, оның ішінде Сырдария облысындағы орыс-украин селоларында да таптық жіктелу ап-айқын көрінді. Байып алған және кулактар атанған көшіп келушілер жергілікті халық өкілдерін ғана емес, өздерінің кедейленген қандастарын да қанап отырды.

Капиталистік қатынастардың өлке өміріне енуі қала тұрғындарының санының өсуіне тікелей әсер етті: 1897-1911 жылдар аралығында Ташкент қаласының халқы 156 мың адамнан 234.289 адамға дейін өсті [65, 553 б.], 1911 жылы Әулиеатада -19.307, Қазалыда - 17.879, Түркістан қаласын - 19.879, Шымкентті-15.711, Перовскіні – 11.756 адам мекендеді [65, 555 б.]. Қала тұрғындарының тез қарқынмен өсуін Орталық Ресейден көптеген адамдардың қоныс аударуымен және кедейленген ауыл-село тұрғындарының қалалардағы кәсіпорындарына, құрылыс нысандарына (объект) ауысуымен түсіндіруге болады. Осыған қарамастан Сырдария облысының тұрғындарының басым көпшілігі ауылды жерде өмір сүрді. 1913 жылы мәліметтер бойынша қалаларда 368.271 адам немесе облыс халқының 17,3%-і тұрды [72, 5-10 б.].

Сонымен, товарлы-ақшалы қатынастардың өсуі, Ресей мен Қазақстанның және Орта Азияның арасындағы сауда айналымының дамуы, мақта өсіретін алқаптардың кеңеюі, үлкен-кішілі мақта тазалайтын, май шайқайтын, тері өңдейтін, шарап шығаратын, тау-кен өнеркәсіптерінің салынуы Түркістан мен Қазақстанның өндіргіш күштерін айтарлықтай көтеруде үлкен роль атқарды. Жұмысшылар, жартылай пролетарилер және қала халқының саны өсті, Түркістан өлкесін, оның ішінде Сырдария облысын жалпы Ресейлік және сол

арқылы әлемдік рыноктың аясына тартатын экономикалық және әлеуметтік процестер орын алды.

Патша үкіметінің отарлау езгісінің күшеюі, қазақ және басқа да өлкенің түпкілікті халықтарының шаруаға қолайлы атақоныстарының келімсектерге тартып әперілуі олардың отаршыларға деген өшпенділігін тудырып, саяси, ұлттық, таптық сана сезімінің оянуына әсер етті.

Осылай болғанына қарамастан, Ресейдің ішкі губернияларынан әртүрлі жолдармен, әртүрлі мақсаттармен көшіп келген немесе жоспарлы түрде көшіріліп әкелінген келімсектер мен (мейлі олар шаруалар болсын, немесе жұмысшылар, әлде чиновниктер мен интеллигенция өкілдері болсын) жергілікті халықтар арасында әртүрлі мәндегі - шаруашылық, мәдени, кәсіби, саяси, т.б. - қарым-қатынастардың екі жаққа да тиімді де, тиімсіз де тұстары болды. Олар бір-бірімен салғаннан достасып кетпегенімен, біртіндеп түсінісу үрдістері де орын алды. Екі жақтың да әлеуметтік топтарының арасында экономикалық мүдделері тұрғысынан келгенде түсінісу үрдісі жақындасуға, ол біртіндеп белгілі деңгейдегі одақтасуға әкелді. Мұның өзі 1917 жылғы қос революция мен оған жалғасқан азамат соғысында айқын бой көрсетті. Бұл жолда екі жақтың алпауыттарының мақсат-мүдделері бір арнада тоғысып, екі жақтың кедей-кепшіктерінің мүдделері - өздерінше тоқайласқан кездер де аз болған жоқ. (Бұл жөнінде толығырақ осы қолжазбаның келесі бөлімдерінде сөз болады).

Патша үкіметі отарлы өңір халықтарына дәрігерлік көмек көрсету мен олардың арасында оқу-ағарту ісін жақсартуға құлықсыз болды, оған тіпті мән бермеді десе де болады.

1912 жылы Сырдария облысында бар болғаны 18 дәрігерлік учаскелер болды. Олардың әрқайсысында алты төсектік емдеу орындары бар еді. Әрбір дәрігерлік пунктке 24.900 шаршы шақырым жерге орналасқан 85 мың адам қарады. Облыста небәрі 17 дәріхана болды, оның 11-і Ташкент қаласында орналасты. Олардың өзі негізінен отарлаушы жүйенің чиновниктеріне ем-дом жасайтын. Медициналық “қызметтің” деңгейі осындай болғандықтан облыста жыл сайын шешек, оба, тиф, тырысқақ, цинга сияқты жұқпалы аурулар эпидемиясының болып тұруы әдеттегі құбылыс болды.

1912 жылғы деректер бойынша облыста орыс балаларына арналған 181 бастауыш білім беретін оқу орындары болды. Оларда 13.018 бала оқыды. Сонымен қатар 8 орыс-түзем мектебі мен бір еуропалық училищеде 1149 бала білім алды. Жергілікті халықтың балалары 22 медресе мен 146 мектепте оқыды. Осы оқу орындарында 6789 ұл және 1364 қыз балалар жартылай діни (мұсылманша), жартылай зайырлық (светски) білім алды. 175 бала молдалар дайындайтын 7 қарыхан мектебінде бастапқы діни білімді игерді.

Патша үкіметі орыс-түзем мектептерінде көбіне көп отаршыларға қызмет ететін тілмәштар мен хатшылар дайындады. Бұл ретте Перовск басқа қалалардың алдында болды. Мұстафа Шоқайдың мәліметтері бойынша, Перовск (Ақмешіт) “...қаласы қашаннан хатшылар (писарьлар) мен тілмәштар ұясы болған-ды. Отарлық езгідегі елде тілмәштардан шыққан әкімдер халықтың ұлттық мүддесіне зиянды, ең қауіпті жауыздар. Әрине, бұдан тілмәштардың

бәрі жаман кісілер деген қорытынды шықпауға тиіс. Олардың арасында да жерлестерінен пара алмайтын, өз халқына ... қиянат жасамайтын, жақсы, әділ тілмаштар да кездесетін [5, 115 б.].

Сырдария облысының Әулиеата уезінде туып өскен және туған өлкесінің тарихын жақсы білген Бауыржан Момышұлы “Ұшқан ұя” атты мемуарлық хикаятында да сол замандағы тілмаштар туралы әкесі Момыштың төменгі ойларын жазыпты: “Оядың (уезд бастығы – З.Т.) қасында ол кезде тілмаш болар еді. Тілмаш дегенің елді билеп-төстеген сұмбайының өзі. Соның аузы дуалы. Ұлыққа ол не десе - сол болады. Арызды тілмаш оязға не деп аударып жатқанын сауатсыз қазақ қайдан білсін. Әкемнің айтуына қарағанда, тілмаш дегенің пара жегіш, дауласкер, екі жақты бірдей сорушы жемқор болған” [75, 8 б.].

2 миллиондық халқы бар Сырдария облысындағы патша үкіметі тұсында оқу-ағарту саласының жағдайы осындай болды.

Мұның есесіне отарлаушылар барлық уезд орталықтарында түрмелер тұрғызуға қаражат аяған жоқ. Тек қана 1912 жылы Ташкент түрмесінде 2613 ер адам және 224 әйел тұтқын ретінде отырды [72, 170 б.; 183 б.; 193 б.]. Сырдария облысындағы кәсіпорындар жұмысшыларын, ең алдымен олардың түпкілікті халықтардан шыққандарын қанау ашықтан-ашық әрі дөрекі түрде жүргізіледі. Орыс жұмысшыларымен салыстырғанда бірдей атқарылған жұмыс түрлері үшін оларға төленген еңбек ақысы айтарлықтай аз болды. Көлемі мен сапасы бірдей өндірілген өнім үшін олардың алатын ақысы мынандай еді: орыстар - 90, өзбектер -86, қазақтар мен қырғыздар - 69 тиын. Көмекші жұмыстар үшін орыстар 1 сом 16 тиын, өзбектер - 93 тиын, қазақтар мен қырғыздар - 67 тиыннан алды. Осындай мардымсыз ақшаның айтарлықтай бөлігі әртүрлі себептермен ақы иесінен ұсталып отырды [82, 45 б.]. Еңбек қорғау туралы заң болған емес. Түркістанда фабрика-завод инспекциясы деген атымен болған жоқ. Басқа сөзбен айтқанда, күн өткен сайын отарлық езгі күшейіп, жұмысшылардың өмір сүру жағдайы төмендей берді.

Қорыта келгенде Сырдария облысының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюімен күрделене түскеніне көз жеткіземіз. Патшалық үкіметтің қоныстандыру саясатының салдарларына аймақтың ұлттық құрамы өзгеріп, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы күрт нашарлап кетті, олардың ұлттық мүддесі мүлде ескерілмеді. Капиталистік қатынастардың енуімен аймақта жұмысшылар, жартылай пролетарилер және қала халқының саны өсіп, Түркістан өлкесін, оның ішінде Сырдария облысын жалпы Ресейлік және сол арқылы әлемдік рыноктың аясына тартатын экономикалық және әлеуметтік процестер де орын алды. Бірақ бұл процесердің барлығы қарабайыр әдістермен жүзеге асырылып, құқық бұзушылық, күштеу, зорлық-зомбылық арқылы өрістеді. Осының барлығы Түркістан мен Қазақстанды ұлт-азаттық және революциялық идея мен ұрандарды қабылдауға қабілетті өңірге айналдырды.

1.2 Қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістердің Қазақстанның оңтүстік аймағындағы көрінісі

XX ғасырдың басында орын алған қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістерден Қазақстанның оңтүстік аймағы да тыс қалған жоқ. Аймақтың патшалық Ресей үкіметінің отарлау саясатының салдарларынан аймақтағы әлеуметтік-саяси жағдай жыл өткен сайын күрделене түскені белгілі. Осылайша аймақ метрополия орталығында орын алған саяси күрес орбитасына да тартыла бастады.

Сырдария облысына әртүрлі жолдармен қоныс аударған орыс жұмысшы табы мен Ресейлік интеллигенция өкілдері өздерімен саяси идеяларды, олардың қатарында маркстік идеяларды да ала келді. Қазақстанға өз бетімен және басқа себептермен келгендердің арасында әртүрлі Ресейлік саяси партиялардың (социал-демократтардың, социал-революционерлердің, анархистердің, т.б.) өкілдері болды. Олардың қатарындағы кейбір белсенді саяси әрекет өкілдері, ең алдымен большевиктер, жұмысшылар мен жергілікті гарнизон солдаттары арасында отарлық аймақтардағы ұлт-азаттық және аграрлық қозғалыстарды Ресейдің орталық аудандарындағы жұмысшылардың революциялық күресін бір арнаға тоғыстыру идеяларын насихаттай бастады. Осындай үгіт-насихат жүргізуге ат салысқан социал-демократтардың, социал-революционер өкілдері Түркістан мен Қазақстанның жекелеген қалалары мен ірі елді мекендерінде өз партияларының жергілікті бөлімшелері мен ұйымдарын құра бастады.

Жергілікті отаршыл әкімшіліктің чиновниктері мен оларды қолдайтын Ресейлік интеллигенция өкілдері империялық көзқарасты жақтаушылар ретінде басқа, монархистік бағыттағы, қаражүзділік (черносотенный) мәндегі ұйымдардың филиалдарын құру әрекеттерін жасады.

Көптеген қалаларда сол кезде патша үкіметіне оппозицияда болған жекелеген либералды-демократиялық партиялардың (мәселен, конституциялық демократтардың-кадеттердің) жергілікті ұйымдары дүниеге келді.

XIX-XX ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының әсерімен саяси күрес сахынасына шыға бастады. Солардың ортасынан шыққан белгілі қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Халел Досмухамедов, Жаһанша Досмухамедов, Жақып Акбаев, т.б. 1905-1917 жылдар арасында ұлттық-демократиялық бағыттағы, кейін “Алаш” атанған саяси партия құру үшін жан-жақты әрі қажырлы еңбек етті (бұл жөнінде диссертацияның екінші тарауында кеңінен сөз болады – З.Т.).

1905 жылдан бастап осы партияны ұйымдастыру ісін тікелей басқарған Әлихан Бөкейханов пен оның сенімді серіктері 1905-1907 жылдардағы либералдық көзқарастан немесе “кадетшілдіктен” 1917 жылғы ұлттық-демократиялық, кадеттерге де, Ресейдегі сол кездегі басқа да саяси партияларға сыни көзбен қарайтын эволюция жолынан өтті [5, 115 б.].

Ресейлік саяси ұйымдары мен оның Сырдария облысындағы бөлімшелері мен жергілікті халық және зиялы қауым өкілдерінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени мәселелерімен тікелей айналыса

бастауы халық бұқарасының саясаттануына ықпал етіп, елде жаңа психологиялық-саяси ахуал қалыптасуына себепші болды. Әрбір саяси ұйым мен қоғамдық қозғалыстар халық арасында өздерінің ықпалы мен беделін күшейту үшін сан-салалы әрекеттерге барды: социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері жұмысшылар мен солдаттар арасында “Искра” газетін таратып, төңкерісшіл идеяларды насихаттаса, кадеттер либералдық тұрғыдан патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатының кейбір қырларын сынады, социал-революционерлер (эсерлер) қалалар мен село тұрғындарының әртүрлі жиналыстары мен бой көрсетулеріне қатынасты, қазақтың ұлттық интеллигенция өкілдері 1913 жылдан бастап шығара бастаған “Қазақ” газетінің, 1911 жылдан шыға бастаған “Айқап” журналының төңірегіне топтасып, халқымызды мәдени, саяси тұрғыдан ояту жолында, оның арасында отаршылдықтың барлық көріністеріне қарсы саяси хал-ахуал қалыптастыру жолында еңбектенді.

Осы мақсаттарға Міржақып Дулатовтың 1909 жылы жарық көрген “Оян, қазақ!”, Ахмет Байтұрсыновтың 1911 жылы баспадан шыққан “Маса” атты өлеңдер жинақтары да толығымен жауап берді.

Ресейдің орталық аудандарындағы 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы империяның отарлық аймақтарына, олардың қатарында Түркістан өлкесіне де белгілі дәрежеде әсер етті. 1905 жылғы 12 қаңтар күні өлке орталығы Ташкент қаласында теміржол жұмысшыларының белсенді түрде қатысуымен көп адам қатынасқан бұқаралық митинг болды. Оған қатынасушылар 1905 жылғы 9 қаңтарда Петербургте орын алған қанды оқиғаларды, оны ұйымдастырған патша үкіметін айыптады. Ташкентте өткен айтылмыш митингке Ташкенттің, Перовскінің, Түркістан қаласының және Орта Азия және Орынбор-Ташкент темір жолдары шеберханалары жұмысшыларының өкілдері қатынасты. Ал 1905 жылғы қаңтар, ақпан айларында қазыналық (мемлекеттік) баспаханалардың жұмысшылары саяси және экономикалық талаптар қойған ереуілдерге шықты.

Олар жалақыны көбейтуді, сегіз сағаттық жұмыс күнін орнатуды, ешбір дәлелді себепсіз жұмыстан шығаруды тоқтатуды талап етті [83, 345-346 б.].

1905 жылдың жазында өлкенің біраз қалаларында, олардың қатарында Перовскіде, 1 май күнін мерекелеу шаралары жүзеге асырылды [84, 26 б.], ал тамыз айында Перовск қаласы жұмысшыларының слесарь Давыдов пен саясатшы Порохов басқарған бірнеше күнге созылған ереуілі орын алды [84, 29 б.].

1905 жылғы қазан, қараша айларында Орынбор-Ташкент және Орта Азия темір жолдарының жұмысшылары патшалық билікке қарсы тағы да ашық ереуілдерге шықты, теміржолшылармен қатар ереуіл қозғалыстарына жергілікті мақта тазалау заводтарының жұмысшылары да қатынасты. Соңғыларының көпшілігі жергілікті халықтардың өкілдері болды [85].

4 қарашада жұмысшылар патша үкіметіне қарсы манифестациясы мен митингі өткізді, ол Қазалы қаласындағы социал-демократтар ереуілге шыққан жұмысшылар арасында маркстік идеяларды насихаттады [86, 236 б.].

Сырдария облысының қалалары мен темір жол станцияларындағы ереуілдерге қатынасушы жұмысшылар (олардың басым көпшілігі орыс халқының өкілдері болды) сол кезде империяның көптеген қалалары мен елді мекендерін қамтыған Бүкілресейлік саяси ереуілді қолдап, “Самодержавие жойылсын”, “Бостандық жасасын”, “Капитализм жойылсын” деген ұрандар көтерді. 1905 жылғы 18 қазанда Ташкентте өткен 10 мың адам қатынасқан митинг осындай ұрандар астында өтті. Келесі күні митингке қатынасушылар өкіметке бейбіт түрде саяси тұтқындарға кешірім жасау, 8 сағаттық жұмыс күнін орнату, жалақыны көбейту, ұсақ саудагерлер мен кәсіпкерлерден алынатын салық мөлшерін азайту жөнінде талаптар қойды. Өкімет органдары бұл талаптарға құлақ асудың орнына бейбіт демонстранттарға оқ атып, оларды ұрып-соғып, озбырлықпен таратты [6, 125 б.].

Ташкенттегі бейбіт демонстрацияны аяусыз басып-жаншу өлке көлемінде, оның ішінде Сырдария облысында, халықтың жаппай наразылығын туғызды.

Түркістанда қазан саяси ереуілі 12 күнге созылып, 27 қазан күні аяқталды. Орынбор-Ташкент темір жолы жұмысшылары табандылықпен күрес жүргізіп 1905 жылғы 2-і қарашада жаппай ереуіл болған күндердің жалақыларын алуға, қуылған ереуілшіл жұмысшылар ішінара жұмыс күнін азайту мен жалақыны көбейтуге өз қожайындарын көндірді [6, 125 б.].

Жұмысшылардың революциялық іс-әрекеттері жекелеген гарнизондардың, ең алдымен Ташкент гарнизоны солдаттары тарапынан қолдау тапты. 1905 жылғы қарашаның ортасында Ташкент қамалының резервтегі бірінші Түркістан батальонының, қаланың артиллерия қоймасы мен оның шеберханасы солдаттарының қарулы көтерілісі болды. Көтеріліс қатыгездікпен басылды, 30-дан астам адам оққа ұшты, көтерілісшілердің көпшілігі сотталды, каторгалық жұмыстарға кесілді.

Солдаттар көтерілісін қанға бояп, басып-жаншуға наразы болған Орынбор-Ташкент және Орта Азия темір жолдарының жұмысшылары қайтадан жаппай ереуілге шықты, олар темір жол тасымалының барлық түрлерін тоқтатты. Барлық жерлерде (темір жол бойларындағы) ереуіл комитеттері құрылып, олар қоғамдық тәртіпті сақтауды, почта мен телеграфты бақылауды, тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді өз қолдарына алды. Басқа сөзбен айтқанда осы ереуіл комитеттері сол кезде орталық Ресейдің жекелеген аудандарында ұйымдасып, өз қызметіне кіріскен жұмысшы депутаттарының кеңестері ролін атқарды. Теміржолшыларының осы жаппай ереуілі 18 күнге созылды және ол өлке мен облыстың жекелеген заводтары мен фабрикалары жұмысшылары тарапынан қолдау тапты [6, 126 б.]. Теміржолшылардың осы жолғы жаппай ереуілі Орта Азия темір жолында 1905 жылғы 13-20 желтоқсан аралығында өткен делегаттар съезі (большевик В.Б. Дембовскийдің басшылығымен) жыл соңындағы айтулы саяси оқиға болды. Съезд 1906 жылғы 2-қаңтардан бастап бүкіл жыл бойында сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, жұмысшылардың материалдық әл-ауқатын көтеруге бағытталған, т.с.с. маңызды қарарлар қабылданды [18, 90 б.]. Жекелеген станциялар мен деполардың жұмысшылары бұл шешімдерді, ең алдымен сегіз сағаттық жұмыс күні туралы қарарды,

ешкімнің рұқсатын күтпей-ақ өз беттерімен жүзеге асыруға (явочным путем) әрекеттер жасады.

Сырдария облысы қалаларындағы жұмысшылардың революциялық қозғалысына жергілікті социал-демократиялық топтар басшылық жасауға ұмтылып, оны өздерінің ерік-ықпалына бағындыруға тырысты. Бұл ретте Ресейлік социал-демократиялық қозғалысының солшыл-қанаты – большевиктер жекелеген жерлерде белсенділік көрсетті. Ал социалист-революционерлер (эсерлер) болса, өлкеде орын алған аграрлық қозғалыстың басы-қасында болуға тырысты.

Сырдария және Жетісу облыстарындағы жекелеген социал-демократиялық топтар мен үйірмелер өз әрекеттерін үйлестіре жүргізу бағытында жұмыс істеді. Мәселен, Перовскідегі, Қазалыдағы социал-демократиялық топтар мен Жосалыдағы, Жәркенттегі т.б қалалар мен елді мекендегі үйірмелер 1906 жылғы ақпан айының соңында РСДЖП-ның бірінші Түркістандық конференциясында құрылған “РСДЖП Түркістан ұйымдары одағының” құрамына кірді [87, 34 б.]. Бұл ортаның РСДЖП-ның басшы органдарымен байланыс орнатып, құпия әдебиет шығару ісін қолға алды және осындай әдебиетті Қазақстанның оңтүстік аймақтарына таратып отырды. “РСДЖП-ның Түркістан ұйымдарының орталығының” баспаханасынан 1906 жылы жалпы таралымы 44 мың данадан астам 21 үндеу хаттар басылып шығарды. Олар “Солдат жолдастар”, “Тарих мазақ етеді”, “Жаулар мен достарымыз туралы қарапайым сөздер”, “Біз көтеріліс жасаймыз” деген және оларға сабақтас тақырыптармен Түркістанда, Перовскіде, Жосалыда, Қазалыда, темір жолдар бойында таратылды [87, 34 б.]. Түркістандағы социал-демократиялық солшыл (большевиктік) топтары Ташкент қаласында жасырын жағдайда “Солдатский листок – Правда” атты газет шығарып, сол арқылы өлкедегі солдаттар бұқарасы арасында маркстік идеялар таратты.

1907 жылдың 4-қаңтарынан 27-ші сәуіріне дейін Орынбор қаласында Хусаин Ямашевтің редакциялауымен большевиктік бағытта татар тілінде шығып тұрған “Урал”, бірінші орыс революциясының әсерімен Петербургте шығып тұрған “Вахыт” (“Уақыт”) газеттерінің Қазақстанның басқа аудандарымен қатар Қазалыда, Перовскіде, Верныйда, т.б. Түркістан өлкесіне қарайтын Сырдария мен Жетісу облыстарының елді мекендерінде өз оқырмандары болды [87, 35 б.]. 1906-1907 жылдарда “Вахыт” газетінің беттерінде Көлбай Тоғысовтың Түркістан мен Қазақстандағы патша үкіметінің жергілікті чиновниктерінің заңсыз іс-әрекеттерін сынаған мақалалары жарияланды [88, 9 б.].

Отарлық және әлеуметтік езгіге қарсы қозғалыс өлкенің және Сырдария облысының ауыл-селоларын да қамтыды. Шаруалардың жер үшін қозғалысы кейбір өңірлерде саяси сипат ала бастады. Атап айтқанда шаруалар кей жерлерде үстем тап өкілдерінен ауыл старшиналары мен болыс басшыларын сайлауға қатынасудан бас тартты. Мәселен, 1905 жылы сайлаушылардың осындай енжарлығынан Әулиеата уезінің Сусамыр мен Шатқал болыстарында ауыл старшындары мен болыс басшыларын сайлау кейінге қалдырылды [18, 92 б.]. Әулиеата, Түркістан, Перовск, Қазалы және Ташкент уездерінде

шаруалардың өз бетімен жер учаскелерін басып алу фактілері көбейді. Мәселен, 1905 жылы Перовск уезінде шаруалардың өз бетімен жер учаскелерін басып алуының жеті фактісі тіркелсе, 1906 жылы осындай оқиғалар 183 рет қайталанды. Дәл осы жылда Әулиеата шаруалары 136 десятина жерді басып алды [6, 438 б.].

Егіндік пен шабындық жерлердің тапшылығына байланысты өкіметке қарсы наразылық Сырдария облысындағы орталық Ресей губернияларынан көшіп келген орыс-украин селоларында да орын алды. Әулиеата уезіндегі Караваевка селосының шаруалары Меркі ауданы приставынан өздерін “қолайлы шабындық және құнарлы егіндік жерлермен қамтамасыз ету” жөнінде мәселе көтеріп, оны ешбір кедергісіз орындауды талап етті. Караваевка селосындағы толқуларды басу үшін Меркі приставы Ташкенттен казактардың жүздігін (сотня казаков) шақыртты. Ал 1906 жылғы сәуірде Әулиеата уезінің Михайловка селосындағы шаруалар “тәртіпсіздігін” жою үшін казак-орыс әскерінің арнаулы жасағы шақырылды. Осы жазалаушы жасаққа мылтықтармен, айыр, орақ және күректермен қаруланған село тұрғындары қарсы шықты [89].

Әулиеата уезіне қарайтын Шу болысының жерсіз қазақ шаруалары өз жағдайларын жақсартуын талап етіп, екі жыл бойы (1905-1907 жж.) жергілікті әкімшілікке қарсылық көрсетті: өкіметке салық төлеуді тоқтатты, салық жинауға келгендерді соққыға жықты [90, 78 б.].

Бірінші орыс революциясы жылдарындағы Сырдария облысының қалалары мен ауыл-селоларындағы патша өкіметіне қарсы орын алған революциялық толқулар мен аграрлық қозғалыстар жеңіліс тапты. Оның басты себептері бұл өңірде шын мәніндегі революциялық күштердің болмағандығы еді. Мұндағы өкіметке қарсы бағытта белгілі дәрежеде ұйымдасқан күш деп саналатын темір жол жұмысшылары табиғи түрде жергілікті халықтардың (қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың т.б.), ұлттың және таптың мақсат-мүдделерін жоқтай алмайтын еді. Ал жекелеген көшіп келушілер селоларындағы жекелеген “тәртіпсіздіктер” де өлкенің түпкілікті халықтарының отарлық езгіге қарсы наразылықтарына көмек жасай алмайтын еді. Өйткені патша үкіметінің ХІХ-ғасырдың 60-70 жылдарынан басталып, Столыпіннің жер реформасынан үлкен қарқын алған ұлт аймақтарына орталық Ресейден жүз мыңдаған шаруалардың көшірілуі түптеп келгенде метрополияның шеткі отарлы өңірлерінде тірегін жасауға бағытталған еді. Сондықтан да әңгіме болып отырған кезде Түркістан өлкесіндегі орыс жұмысшылары, қоныс аударушы селолардың тұрғындары, жергілікті гарнизон солдаттары азаттық үшін күресте жергілікті халықтарға одақтас болудан да, метрополияның отарлы аймақтардағы саясатын жүргізуге көмектесуге бейім тұратын еді.

Дейтұрғанмен, жеңіліс тапқан бірінші орыс революциясы жылдары Түркістан мен Қазақстанға белгілі дәрежеде әсер етті. Бұл әсер ең алдымен осы өңірдегі, оның ішінде Сырдария облысындағы саяси хал-ахуалды жандандырды. Мұнда Ресейлік социал-демократиялық партиялар мен қозғалыстардың жекелеген жергілікті ұйымдары мен үйірмелері пайда болды.

Социал-демократтардың біріккен ұйымдарындағы реформистік (меньшевиктік) және солшыл-революцияшыл (большевиктік) бағыттағы саясат сахнасына шыққан мүшелері жұмысшы қозғалысына, ал социал-революционерлер (эсерлер) шаруалардың аграрлық қозғалысына жетекшілік жасауға ұмтылды. Ал монархистер мен “қаражүзшілер” (“черносотенные”) отарлы аймақтарды монархиялық, зорлықшыл билеу жүйесін нығайтуға күш салды.

Осылардың барлығы өлке тұрғындарының белгілі бөлігінің арасында өз бағдарламаларын түсіндіріп, насихаттауға арнаған үн қағаздар (листовкалар), жариялы және жасырын газеттер шығарып тұрды.

Мұнымен қатар социал-демократтар, ең алдымен олардың большевиктік бағытты жақтайтындары жер-жерлерде маркстік үйірмелер ұйымдастырып, Петербург, Москва, Баку, Киев, Самара, Томск, Тифлис сияқты қалаларда шығып тұрған “Вперед”, “Пролетарий” сияқы газеттерді, революциялық мазмұндағы үн қағаздар мен кітапшаларды жергілікті халық арасында таратты. Ұлттық теңдік пен әлеуметтік бостандық идеяларын жекелеген большевиктердің ықпалымен “Русский Туркестан”, “Самарканд” газеттері белгілі дәрежеде насихаттады.

Жекелеген социал-демократиялық кружоктар өздері әрекет еткен елді мекендер тұрғындарының саяси сауатын ашу ісінде айтарлықтай жұмыс атқарды. Мәселен, Әулиеата уезінің Меркі елді мекенінде 1907-1909 жылдары әрекет еткен осындай кружоктың мүшесі Ф.М. Кобец, мемлекеттік думаның депутаты, социал-демократ И.П. Покровскийге хат жазып, революциялық әдебиет салып жіберуді өтінген. 1909 жылғы 6-шы қаңтарда жазылған хатта Петербургтен Меркіге мынандай мазмұндағы кітапшалар мен прокламациялар (саяси мәнді листовкалар) жіберілуі сұралған: “1) Социал-демократ, социалист-революционер және ереуіл дегендер не?; 2) Мемлекеттік Дума деген не?; Алғашқы Думалар халыққа не берді?...; 4) Солдатқа адам бермендер, салық төлемендер; 5) Жерді талап етіңдер; 6) III Дума жойылсын; 7) Құрылтай жиналысы; 8) Халықтың өзін-өзі басқаруы; 9) Патша кімді асып, кімді өлтіреді; 10) Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы азаттық қозғалыстың қысқаша тарихы, т.б.

... Егер осы хатты алсаңыз, маған Л.Н. Толстойдың суреті бар открыткамен хабар беруіңізді өтінем. Ал кітапшалар шыққаны туралы М. Горькийдің суреті бар открыткамен хабарлауыңызды сұраймын.

Менің адресім: Меркі селосы, Сырдария облысы, Чалдовар селосы, Ф.М. Кобец.

Егер менің хатымның сізге жеткенше ашылғанын сезсеңіз – “Невский проспект” деген открыткамен хабарларсыз...” [37, 29-30 б.].

Осыншама сақтық жағдайында орталықтан Сырдария облысына жеткен саяси әдебиет, сөз жоқ, көпшілік арасында насихатталды. Осыған орай Сырдария облысының әскери губернаторы өзінің бір хабарламасында үлкен алаңдаушылықпен былай деп жазды: “Арандатушы ойларға толы мақалалар басылған үн қағаздар (листовкалар) Сырдария облысының солтүстігін мекендеген татарлар арасында пайда бола бастады. Осы үнқағаздарда насихатталатын революциялық идеялар қырғыздарға да (қазақтар) жетуі мүмкін [90, 125 б.].

Бұл үнқағаздар қарулы көтеріліске шақырып, “барлық ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді” талап ете келіп, “сендердің жауың орыс халқы емес, сендердің жауың - самодержавиелік (патшалық) үкімет”, - деп халыққа түсінік берді [91, 732-733 б.].

Жергілікті большевиктер осындай үнқағаздарды дайындап, гектограф арқылы көбейткені және оны Сырдария облысының жергілікті халқының арасында таратқаны туралы мәліметтер сақталған. Мұны Сырдария облысының әскери губернаторы 1905 жылғы 31 желтоқсанда уезд бастықтарының аттарына жолдаған №341-і циркулярында (бұйрық-жарлық): “Революциялық партиялардың іс-әрекеттері соңғы кездерде қырғыз даласында да бой көрсете бастады”, - деп көрсетті [92, 30 б.].

Сол кездегі социал-демократиялық идеялар мен үндеулер көп жағдайда большевиктік немесе меньшевиктік деп жіктелмейтін. Сондықтан да Түркістан өлкесінің жұмысшылары РСДЖП-ның қай фракциясына жататындығын ойлап, басын ауырта бермейтін. Сондықтан да олардың көпшілігі: “бізге қандай партия болғанының бәрі бір, тек қана патша мен жандармдардың жексұрын тобын құлатса болды”, - деп мәлімдейтін [93, 56 б.].

Қалай болғанда да Түркістан большевиктері тікелей революциялық іс-қимылға-көтеріліске (қиратуға) шақырса, меньшевиктер жұмысшыларды “қару алуға шақырмай-ақ, өз мәселелерін келіссөздер, реформалар арқылы шешуге шақырды. Мәселен, 1905 жылғы 13-20 желтоқсанда Ашхабадта өткен Орта Азия теміржолының бірінші делегаттар съезі меньшевиктердің ықпалынан революциялық күрес тактикасын қабылдамай қойды және темір жолды қайтадан ереуіл бастаудан (ол қарулы көтеріліске ұласуы мүмкін деген қауіппен) бас тартты. Бұл шешімге риза болмаған большевиктер меньшевиктерді “оппортунистер” деп айыптады.

Ресейде орын алған желтоқсан қарулы көтерілісінің Түркістанда (жалпы империяның шығыс өңірлерінде) тиісті қолдау таппауын маркшіл-лениншілдер меньшевиктердің “оппортунистік позициясынан” көрді. Бұл ретте большевиктер Түркістан мен Қазақстан тұрғындарының объективті түрде қарулы көтеріліске дайын емес екендігін қаперлеріне де алмады.

Қорыта келгенде Қазақстанның оңтүстік аймағы ХХ ғасырдың басында орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерден тыс қалмағанын көреміз. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мұнда түрлі саяси топтар пен партиялардың өз қызметтерін жандандыруына қолайлы жағдай туғызды. Бірақ, халық аймақта біршама қолдау тапқан социал-демократиялық идеялар мен үндеулердің көп жағдайда большевиктік немесе меньшевиктік бағытын ажырата алған жоқ. Аталған кезеңде аймақта ұлттық-демократиялық бағыттағы идеялар да кең тарады. Осылайша тарихымыздағы ең бір күрделі кезең қос төңкеріс қарсаңында аймақтың қоғамдық-саяси дамуының жағдайы аса күрделі болып қала берді. Бұл өз кезегінде аймақта бұдан кейінгі жылдары орын алған өзгерістерге өз ықпалын тигізді.

1.3 Сырдария облысы тұрғындарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысуының мәселелері

1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс және оған Антанта одағының қатарында Ресейдің белсенді түрде қатысуы халықтың жағдайын бұрынғыдан да ауырлата түсті. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейе түсті. Жер-жерлерде патша чиновниктерінің зорлық-зомбылығы шектен шықты. Қазақтардың жерін тартып алу, әсіресе Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу облыстарында бұрын болмаған қарқынмен жалғастырылды. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, мал басын, т.б. материалдық игілікті күн өткен сайын көп мөлшерде талап етті. Соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен 20299 мың мақта мен мақта майы, 300 мың пұт ет, 474 мың пұт балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың бас жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 38 мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй алынды. Соғыс жүріп жатқан жылдары майдан мұқтаждарын өтеуге байланысты елді тонау мен халықты қанау күшейе берді. Соғыс басталысымен әртүрлі салықтардың түрі мен мөлшері өсті. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 1914-1916 жылдар аралығында әр түтінге (үйге) салынатын салық мөлшері 3 сомнан 8 сомға дейін өсті. Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын заттардың бағасы 94 тиын болса, ол 1916 жылы 40 сомға дейін көтерілді [94, 8 б.; 49, 58 б.].

Қазақстан мен Түркістан өлкесі бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған қиыншылықтар салдарынан біртіндеп азық-түлік пен шикізатты, т.б. өнім түрлерін үкімет тарапынан күштеп тонайтын аймақтардың біріне айналды. Патша үкіметінің көзқарасы бойынша жергілікті тұрғындардың "артық" деп саналған азық-түлік қорларын мемлекет пайдасына "заңды түрде" алу үшін 1915 жылдан бастап азық-түлікті "тұтыну нормалары" дейтін енгізілді. Осы "нормаларға" сай үкімет органдары жүргізілген есеп бойынша Сырдария облысында байлар мен дәулетті шаруалар қолында 4.184 мың пұттан астам "басы артық" азық-түлік қоры бар деп ресми түрде анықталды. Ал іс жүзінде дәл сол жылы Сырдария облысының шаруаларының қалың бұқарасы үшін, ең алдымен қырдағы көшпелі қазақ малшылары үшін 10.422 мың пұт, ал қала тұрғындары үшін 4.045 мың пұт астық жетіспеді [97, 27 б.]. Осыған ұқсас жағдай Жетісу облысында да орын алды. Бұл облыста астықтың жалпы жетіспеу көлемі 1915 жылы 14.839 мың тұтқа тең болды [95, 28 б.].

1915 жылдың соңы мен 1916 жылдың басында бүкіл ел көлемінде, оның ішінде Түркістан мен Қазақстанда да күнделікті қажет заттар мен азық-түліктің жекелеген түрлеріне карточкалық жүйе енгізілді. Алдымен карточка тәртібі қантты тұтынуға енгізілсе, екі-үш ай өткеннен кейін мұндай жүйе қала мен қала типтес елді мекендер тұрғындары үшін ет пен ұнды тұтынуға орнатылды [96]. Карточкамен берілетін азық-түлік мөлшері өте аз болды, ал 1916 жылдың соңына қарай кейбір аудандарда ұнның орнына кебек (отруби) берілетін болды.

1916 жылғы шілдеде патша үкіметі үшін "Ет және ет өнімдерін тұтынуды қысқарту шаралары туралы" заң қабылдады. Оған сәйкес аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері) ет пен оның өнімдерін сатуға тиым салынды, ал сейсенбі мен бейсенбі күндері қасапханаларда мал союға тыйым салынды. Қазақтар арасында адам басына шаққанда етті пайдаланудың мөлшері

анықталды. Осы заң және одан туындаған басқа да қарарлар мен шешімдер қазақтың “басы артық” деп табылған малын тартып алуды көздеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басқа қиыншылықтармен қатар елде азық-түлік дағдарысын туғызды.

Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жаланақтықтың өріс алуы – міне, осының бәрі халықтың тарапынан жаппай наразылық туғызды. Осының бәрі бүкіл елдегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістіре түсті. Ал осы Ресей империясына дағдарыстың айқын көрінісі - Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі болды. Жоғарыда айтылғандарды қорытсақ, бұл көтерілістің басты себептеріне отарлық езгінің күшеюін, халықты ата-қоныс жерінен айыруды, салықтар мен алымдардың шексіз өсуін, бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты халық бұқарасы жағдайының күрт нашарлауын жатқызуға болады [47, 61б.].

Ал көтерілістің тікелей басталуына патша үкіметінің 1916 жылғы 25-і маусымындағы Қазақстан мен Орта Азияның, ішінара Сібірдің орыс емес халықтарының, 19 бен 43 жас (Кейін майданның қара жұмысына шақырылатындардың жас шегі 31 деп белгіленгені белгілі – З.Т.) аралығындағы азаматтарын майданның қара жұмысына (окоптар мен траншеялар қазуға, майданға жақын аудандарда жол салуға, ағаш кесуге, т.с.с.) шақыру туралы жарлығы болды.

Ресей қарулы күштерінің Бас штабының жоспары бойынша тыл жұмыстарына Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың адам, оның ішінде қазақтар мекендеген барлық облыстардан 240 мыңдай адам алынуы тиісті болды. Бұл жоспар орындала қалғанда сол кездегі 700 мыңнан астам қазақ қожалықтарының әрбір үшіншісі бір-бір жұмыс қолынан айырылар еді. Бір кезде осыншама еңбек қолдарын материалдық игілік өндіруден шеттетуге ұлттық шеңбердегі апатқа әкеп соғар еді [97, 11 б.].

Бүкіл Түркістан өлкесі бойынша майдан тылының қара жұмыстарына реквизициялануға 220 мың адам алынуға тиісті болды, олардың ішінде Сырдария облысынан 60 мың адам шақырылады деп белгіленді. Жетісу облысынан қара жұмыстарға 87 мың адам алынуға тиіс болды.

Жергілікті халықтардың жекелеген әлеуметтік топтары өкілдері мен кейбір лауазым иелері майдан шебіндегі қара жұмыстарға алынбайтын болды. Тыл жұмыстарына шақырылудан босату шарттары туралы үкіметтік нұсқауда мынандай топтар өкілдері олардың қатарына жатқызылды: 1) болыстық, ауылдық және селолық басқару органдарында қызмет атқаратындар, 2) жергілікті халықтардан (туземдіктерден) шыққан төменгі полицейлік шен иелері, 3) имамдар, молдалар мен мудористер, 4) мемлекеттік басқару жүйесінде класстық (сыныптық) қызмет атқаратын (занимающие классные должности) жергілікті халық өкілдері, 5) дворяндар мен құрметті азаматтар құқын пайдаланатындар, т.с.с. Мұның үстіне жекелеген тыл жұмысына баруға тиістілер өз орнына басқа адамды жалдап жіберуге мүмкіндігі болды. Біреудің орнына жалданатын кісі міндетті түрде Ресей мемлекетінің боданы (подданный) болуға тиісті еді [98, 46 б.].

Майданның қара жұмысына баруға міндетті қазақ аулы, өзбек қыстағы мен бай-манаптарының айтарлықтай бөлігі отарлық жүйенің чиновниктері мен болыс билеушілеріне пара беріп “реквизициядан” құтылды.

Осының барлығы бастапқы кезде халықтың басым көпшілігі тарапынан стихиялық наразылық саналы қарсылыққа ұласты. Қазақстан мен Түркістанның көптеген аудандарында ең алдымен кедейлер қауымы патша үкіметі мен ұлттық алпауыттарды майданға алып, олардың өздеріне қарсы күреске шықпақ болған ниет білдірді.

Сырдария облысында көтеріліс алғашқы рет Ходжент қаласындағы еңбекшілердің бой көрсетуімен 1916 жылғы 4-і шілде күні басталды. Ходженттіктер “қандай сылтаулар болса да жұмысшыларды бермей, қажет болса, туған жерде өлу” деген ұрандар көтерді [99, 10-16 пп.]. Ходжентте басталған көтеріліс алдымен Түркістан өлкесінің Ферғана жазығына, одан кейін Жетісу облысына ауысты. Қазақстанның далалық облыстарында да (Ақмола, Семей, Торғай) шілде-тамыз айларында патшаның маусым жарлығына қарсы қозғалыстар басталды.

Шілде айының алғашқы күндерінде Жетісу облысындағы көтерілістер сол кездегі Жаркент уезіне қарасты Қызылбөрік, Сөгеті, Шелек, Меркі болыстарында, Қарқара және Асы жайлауларында, Нарынқол-Шарын өңірлерінде, Верный уезіндегі Қорам, Ұзынағаш, Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыс болыстарында, Лепсі және Қапал уездерінің жекелеген болыстарында орын алды. Зерттеуші К. Нұрпейістің пікірінше Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтеріліс тарихын үш кезеңге бөліп қарауға болады: 1) шілде айы – стихиялық наразылық білдіру кезеңі, 2) тамыз-қыркүйек айының басы – оның қарулы күреске ұласуы, 3) қыркүйек - қазан айлары - көтерілістің бәсеңдеуі мен жеңіліске ұшырау кезеңі [94, 10 б.].

Шартты түрде Сырдария облысындағы 1916 жылғы көтерілістің тарихын осындай кезеңдерге бөлуге болады деп есептейміз. Бір ескеретін жағдай – 1916 жылғы көтеріліс Сырдария облысын түгелге дерлік қамтыған жоқ, сондықтан да ол мұнда жаппай сипат алмады. Оның ірі ошақтары Ташкентте, Қазалы уезінде, Талас жазығындағы Әулиеата уезінде, Меркі өңірінде болды.

Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында 1916 жылғы 11-і шілдеде басталған стихиялық толқулар, Ходженттегі сияқты қарулы көтеріліске ұласты. Сырдария облысындағы 1916 жылғы көтерілістің тікелей куәгері және оның тарихын алғашқылардың бірі болып зерттеген Тұрар Рысқұловтың мәліметтеріне жүгінсек, 11-і шілде күні ескі Ташкент қаласындағы полиция басқармасын ертемен қоршап алған қала тұрғындары ашық түрде патшаның 25-і маусымдағы жарлығына қарсылық білдірген. Басқарманы қоршаған әйелдер “жұмысшылар бермейміз!”, деп дауыс көтерсе, ер азаматтар “еш қайда бармаймыз, осы жерде өлеміз!” деп айқайлаған. Жиналғандар өздеріне сес көрсетіп, мылтық кезеген полиция басқармасының қарауылын өлтіріп, басқарманың хатшысы Трентовиусты соққыға жыққан. Тез арада бүлік шыққан жерге жеткізілген қалалық прапорщиктер мектебінің курсанттары мен полицейскийлер көтерілісшілерге қарсы қару жұмсап, 6 адамды оққа ұшырып, біразын жаралаған. Осыдан кейін көтеріліс ескі Ташкент қаласының Күкшін,

Сибзар, т.б. аудандарына жайылған [98, 50-51 б.]. Ескі қалада күн бойы көтерілісшілер мен жазалаушы әскери бөлімшелері арасында қатты қарулы қақтығыстар болды.

Біраз күннен кейін көтеріліс ауылды-селолы аймақтарға ауысты. Ресми мәліметтер бойынша 18 шілдеге дейін көтеріліс Сырдария облысының 50-ден астам елді мекендерін қамтыды. Түркістан генерал-губернаторы 1916 жылғы 18-і шілдеде өлке “соғыс жағдайында” деп жариялауға мәжбүр болды.

Осыған қарамастан наразылық бойкөрсетулер мен қарулы көтерілістер Қазалы, Черняев (Шымкент), Перовск уезінің көптеген ауыл-қыстақтарына тарады. Әулиеата уезі облыстағы көтерілістің басты ошағына айналды.

Өкімет органдарының есебі бойынша Әулиеата уезінен майданның қара жұмыстарына 22675 адам алынуға тиіс еді. Тамыз айының соңына дейін олардан жиналу пункттеріне үш мыңға жуығы ғана келді, ал қалғандары майдан шебіндегі қара жұмыстарға барудан үзілді-кесілді бас тартып, дүлей-азаттық көтеріліске шықты. Көтеріліс Әулиеата уезінің Меркі бөлімінің Көшеней (Кученей) болысында басталды. Көтерілісшілер орман күзетшісі Карача дегенді өлтіріп, патша үкіметінің жергілікті әкімшілігіне бағынудан бас тартты. Осыдан кейін көтеріліс Әулиеата және онымен көршілес Жетісу облысының Пішпек уезінің малшылары шығатын жағына да ортақ Сусамыр жайлауына ауысты.

Таулы бөлімшеге (Горный участок) қарайтын Көпес болысының 50 шақты тұрғындары 1916 жылғы 31-і шілдеде “Қоржын-Тоғай” деген жердегі орман шаруашылығының ғимараттарын қиратты, қолдарына біраз қару-жарақ түсірді. Сонымен қатар көтерілісшілер өз әрекеттерін Чалдовар, Меркі және Луговой сияқты ірі елді мекендер ауданына ауыстырды. Сол кездегі Сырдария облысының әскери губернаторы генерал Гипекердің мәлімдеуі бойынша “Үшбұлақ, Ақшолақ, Чалдовар станцияларындағы жәмшік қазақтар (жәмшік – ямщик - ат арбамен почта тасушылар – З.Т.) қызметтерін тастап, жан-жаққа тарап кетті, барлық жерде почтаны ұстап, мініс аттарының біразын бүлікшілерге берді” [100, 14 п.].

Талас жазығында да жаппай көтерілістің толғағы пісіп жетілді. Бұл өңірде көтерілісшілердің алғашқы жасақтары 11-і тамыздан бастап пайда болды. Талас жазығының тұрғындары қарулануға күш салып, Шу аймағының, Ыстықкөл өңірінің қазақ-қырғыз көтерілісшілерімен байланыс жасауға ұмтылды. Мәселен, Пішпек уезінің Жаман-Сырт болысынан Беловодскі ауданындағы шайқастарға қатынасқан қырғыз көтерілісшілері Шопақ Ақылбеков пен Жүсіп Наматбаев Таласқа келген [101, 96-97 пп.; 159-160 пп.]. Осындай байланыстың күшеюінен және көтерілістің бүкіл Сусамыр жазығына жайылуынан қауіптенген өкімет органдары Әулиеатадан жазалаушылардың тың күштерін Таулы бөлімге (Горный участок) алдырған.

Сонымен бірге Сырдария облысының әскери губернаторы қазақтар мен қырғыздардың ортасына от жағып, оларды араздастыру бағытында уезд бастықтарына нұсқау берген [102, 156-157 пп.]. 25-ші тамызда Меркі бөлімшесіндегі көтеріліс шырқау шегіне жетті. Меркі-Пішпек телеграф байланысы түгелдей істен шығарылды. Меркі көтерілісшілері бірнеше рет

патша үкіметінің жазалаушы жасақтарына жүздеген үйір-үйір жылқыны қарсы айдап, олардың біразын ат тұяқтарының астында қалдырды. 29-30-тамыз күндері жалпы саны 1500-2000-ға жуық қазақ-қырғыз көтерілісшілері Меркіге тағы да екі дүркін шабуыл жасады. Алайда жақсы қаруланған тұрақты әскер бөлімдерінің оғының астында қалған олар шегінуге мәжбүр болды. Көтерілісшілердің 31-і тамыздағы шабуылында Меркі гарнизоны кері қайтарды. Меркі бөлімшесіндегі көтерілістің қайтадан өріс алу қауіпінен жасқанған үкімет органдары қыркүйек айының басында Меркі ауданына Ташкенттен қосымша күш ретінде запастағы Сібір полкінің екі ротасын алғызды.

Аса қатты қақтығыстар Әулиеата уезінің Ново-Троицк елді мекенінің ауданында болды. Бұл ауданға прапорщик Болдырев басқарған жазалаушы отряд жіберілді. Оның құрамында Меркінің оншақты саудагер өзбектері болды. Болдыревтің жазалаушы отряды Ново-Троицк ауданындағы көтерілісшілерді талқандап, 150 адамды тұтқындап, кейін оларды түгелге дейін атып жіберді. Болдыревтің баскесерлері “бүлікшіл ауылдардың” 4340 қойын, 23 түйесін, 225 бас ірі қара малын тартып алды [98, 61 б.]. Әулиеата уезінің Шу бөлімшесіндегі көтерілісшілерге қарсы Виноградов дейтін офицер басқарған жазалаушы отряд әрекет жасады. 16 қыркүйекте Әулиеатадан 75 шақырым жерде көтерілісшілер жазалаушы отряд солдаттарымен бір тәулікке жуық соғыс жүргізді. Жазалаушылар тоз-тоз болып, кейін шегінуге мәжбүр болды. Шу бөлімшесіндегі көтерілісшілер қатарында Аққостық, Талас, Арғын, Сәмбет, Тастөбе, Мақпал болыстарының жігіттері болды [98, 62 б.].

Алайда, бұл Әулиеата уезіндегі көтеріліс жалынының соңғы сәулесі еді. Әулиеата уезінде көтеріліс оты қыркүйек айының соңында өшті. Жеңіліске ұшыраған көтерілісші жасақтарының қалдықтары Жетісу облысының Верный уезіне, екіншілері қазіргі Қырғызстан территориясына өтіп, сондағы ұлт-азаттық қозғалысының қатарына тұрып, патша жендеттеріне қарсы күрестерін 1916 жылғы қазан айының ортасына дейін жалғастырды.

Әулиеата уезінде жеңіліс тапқан көтерілісшілердің бір бөлігі Бетпақ дала арқылы Торғай облысындағы Әбдіғапар-хан Жанбосынов пен Сардарбек Амангелді Иманов басқарған сарбаздарға қосылды. Сол сияқты ұлт-азаттық қозғалысқа көтерілген Қазалы мен Перовск уезінің, Черняев пен Әулиеата уездерінің солтүстік бөлігін мекендейтін еңбекшілер өкілдері де Амангелді Иманов басқарған халықтық армияның қатарларын толтырды.

Сырдария облысындағы, атап айтқанда Әулиеата уезіндегі көтерілістің көлемі Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстан тарлау болды. Сырдария облысындағы көтерілістің негізгі орталығы болған Әулиеата уезінің жекелеген аймақтарындағы ошақтарының бір-бірімен байланысы нашар болды: олар бір жерде жаңадан басталып жатса, екінші жерде жазалаушы отрядтардан жеңіліс тауып жатты. Әулиеаталықтардың көршілес Жетісу облысындағы, сол сияқты жапсарлас жатқан Ташкент уезіндегі көтерілісшілермен де байланыстары нашар болды.

Дегенмен де, Сырдария облысындағы көтеріліс 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың заңды құрамдас бөлігі болды. Ол

патша үкіметінің беделіне айтарлықтай нұқсан келтіріп, отаршыл метрополияның шаңғырағын шайқалтуға өз үлесін қосты, халықтың отаршыларға, ең алдымен олардың символы – патша үкіметіне деген өте күшті өшпенділік туғызды. Іс жүзінде патша үкіметі белгілеген майданның қара жұмыстарына баруға тиісті жоспарланған 220 мың адамның 123 мыңы ғана алынды, ал көтерілістің жалауы биігірек желбіреген Әулиеата уезінің тыл жұмысына алынуға жоспарланған 22676 адамнан, үкімет құрығына екі мыңнан сәл астам ғана кісі ілінді.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін оған қатынасушылар жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, қатты жазаланды, мал мен мүлік талан-таржыға ұшырады, ауылдар өртенді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин көтеріліс болған өңірлердің тұрғындарынан оны ұйымдастырып, басқарғандарды ұстап беруді талап етті. Мәселен, жазалаушылар Меркі бөлімшесінде көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, 1916 жылғы 8-қазанда сол өңірдегі түпкілікті тұрғындарды егер олар “бүлік” басшыларын көрсетіп, ұстап бермесе, олардың өздері атылады деп ашық мәлімдеді. Көтеріліске қатынасқан қазақтар мен қырғыздар өзара ақылдаса келіп, 54 адамды (27 қазақ және соншама қырғыз) жазалаушылардың қолына беруге мәжбүр болды [103, 25 п.].

Бүкіл Түркістан өлкесі бойынша әскери-далалық сот пен тергеуге үш мыңнан астам адам берілді, олардың 347-і өлім жазасына кесіліп, 168-і каторгалық жұмыстар атқаруға бұйырылды, ал 129 адам әртүрлі мерзімдерге сотталып, 228-і “еңбекпен түзеу” лагеріне жіберілді [104, 36 б.].

Патша үкіметі құрамында Сырдария және Жетісу облыстары болған Түркістан өлкесіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу үшін 14,5 батальон, казак-орыс әскерлерінің 33 жүздігін, 69 пулемет командаларын жіберді [94, 14 б.]. 1916 жылғы көтерілістің Әулиеата-Талас аймағындағы (Түркістан өлкесінің Сырдария облысына қараған) ұлт-азаттық көтерілістерді басып-жаншуға патшаның жазалаушы отрядтарына осы өңірлерге кезінде көшіп келген орыс қоныс аударушы орыс селоларының тұрғындары да ішінара көмектескендігін жасыруға болмайды. Көтеріліс жаңадан стихиялық түрде бой көрсете бастаған кезде (ол жаппай сипат алғанға дейін) өлке генерал-губернаторының бұйрығымен Жетісу мен Сырдария облыстарының әскери губернаторлары Фольбаум мен Чипенер қоныс аударушы селолардың тұрғындарына 2 мыңнан астам мылтық таратып бергені белгілі [98, 62 б.; 96, 14 б.].

Жазалаушылардың қатыгездік қудалауына шыдамаған жергілікті халықтардың айтарлықтай бөлігі ата-мекендерін тастап, басқа аймақтарға қоныс аударды. Бұл жағдай әсіресе Жетісу облысына және онымен көршілес, жапсарлас орналасқан Сырдария облысының жекелеген уездеріне тікелей қатынасы болды. Қатал қуғын-сүргінге ұшыраған Жетісудың 300 мыңнан астам жергілікті тұрғындары (қазақтар мен қырғыздар) немесе облыстың түпкілікті халықтарының төрттен бірі Қытай ауып кетті, олардың қатарында ішінара Әулиеата уезінің тұрғындары да болды. Көтеріліске қатынасқан Сырдария облысының кейбір қазақтары қалың өзбектің арасына барып, пана тапты.

Сырдария облысындағы көтеріліс, Түркістан өлкесі мен Қазақстанның басқа аймақтарындағы сияқты, жалпы алғанда ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Сипаты ұлт-азаттық болғандықтан, оған сол кездегі қазақ халқының әр түрлі әлеуметтік топтарының өкілдері қатынасты. Дей тұрғанмен де, оның негізгі қозғаушы күші – халықтың басым көпшілігі болған, отарлық және әлеуметтік езгінің негізгі ауыртпашылығын көтерген ауыл еңбекшілері (шаруалар) болды.

Сырдария облысының Әулиеата уезіндегі көтеріліске (әсіресе Меркі, Тау бөлімшелерінде) қазақтармен қатар қырғыз айылдарының тұрғындары да белсенді түрде ат салысты. Әулиеата уезінің көтерілісшілері тұрақты болмасада Жетісу облысының Верный және Пішпек уездеріндегі көтерілісшілермен байланыста болды. Ал Сырдария облысының Қазалы, Перовск уездері мен Шымкент пен Әулиеата уездерінің солтүстік аймақтарының тұрғындарының бір бөлігі Бетпақ даланы басып өтіп, Торғайдағы Амангелді Иманов басқарған қозғалысқа қатысты.

Сырдария облысындағы жергілікті халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі осы өңірдегі қоныс аударушы селолардың тұрғындары тарапынан жалпы алғанда қолдау тапқан жоқ. Бұл туралы кейбір деректер жоғарыда айтылды. Мұның үстіне өлкемізге келіп орын тепкен қазақ-орыс станицалары мен қоныс аударушы селолары тұрғындарына жергілікті халыққа теріс көзқарас бағытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ал жер-суынан айырылған жергілікті халықтың келімсектерге іші жылымайтын.

Өлкедегі түпкілікті ұлттар мен келімсектер арасындағы қарым-қатынастардың осылай қалыптасуына қарамастан, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс орыс халқының жекелеген өкілдерінің көтерісшілер жағына шыққандығы туралы бірең-сараң деректер сақталған. Мәселен, Әулиеата уезіндегі көтеріліс басталған сәтте отставкадағы офицер М.Д. Власенко көтерілісшілерді қолдап, өзінің қолындағы екі винтовка мен бірнеше қарапайым мылтықты (дробовик) көтерілісшілерге силаған. Александровка селосының тұрғындары ағайынды Тимофей мен Афанасий Добазовтар, Коваленко және Павлов дейтін шаруалар да көтерісшілер жағына шыққан. Олар кейін жазалаушы кулактар жасағының қолына түсіп, атылған. Ал Данила Кошаев деген Сазановка селосының тұрғыны көтерілісшілердің шағын жасағын басқарып, жазалаушы отрядқа қарсы соғысқан. Осындай бір соғыста ол патша үкіметі жазалаушыларының қолына түсіп, атылған, оның үйі өртеліп, дүние-мүлкі талан-таражға түскен. Шу өзенінің аңғарында көтерілісшілердің бір жасағын орыс шаруасы Иван Седой басқарған. Мұндай мысалдарды жаппай құбылыс деуге болмайды, алайда олардың ішінара болса да орын алуы тарихи шындық еді [105].

Тұрар Рысқұловтың пайымдауынша “1916 жылғы көтеріліс бүкілхалықтық сипат алып, революциялық мәнге ие болды. Көтеріліс бастаған халық бұқарасы өзінен шыққан және сырттан келген қанаушыларға деген ондаған жылдар бойы жиналған өшпенділігін олардың ұлтына қарамай қуатты күш ретінде жұмсады [98, 62 б.; 96, 14 б.]. Сондықтан да көтерілістің барысында жекелеген аудандарда (Мәселен, Әулиеата уезімен шекаралас Жетісудың Пішпек және

Қарақол уездерінде) ұлттық белгілері бойынша қазақ-орыс, қырғыз-орыс қарулы қақтығыстар орын алды.

Қазақ қауымында ең алдымен оның зиялы топтары өкілдерінің арасында 1916 жылғы патшалық маусым жарлығы мен ол түрткі болған ұлт-азаттық көтеріліске көзқарас бірдей болған жоқ. Атап айтқанда, “Қазақ” газетінің төңірегіне топтасқан, кейін (1917 ж. шілдеде) Ә. Бөкейханов бастаған ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері халықты партия жарлығын орындауға шақырды, көтеріліс басталса, ол қажеті жоқ қантөгістерге жол ашады, нәтижесінде ел аса ауыр қиыншылықтарға душар болады деп есептеді [47, 61-69 б.]. Ал қазақ интеллигенциясының радикалды, батыл іс-қимылға бейім өкілдері – Жетісуда Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Торғайда Әліби Жангелдин, Сырдария облысында Тұрар Рысқұлов, Батыс Қазақстанда – Сейтқали Меңдешев, т.б. халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатынасты.

Әулиеата көтерілісіне Тұрар Рысқұловтың тікелей қатынасы болды. Ол көтерілістің стихиялық наразылық білдіру сияқты бастапқы кезеңінде патша жарлығына қарсы шыққандардың іс-әрекеттерін үйлестіріп, қозғалысқа ұйымдасқан түр беруге, көтеріліс күш алған кезде оның ұлт-аралық қақтығысқа айналып кетуінен халықты сақтандыру бағытында біраз жұмыстар атқарды. Басқа сөзбен айтқанда, Тұрар Рысқұлов көтерілістің Әулиеата ошағына идеялық басшылық жасады, бірақ ол көтерілісті ұйымдық жағынан басқара алмады. Дәл осы аралықта сырқаттанып қалған Тұрар Рысқұлов сырқаттан айыққанша көтеріліс жеңіліс тапқан болатын. Тұрарды тікелей жазалаудан аман алып қалған, оның ауырып қалуы мен полиция қолында оған тағатын айыптың нақтылы дәлелінің жоқ болғандығы еді [98, 182 б.].

Осы тараушада айтылған ойларымызды қорыта келгенде әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштықтың өріс алуы бүкіл елдегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістіріп, оның аяғы 1916 жылғы азаттық күреске ұласқанын көреміз. Сырдария облысындағы азаттық күрестің ірі ошақтары Ташкентте, Қазалы уезінде, Талас жазығындағы Әулиеата уезінде, Меркі өңірінде қалыптасты. Сырдария облысындағы күрестің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтағы көтеріліс тарихын: 1) шілде айы – стихиялық наразылық білдіру кезеңі, 2) тамыз-қыркүйек айының басы – оның қарулы күреске ұласуы, 3) қыркүйек - қазан айлары - көтерілістің бәсеңдеуі мен жеңіліске ұшырау кезеңі деп бөліп қарастыруға болады. Сырдария облысындағы жергілікті халықтардың ұлт-азаттық көтерілісінің өңірдегі қоныс аударушы селолардың тұрғындары тарапынан қолдау таппағанын нақты тарихи деректер растай түседі. Аймақтағы казак-орыс станицалары мен қоныс аударушы селолары тұрғындарына жергілікті халыққа теріс көзқарас бағытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Бұл өз кезегінде аймақтағы ұлт-аралық қарым-қатынастардың одан әрі шиеленісе түсуіне әкеліп соқты. Сырдария мен Жетісу облыстарындағы көтеріліс аяусыз басып-жаншылғанымен бұл күрес келешектегі Ақпан төңкерісінің жергілікті халық тарапынан үлкен қолдауға ие болуына қолайлы алғышарттар дайындады.

2 Сырдария облысының Ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдық-саяси өмірі

2.1 1917 жылғы Ақпан төңкерісі және Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі "көпөкіметтіліктің" орнауы

1917 жылғы ақпан айының соңында Ресей империясының астанасы Петроградта басталған революциялық толқулар 28 ақпанда монархияның құлауына әкелді. Елде буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті. Революцияның негізгі қозғаушы күші жұмысшылар мен олардың жағына шыққан солдаттар бұқарасы болды. Революция барысында патшалық тәртіпті құлату үшін Петроград көшелеріне шыққан 300 мыңнан астам жұмысшыларды он мыңдаған қала гарнизонының солдаттары мен Балтық флотының матростары қолдау көрсетті. Тек қана 26-27-і ақпан күндері жұмысшылар жағына 100 мыңнан астам солдаттар шықты [97, 12 б.]. Патша үкіметінің революциялық күштерді талқандамақ болған әрекеттерінің бәрі сәтсіздікпен аяқталды.

Ресейді ешбір шектеусіз 300 жылдан астам билеп келген Романовтар әулетінің саяси биліктен айырылуы елдегі патшалық өкіметтің құлауын және ел орталығында буржуазиялық-демократиялық саяси партияның жеңіске жеткендігін бейнеледі.

1917 жылғы наурыздың 2-сінде патшалық тәртіп ресми түрде тарих сахынасынан кетті де, елдегі билік Ресей буржуазиясы мен буржуазияланған помещиктердің мақсат-мүдделерін білдіруші Уақытша үкіметтің қолына көшті.

Ел орталығында революция жеңіске жеткен алғашқы айларда Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі (Советі) – Петросовет іс жүзінде мемлекет астанасындағы екінші өкімет рөлін атқаруға ұмтылды. Өйткені, оны революцияның басты қозғаушы күші болған қаруланған халық бұқарасы: жұмысшылар, солдаттар және матростар қолдады.

Бір жағынан Уақытша үкімет, екінші жағынан Петроград және солдат депутаттарының Кеңесі жер-жерлерге өз өкілдерін тез аттандырып жатты: Уақытша үкімет бүкіл ел көлемінде құлатылған патшалық билік жүйесін өз әкімшілік жүйесімен алмастыруды ойластырса, Петроград кеңесі жергілікті жерлерде жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесінің жүйесін құруға ұмтылды. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекет астанасында қосөкіметтілік орнап, оның әрқайсысы түптеп келгенде елдегі өкімет билігін өз қолына түгелдей алуды мақсат етті.

Патша өкіметінің құлап, елде республикалық саяси жүйенің қалыптаса бастауын күллі империя халқының басым көпшілігі сияқты, Түркістан мен Қазақстанды мекендеген халықтар да, жалпы алғанда, қуанышпен қарсы алды. Патша үкіметі мен оның жергілікті органдарының құлатылуын, облыстар мен уезд орталықтарында патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерінің тұтқындалуы мен қызметтерінен қуылуын Түркістан мен Қазақстан халықтары әрі келешекке деген жақсы үмітпен қабылдады. Жер-жерден Петроградтағы Уақытша үкімет пен Петросоветтің атына халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының атынан жолдаған құттықтау телеграммалар тасқын болып ағылды.

Мұның өзі бір жағынан, құлатылған патша үкіметіне және оның жергілікті өкілдеріне деген халық өшпенділігінің көрінісі болса, екінші жағынан Уақытша үкімет пен Петросовет ел ішінде әділ саясат жүргізеді деп, оларға аңқаулықпен сенгендігінің белгісі болды [106, 193 б.].

Халық бұқарасының талабымен жер-жерлерде жұмысшылар мен солдаттардың тікелей араласуымен губернаторлар, уезд бастықтары, полиция мекемелерінің, округтік соттар мен прокуратура бастықтары, т.с.с. ескі мемлекеттік, басқарушы және жазалаушы органдардың жетекшілері орындарынан түсірілді немесе бас бостандықтарынан айырылды. Мәселен, 1917 жылғы 30 наурызда Түркістан өлкесінің атышулы генерал-губернаторы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі Куропаткин орнынан алынып, өз үйінде қамауда ұсталды; Пішкек гарнизонының бастығы Рукин Жетісу облыстық губернаторына 26 наурыз күні жолдаған телеграммасында былай депті: “Өкімет халық пен солдаттардың қолында. Бұрынғы қызмет адамдарына өшпенділіктің шегі жоқ... Сізді де, Куропаткинді де ешбір елейтін емес” [44, 16 б.].

Түркістан өлкесіне, оның ішінде Сырдария облысына ортақ осындай жағдайдың қалыптасуын Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдары, сол сияқты Петросовет пен оның ықпалы нәтижесінде құрыла бастаған жер-жердегі кеңестер жүйесі өздерінің қол жеткізген саяси жеңістерінің қатарына жатқызды.

Бір сөзбен айтқанда Уақытша үкімет пен Петросовет арасындағы текетірес пен саяси бәсеке (конкуренция) патша үкіметі құлай салып-ақ басталып кетті.

Соңғы 10-15 жыл бедерінде В.И. Ленинді қанша сынағанымызбен, ол Ақпан революциясы жеңісі нәтижесінде елде пайда болған қосөкіметтің пайда болу себептері мен оның мәнін кезінде дәл анықтап берді деуге болады.

Ақпан революциясының “аса тамаша өзіндік ерекшелігі, деп жазды ол осыған орай, - оның қос өкімет туғызғандығында ... Қос өкімет дегеніміз не? Ол мынау: Уақытша үкіметпен, буржуазия үкіметімен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан... екінші үкімет – жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері құрылды... Бұл үкіметтің саяси сипаты қандай? Бұл революциялық диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің шығарған заңына емес, ... бұқара халықтық төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін “өкімет” [107, 159 б.].

“Жаңа ұрық сеуіп келе жатқан” Кеңестердің (Советтердің) әлсіздігін пайдаланған Россиялық буржуазия Уақытша үкіметті нығайтуды, оны түбінде елдегі бірден-бір атқарушы өкімет органына айналдыру үшін оның жер-жердегі органдарын құру ісін қолдарына алды. Ал Россия социал-демократтарды, ең алдымен большевиктер мен олардың көсемі В.И. Ленин “заңға емес, бұқараның тікелей бастамасына сүйенетін” Кеңестерді өздерінің өкімет үшін күрестерінің басты құралына айналдыруды ойластырды.

Уақытша үкімет империяның Түркістан мен Қазақстан сияқты отарлы аймақтарына кадеттерден, оларға іш тартқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінен, ұсақ буржуазияшыл партия мүшелерінен (мәселен,

эсерлерден) өз комиссарларын тағайындады [138, 20 б.]. Ал Петроград Кеңесі (Советі) жер-жерлерге өзінің төтенше өкілдерін аттандырумен болды.

Петроградтағы Ақпан төңкерісінің жеңісі, Уақытша үкімет пен Петроград Кеңесінің арасындағы текетірес жөніндегі телеграммалар Қазақстанға наурыз айының басында жетті. Көп кешікпей мұндай хабарлар барлық аймақтарға белгілі болды.

Революция жеңіске жеткен сәтте майданның қара жұмысына алынғандарға жан-жақты көмек беру үшін Минск қаласында жүрген ұлттық-демократиялық интеллигенцияның жетекшісі Әлихан Бөкейханов наурыз айының басында Қазақстанның біраз қалаларындағы өз жақтастарына телеграммалар жолдап, елде болып жатқан өзгерістерге баға берді. Мұндай телеграмманың алғашқыларының бірін сол кезде Петроградта болған Мұстафа Шоқай да алды. Ұлттық революция көсемі өз телеграммасында өз жақтастарын Уақытша үкіметті жақтауға шақыра отырып, сонымен бірге жер-жерлерде облыстық, уездік, болыстық қазақ комитеттерін құру үшін шұғыл түрде сайлау өткізу қажеттігін баса көрсетті [108, 159 б.]. Әлихан Бөкейхановтың өз жақтастарына қазақ комитеттерін шұғыл құру туралы нұсқаулары оларды Уақытша үкіметті қолдау жөніндегі кеңестермен қатар айтылғанына қарамастан, ондай ұлт мекемелерін құру елде қалыптаса бастаған қосөкіметтіліктің аясына симайтын еді. Кейінгі оқиғалар көрсеткеніндей, қазақ комитеттері сөз жүзінде Уақытша үкіметті қолдағанымен, оның барлық іс-әрекеті ұлттық мүдделерге қызмет етті: “Алаш” партиясының бағдарламалық мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға, алаш автономиясын жариялап оның үкіметі – Алашорданы құруға, ұлттық милиция жасақтарын ұйымдастыруға, өлкедегі жер мәселесін әділ шешу ісіне белсенді түрде ат салысты [53, 25 б.].

1917 жылғы Ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалану арқылы ұлттық интеллигенция өкілдері саяси іс-әрекет сахынасына белсенді түрде шыға бастады. Әлихан Бөкейханов 1917 жылғы наурыз айының басында Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалса, сәуір айының басында Мұхаметжан Тынышбаев, одан кейін Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Жаһанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаев, Асфендияр Кенжин, Әзімхан Кенесарин, т.б. Қазақстан мен Түркістанның жекелеген уездері және қалаларындағы Уақытша үкіметтің Атқару Комитеттеріне мүше болды [54, 124 б.; 57, 30 б.].

Уақытша өкіметтің Қазақстан мен Түркістандағы облыстық, уездік басқару органдарына мүше болған айтылмыш ресми үкіметтің чиновниктерінің міндеттерін атқарумен қатар ұлттық мүдде мәселелерін де ойдан шығарған жоқ.

Ал Қазақстандағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары жаңадан құрыла бастаған Уақытша үкіметтің жергілікті органдарына, жаңадан ұйымдаса бастаған Кеңестерге (олардың қатарында қазақ депутаттарының кеңестері де бар), жеңілген облыстық және уездік қазақ комитеттеріне менсінбей қарап, казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды.

Дәл осы кезде көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда бола бастады. Мәселен, Жетісу мен Сырдария облыстарында мұсылман діндес, түрік тілдес халықтардың қоғамдық қозғалысына басшылық жасау мақсатында “Құрылтай” атты комитет құрылды. Оның басшылығы Жетісу облысының орталығы Верный (Алматы) қаласына орналасты да, оған “Тазетдинов и К^о” сауда үйінің қожасы Зайтдин Қажы Тазетдинов жетекшілік етті. Негізінен өзбек, ұйғыр саудагерлері мен діндарларының мұрындық болуымен “Шуро-и-Исламия” (“Ислам кеңесі”, одан сәл кейін ұлттық-демократиялық қазақ, қырғыз зиялыларының комитеттері (1917 жылғы шілдеден “Алаш” партиясының жергілікті бөлімшелері болып құрылған) пайда болды [47, 76 б]. Бұл істе қазақ Ыбырайым Жайнақов, қырғыз Ишаналы Арабаев, т.б. белсенділік көрсетті.

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірі күрт нашарлады. Мұндағы саяси өмірдің өзіне тән ерекшеліктердің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде кадет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болса (олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Мұқаметжан Тынышбаев және Мұстафа Шоқай сияқты қазақ халқының өкілдері де бар), екіншіден, осы комитетпен текетіресте болған Ташкент Кеңесінің (Советінің) құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға ие болуына байланысты еді.

Мүшелері түгелге дейін “еуропалықтардан” (негізінен орыс халқының өкілдерінен) тұратын Ташкент Кеңесі өкімет билігіне жергілікті халықтардың (“мұсылман” халықтарының) өкілдерін жолатпау бағытын ұстады.

Өлке орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда (белгілі дәрежеде соған жауап ретінде) жергілікті халықтардың саясатқа белсенді түрде араласа бастаған өкілдері екі саяси ұйым құрды. Олардың біріншісі қоғамдық-саяси өмір мәселелеріне белгілі дәрежеде консервативтік бағыт ұстаған “Ғұламалар одағы” (“Улема жаннаты”) болса, екіншісі қоғамды буржуазиялық-демократиялық тұрғыда өзгеруге бейім тұрған “Ислам кеңесі” (“Шуро-ислам”) еді. 1917 жылғы наурыз айында осы екі ұйым Ташкент қаласында Түркістанның мұсылмандар конгресін шақырды. Ал бұл конгресс өзінің кезегінде Түркістан мұсылмандарының орталық комитетін (“Туркестон мусулмани шурози”) сайлады. Бұл комитет қысқаша “Ұлттық орталық” (“милли маркез”) деп те аталады. 1917 жылғы сәуір айында Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқай “Ұлттық орталықтың” төрағалығына сайланып, оның құрамына Түркістан өлкесінің Мұхаметжан Тынышбаев, Ораз Сардар сияқты белгілі қайраткерлері енгізілді.

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен жағдайдағы “Ұлттық орталықты” басқарған Мұстафа Шоқайдың Ресейге көзқарасын сепаратистік емес, автономистік деп бағалауға болады. Дәл сол кезде ол Түркістанның Ресейден бөлінуін емес, оның демократиялық федеративтік Ресейдің автономиялы республикасы болуды қалады [108, 21-22 бб.].

Түркістандағы орыс емес халықтардың Ақпан төңкерісінен кейін саяси белсенділігінің артқандығын жергілікті ұлт тілдерінде газеттердің шығарыла бастауынан анық көруге болады. 1917 жылғы көктемнің басынан Ташкентте жартылай татар, жартылай өзбек тілінде “Ұлұғ Түркістан” (“Ұлы Түркістан”) атты газет шыға бастады. “Түркістан татарларының бюросы” атынан шығып тұрған осы басылымның редакциялық алқасына 1917 жылғы сәуірден мүше болған Мұстафа Шоқай оның беттерінде Түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяны белсенді түрде насихаттады.

Мұстафа Шоқай кейін, шетелдік эмиграцияда жүрген кезінде, жариялаған (1936-1937 жж.) “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” атты еңбегінде Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен кездегі ұлттық-мемлекеттік құрылысқа деген көзқарасын былай білдірген еді: “Біз әлі ұлттық тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылып, мемлекет құрылысы өзгереді деген пікірде едік... Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің осы тәтті үмітіміздің тас-талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары іс жүзінде сынақтан өте алмады. Олар патшалық заманда орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, билікке қолы жеткен кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды” [109, 44 б.].

Уақытша үкіметтің алғашқы қадамдары, оның Түркістан өлкесі сияқты отарлы аймақтар жөніндегі ішкі саясатының жаңа бағытында құлатылған патша үкіметінің осы саладағы іс-әрекеттерімен салыстырғанда жаңа, сапалы өзгерістер байқалмады. Сондықтан да ұлт аймақтарында, оның ішінде Түркістанда пайда бола бастаған саяси күштер жаңа жағдайға орай әрекет етті.

Мәселен, “Ұлұғ Түркістан” газетінің 1917 жылғы 30-ы сәуірдегі санындағы “редакциялық мақаласында жаңа саяси жағдайдағы “татарлардың, сарттардың, қазақтардың бір болуы” туралы айтылды. Бұл Мұстафа Шоқай сол кездің өзінде уағыздай бастаған түрік тілдес, мұсылман діндес түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяның көрінісі еді.

Осы идея 1917 жылғы маусым айында Ташкент қаласында шыға бастаған “Бірлік туы” газетінде де тұрақты әрі кең түрде насихатталды. Бұл газетті шығаруға Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожанов мұрындық болды, ал оның мерзімді баспасөз органы болып қалыптасуына “Қазақ” газетінің редакциясында мол тәжірибе жинақтаған Міржақып Дулатов оңды рөл атқарды.

Газеттің редакциялық алқасына қол ұшын беріп, оның жекелген сандарын шығаруға қатынасқандар қатарында Тоқтабаев Ш, Ақаев Серікбай, Өтегенов Садық, Кенесарин Әзімхан, Бориев Кумуш-әли (ұлты түркмен), т.б. болды.

Ақпан төңкерісіне дейін патша үкіметіне сенімсіз адам ретінде саясат мәселелеріне араласуына тиым салынған Көлбай Тоғысов, қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері сияқты, енді өзінің саяси белсенділігін күшейте түсті. Ол Сырдария облысының тұрғындары арасында патшалық тәртіптің құлағаны, Ресейде демократиялық республика орнағандығын, ескі қоғамдық-мемлекеттік жүйе мен буржуазиялық мәндегі республикалық мемлекеттің негізгі айырмашылықтарын түсіндіруге ат салысты. Наурыз айының бірінші

жартысында Көлбай Тоғысов облыстың Ташкент, Қазалы сияқты қалаларымен Қауыншы, Ниязбек, Зинчеата, Желал-Төбе, Ишанбазар, т.б. ірілі-ұсақты елді мекендерінде өткен митингтерде сөз сөйлеп, елдің орталығы мен оның ұлт аймақтарында орын алған өзгерістерге талдау жасады.

Зерттеуші Б. Елькеевтің пікірі бойынша К. Тоғысов сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен облыс тұрғындарының көптеген мәжілістерінде сөйлеген сөздерінде халықтың назарын Ресейдің орталық аймақтары мен шет өңірлерінде демократиялық Республикаға тән тәртіп орнату, орыс демократтары мен еңбекші мұсылмандардың революцияшыл іс-әрекеттеріне қолдау көрсету, жергілікті басқару орындарына халық мүддесін қорғайтын адамдарды сайлау қажеттігіне басты назар аударған [5, 109 б.].

1917 жылғы сәуір-мамыр айларында Көлбай Тоғысов Сырдария облысының қалалары мен басқа елді мекендерінде “Шуро-исламия” партиясының ұйымдарын құруға Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқайға көмектесті және айтылмыш партияның Ташкент ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан ол мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның атқару комитетінің құрамына сайланды [88, 15 б.; 110, 232 б.].

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі, әсіресе өлке және Сырдария облысының орталығы болған Ташкент қаласында құрылған жергілікті халықтардың ұлттық қозғалысын бейнелейтін саяси ұйымдардың бағдарламалары мен нақтылы іс-әрекеттерінде бірлік пен түсіністік нашар болды. Сол кездегі саяси қозғалыстардың қайнаған ортасында болған Мұстафа Шоқайдың пікірінше мұндай жағдайдың “Шуро-Исламия” мен “Ғұламалар одағына” тікелей қатынасы болды. Осыған орай М. Шоқай “1917 жыл естеліктерінде...” былай деп жазды: “Өлкелік ұйымдар деп аталған, шындығында да бүкіл өлке тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған екі мықты ұйым – “Шуро-Исламия” мен “Ғұлама қоғамы” бір-бірімен қатты қырқысып жатты.

Муннавар Қары басқарған “Шуро-Исламия” жаңа дәуір талабымен өлкенің бағыныштылық тәуелсіздігінен туған жағдайын ескеріп, реформа жасау жоспарын ортаға салды... Сералы Лапин басқаратын “Ғұлама қоғамы” мәселеге басқаша қарады... “Ғұлама қоғамы” Ресей федерациясынан автономия беруді (Түркістанға – З.Т.) талап етті. Олардың арасындағы араздық біздің жалпы ұлттық мүддемізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды” [47, 127 б.].

Зерттеуші К. Есмағамбетов «Шуро-и-Улемаға» деген көзқарасын былай білдіреді: «Дегенмен идеялық ұстанымдарының бірбеткейлігіне қарамастан «Улема» қоғамының мүшелері халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, этностық бірегейлігі идеясын орнықтыруға, саяси белсенділігін арттыруға өз үлестерін қосады. Отарлық жүйені қайта қалпына келтіруге тырысқан ұлы державалық шовинизмге қарсы жергілікті халық мүддесін басты қорғаушы Ұлттық орталық болады» [111, 107 б.].

Лапин Сералы Мұңайтпасұлы (1868, Ақмешіт – 1919, Самарқан) – ағартушы, адвокат, сәулет өнері тарихын зерттеуші, 1891 жылы Петербург

университетінің заң факультетін бітірген. Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен Ақмешітке (Перовск) “Халық өкілдері кеңесі” атты ұйым құрды [5, 129-131 б].

Мұның үстіне облыстың басқа өңірлерінде ұлттық ұйымдар көп жағдайда рулық белгілер ”негізінде құрылғандықтан” [47, 90 б.] олар бірін-бірі түсінбей, кейде іс-әрекеттерінде қарама-қайшылыққа тап болып, нәтижесінде жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының ықпалына оңай түсіп отырды.

Мұстафа Шоқайдың мойындауынша, 1917 жылғы көктемде Түркістан ұлттық қозғалысының басшылары өзара түсінісе алмағандықтарымен қатар, өз қызметін өлке орталығымен шектеді. “Біз, Түркістандықтар, - деп жазды кейін Мұстафа Шоқай, - өлкелік комитеттерден ары аса алмадық, мұның үстіне ұйымдардың (жергілікті – З.Т.) біразы бір-бірімен керісуден басқа ештеңенің жөнін білмейтін. Әрбір аудандық немесе облыстық ұйым өзін ғана мықты санап, бұл мәселе туралы басқалардың аузын аштырмайтын...Бір-бірімен керісіп, тартысып жатқан ұйымдар саяси және идеологиялық бағдарлама тұрғысынан емес, тек басшыларының бір-бірімен жеке қарсылығына байланысты тартысатын” [47, 128 б.].

Мұстафа Шоқай мен оның жақтастары басқарған демократиялық қозғалыс, Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтсақ, Ақпан “...революциясы берген мүмкіндіктерді ұлттық мүддеге пайдалана алмады” [5, 224 б].

Осының салдарынан Түркістан өлкесінде, оның басты аймағының бірі Сырдария облысында да, саны көп, сапасы жоқ көптеген ұйымдар төрағасы Мұстафа Шоқай болған “Ұлттық орталықтың” (“милли маркез”) басшылығымен мықтап топтаса алмады. Сондықтан да, дейді Мұстафа Шоқай, біз көп болсақ та мықты ұйым құра алмадық. Тек заңды, орынды талаптарымызды жүзеге асыра алмайтын көпшілік болдық та қалдық. Бүкіл мекеме аппаратын, қарулы күштерді және басқа да құрамдарды қолына ұстаған аз санды орыстардың күші басым болатын” [5, 128 б].

“Саны аз, күші басым” Түркістандағы орыс халқының өкілдерінен тұратын Ташкент жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, сол сияқты өлкенің облыстары мен уезд орталықтарында құрылған кеңестер біртіндеп, күн өткен сайын өлкенің саясат сахынасындағы Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның жергілікті органдарына қарсы тұратын негізгі ұйымдарға айнала бастады. Ал мұның өзі Ақпан төңкерісінен кейін өлкеде қалыптасқан “көпөкіметтіліктің” қосөкіметтілікке ұласа бастағанның көрінісі еді. Түркістандық ұлттық ұйымдардың, деп жазды Мұстафа Шоқай, дәрменсіздігін “жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері де түсінген болатын. Сондықтан да бізді көзге ілмеді. Көпшіліктің 96-98 процентін құрғанымызбен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестеріне қарсы күресе алмай, Уақытша үкімет комитетінен (Түркістандық - З.Т.) одақтас іздеп жүруінің қандай екендігін айқын көрсетеді” [5, 124 б].

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі екі-үш айда орын алған оқиғалар анық көрсеткеніндей, өлкеде алғашқы кезде орнаған “көпөкіметтілік” біртіндеп қосөкіметтілікке ұласа бастады. Уақытша үкіметтің Түркістандық комитеті өлкенің облыстары мен уездерінде, солармен қатар жекелеген болыстарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болып табылатын

атқару комитеттер жүйесін құру ісіне белсенді түрде кірісті. Кей жерлерде олар азаматтық комитеттер болып та аталды.

1917 жылғы 7-і сәуірде Уақытша үкімет өзінің өкілетті органы ретінде Түркістан комитетін құрды. Оның құрамына кадет Щепкин, меньшевик Елпатьевский, қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыларының жетекшісі Ә. Бөкейханов, т.б. енді. Ал сол жылғы 17-і сәуірде өзінің Сырдария облысындағы комиссары етіп бұрынғы уезд бастығы подполковник Тризнаны тағайындады [5, 146 б.]. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетімен бір мезгілде Ташкентте жұмысшы депутаттарының Кеңесі пайда болды. Ташкент жұмысшы депутаттарының Кеңесі облыстың жекелеген қалаларына орналасқан гарнизон солдаттары тарапынан қолдау тапты [112, 36 п.].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторының және оның сыбайластарының өкімет билігінен тайдырылуы туралы хабарды өлкенің ірілі-ұсақты елді мекендерінде халық қуанышпен қарсы алды. 1917 жылғы сәуір айының басында Әулиеатада өткен қалалық митингте және одан кейін болған қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде “уезд бастығын, оның көмекшілері мен приставтарды тұтқындау” туралы қаулы қабылданды [113, 48 б.]. Осымен мазмұндас қаулы-қарарлар уездің ауыл-селоларында өткен халықтық жиналыстар мен саяси басқосуларда да жаппай қабылданып жатты. Көптеген болыстар да жаңадан құрылған атқару комитеттер көпшіліктің талап етуімен халықтың қаһарына ұшыраған болыс басшылары мен ауыл старшындарын тұтқындап немесе оларды соған дейін атқарып келген қызметтерінен жаппай қуумен болды. Мәселен, Шаповалов болыстық атқару комитеті Әулиеата уездік комитетінің атына 1917 жылғы 9-ы сәуірде “бұрынғы өкімет кезінде халықты қатыгездікпен қорлап келген Лукьян Терновой тұтқынға алынып, Әулиеата түрмесіне жөнелтілгені” туралы хабарлаған [114, 144 п.].

Черняев уезінің Қошқарата болысының дихандарының талабына сәйкес бұрынғы болыс басшысы “патша үкіметінің қошаметшіл қызметкері ретінде” орнынан тайдырылып, болыстағы уақытша үкіметтің комиссары болып Мақұлбек Шерімов тағайындалса, осыған ұқсас себептермен Қарабастау болысының комиссары болып Жұмаш Керімбаев, Мақпал болысының комиссарлығына Мандыбай Сарықұлов, Ащыбұлақ болысының комиссарлығына Арзыбай Әйнеков тағайындалды [115, 19 п.].

Халықтың құлаған патша үкіметіне деген өшпенділігін шебер пайдаланған Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен облыстық және уездің комиссарлары ауыл, село, болыс деңгейіндегі билік пен басқару жүйесін осылайша белсенді түрде құра бастады.

Дегенмен де, кейбір болыстарда Уақытша үкіметтің болыстық комиссарларын сайлау айтарлықтай қиыншылықтарға кездесіп отырды. Атап айтқанда Уақытша үкіметтің Әулиеата уездік комиссарының қалауымен Шоқпар болысының бұрынғы басшысы штабс-капитан Жабагин 1917 жылғы сәуірде орнынан түсіріліп, болыстық комиссар қызметіне көпшіліктің қалауымен Төртоқа Түгірбековты тағайындау жөнінде қаулы қабылданды. Алайда Жабагин бұл шешіммен келіспей, болыс кеңсесін жаңа комиссарға

тапсырудан бас тартты. Ол мұнымен де шектелмей, 30-да астам өз руластарын қаруландырып, жаңа тағайындалған болыстық комиссарды өлтірем деп қорқытты. Жұмысшы және солдат депутаттарының облыстық кеңесі Жабагинді жақтады. Нәтижесінде Жабагин Шоқпар болыстық комиссары болып тағайындалды [44, 67 б.]. Облыстық кеңестің араласуымен жекелеген болыстарда Уақытша үкіметтің бірнеше комиссарларын қайтадан сайлау орын алды.

Уақытша үкіметтің жергілікті жүйесінің басты өкілеттеріне айналған уездік және Сырдария облыстық кеңестерінің комитеттерінің талап етуімен бұрынғы болыс басшылары мен ауыл старшындарын Уақытша үкіметтің комиссарларымен алмастыруға арналған сайлауларда орын алған кемшіліктер мен заңсыздықтарды тексеретін комиссиялар негізінен Сырдария облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің атына түскен арыздар негізінде ұйымдастырылды. Облыстық кеңестің 1917 жылғы 27 және 31 мамыр күндері өткен мәліметтерінде Әулиеата уезінің 11 болысынан Уақытша үкіметтің жергілікті органдарын (атқарушы комитеттері мен комиссарларын) сайлауда орын алған заңсыздықтар жөніндегі арыздар қаралды. Нәтижесінде атқару комитеттеріне сайланған депутаттар мен тағайындалған болыстық және ауылдық комиссарлардың уәкілдіктерін тексеруге арналған мандат комиссиялары құрылды [116, 26-27 pp.]. Барлық уездік комиссарларға, олардың қатарында Әулиеата уезінің комиссарына да, айтылған мәселелер жөнінде арнаулы хаттар жөнелтілді. Алайда облыстық және уездік деңгейдегі барлық билікті өз қолдарына шоғырландыра бастаған Уақытша үкіметтің органдары Сырдария облыстық Кеңестің ескертпелерін “жүре тыңдап”, тіпті қаперіне де алуды қойды. Орталықта билікті өз қолына алған Уақытша үкімет жергілікті жерлерде атын өзгерткенімен заты бұрынғыша қалған атқарушы қоғамдық-саяси жүйе арқылы құлаған патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастырумен болды. Ақпан революциясының алғашқы күндерінде пайда болған халықтық милиция таңдамалы милициямен алмастырылды. Отаршыл, өктемшіл де, озбыр саясатты жүзеге асыруға машықталған жергілікті басқару жүйесі іс жүзінде бұрынғысынша қалдырылды.

Орта Азия жағдайында аса үлкен маңызды жер мен су мәселесі шешілмей, шиеленіскен жағдайда қала берді: сан мыңдаған гектар жерлер латифундистердің меншігінде болды; 1917 жылғы 7-і маусымда қабылданған “Сырдария облысындағы су комитеттері туралы ережеге” сай егістікке су беру құқығы бұрынғысынша арық-ақсақалдарының (мирабтардың) құзырында қалды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен нәтижесінде Сырдария облысында шиеленіскен ұлтаралық (ең алдымен қазақ-орыс, қырғыз-орыс,) қатынастар шешілмеді, тіпті кей жерлерде олар Уақытша үкіметтің жергілікті органдары жол берген қателіктерден өрши түсті.

Торғай облысында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатынасушыларды жазалау 1917 жылғы мамыр айына дейін созылғанын айтқанның өзінде, басқа өңірлерде (атап айтқанда Сырдария облысында) “1916 жылғы қырғыздар көтерілісін” аяусыз басып-жаншу барысымен, ол жеңіліске ұшырағаннан кейін

жергілікті халықтың тоналған малы мен басқа да мүлкін қайтарып беру сөз де болмады [117, 73 п.; 87, 69 б.]. Мәселен, 1917 жылғы 25 мамырда Әулиеата уезінің Меркі бөліміндегі “1916 жылғы тәртіпсіздіктен зиян шеккен” орыс халқының өкілдеріне Уақытша үкіметтің жәрдемі ретінде 26 мың сом көлемінде ақша беруге шешім қабылданған. Бұл оқиға осы өңірді мекендеген қазақтар мен басқа да тұрғылықты халықтар өкілдері тарапынан наразылық туғызған.

Олар кей жерлерде ашық қақтығыстарға ұласқан. 1917 жылғы 22 қыркүйекте Әулиеата уездік комиссарының Сырдария облыстық кеңесіне жолдаған хабарламасында “Тоғышар орыс тұрғындардың жергілікті халықтардың “шабындық пен егіндігін бүлдіргендігін, оларды тонап, зорлық көрсеткендігін” айттық [118, 63 п.; 321 п.]. Ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі 1916 жылы Қытай ауып кеткен қазақтар мен қырғыздардың, сол сияқты майданның қара жұмысына алынған жігіттердің ата қоныстарына оралуына айтарлықтай кедергілер туғызды.

Уақытша үкімет ұлт мәселесін әділетті шешуге қабілетсіз болды. Атап айтқанда, ол Түркістан халықтарының өз тағдырларын өздері шешуіне жол бермеді, “біртұтас және бөлінбейтін Россия” туралы патшалық көзқарасты жақтады.

1917 жылғы сәуір айында Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанындағы өлкелік мәжіліс Түркістан халықтарына қандай түрде болса да автономия беруге қарсы шығып, Түркістанды ағылшын мен француз отарлары үлгісімен қайтадан құру туралы шешім қабылдады. Уақытша үкіметтің ұлт мәселесіндегі осы позициясын кейбір келісімпаз партиялар (эсерлер мен меньшевиктер) өкілдері жақтады. 1917 жылғы мамыр айында Ташкент қаласында өткен эсерлердің өлкелік съезі Түркістанның автономиясы туралы мәселені талқылай келіп, өлке тұрғындары ұлттық автономия алуға саяси тұрғыдан пісіп-жетілмегендіктен, оларға өзін-өзі билейтін земстволық және қалалық органдар жүйесін құруға берсе жетіп жатыр деген пікірге тоқтады [119, 114 п.].

Уақытша үкіметтің органдары өздерінің өкімет билігі жолындағы негізгі бәсекелестері жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестерінің беделін түсіріп, олардың қызметіне шек қоюға тырысты. Мәселен, Перовск кеңесіне ұлтаралық қатынастарды реттеуге қатынасуға тиым салынып, оған қазақ ауылындағы оқиғалар жөнінде өзін “бейтараптық” жағдайда ұстау ұсынылды [120].

Сырдария облысының қалаларында алғашқылары 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында құрыла бастаған Кеңестер өздерінің қатарындағы мүшелері жағынан аз, ұйымдасу жағынан нашар болды. Өлкенің Ташкенттен басқа қалаларында жұмысшылардың аз болуына байланысты оларда алдымен солдат және офицерлер комитеттері құрылды да, олар кейін солдат депутаттарының Кеңестері болып қайтадан сайланды. Мәселен, 1917 жылғы 17 наурызда Әулиеата солдаттар мен офицерлер комитеті ұйымдасып, сол күні Ташкент Кеңесімен телеграф байланысын орнатты. Сол айдың екінші жартысында құрылған Черняев (Шымкент) қалалық солдат депутаттарының Кеңесі өзінің

атқару комитетінің мүшесі Н. Чехляевті Ташкентке Түркістан өлкелік солдаттар депутаттары Кеңесінің жұмысымен танысу мақсатында іс сапарға жіберді.

Черняев солдат депутаттары Кеңесінің төралқасы сол жылғы 1-ші сәуір күні Ташкент солдаттар депутаттары Кеңесіне арнаулы хат жазып, онда күнделікті қызметінде басшылыққа алу үшін кеңестер туралы ережелер мен басқа да құжаттарды жіберуді өтінді. Сонымен қатар Черняев солдаттар Кеңесінің төралқасы Ташкент Кеңесін Сырдария облысындағы Кеңестермен жүйелі байланыс орнатуына мұрындық болуын сұрады [19, 23 б.].

Сырдария облысында құрылған алғашқы Кеңестер құрамында әуелгі кезде ұсақ-буржуазияшыл партиялар мен басқа да саяси ұйымдардың өкілдері көпшілік орындарға ие болды. Солдаттар Кеңесінде де депутаттардың көпшілігі әскерилердің киімін киген шаруалар өкілдері болды. Мұны өлкедегі жұмысшылар санының аздығымен, оның ірі өнеркәсіп орталықтарынан шалғай орналасуымен түсіндіруге болар еді. Мұның үстіне бірінші империалистік соғыстың жүріп жатуына байланысты шұғыл саяси әрекеттерге бейім тұратын жұмысшы кадрларының майданға шақырылуына орай олардың заводтар мен фабрикалардағы орындарына селолар мен ауылдардан келгендердің орналасқандығын айту қажет. Ал соңғылары ұсақ-буржуазияшыл шаруалар өкілдері болғандықтан келісімпаздыққа бейім тұратын. Сондықтан да Кеңестердің алғашқы құрамындағы депутаттар Уақытша үкіметтің жергілікті органдарымен ымыраға келгіш және әлеуметтік саяси мәселелерді батыл шешуге енжарлау, тіпті қабілетсіз болды.

Кеңестерге біріккен жұмысшылар мен солдаттар бұқараларының ұйымшылдығының жеткіліксіздігі мен саяси тұрғыдан толыспағандығы және олардың көпшілігіне ұсақ-буржуазияшыл, келісімпаз партиялар өкілдерінің (мәселен, эсерлердің) жетекшілік етуі біртіндеп биліктің Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының қолына шоғырлануына мүмкіндіктер туғызды.

«Алғашқы кезде, - дейді Г.Сафаров “Отарлық революция” (Колониальная революция. Опыт Туркестана) атты кітабында,- кеңестерде большевиктер болған жоқ, оларда көпшілік орынға меньшевиктер мен эсерлер ие болды. Кеңестер Түркістанда Ресейдің державалық мемлекеттік ыдыратушы рөлін атқаруға мәжбүр болды» [24, 39 б.]. Бұл рольді атқаруды 1917 жылға Ақпан төңкерісінің негізгі қозғаушы күштері жұмысшылар мен шаруалар (дәлірек айтсақ, солдат шинелдерін киген шаруалар бұқарасы) талап етті. 1917 жылдың көктемінде қалыптасқан жағдайда Түркістан өлкесіне караған Сырдария мен Жетісу облыстарындағы Кеңестер айтылмыш талаптарды орындауға дәрменсіз болды. Осыдан келіп монархия құлағаннан соң “жана тәртіпті тез қарқынмен орнатуды талап еткен жұмысшылардың” талаптары мен “офицерлерді тыңдауды қойған” солдаттардың наразылығы бір арнаға тоғысты [121, 91 б.]. Олар Кеңестердің Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің шылауына айналмай, халық мүддесін қорғайтын билік органы болуын талап етті. Алайда Кеңестерге жетекшілік жасаған меньшевиктер мен эсерлер Уақытша үкімет органдарымен ымыраға келуге бейім тұрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс, жоғарыда айтылғанындай, елдің барлық аймақтарында, оның ішінде Сырдария облысында да, жаппай шаруашылық дағдарысын туғызды, жұмыссыздық пен күнделікті тұтыныс заттарына қымбатшылық күшейді. Нәтижесінде халық қатты күйзеліске ұшырады, ашаршылық қаупі төнді.

Ақпан төңкерісіне дейін Түркістанға империяның басқа аудандарынан жылына 4 млн. пұт астық әкелініп тұрса, енді оның келуі күрт азайды [121, 91 б.]. Сондықтан 1917 жылдың көктеміне қарай Сырдария облысындағы азық-түлік жағдайы қатты шиеленісті. Қала тұрғындарының әрқайсысына тиесілі нан мөлшерінің орташа көлемі 200 граммға жетер-жетпес деңгейде болды, ауыл мен қыстақтардың жағдайы да мәз болмады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті аштықтың алдын алуға бағытталған нақтылы шараларды жүзеге асыруда дәрменсіздік көрсетті. Ол шұғыл шаралар қолданудың орнына Петроградқа көмек сұраған жеделхаттар жіберумен шектелді. Ол өтініштер түгелге дерлік жауапсыз қалдырылды [121, 91 б.].

1917 жылғы мамыр-маусым айларында Ташкент қаласының бірнеше кәсіпорындары мен Арал теңізіндегі балық кәсіпшіліктерінің жұмысшылары үкіметтен азық-түлік мәселесін шешуді талап еткен ереуілдерге шықты. Арал поселкесінен Уақытша үкіметтің Сырдария облыстық комитетіне жолданған телеграммада айтылмыш елді мекенде бір түйір нан қалмағандығы себепті балық кәсіпорындарында “армияны қамтамасыз етуге арналған жұмыстардың тоқталғандығы” жөнінде айтылды [122, 27 б.]. Осындай жағдайда 1917 жылғы сәуірдің 7-15 күндері аралығында Ташкент қаласында Кеңестердің Түркістан өлкелік съезі өтті. Оған Сырдария облысы Кеңестерінің өкілдері де қатынасты. Съезд делегаттары өздерінің эсерлер мен меньшевиктер басқарған келісімпаз жетекшілерінің әсерімен соғыс, Уақытша үкіметке көзқарас, ұлттық және аграрлық мәселелер жөнінде Уақытша үкіметтің саясатын қолдап, онымен ымыраға келуге бейім екендігін мәлімдеді. Съезд сонымен қатар жұмысшылардың өз қожайындары арасындағы қарама-қарсылықтар мен дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу қажеттігін қолдап, ал шаруаларды “Құрылтай жиналысы тиісті заңдар қабылдағанға дейін өз беттерімен жерді басып алудан” бас тартуға шақырды [123].

Сол мезгілде өткен Кеңестердің жекелеген облыстық съездері де осындай шешімдер қабылдады.

Жоғарыда айтылған Ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін Қазақстан мен Түркістанның тұрғылықты халықтарының саяси оянуының барысында 1917 жылдың көктемі бетбұрыс кезең болды [124].

Мұны біз қазақтың демократиялық интеллигенция өкілдерінің ұлттық саяси партия құруға бағытталған әрекеттерінен көрсек, халқымыздың үштен бірі мекендеген Түркістан өлкесіндегі осы бағыттағы жәдидшілдік (жаңашылдық) қозғалыстың қызметінен айқын көреміз.

Қазақстандағы Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары да, Түркістандағы М. Бехбуди, М. Қары төңірегіне ұйысқан жәдидшілдер (жаңашылдар) айтылмыш өңірлерде қанат жая бастаған ұлттық-демократиялық қозғалысқа басшылық етуге нақтылы әрекеттер жасады.

XIX-XX ғасырлар тоғысында қалыптасқан Қазақстан мен Түркістанның ұлттық-демократиялық интеллигенция жетекшілері біртіндеп ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырушылар рөлін алмастырып қана қойған жоқ, сол идеяларды жүзеге асырудың соны жолдарын да іздестіре бастады. Олар Қазақстан мен Түркістанды стихиялы қарулы көтерілістер арқылы отарлық езгіден құтқару мүмкін емес деп санады. Олардың бұл пікірі Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті сыртқы зорлықшыл күштер аяусыз басып жаншығаннан кейін күшейе түсті.

Қазақстан мен Түркістанның зиялы қауым жетекшілері жаңа жағдайда осы өлкелердің отарлық езгіден құтылып, егеменді ел болуы оңай іске асатын іс еместігін жақсы түсінді. Олар ең алдымен отарланған халықтар арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуал тудыру үшін ауызша және жазбаша газет-журналдар және жекелеген шығармалар арқылы кең көлемде үгіт-насихат жұмыстарын атқару қажет деп білді.

Сондықтан да ұлт зиялылары өздерінің шығармашылық қызметін осы іске бағындырды. 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың ”Оян, Қазақ!” деген кітабы мен 1911 жылы Орынборда жарияланған Ахмет Байтұрсыновтың “Маса” атты жинағы осы бағыттағы айтулы шығармалар болды. Ал 1913 жылы айтылмыш қайраткерлердің басқа қазақ зиялыларының қолдауымен 1913 жылдан Орынбор қаласында шығара бастаған жалпы ұлттық “Қазақ” газеті де ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырып, уағыздауға қызмет етті.

Қазақстанда Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасқан зиялылар атқарған осымен сабақтас жұмыстарды Түркістан мен Еділ бойын мекендеген түркілер арасынан шыққан жәдидшілдер (жаңашылдар) жүзеге асырды.

Келесі кезекте Қазақстан мен Түркістан зиялылары халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, түбірлі ұлттық мүдделерді айқындап, оларды жүзеге асыру жолдарын анықтайтын партиялар мен саяси ұйымдар құру ісін шешуге келісті. Осы бағыттағы олардың іс-әрекеттеріне 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы және оның барысындағы Ресейде орын алған саяси процестер айтарлықтай ықпал жасады. Ұлт аймақтарының зиялы қауым өкілдері осы революция кезінде саяси партиялар қатарынан сол кезде патша үкіметінің саясатын буржуазиялық демократтық тұрғысынан сынаған конституциялық демократтар (кадеттер) партиясына іш тартты. Ал отарлық езгіні басынан кешірген ұлт аймақтарындағы халықтардың жекелеген өкілдері, эсерлер мен социал-демократтардың бағдарламалық талаптарына ден қойды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі жоғарыда айтылғанындай ұлт аймақ халықтарына, ең алдымен оның зиялы топ өкілдеріне айтарлықтай әсер етіп, олардың саясатпен айналысуларына, бірінші кезекте ұлттық-азаттық күреске жетекшілік жасайтын партия құру жолындағы істерді бастауларына түрткі болды.

Қазақстанда осындай партияларды ұйымдастыру ісінің басы-қасында Әлихан Бөкейханов және оның сенімді серіктері, Түркістанда Мұстафа Шоқай мен осы өлкедегі жәдидшілер (жаңашылдар) қозғалысының Махмұдхожа Бехбуди, Муннавар Қары, мұсылман халықтары демократиялық қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, ұлты башқұрт Заки Уәлиди Тоған, т. б. болды.

Осы қайраткерлер 1905-1907 жылдардағы жалпы либералдық ұстаным мен “кадетшілдіктен” 1917 жылғы Ресейлік партияларға (ең алдымен кадеттерге) сыни тұрғыдан қарайтын ұлттық-демократиялық құндылықтарды жақтаушыларға дейінгі көзқарас эволюциясынан өтті [47, 213 б.]. Нәтижесінде Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар тобы 1917 жылғы шілдеде өткен бірінші жалпықазақ құрылтайында ұлттық-демократиялық мақсаттарды көздейтін “Алаш” партиясын құрса, Түркістандағы жәдидшіл (жанашыл) қайраткерлер өлкенің тұрғылықты халықтарының (“мұсылмандар” деген атаумен айқындалған) түбірлі мүдделерін бейнелейтін “Шуро-и-ислам” (“Ислам кеңесі”) партиясын дүниеге әкелді.

Алаш партиясы қоғамдық-саяси өмірге араласа бастаған кезден аса маңызды ұлттық мақсаттарды - қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды, тарихи жаңа кезеңге қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруді және қазақ қоғамын келешекте өркениетті елдер қатарына жеткізуді - өзіне басты нысана етіп белгіледі. Осы түбірлі міндеттерді орындауда “Алаш” жетекшілері революция емес, эволюциялық реформа жолын тандап алды [47, 213 б.]. Алаш партиясының негізгі міндеттері 1917 жылғы 21 қарашада “Қазақ” газетінде жарияланған партия бағдарламасының (программасының) жобасында нақтылы көрсетілді. Ол жобаның “Мемлекет қалпы”, “Жергілікті бостандық”, “Негізгі құқық”, “Дін ісі”, “Билік және сот”, “Салық”, “Жұмысшылар”, “Ғылым-білім үйрету”, “Жер мәселесі” атты баптарында. Қазақстанның келешекте тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып, нығайуының бүгінге дейін мәнін жоймаған тұғырнамалық бағыттары айқындалды [47, 220-222 б.]. “Шуро-и-Исламия” (“Ислам кеңесі”) 1917 жылғы наурыз айының ортасында Түркістан өлкесінің әрі оған қарайтын Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында құрылды. Оның негізі 1917 жылғы 14-і наурызда 60-тан астам ескі Ташкент тұрғындары өкілдерінің (өзбек, қазақ және татарлар) бас қосуында қаланды. Оған қатынасусшылар мұсылмандардың (бұл жерде “мұсылман” деген атау Түркістан өлкесін мекендейтін тұрғылықты халықтардың жиынтық аты ретінде қолданылған). Өкілетті орган ретінде “Шуро-и-Исламия” (“ислам кеңесі” немесе “мұсылман кеңесі”) саяси ұйымын құрды. Оның 15 адамнан тұратын басқармасы сайланды. Олардың басым көпшілігі жәдид қозғалысының М. Қары, Қ. Бабажанов, У. Хожаев сияқты қайраткерлері болды. 1917 жылғы сәуір айында Петроградтан Ташкентке келген Мұстафа Шоқай “Шуро-и-Исламияның” айтылмыш басқармасының мүшелігіне сайланып көп кешікпей оның төрағасы қызметін атқара бастады [5, 120-239 б.].

Әуел баста “Ислам кеңесінің” мақсаттары реформаторлық идеяларды тарату мен Түркістан мұсылмандарының бірлігін нығайту деп анықтайды [62, 22 б.; 5, 120 б.; 126 б.].

Көп кешікпей (мамыр-маусым айларында) “Шуро-и-Исламия” ұйымының бөлімшелері Түркістан өлкесінің барлық қалалары мен басқа да елді мекендерінде құрылды. Осы бөлімшелердің Сырдария облысында құрылуына М. Шоқай, Көлбай Тоғысов, т.б. азаматтар белсенді түрде ат салысты [62, 22 б.]. “Шуро-и-Исламияның” Ташкенттегі мекемесі оның орталық ұйымы болды да, басқа елді мекендегілері оның ұйымдары бөлімшілер болып саналды.

1917 жылдың жазының басына қарай М. Шоқай басқарған “Шуро-и-Исламия” мен “Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі” Түркістан халықтарының тәуелсіздік күрес жолындағы беделді қоғамдық-саяси бірлестігіне ұласу процесіне батыл бет бұрды. Осыған орай “Шуро-и-Исламияның” бастапқы кезде алдына қойған жалпылама міндеттері енді нақтыландырыла өткірлене түсті. Оның басты міндеттері болып мыналар анықталды: өлкенің елді мекендерінде (қалалар, қыстақтар және ауылдарда) жиналыстар өткізіп, олардың барысында саяси, мәдени мәндегі мәселелерді көтеріп, талқылау, халыққа патшаның саясаты жүргізген ескі әкімшілік аппаратты іс жүзінде таратып, оның орнына жаңа билік жүйесін құру қажеттігін түсіндіру; өлкені мекендеген ұлттар арасындағы алауыздық пен сенімсіздіктен арылу және оларды бір-біріне жақындастыру бағытында жұмыс атқару; басқа саяси ұлттармен қарым-қатынас орнату және оларға түркістандық мұсылман халықтарының талап-тілектерін жеткізу; оқу-ағарту ісі мен дін саласындағы реформаларды жүзеге асыру; бүкіл түркістандық мұсылмандар құрылтайларын шақырып, олардың саяси тұрғыдан бірігуіне ықпал жасау арқылы өлкедегі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің жолдарын анықтау; бүкілресейлік мұсылмандар одағына өз өкілдерін жіберу арқылы онымен тұрақты байланыс орнату [5, 128-129 б.; 62, 23 б.].

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан топырағында жергілікті халықтар өкілдерін біріктірген “Шуро-и-Исламия” партиясымен қатар 1917 жылғы маусымда “Ғұлама қоғамы” деген саяси ұйымда құрылған болатын. Осы екі саяси ұйым Түркістанның мұсылман халықтарына өз ықпалдарын жүргізу үшін өзара тартыс пен айтысқа жиі-жиі ерік берді. “Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған осы екі ұйым, - дейді М. Шоқай “1917 жылғы естеліктерден үзінділер” атты еңбегінде, - “Шуро-и-Исламия” мен “Ғұлама қоғамы” бір-бірімен қырқысып жатты... ал “Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі” осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресімізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды” [5, 127-132 б.]. “Ғұлама қоғамының” негізінен мұсылмандық мемлекет құруға бағытталған бағдарламасын Мұстафа Шоқай “дұғамен саяси табысқа жетуге” тырысушылық деп бағалап, оны ұлттық қозғалыстың дұшпандарына Түркістандық демократтарға қарсы жұмсайтын қару берумен бірдей әрекет еді деп бағалады [5, 129 б.; 131 б.].

Ақпан төңкерісі ұлттық мәселені азаттық тұрғысынан күн тәртібіне қоюға мүмкіндік бергенімен, деп көрсетті М. Шоқай, бізде ол кезде білікті қайраткерлер, қалың бұқараны топтастыратын саяси ұйым (партия) жоқ еді. “Шуро-и-Исламия” мен “Ғұлама қоғамы” ондай рөлді атқаруға дәрменсіз болды [125, 24 б.].

“Шуро-и-Исламия” кейбір дін иелерінің “Шуро-и-Улемаға” кетуімен және олардың алдына қойған мақсаты мен қызметіне қарағанда, ортаазиялық қоғамды белсенді саяси өмірге оятуға бағыт ұстаған интеллигенцияның алдыңғы қатарлы өкілдерін біріктірген саяси партия ретінде әрекет етеді және Ұлттық кеңестің басты тірегі саналады [111, 105 б.].

1917 жылдың бірінші жартысындағы жағдайға баға бере келіп, Мұстафа Шоқай “Тәуелсіздікке деген ұлттық ынта мен талпыныстың олардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси негізі болмаса, шын мәніндегі азаттыққа қол жеткізу мүмкін емес” деген ой түйеді [62, 24-25 б.].

Түркістандағы жергілікті халықтар өкілдерінен 1917 жылдың бірінші жартысында құрылған айтылмыш саяси және саяси-діни ұйымдардың шын мәніндегі партия болып қалыптаса қоймағанына қарамастан, олар бірінші кезекте “Шуро-и-Исламия” өлкенің саяси өміріндегі айтарлықтай оқиға болды.

Басқаны айтпағанда, “Шуро-и-Исламия” мен “Ғұлама одағының” құрылуы Түркістан жағдайында орталық Ресейдің үлгісімен, “қосөкіметтіліктің” үрдісін бұзды. Өлкеде 1917 жылдың күзіне дейін іс жүзінде “үшөкіметтілік” орын алды: біріншіден, Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның жергілікті органдары болып табылатын облыстық, уездік атқару комитеттері; екіншіден, негізінен еуропалықтардан (славян тұқымдастардан) тұратын Ташкент және жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері. Бұлар Уақытша үкімет Түркістан комитеті мен жер-жерлердегі Уақытша өкіметтің органдарының оппоненттері болды және “Шуро-и-ислам” мен “Ғұламы одағына” менсінбей қарады; үшіншіден, өлкенің тұрғылықты (“мұсылман”) халықтарының өкілетті органдары ролін атқарушы “Ислам кеңестері” мен “Ғұлама одағы” болды [47, 70-132 б.].

1917 жылғы ақпаннан кейінгі Түркістанның қоғамдық саяси өміріне осындай “үшөкіметтілік” тән болса, сол кездегі Қазақстанның жағдайында тіпті “көпөкіметтілік” орын алды десе де болатын. Қазақстандағы “көпөкіметтілікті”; біріншіден, Уақытша өкіметтің жергілікті “атқару комитеттері”, “азаматтық комитеттері” деген органдары мен оларға жетекшілік жасайтын оның облыстық комиссарлары; екіншіден, Түркістан өлкесіндегі сияқты негізінен орыстардан тұратын жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері; үшіншіден, “Алаш” партиясы мен облыстық және уездік қазақ комитеттері; төртіншіден, Қазақстанға орналасқан Орал және Жетісу казак әскерлерінің әскери үкіметтері, т.с.с. бейнеленді [5, 135-136 б.].

Енді Түркістан өлкесіне қараған оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан өңіріндегі “үшөкіметтілікке” кіретін саяси күштердің арасалмағы мен өзара қатынасына көз жіберейік.

Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің (Турком) құрамы Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 7-і сәуірдегі қаулысымен бекітілді. Оның төрағасы болып Мемлекеттік Думаның мүшесі және кадеттер партиясының мүшесі Н.Н. Щепкин тағайындалды. Турком құрамында түркі халықтарынан төрт адам: Әлихан Бөкейханов (бірінші Думаның мүшесі), Мұхаметжан Тынышбаев (екінші Думаның депутаты), Садри Мақсудов (үшінші Думаның депутаты) және генерал-майор Абдул Азиз Дәулетшин болды. Қалғандары Ресейлік әртүрлі саяси партиялардың мүшелері еді (Преображенский, Шиковский, Липовский, Елпатовский, т.б.).

Мұстафа Шоқайдың пікірінше Туркомның Н.Щепкин басқарған бірінші құрамындағы орыс халқының бес өкілі Түркістан жағдайын жете білмейтін кісілер болды. Олар белгілі дәрежеде осы комитетке кездейсоқ мүше болды.

Мәселен, Липовский бір кезде Ташкент гимназиясында оқығаны үшін, Петербургтік адвокат Елпатовский революциядан бір жыл бұрын Түркістанға келіп қайтқандықтан еніп кетті. Ал Шиковский болса, патша өкіметінің қоныс аудару саясатын бар ынтасымен және бұлжытпай орындағандардың бірі еді. Комитеттің орыс мүшелерінің арасында осы ғана Түркістандық [5, 137 б.]. Әлихан Бөкейханов болса, сол кезде Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болғандықтан Туркомның жұмысына мүлдем қатыса алмады, тіпті Ташкентке жолы түспеді.

“Түркістандық инженер Тынышбаевтың,- дейді Мұстафа Шоқай,- саяси көзқарасы кадеттерге жақын болатын. Оны жақсы білетіндердің сөзіне қарағанда қабілетті, білгір инженер болса да, зор саяси тұлға бола алған жоқ. Петербург инженерлер институтын бітіргеннен кейін саяси қызметке қадам басқан бұл кісіден Түркістан тұрғындары зор үміт күткен еді” [5, 136 б.]. Мұстафа Шоқайдың Туркомның мүшесі және саяси қайраткер ретінде Мұхаметжан Тынышбаевқа осындай “қанағаттанарлық” қана баға беруінің екі түрлі себебі бар сияқты: біріншіден, Мұхаметжан Тынышбаев Туркомның мүшесі болумен қатар, Уақытша үкіметтің Жетісудағы қос комиссарларының (О.Шкапскиймен қатар) бірі болғандықтан көбіне Жетісудың орталығы Верныйда (Алматыда) жиі болуына байланысты болса; екіншіден 1917 жылы қарашада құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының басшысы болып Мұхаметжан Тынышбаевтаң сайланып, оның үкіметінің сыртқы істер министрлігіне Мұстафаның сайлануы, ал көп кешікпей автономияның басшылық тізгінін М.Шоқай алып, М.Тынышбаевтың Жетісуға кетуіне байланысты осы екі қайраткерлердің арасында орын алған жекелеген түсінбеушіліктің ұмытылмауы деп санауға болады.

Ал Абдул Азиз Дәулетшин Ақпан төңкерісіне дейін де, одан кейін де “орыс өкіметінің құрметіне бөленген мұсылман генералдарының бірі болатын. Ол ешқандай саясатпен айналыспайтын, саясатқа қызықпайтын. Ешкімге зияны тимегені сияқты пайдасы да аз тиетін” [5, 137 б.].

Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Туркомитетінің басқа мүшелеріне де жоғарыдағылармен сарындас баға бере келіп, олардың ішінде оның төрағасы кадет Н.Н. Щепкиннен “басқа көзге түсерлік бірде-бір саяси тұлға жоқ еді” деген қорытынды жасайды [62, 31 б.; 5, 137 б.].

Уақытша үкіметтің Туркомитетінің бірінші құрамы Түркістан генерал-губернаторын биліктен аластағанына қарамастан, өлкедегі отарлық тәртіп бұрынғы күйінде қалды. Тек басты кеңсенің маңдайындағы жазу ғана өзгерді. Туркомитеттің аппаратында бұрынғы генерал-губернатор басқармасының қызметкерлері қалдырылды [5, 138 б.].

Уақытша үкіметтің Туркомитеті жұмысқа кірісімен, онымен Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары арасында кикілжің шыға бастады. Туркомитет төрағасы жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің қысымына көңісі келмеген Н.Щепкин оған қарсы күресте “Шуро-и-исламмен” одақтасқысы келетінін білдірді. Осындай жағдайда, дейді М. Шоқай, біз “шын ықылас көрсетпегенмен үкімет комитетке қарсы шықпадық... Біз үкімет комитетін жақтырмадық, әрі оған қарсы күрескіміз келмеді. Өйткені, бізге аса

қауіпті күш, яғни жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі осы үкімет комитетінің орнына көз салып тұрған еді. Біздің қызметіміздің жағдайын мұқият ескеріп, уақыт күту болды” [5, 123 б.].

Сол 1917 жылдың көктемінде “Шуро-и-Исламияға” осыдан басқа күрес әдісін қолдану қиын еді. Ол, бір жағынан, “саяси тұрғыдан алғанда Түркістандықтарға ықыласы жоқ үкіметтік комитетті қолдағысы келмесе, екінші жағынан төңкерісшіл, экстремистік іс-әрекетке бейім жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінен жүрексінді.

Жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінен жүрексіну ғана емес, одан қорқуға да негіз бар еді. Мұстафа Шоқайдың мәліметі бойынша ол сол кезде кеңес өкілдерінен, тіпті саясатқа араласа бастаған орыс халық өкілдерінен: “Революцияны орыс революционерлері, орыс жұмысшылары, орыс солдаттары жасады. Сондықтан Түркістанда да мекеме, билік орыстардың қолында болуы тиіс. Жергілікті халық біздің бергенімізге қанағаттануы керек,”- деген сөздерді жиі естуге тура келетін. Бұл сөзді 1917 жылғы сәуір айының басында бұрынғы Түркістан генерал-губернаторының сарайында өткен облыстық кеңестер мен өлкедегі қоғамдық ұйымдарының құрылтайында Қоқан сауда мектебі мұғалімдерінің халықшыл социалистер тобындағы Некара деген айтқан еді. Түркістандық “социалистің” аузынан шыққан осы сөздер өлкені сәл ертерек билеген генерал Самсоновтың: “Орыс мұжықтарының ұры-қарысының өзі кез келген Түркістандықтан, оның әулиесінен артық,”- деген сөзінің “сыпайы” нұсқасы еді [62, 32 б.; 5, 125 б.].

Осыдан келіп Түркістанның ұлттық-демократиялық қозғалысына қоғамның саяси өмірі талап еткен күрделі мәселелерді шешу жолдарын анықтау қажет болды. Сондықтан да “Шуро-и-Исламияның” мұрындық болуымен 1917 жылғы 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында бірінші бүкілтүркістандық мұсылмандар съезі шақырылды. Оған 150-ге жуық делегаттар қатысты. Съездің төралқасына сайланғандар қатарында “Шуро-и-Исламияның” іс жүзіндегі жетекшісіне айналған Мұстафа Шоқай, Түркістандағы азаттық қозғалысының саяси-діни қанатының басшысы Сералы Лапин, жәдидшіл қайраткерлер Убайдулла Ходжаев, Заки Уәлиди Тоған, т.б. болды. Съезд Түркістандық қоғамдық саяси өмірі мен ұлттық-азаттық қозғалыстың көкейкесті мәселелерін талқылады. Олардың негізгілері төмендегіге саяды: Уақытша үкіметке көзқарас; Ресейді билеу түрі (формасы) туралы; Құрылтай съезін шақыруға дайындық; қажет мәселелері; медресе, мектеп вакуф жөнінде; азаматтық және рухани-шариаттық мекемелер туралы; соғысқа көзқарас және тыл жұмыстарына қатынасушылар жөнінде; “Шуро-и-исламның” өлке көлемінде бірігу және оның Уақытша үкіметтің жергілікті атқару комитеттерімен қарым-қатынасы, т.б. [5, 126 б.].

Съездің соңғы күні Түркістан өлкелік мұсылман Кеңесі (өлкелік мүскеңес) құрылды. Оның төрағасы болып Мұстафа Шоқай, хатшылығына Заки Уәлиди Тоған, төралқа мүшелігіне М. Қары, М. Бехбуди, У. Ходжаев, т.б. сайланды. Өлкелік мұсылмандық Кеңесті алдыңғы қатарлы зиялы қауым ұлттық орталық (Милли Маркез) деп қабылдады.

Бұл оқиға Мұстафа Шоқайды Түркістандық зиялы қауымның көшбастаушы ретінде танығандығының дәлелі еді. “Ұлттық орталықтың жетекшісі болу мерейлі көрінгенмен,- деп жазды М. Шоқай 1936-1937 жылдарда шетелде жарияланған естелігінде,- орталық кеңес мүшелері ішіндегі жас жағынан ең кішісі бола тұрып, төрағалыққа сайланғаным едәуір ыңғайсыздандым. Өйткені, бұл жағдай менің жеке басымның беделін емес, зиялы азаматтардың аздығын, соларға сусап отырғанымызды көрсететін...”

Өз басым Түркістан ұлттық қозғалысының құрылысына ешқандай шеншекпені жоқ қарапайым қара жұмысшы - мердігер болып қатыссам да, өзімді асқан бақыттымын деп есептер едім! Бірақ тағдыр мені ұлттық қозғалысымыздың жауапты кезеңінде өлкелік ұйымның басына әкеліп қойды [126, 33 б.].

Түркістандағы саны аз зиялылардың ішінен суырылып шыққан, Ресей мен өзінің туған өлкесінің саяси хал-ахуалымен жақсы таныс жоғарғы білімді заңгер Мұстафа Шоқай сол күннен бастап “өзі негізін қаласқан Түркістан (Қоқан) автономиясы талқандалған 1918 жылдың ақпан айына дейін Түркістан мен Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінің қайнаған ортасында болды. Ол осы өмірлердегі әр түрлі бағыттардағы ұлт-азаттық бағыты арнасында әрекет ететін саяси күштермен Уақытша үкіметтің Түркістан комитетімен, жер-жерлердегі оның органдарымен, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін орталық пен провинцияларда көптеп шығарыла бастаған газет-журналдардың редакциялық алқаларымен, аймақтық және бүкілресейлік мұсылмандар қозғалысымен тұрақты байланыстар орнатты. Тәуелсіз, жартылай тәуелсіз мұсылман елдердегі (Түркия, Ауғанстан, Иран, Египет) ұлттық-азаттық күрес тәжірибесіне зер салды.

Мұстафа Шоқай мен Түркістандық жәдидшілдер (жанашылдар) жетекшілері басқарған “Шуро-и-Исламшылдар” Қазақстандағы Алаш қозғалысы жетекшілері сияқты сол кездегі жағдайда осы өлкелердің Ресей демократиялық федерациясы құрамындағы ұлттық-территориялық автономия болуын жақтады. Азаттық қозғалыстың басқа бағыттағы саяси күштерін осы мақсатты жүзеге асыру ісіне топтастыруға ұмтылды.

Осы ұлттық-мемлекеттік мәселесі Қазақстан мен Түркістаннан делегаттар қатынасқан 1917 жылғы мамыр айының 1-11 аралығында Мәскеу қаласында өткен жалпыресейлік бірінші мұсылмандар съезінде кеңінен әрі қызу талқыланды.

Съезд делегаттарының бір тобы мұсылман халықтарына демократиялық Ресей құрамында экстерриториялық мәдени автономия берілсін десе (Ахмед Цаликов ұсынған жобада), екіншілері, мұсылман халықтарына демократиялық Ресей федерациясының құрамында ұлттық-территориялық автономия берілуін жақтады (М.А. Расул-заде ұсынған жобада). Осы екі жобаны ұзақ талқылағаннан кейін съезд делегаттары басым көпшілікпен М.А. Расул-заде жобасын қолдап дауыс берді. Съезд қабылдаған қаулыда: ”Ресейдің мемлекеттік формасы мұсылман халықтарының мүдделерін толық қамтитын ұлттық-территориялық негізде құрылған демократиялық Республика болуға тиіс; сонымен қатар белгілі территориясы жоқ халықтар ұлттық-мәдени

автономияны иемденеді,”- делінді [5, 130 б.]. Съездің шешімімен Ресей мұсылмандарына басшылық ету мақсатында Бүкілресейлік мұсылмандар Кеңесі (Милли Шоро) құрылды. Оның құрамына Қазақстаннан Жаханша Досмухамедов, Көлбай Тоғысов, Уәлихан Танашев, Жақып Ақбаев, Түркістаннан Убайдулла Ходжаев т.б. сайланды.

Бүкілресейлік бірінші мұсылмандар съезі мұсылмандар мекендейтін ұлт аймақтарында, атап айтқанда Қазақстан мен Түркістанда, демократиялық қозғалыстардың пайда болып өрістеуіне, ұлттық өңірлеріндегі саяси хал-ахуалдың жандануына ықпал жасады. Сонымен қатар съезд шешімдері бүкілресейлік ауқымда мұсылмандар қозғалысын біріктіруге белгілі дәрежеде негіз жасады. Алайда елдегі қоғамдық-саяси дамудың барысында саяси күрес мәселелеріне көзқарасты белгілеуде, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс ісін шешу жолдарын анықтауда, осы процестерді исламның орнын айқындауға мұсылмандық қозғалыстың тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келтірген әртүрлі қайшылықтар мен көзқарас алшақтықтары орын алуынан көрінген болатын.

Айтылмыш съездегі осы көзқарас қайшылығы көп кешікпей Түркістанда, оның құрамдас бөліктері Сырдария мен Жетісу облыстарында өзінің жалғасын тапты. Ұлттық-демократиялық мәндегі және зайырлық (светский) тұрғыдағы Түркістан халықтарының автономиясын құрмақ болған “Шуро-и-ислам” құрамынан ұлттық мемлекетті таза мұсылмандық тұрғысынан, шарифат заңдары негізінде құруды ойластырған Сералы Лапин бастаған топ бөлініп шығып, “Ғұлама қоғамын” құрды. Мұстафа Шоқайдың мәліметіне сүйенсек “Сералы Лапин басқарған “Ғұлама қоғамы”... Ресейдегі мемлекеттік режимнің өзгеруін... Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген Хулафан Рашидиннің мемлекеттік құрылысын қайталаған сәт демекші болды... Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда “Махнаман шарият” (шарифат мекемесі) деген атпен өкілдер мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресей Құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылған заңдарды осы шарифат мекемесінде бекітуді талап етті” [5, 130 б.].

Ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселесіндегі “Ғұламалар қоғамының” айтылмыш ұсыныс талаптарына Мұстафа Шоқай ащы да болса, әділ мынандай баға берді: “Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың “аспандағы айды алып бер” деген талабына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан Ресейге тәуелділіктен біржолата құтылуы керек еді [5, 130 б.].

Түркістанның тұрғылықты халықтарының азаттық қозғалысының тұтастығы мен бірлігін ойлаған М.Шоқай басқарған қайраткерлері “Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық Кеңесі”, ”Шуро-и-Исламия” мен “Ғұлама қоғамын” татуластыру жолында бірнеше талпыныстар жасады. Атап айтқанда Түркістанның әр тарапынан келген өкілдерден арнайы топ құрылды, оған осы екі саяси ұйымды жақындастыру мен татуластыру міндеті жүктелді. Қазіргі тілмен айтқанда осы “келісім комиссиясы” (примирительная комиссия) Шайхантауыр медресесінде өткен “Ғұлама қоғамының” жиынына қатынасып, “Ғұламалықтарды” түсіністікке шақырды. Алайда түк бітіре алмады [53, 10 б.].

Түркістандағы ұлттық қозғалыстың осындай алауыздығын басқа саяси күштер (атап айтқана Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті, жұмысшы-солдат комитеттері, ұлыорыстық шовинистік пиғылдағы өлке тұрғындарының жетекшілері, ең алдымен ресми басқару жүйесінің чиновниктері) өлкенің көпұлтты тұрғындарына өз ықпалдарын күшейту мақсатында пайдаланды.

Мұндай жағдайда Түркістанға кіретін Сырдария мен Жетісу облыстарындағы ұлттық-демократиялық мәндегі саяси қозғалыс жетекшілері Қазақстанның далалық өңірлерінің үлгісімен облыстық, уездік қазақ комитеттерін тездетіп құрып, олардың саяси қызметтерін жандандыруға ат салысты. Олардың пайымдауынша құрылып жатқан қазақ комитеттерінің жүйесі Түркістан мен Қазақстанда орын алған “көпөкіметтілік” жағдайында ұлттық-мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шешу ісіне қызмет етуге тиіс еді. Сондықтан да Түркістандық қазақ облыстарында құрылған Қазақ комитеттерін халыққа беделді, сауатты, ұлтжанды адамдар басқарды. Мәселен, Сырдария облыстық қазақ комитетін Ә. Көтібаров, Жетісу облыстық комитетін Ы.Жайнақов, оның Үржардағы бөлімшесін С. Аманжолов, Жәркенттегісін Т. Есенғұлов, Ақмешіт уездік комитетін Ы.Е.Қасымов, Әулиеата уездік комитетін - Ә. Кенесарин, Қазалы уездік комитетін – Жатғарин басқарды [127, 210 б.]. Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу өңірлеріндегі қазақ комитетін басқарған жоғарыда есімдері аталған кісілер туралы қолдабар қысқаша мәліметтер мынаған саяды: Ыбырайым Елікейұлы Қасымов (1888-1937жж.). Кіші жүз ханы Әбілхайырдың баласы Ералының ұрпағы, Ташкентте оқытушылар семинариясын бітірген, Алаш қозғалысына белсене қатысқан, Ә. Кенесарин – Кенесары Қасымұлының ұрпағы, Садық Аманжолов – Алматы ербалалар гимназиясын, Қазан университетінің заң факультетін бітірген, Алашорда үкіметінің мүшесі, Ыбырайым Жайнақов пен Төлен Есенғұлов та Алматы ербалалар гимназиясын бітірген, мұның үстіне Т. Есенғұлов жоғарғы білімді мал дәрігері болған [47, 92 б.; 95 б.; 98 б.; 128, 21-22 б.; 129, 24 п.; 130, 47 п.].

Түркістандағы қазақ комитеттерін басқарған кісілер еліміздің далалық облыстарындағы (Семей, Ақмола, Торғай, Орал) осындай міндет атқарғандарымен халыққа барынша таныс зиялы қауым өкілдері еді. Олар Ресейді мекендеген басқа түрік тілдес халықтардың (башқұрт, татар, қырғыз, т.б.) ұлттық-демократиялық ағымдағы қайраткерлерімен және ортаазиялық жәдідшілдердің (жаңашылдардың) жетекшілерімен байланыста болды.

1917 жылдың бірінші жартысында Түркістан құрамындағы және Қазақстанның далалық облыстарындағы Қазақ немесе ұлттық комитеттер облыс және уез деңгейіндегі бірнеше съездер шақырды. Бұл съездердің күн тәртібіне қойылған мәселелер мен оларды талқылаудан кейін қабылдаған қарарлар мен шешімдер Ақпан төңкерісінен кейін орын алған қоғамдық-саяси белсенділікті көрсетті. Сәуір мен мамыр айларында облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облыстық), Оралда, Семейде, Омбыда (Ақмола облыстық), Верныйда (Алматы), Жетісу облыстық, т.б. қазақ съездері өтсе, 9-16 сәуір күндері Ташкент қаласында Түркістандық жәдідшілдер мен оны мекендеген

қазақ халқының өкілдері қатынасқан және оның алғашқы үш күнгі мәжілісін М. Тынышбаев басқарған Түркістан өлкесіндегі атқару комитеттері делегаттарының съезі болды.

Қазақ съездерінде өлкеде Ақпан төңкерісі жеңісінен кейінгі орын алған саяси, экономикалық жағдайға баға беру, демократиялық Ресейдің құрамындағы еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәдени мәселелерін жан-жақты талқылап, тиісті шешімдер қабылдауға талпыныс жасалды. Бұл съездерде қаралған мәселелер көп жағдайда бірін-бірі қайталады. Осындай ортақ мәселелер қатарында мемлекеттік құрылысқа, Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарас, жер, су және отырықшылық мәселелері; сот, дін, оқу-ағарту ісі; азық-түлік мәселесі; 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу кезінде Қытайға және басқа өңірлерге ауып кеткен, сол жылы майданның қара жұмыстарына алынған отандастарымызды елге қайтару жолдарын анықтау мәселесі, т.б. болды.

Осы маңызды мәселелерді талқылаудан кейін қабылданған шешімдер мынандай мазмұнда болды: Уақытша үкіметке көзқарас бойынша- “Уақытша үкіметтің жаңа құрылысты, тыныштық пен тәртіпті нығайтуға бағытталған іс-әрекетін қолдау мақсатында жер-жерлерде азаматтық комитеттер құру қажет”; Уақытша үкіметті “оның қызметі, уәде етілгендей... демократия мүддесін қорғауға бағыттала беретін болса” қолдауға болады.

Мемлекеттік құрылыс жөнінде - Ресейде монархия қалдықтарын түпкілікті жойып, оның “демократиялық республика болу идеясы қолдансын”, ал “ұлттық-территориялық федерация мәселесі әзірше ашық қалсын”; “құрылтай жиналысының құрамына қазақ халқынан депутаттар сайлануы қажет...Ресей мемлекеті демократиялық парламенттік республика болсын”; Қазақстандағы басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссар- “бірі орыс, екіншісі мұсылманнан” тағайындалсын.

Жер мәселесі туралы - “бұрын қоныс аудару қорына алынған жерлер өз иелеріне қайтарылсын... Түркістан өлкесіне жерге орналастыру (жаңадан көшіп келушілерді - З.Т.) тоқтатылсын. Өлке шеттен қоныс аударушылар үшін мүлде жабық деп саналсын”; “Жер мал өсірумен және егіншілікпен өнім алушыларға берілсін”.

Оқу-ағарту және дін мәселесі бойынша - “міндетті түрде бастауыш білім алу керек... мектептерде алғашқы үш жыл оқу ана тілінде жүргізіледі... мектептер земстволық және мемлекеттік қаражатпен қамтамасыз етіледі; “шіркеу (мешіт) мемлекеттен бөлінуі қажет... мешіттер саны халықтың еркіне сай анықталады”.

Патша үкіметіне қызмет еткен чиновниктер жөнінде - “халықты зәбірлеген, өздерінің және мүдделері үшін оның сөлін сорған зиянкес чиновниктер туралы жинақталған деректер оларды қызметтерінен тайдырып, сотқа беру үшін қазақ комитетіне табыс етілсін”, т.с.с. [131, 54 б.].

Сонымен қатар қазақ съездерінің шешімдерінде Уақытша үкіметтен 1916 жылы майданның тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттердің белгілі бөлігін (мәселен, от басының бірден-бір асыраушы болғандарын, денсаулығы нашарлағандарды) елге қайтару жөнінде сұраныстар жасалды, сол жылы

патшаның жазалаушылар тоқпағына шыдамай Қытайға босып кеткендерді елге қайтарып, оларды соған дейін қоныс еткен елді мекендерге орналастыру, оңтүстік пен оңтүстік-шығыс Қазақстанда орын ала бастаған аштық қаупінің алдын-алу шараларын жүзеге асыру талап етілді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер 1917 жылғы көктемде өткен қазақ съездері Уақытша үкіметтің сыртқы және ішкі саясатын негізінен қолдады. Сонымен бірге оның делегаттары халықтың ұлттық мүдделеріне сай келетін шешімдер қабылдады. Олар ең алдымен аграрлық (жер-су), ұлттық теңдік, оқу-ағарту, халықтың әл-ауқатын көтеру, т.б. мәселелерге тікелей қатысты болды.

Іс жүзінде 1917 жылғы көктем айларында (сәуір мен мамыр) өткен облыстық қазақ съездері келешектегі қазақтың ұлттық-демократиялық саяси партиясын құруға дайындық іспетті болды. Бұл съездерде құрылуға тиісті партияның мемлекеттік құрылыс, саясат, экономика, рухани өмір, ұлтаралық қатынастар, т.с.с. бағдарламалық міндет-мақсаттарының сұлбалары (контуры) талқыланды. Зерттеуші В.К. Григорьевтің есебі бойынша 1917 жылғы сәуір мен мамыр айларында өткен облыстық және жекелеген уездік қазақ съездеріне байланысты 5000-нан астам адам белгілі деңгейде саяси іс-әрекет мектебінен өтті (делегаттар ретінде және съездерді шақыруға қатысты жұмыстарға араласулары арқылы). Кейін осы адамдар “Алаш” партиясына мүше болды немесе оның жақтаушыларын құрды [5, 126-127 б.].

Дей тұрсақта, 1917 жылғы “көпөкіметтілік” жағдайында Түркістан мен Қазақстандағы ұлттық-демократиялық күштер ұйымдық жағынан болсын, нақтылы саяси-әлеуметтік талаптарды өкімет алдына нақтылы қою тұрғысынан болсын, бірлесіп әрекет жасау талпыныстарынан болсын әлі нашар еді. Оған, бір жағынан, саясатпен пәрменді түрде айналысатын тәжірибелі ұлттық қайраткерлердің аздығы, екіншіден, жергілікті халықтардың түпкі мақсаттарын айқындап, көш бастайтын саяси ұйымдардың шын мәніндегі партия деңгейіне жетпегендігі себепші болды. Ал осындай құбылыстың негізінде жергілікті халықтардың көптеген уақыт бойы шетелдік озбыр күштердің езгісі жатыр еді.

Сондықтан да 1917 жылғы көктемдегі болған қазақ съездері Түркістан мен Қазақстанның далалық облыстарын мекендейтін түпкілікті халықтардың жаңадан пайда бола бастаған қоғамдық - саяси ұйымдары олардың монархиялық билік тұсында жойылған ұлттық мемлекеттіктерін қайта қалпына келтіруді батыл талап ете алмады. Олар ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесінде Ресейдің буржуазиялық федеративтік демократиялық Республика болуын, оның құрамында Қазақстан мен Түркістан халықтарының ұлттық-территориялық автономиясы болуын қалайтындығын білдірді де, жалпы алғанда Уақытша үкіметтің ішкі-сыртқы саясатын қолдады.

Мұстафа Шоқай кезінде дұрыс көрсеткеніндей, жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан келгенде жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да. Халықтың бәрі бірдей, бірақ саяси тұрғыдан алғанда мәселе басқаша. Ұлт азаттығы үшін күресте халықтың саяси дайындығы ерекше маңызға ие болады дей келіп, Мұстафа Шоқай 1917 жылғы көктемдегі Түркістандағы осы саладағы жағдайға мынандай баға береді: “Түркістандағы түрік халықтары Азия халықтарының көбісімен әр салада терезе теңестіріллік

өз алдына дербес мемлекет құруға, оны басқаруға дайындалды. Сол құрғалы отырған мемлекеттері біраз көршілерінен артық та, кем де түспес еді. Бірақ жағдай басқаша болып шықты. Біз қазіргі заманғы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық үлкен бір халықтың шеңгеліне түсіп қалдық. Ол бізден әлдеқайда бай, анағұрлым тығыз топтасқан, әрі қай жағынан алғанда да бізден анағұрлым артық қаруланған-ды” [132, 47-48 б.].

Осындай жағдайды дөп басып, бағалай білген және ұлт-азаттық күреске басшылық жасауға қабілетті саяси партияларды құрып, олардың қызметін жандандырудың қажеттілігін түсінген Қазақстандағы Әлихан Бөкейханов басқарған қайраткерлер енді қазақтың саяси партиясын ұйымдастыру, Түркістандағы жәдидшілдер мен Мұстафа Шоқай мен Мұхаметжан Тынышбаевқа ерген зиялылар “Шуро-и-Исламның” жер-жердегі жүйесін кеңейту ісіне тікелей кірісті.

Біз жоғарыда “Шуро-и-Исламия” (“Ислам кеңесі”) 1917 жылы сәуірде Ташкент қаласында құрылғанын баяндаған едік. Оған дейінгі кездің өзінде-ақ Сырдария облыстық жекелеген елді мекендерінде соған негіз болған және кейін орталық “Шуро-и-Исламияның” бөлімшелері ретінде қайта құрылған “Ислам кеңестері” пайда болған еді. 1917 жылдың көктемінде осы партияның (“Ислам кеңесінің”) ұйымдары (бөлімшелері) Чернявте (Шымкент), Әулиеатада (Тараз), Перовскіде (Қызылорда), Қазалыда, басқа сөзбен айтқанда Сырдария облысының барлық уезд орталықтарында болды. “Шуро-и-Исламияның” Қазалыдағы ұйымы партияның Ташкентте ресми түрде құрылғанынан жарты айдай бұрын пайда болды. Мұрағат құжаттары мәліметі бойынша 1917 жылғы 27 наурыз күні Қазалыда 5000 мұсылман (яғни тұрғылықты халықтар өкілдері) қатысқан жиналыста “Шуро-и-Исламияның” тоғыз адамнан тұратын уездік комитеті сайланған, оған үш-үш кісіден қазақ, татар және өзбек халықтарының өкілдері енген [130, 62 б.]. Мамыр айының басында “Шуро-и-Исламияның” уездік ұйымы Черняев (Шымкент) қаласында да құрылған. Оның басқармасына да елге түркі халықтарының (қазақ, өзбек) құрметті өкілдері сайланған [133, 20-21 б.].

“Шуро-и-Исламияның” ұйымдарымен қатар Сырдария облысының жекелеген елді мекендерінде әуел баста өздерінің саяси бағытын жете айқындамаған, біріктірген адам саны аз, ал кейін әртүрлі бағыттағы саяси партияларды қолдаған “Тұран” (өздерін “прогрессистер қоғамы” атаған, “федералистердің мұсылмандық қоғамы”), “Хуррият” (бостандық), “Телля Боляя” (оқушылар одағы), т.б. қоғамдық ұйымдар пайда болды [134.; 47, 117 б.].

Әлихан Бөкейханов пен оның сенімді серіктері (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Халел Досмұхамедов, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Х. Ғаббасов, Ә. Бірімжанов, Е. Ғұмаров, т.б.) қазақтың ұлттық-демократиялық “Алаш” партиясын құру үшін 1905-1917 жылдарды қамтыған 13 жылға созылған қажырлы еңбек етті. Партия ресми түрде 1917 жылғы қос ревоюция аралығындағы Қазақстан мен Түркістандағы күрделі саяси жағдайды бағалауда және соған байланысты ұлттық-демократиялық күштердің бағыт-бағдарларын анықтауда ерекше рөл атқарған бірінші бүкілқазақтық съезде (1917 жылғы 21-

26 шілдеде Орынбор қаласында өткен) құрылды. Айтылмыш съезд оған қатынасқан делегаттар санының аз болғандығына қарамастан (небәрі 20-дан аса адам) шын мәнінде бүкілқазақстандық сипат алды, өйткені оған қазақтың этникалық территориясының барлық аймақтарының, атап айтқанда Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарының, Бөкей ордасының, сонымен қатар Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарының өкілдері қатынасты. Бірінші бүкілқазақтық съездің 14 мәселеден тұратын күн тәртібі жоғарыда әңгіме болған сәуір-мамыр айларында өткен облыстық қазақ съездерінің шешімдерінен туындады. Егер облыстық съездерде қаралған мәселелер аймақтық (регионалдық) мәнге ие болса, бүкілқазақтық съезде күллі қазақ халқына (оның ішінде Түркістан өлкесін мекендеген қазақтарға да) қатысы бар жалпы ұлттық маңызы бар мәселелер талқыланды және оларды жан-жақты қарастыру нәтижесінде қабылданған шешімдер облыстық съезд шешімдерімен салыстырғанда әлдеқайда нақтылы, әрі ауқымды мазмұнға ие болды. Мәселен, бүкілқазақтық бірінші съезд “мемлекет билеу түрі” мен “қазақ облыстарындағы автономия” деген мәселелер бойынша қарары Ә. Бөкейханов ұсынған “қазақ облыстары ... демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы территориялық-ұлттық автономия болуға тиіс” деген редакция да қабылданды. Ал “жер мәселесі” бойынша қабылданған қарарда былай делінді: “Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орналасып болғанша, қазақ жері ешкімге берілмесін... Қазақтан алынған қыстаулар қожалары әлі көшпеген болса, қазақтың өзіне қалсын... Айырықша қазына мүлкінде деген тоғайлықтардағы қазақ шабындығы өзіне қайтарылсын” [47, 118 б.].

Бірінші бүкілқазақтық съездің делегаттары оның күн тәртібіндегі қандай мәселеде болмасын ауыз-бірлік танытты. Олар далалық немесе түркістандық қазақтар болып жіктеліп, бөлінбеді. Бұл, әсіресе, съездің Ресейдің Құрылтай жиналысын сайлау жөніндегі мәселені қарастыру нәтижесінде оның депутаттығына кандидаттар ұсыну барысында аса айқын көрінді. Съезд Құрылтай жиналысы депутаттарының кандидаттығына әр облыстан барлығы 81 адамды ұсынды. Олардың қатарында Алаш қозғалысының көпшілік мойындаған жетекшісі Әлихан Бөкейханов пен оның Ахмет Байтұрсынов сияқты ең жақын серіктерімен қатар қазақтар мекендеген әрбір облыстағы ұлттық-демократияшыл зиялылардың көшбастаушылары болды. Егер осыларды Түркістан өлкесіне байланыстыра айтсақ, Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар болып Жетісу облысынан Мұхаметжан Тынышбаев, Ыбырайым Жайнақов, Садық Аманжолов, Сырдария облысынан Мұстафа Шоқай, Әзімхан Кенесарин, Ферғана облысынан Нәзір Төреқұлов, Қоңырқожа Қожықов, Ғабдалрахман Оразаев, Самарқанд қаласынан Алдабек Мангелдин ұсынылды [134].

“Қазақ саяси партиясы” деген мәселе съездің күн тәртібінде 12-ші орында тұрғанымен, ол осы маңызды саяси басқарудағы аса маңызды мәселелердің бірі болды. Съезд “қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуы тиіс” деп көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд “Шуро-и-Исламияға” (ислам кеңесіне – З.Т.) сайланған қазақ өкілдеріне тапсырады... Партия жобасын жасап

болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін учредительное собраниеге (құрылтай жиналысына – З.Т.) жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді” [135, 8 б.].

Съезд шешімімен жаңадан құрылған партияға “Алаш” деген ат берілді. Партияға ең алдымен қазақ халқының әр текті интеллигенция өкілдері кірді. Олардың ұйтқысы Ресейдің жоғарғы және орта білім беретін оқу орындарын бітірген немесе оларды оқып жүрген халқымыздың зиялы қауым өкілдері болды. Олардың қатарында Петербург, Мәскеу, Төмен, Варшава, Қазан сияқты қалалардағы жоғарғы оқу орындарын (университеттерді, әскери-медициналық академияны, т.б. институттарды) бітіргендер, Омбы, Орынбор, Уфа, Ташкент, т.б. қалалардағы гимназиялар мен семинарияларды, “Ғалия” және “Хусния” сияқты жоғары деңгейдегі білім беретін медреселерді бітіргендер болды.

Әлихан Бөкейхановты зиялылар қауымдастығы жаңадан дүниеге келген “Алаш” партиясының көпшілік таныған серкесі (лидері) ретінде мойындады. Оның төңірегіне Қазақстанның барлық аймақтарынан, дәлірек айтсақ, халқымыздың барлық атақонысының өкілдері топтасты. Олардың қатарында Қазақстанның далалық облыстарымен (Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Бөкей ордасы) қатар Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу, т.б. өңірлерінің өкілдері де аз болмады. Соңғылардың ішінде жетісулық С. Аманжолов, Б. Мәметов (Мамытов), Ы. Жайнақов, М. Тынышбаев, сырдариялық Мұстафа Шоқай, Ә. Кенесарин, С. Қошанов, самарқандық А. Мангелдин, ферғаналық Қ. Қожықов, Ғ. Оразаев, т.б. болды.

1917 жылдың жазында (шілде-тамыз) Пішпек (Бішкек) қаласында Абдыкерім Сыдықовтың жетекшілігімен “қазақ-қырғыз “Алаш” партиясының бөлімшесі құрылды. Оның қатарында Ишеналы Арабаев, К. Тыныстанов, Н. Тулин, т.б. болды [131, 56 б.; 60 б.].

Іс жүзінде бұл ұйым “Алаш” партиясының Верный (Алматы) қаласындағы Жетісулық тобының филиалы болған еді.

Қазақстан мен Түркістанда 1917 жылдың көктемінде жалпыресейлік партиялардың (кадеттердің, эсерлердің, т.б.), әртүрлі саяси ұйымдардың бөлімшелері пайда болды.

Өздерін халық бостандығы партиясы деп атаған кадеттердің (конституциялық демократтар) бөлімшелері Ташкентте, Перовскі, Шымкент, Верный сияқты Сырдария мен Жетісу облыстарының қалаларында, сол сияқты Петропавл, Қостанай, Орал, Өскемен қалаларында құрылды.

Дәл сол кезде эсерлердің (социалист-революционерлер партиясы) Шымкентте, Әулиатада, Перовскіде, Түркістанда, Қазақстанның далалық облыстың ірілі-ұсақты қалалары мен жекелеген болыстардың орталықтарында пайда болды.

Ал Верный қаласында жергілікті оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің бірлесе әрекет жасаулары нәтижесінде “Жетісудың біріккен социалистік одағы” дейтін ұйым құрылды [128, 21-22 б.].

“Алаш” партиясының басшылығы (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Ғаббасов, Ж. Досмұхамедов, т.б.) Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдарымен Ресейді мекендеген түрік тілдес, мұсылман діндес халықтардың (ең алдымен

Түркістан мен Еділ бойын мекендеген) саяси қозғалысы жетекшілері тұрақты байланыста болды. Атап айтқанда партия басшылығы Мұстафа Шоқай мен Мұқаметжан Тынышбаев сияқты қайраткерлер арқылы Түркістанның саяси ұйымдарымен (бірінші кезекте ұлттық- демократиялық “Шуро-и-ислам” партиясымен), Ыбырайым Жайнақов пен Ишеналы Арабаев арқылы Жетісу мен Қырғызстандағы жергілікті халықтардың қоғамдық ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Сол сияқты алашшылар Қазан мұсылман комитетінің төрағасы Нәжіп Халфин, Уфа мұсылман комитетінің төрағасы Әбдрахман Фахретдинов, татар тілінде Орынборда шығып тұрған “Вахт” (“Уақыт”) газетінің редакторы Ф. Кәрімов арқылы татар-башқұрт жұртының зиялы қауым өкілдерімен де тығыз байланыста болды [136, 168 б.; 175 б.; 179-180 б.; 394 б.]. Сонымен қатар “Алаш” көсемдері өздерінің бүкілресейлік мұсылмандар ұйымының орталық кеңесіндегі өз өкілдері арқылы Әзірбайжан мен солтүстік Кавказ халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерімен де мүмкіндігінше пікір алысып отырған.

Бізге дейін жеткен үздік-үздік деректерге қарағанда Ресейдің отарлық аймақтары халықтарының (Қазақстан, Түркістан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ) ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері елдегі “көпөкіметтілік” жағдайындағы күрес тактикасы мен стратегиясы мәселелерін талқылаған, елдегі саяси хал-ахуал күрт өзгере қалған кезде бірлесіп әрекет ету жолдары жөнінде де уағдаласқан [137].

Ресейдің отарлы ұлт аймақтары халықтарының ішінде бірінші болып қазақтың ұлттық-демократиялық “Алаш” партиясының көрнекті қайраткерлері 1917 жылдың жаз айларында партияның бағдарламасының (программасының) жобасын дайындады. Бұл жобаның авторлары Әлихан (Ғалихан) Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров (Ғұмаров), Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев, Әзімбек (Ғязымбек) Бірімжанов болды. Осы аса үлкен саяси маңызы бар құжат баспасөз бетін 1917 жылғы күзде көргенімен [137; 47, 222 б.], оның басты қағидалары сол жылғы көктем айларында болған облыстық қазақ съездерінде, шілдеде өткен бірінші бүкілқазақтық съезде, т.б. зиялылардың үлкенді-кішілі бас қосуларында тұжырымдалған болатын.

Партияның бағдарламасының жобасы Қазақстанда шешілуге тиісті ұлттық-мемлекеттік құрылыс пен құқық, жер, билік пен сот, оқу-ағарту ісі, дін, ел қорғау мәселелері сияқты саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани-мәдени проблемаларды айқындап, оларды жүзеге асыру жолдарын анықтады. Жоба “мемлекеттік қалып”, “жергілікті бостандық”, “негізгі құқық”, “дін ісі”, “билік және сот”, “ел қорғау”, “салық”, “жұмысшылар”, “ғылым мен білім үйрету”, “жер мәселесі” деген баптардан тұрады [137; 47, 220-222 б.].

“Алаш” партиясы мемлекеттік құрылыс мәселесінде Ресейдің терезесі тең мемлекеттердің федеративті одағы болуын қалады. Ал қазақ автономиясы осы федерацияның басқаларымен терезесі тең мүшесі (“құрдас ағзасы”) болады делінді. Ол автономия бүкіл қазақтың этникалық территориясы негізінде құрылатыны айтылды (“қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болатын... Ресей федерациясының бір ағзасы болды”...). Федерация

мүшесі ретінде Қазақ автономиясының құқығы бұзылған жағдайда Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып шығатыны бағдарлама жобасында ашық айтылды. “Алаш” партиясы жалпы адамзаттық игіліктерді басшылыққа алып, әділетке жақ, зорлыққа қас болады делінді. Партия жерді сатуға үзілді-кесілді қарсы шығып, “қазақ жер сыбағасын алдымен алуын, ал ол сыбағаны алып болғанша Қазақстанға “мұжықтың келмеуін” қолдады. Жер “сыбағасын-нормасын өлшеу оның топырағы (топырақтың құнарлы немесе құнарсыз болуына қарай - З.Т.) шаруашылық түріне (малшаруашылық немесе егіншілік - З.Т.) қарай” белгіленетін болды. Түркістан жағдайында, делінді бағдарлама жобасында, “жермен бірге су сыбағасы” да кесіледі. Партияның бағдарлама жобасында діннің мемлекеттен бөлінуі, “дін біткенге тек құқық” берілді, қазақтың өз мүфтилігі (дін басқармасы) болуы қажет делініп, әр “жұрттың билік пен соты оның тұрмыс ыңғайына қарай болатындығы”, әр “судья жергілікті жұрттың тілін білуге”, “қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болуы” міндеттелді. Салық мәселесі бойынша партия әрі қысқа әрі әділетті мына принципті ұсынды: “Салық мал-ауқат, табысқа қарай: байға - байша, кедейге - кедейше ғаділ (әділ - З.Т.) жолмен” салынады. Партия бағдарламасының “Ғылым-білім үйрету” атты бабы халқымыздың ұлттық мақсат-мүдделерінен туындады. Бұл баптың басты талаптары: “оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болады”, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүреді, қазақ тілінде орта мектептер мен университет болуы қажет оқытушылар мен профессорлар сайлау арқылы қызметке алынады, ел ішінде кітапханалар жүйесі ашылады,- деген тұжырымдардан тұрды [137].

Алыс Еуропаның ойшыл-саясаткерлерінің еңбектерін саралаудың, көрші Ресейдің саяси әлемі серкелерінің зерттеулері мен елдің қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктерін пайымдаудың, Түркістан мен Еділ бойының халықтарының көшбастаушыларының ой-пікірлерін ескеру нәтижесінде Әлихан Бөкейханов жетекшілігімен қазақ зиялы қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері қаламынан шыққан “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасы өз кезінің аса маңызды саяси құжаты болды.

Онда қазақ қауымының және олармен ортақ белгілері бар даму жағдайы жалпы алғанда онымен ұқсас Түркістан мен Еділ бойы халықтарын эволюция (реформа) жолымен өркениетті елдер қатарына жеткізудің бағыт-бағдары анықталды. Осы бағыт-бағдарды негізінен жоғарыда аталған өңірлердің (Еділ бойы, Түркістан) ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілері аса қызығушылықпен және өздеріне қажет идеялары бар құжат ретінде қабылдады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келе, “Алаш” партиясы бағдарламасында көпшілікке ұсынылған талап тілектер Қазақстан мен Түркістандағы саяси күштердің “көпөкіметтілік” жағдайына топтасуы мен жіктелуіне нақтылы түрде әсер еткенін көреміз. Сондай-ақ Түркістан мен Қазақстандағы саяси күштердің жіктелу және жаңаша топтасу процесі 1917 жылдың екінші жартысында “көпөкіметтіліктен” “қосөкіметтілікке”, ал одан кеңестік бірөкіметтілік билеу жүйесіне ұласуда аса айқын көрінді. Мұндай үрдістер Сырдария облысына да тән болды. Облыстық және уездік деңгейдегі барлық билікті өз қолдарына шоғырландыра бастаған Уақытша үкіметтің

органдарының жергілікті жерлерде атын өзгерткенімен, заты бұрынғыша қалған атқарушы қоғамдық-саяси жүйе арқылы құлаған патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастыруы аймақтағы басқа саяси топтардың белсенділігін арттыруына ықпал жасады.

2.2 Сырдария облысы 1917 жылдың екінші жартысындағы азаматтық қарама-қарсылықтың күшеюі кезеңінде

1917 жылғы шілденің басында Ресейдің орталығы Петроград қаласында түптеп келгенде елдегі қосөкіметтілікті жоюға әкеп соқтырған, қоғамдағы азаматтық қарама-қарсылықтардың күшеюіне әкеп соққан оқиғалар орын алды. 3-4-ші шілдеде Петроградта большевиктер партиясы ұйымдастырған жұмысшылар мен солдаттардың Уақытша үкіметтің соғыс саясатына қарсы бағытталған және “Бүкіл өкімет жұмысшы-солдат Кеңестеріне берілсін!” деген ұранмен өткен демонстрациясы болды. Бұл демонстрацияны Уақытша үкімет қарулы күш қолданып, басып-жаншыды. Үкіметке қарсы әрекет ұйымдастырды деп айыпталған большевиктер партиясының газет редакциялары талқандалды, оның біраз қайраткерлері тұтқындалды. В. Ленинді қамау туралы бұйрық шықты. Майдан шебі мен ел ішінде большевиктерді қуғындау басталды. Азаматтық соғыстың тікелей қаупі төнді, ал мұндай саяси хал-ахуал елдің орталығында ғана емес, оның ұлт аймақтарында да азаматтық қарама-қарсылықтың күшеюіне әкеп соқты.

Осының нәтижесінде Кеңестердің бүкілресейлік атқару комитеті 1917 жылғы 11-ші шілдеде Уақытша үкіметке мемлекеттегі шектеусіз уәкілдіктер беру қажеттігін мәлімдеді. Ал мұның өзі орталықтағы қосөкіметтіктің күні біткендігін және елдегі бүкіл билік Уақытша үкіметтің қолына көшкендігін айқындады. Лениншілдер осыған дейін кеңестердің орталық атқару жүйесін (ең алдымен Петроград жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі жетекшілерін) Уақытша үкіметпен ымыраға барады, онымен келісімпаздық жасайды деп үнемі сынап келсе, енді оларды сатқындар деп айыптады. Олар өздерінің күрес тактикасын түбірімен өзгертті. Лениншілдер шілде оқиғаларына дейін “пролетариат диктатурасын” кеңестерді большевиктендіру арқылы бейбіт жолмен орнатуға болады деп келсе, енді жеңіске тек қарулы көтеріліс жолымен жету мүмкін деді. “Ендігі жерде,- деді В. Ленин сол кезде жазылған ”Жауап” атты мақаласында,- әскери, ал олай болса, мемлекеттік өкімет билігі де іс жүзінде контрреволюцияның қолына көшті... Ендігі жерде Ресейде революцияның бейбіт дамуы мүмкін болмай қалып отыр, сондықтан тарих мәселені былай қояды: не контрреволюция толық жеңеді, не жаңа революция болады” [138, 80-81 б.].

Қазақстан мен Түркістандағы, атап айтқанда Сырдария облысындағы жергілікті Кеңестердің негізінен эсерлер мен меньшевиктерден тұратын басқарушы топтары Петроградтағы әріптестерінің елдегі билікті Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарына беруге бағытталған іс-әрекетін қолдады. Қолдап қана қойған жоқ, Түркістан мен Қазақстан жағдайында осы бағытты жүзеге асыруға арналған нақтылы әрекеттер де жасады.

1917 жылғы шілденің ортасында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі облыстарының жұмысшы және солдат депутаттары өкілдерінің өлкелік конференциясында Кеңестердің өлкелік атқару комитеттің эсерлер мен меньшевиктерден тұратын басшылығы осы өңірдегі өкімет билігін толығымен Уақытша үкіметтің Түркістандық комитетіне беру туралы мәселе қойды және конференцияға қатынасушыларды осы ұсынысты қолдауға шақырды [140, 163 б.]. Айтылмыш конференция 14 шілдеде Түркістан елі мен өлкесіндегі дара билікті (единовластие) Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарына беру туралы шешім қабылдады.

Бұл шешім Түркістан өлкесінде, ең алдымен Сырдария облысында, Уақытша үкіметтің жеке дара билігін орнатудың және сонымен қатар жергілікті Кеңестердің дербестігін жойып, олардың бұдан былай билік жүйесінен аластатудың бастамасы еді.

Елдегі саяси жағдайдың осылай өрістеуі саяси партиялар мен топтарды, қоғамдық қозғалыстар мен әртүрлі бұқаралық ұйымдарды, (ең алдымен осыған дейін Уақытша үкіметпен қатар баламалы билікті бейнелеп келген кеңестерді) бей-жай қалдырмады, олардың белсенділігін арттырды, билік үшін күрес көрігін қыздыра түсті.

Бұл ретте жетекшісі Петроградтағы шілдедегі “бүлікті ұйымдастырушы” деп айыпталған большевиктер партиясы басқа саяси күштерге қарағанда белсенділік пен ширақтық танытты.

Петроградта жартылай жасырын жағдайда өткен (1917 ж. 26 шілде - 3 тамыз аралығында) большевиктер партиясының алтыншы съезі елдегі бүкіл өкімет билігін Уақытша үкіметке беріп, “халыққа сатқындық жасаған” меньшевиктер мен эсерлерді айыптап, ендігі кезекте өкімет билігін солардан тазартылған жаңа кеңестерге берілуін қамтамасыз ететіндей қарулы көтеріліс әзірлеу қажет деп тапты. Съезд шешімдерінде бұл күресте жеңіске жетудің шешуші шарты жұмысшы табы мен кедей шаруалардың одағы болатындығы баса көрсетілді. Съезд қарулы көтерілісті әзірлеу кезеңінде партия мүшелеріне “ашық және астыртын жұмыстарды ұштастыру тактикасын қатаң ұстауды, насихат пен үгітті... буржуазия өкіметі құламай тұрғанда еңбекшілердің бейбітшілікке де, жерге де, ұлттық теңдікке де қолы жетпейтінін түсіндіруге баса көңіл бөлу ұсынылды” [139, 30 б.].

Лениндік нұсқаулар негізінде жасалған большевиктер партиясының осы күрес тактикасы 1914 жылдан бері созылып келе жатқан империалистік соғыстан қалжыраған халыққа, жұмыссыздық пен күнделікті күнкөріс қиыншылықтарынан қажыған жұмысшыларға, жерсіздіктен жұтаған шаруаларға, әлеуметтік езгімен қатар ұлттық езгіні бірдей көтерген империялық ұлт аймақтарының халықтарына түсінікті болды.

Елді жайлаған барлық бақытсыздықтың басты айыпкері Уақытша үкімет деп ұққан (большевиктер солай деп ұқтыра түскен), Уақытша үкіметті құлату идеясы көпшілікке жақсылыққа жету жолы сияқты көрінді. Ал бұл жағдай большевиктердің осы бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге қолайлы саяси-психологиялық ахуал туғызды.

Большевиктер жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерін саяси билікке қол жеткізу жолындағы басты ұрандарына айналдыру үшін күрес жүргізді. Бұл мақсатына жетудің негізі олардың пікірінше кеңестерді большевиктендіру, басқа сөзбен айтқанда оның депутаттар құрамын түгелдей болмаса да, басым көпшілігін большевиктерден және солардың жақтастарымен толтыру болып табылды.

Біртіндеп большевиктер ықпалы күшейе бастаған Қазақстан мен Түркістандағы жергілікті Кеңестер бір жағынан, Уақытша үкіметтің сол аймақтардағы органдарынан (оның Түркістан комитетінен, облыстық және уездік атқару комитеттерінен), іргелерін аулақ сала бастаса, екінші жағынан, жергілікті халықтардың ұлттық-демократиялық ұйымдарына (“Алаш” пен “Шора-и-ислам” партияларына) менсінбей қарап, олармен санаспайтын позиция ұстады.

Кеңестердің жергілікті халықтардың жалпы ұлттық мүдделерін елемеу, қоғам өмірінің мәселелеріне қатаң таптық тұрғыдан қараулары ұлттық демократиялық күштердің осы ұйымдарға деген сенімсіздігін туғызып, олардың араларындағы қарама-қарсылықты күшейтті. Сонымен қатар ұлттық демократиялық күштердің Уақытша үкіметтің Түркістан мен Қазақстандағы органдарына деген сенімдері де әлсіреп, олардың осы кезге дейінгі қоғамдық саяси өмір мәселелеріне ортақ көзқарастарында қарама-қайшылықтар орын ала бастады. Мұндай жағдайдың орын алуы ең алдымен өзекті үш мәселеге көзқарас алшақтығынан анық көрінді. Олар, біріншіден, жер мәселесіне, екіншіден, осы өлкелердегі түпкілікті халықтардың мемлекеттігін (автономиялық түрдегі болса да) қалпына келтіруге, үшіншіден, сол халықтардың рухани өміріне байланысты Уақытша үкімет пен жергілікті ұлттық-демократиялық күштер арасындағы келіспеушілікке, тіпті қарама-қарсылық пен текетіреске тікелей байланысты болды. Мұны 1917 жылғы шілде айында өткен бірінші жалпықазақ съезінде “Алаш” партиясын құру себептері жөнінде айтқан сөзінде Әлихан Бөкейханов ашық мәлімдеді. (Әлихан Бөкейхановтың бұл сөзі кейін “Қазақ” және “Сарыарқа” газеттерінде “Мен кадет партиясынан неге шықтым?” деген ашық хат ретінде жарияланды [47, 115 б.].

Өз хатында Ә. Бөкейханов Уақытша үкімет мүшелерінің басым көпшілігіне ие болып отырған кадеттер партиясымен қоғамдық өмірдің үш мәселесі бойынша келіспейтіндігін мәлімдеді. Біріншіден, дейді Ә. Бөкейханов, “Кадет партиясы (демек ол басқарып отырған Уақытша үкімет – 3 Т.) жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытырылып, жалаңаш шыға келеді;” екіншіден, деп көрсетті Ә. Бөкейханов, “Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиналып, ұлт автономиясын тікпек болдық”; үшіншіден, “...молда хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болмақ. Жалование алған молдалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, (дінді) хукімет ісінен бөліп қойған оң болады. Мұны орысша “отделение церкви от государства” дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осы

үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен содан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім. Мен мұны июльдегі (1917 жылғы шілде – 3. Т.) жалпы қазақ съезінде айтқан едім” [47, 115 б.].

Ал Түркістан өлкесіне қарайтын Сырдария және Жетісу облысының саяси өміріндегі мұндай қайшылықтар Уақытша үкіметтің кадет Н. Щепкин басқарған Түркістан комитетінің бірінші құрамының өз қызметін тоқтатқан 1917 жылғы бірінші шілдеден кейінгі кезеңде шиеленісе түсті. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті өлкені мекендеген түпкілікті халықтарға саяси автономия беруге 1917 ж. сәуір айының соңында-ақ үзілді-кесілді қарсы шыққан болатын. Сол кезден басталып, 1917 жылғы шілденің басына дейін күшейе түскен Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен жергілікті ұлттық-демократиялық күштер арасындағы қарама-қарсылық 1917 жылдың екінші жартысында күшейе түсті. Өлкедегі мұсылмандық ұйымдар (“Шуро-и-ислам” ұйымдары, өлкелік мұсылмандық кеңес, т. б.) Уақытша үкімет алдында оның Түркістан комитетінің құрамының жартысын жалпы мұсылмандық ұйымдар қолдауын талап етті. Сонымен қатар Түркістанның мұсылмандар комитеті Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің жаңа құрамының төрағасына жергілікті халықтар арасында беделі бар эсер Вадим Чайкиннің кандидатурасын қолдайтындығын білдірді. Уақытша үкіметтің қаулысымен төрағалыққа тағайындалған В. Чайкин империялық көзқарасты қолдаушы жергілікті кеңес басшыларының қарсылығынан қызметінен бас тартуға мәжбүр болды. 1917 ж. 19 шілдеде Түркістан комитетінің төрағасы болып II мемлекеттік Думаның мүшесі болған, Ферғана облысының вице-губернаторы, өлкедегі меньшевиктердің серкесі (лидері) В.П. Наливкин тағайындалды. Көп кешікпей Түркістан комитетінің құрамына жергілікті ұлттың және демократиялық ұйымдар ұсынған М. Шоқай мен Ташкент қаласының басшысы (городской голова) И. Иванов енгізілді [62, 41 б.].

Түркістандағы ұлттық демократиялық күштердің Уақытша үкіметті сендіру арқылы оны өлкедегі ұлт мәселелерін (ең алдымен автономия мәселесін) әділ шешуге қол жеткізу жолындағы үміттері сағымға айнала бастады; Уақытша үкіметтің ұлт мәселесінде іс жүзінде тарих сахынасынан кеткен патша үкіметінің саясатын сақтап қалғандығына көпшіліктің көзі жете бастады.

Өлкенің саяси өмірін жандандырып, ондағы қарама-қарсылықты күшейте түсуге Түркістанның федералистер партиясын құру әрекеттері белгілі дәрежеде эсер етті.

Партияны құру мәселесі 1917 жылғы 12-14 шілде аралығында Скоблев қаласында өткен Ферғана облысының мұсылмандар ұйымдарының съезінде талқыланды. Съезд Ферғана облысының мұсылмандарының деп аталғанымен (оған осы облыстағы мұсылмандар ұйымдарынан әр ұлттар мен әртүрлі әлеуметтік топтардың 137 өкілдері қатысты), ол жалпы Түркістан өлкесіне қатысы бар саяси мәселелерді талқылады. Съезде Түркістан өлкесін мекендеген барлық түпкілікті халықтардың өкілдерінен тұратын саяси партия құру әрекеті жасалып, соның басшылығымен Түркістан өлкесінің Ресей Республикасымен федеративтік қарым-қатынаста (федеративтік байланыста) болуға тиіс

автономиясын жариялау жөніндегі саяси тұғырнамасы (концепциясы) қабылданды.

Бұл тұғырнаманың басты бабы құрамына Ферғана, Сырдария, Закаспий және Жетісу облыстары кіретін Түркістан өлкесін “Ресей республикасымен федеративтік қатынаста болатын автономиялық бірлігі (единица) болады- деп жариялады” [62, 42 б.].

Түркістан федералистер партиясының бағдарламасы дайындалып, оның мәтіні (тексті) 1917 жылғы қыркүйек айында Гулям Арифжановтың баспаханасында литографиялық әдіспен жарық көрді. Бағдарламаны жазуға Муннавар Қары, Махмудхожа Бехбуди сияқты жәдидшілермен қатар белгілі дінтанушылар мен Түркістан өлкесіндегі жекелеген медреселердің ұстаздары қатысты. Партия бағдарламасы кіріспеден және 10 бөлімнен тұрады: мемлекет пен автономия; ұлт мәселесі; дінге көзқарас; жер мен су мәселесі; жерге жекеменшік орнату жөнінде; жұмысшылар; заң мәселелері; халық ағарту ісі, т.т. Осы құжатқа жан-жақты талдау жасаған өзбек ғалымы С. Ағзамходжаевтың пікірі бойынша жалпы алғанда Түркістан федералистері партиясының бағдарламасының басты мақсаты Ресей демократиялық Республикасының құрамындағы Түркістанның ұлттық-территориялық автономиясын құру болып табылды [62, 4 б.].

Дәл осындай басты мақсат 1917 жылғы шілде айында құрылған “Алаш” партиясының бағдарламасының жобасында да айқындалған еді [137].

Тұтастай алғанда Түркістан федералистері мен Алаш партияларының бағдарламаларында ұқсастық (тіпті сабақтастық десе де болады) көп. Атап айтқанда олардың екеуінің де мазмұны он-он баптан (бөлімнен) тұрады және олар бір-біріне өте ұқсас. Түркістан федералистері партиясының бағдарламасының негізгі бөлімдері жоғарыда аталды. Дәл соларға ұқсас баптар “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасында да орын алған. Олар негізінен мынаған саяды: мемлекеттік құрылыс; жергілікті бостандық; дін; билік және сот; ел қорғау мәселесі; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселесі [137].

Осы мәселелерді шешу жолдарын анықтауда екі партия бағдарламаларында ұқсастық та, айырмашылық та орын алған. Алғашқы ұқсастық Ресейдің мемлекеттік құрылысы мен автономия мәселесіне байланысты. Екі партияның да бағдарламалық талаптарында Ресейдің демократиялық федеративтік республика болуы және оның құрамында оған кіретін басқа мемлекеттік құрылымдармен терезесі тең қазақ және Түркістанның жергілікті халықтарының ұлттық-территориялық автономиялары құрылуы талап етілген. Екінші ұқсастық адам құқына байланысты: аталмыш партиялардың бағдарламалық талаптарында елдің тұрғындары олардың тіліне, діліне, нәсіліне, жынысына қарамай тең болсын делінген. Осындай ұқсастықтар екі партияның оқу-ағарту, билік жүргізу, сот жүйесін құру, жұмысшылар мәселелеріне байланысты талап тілектеріне тән. Атап айтқанда Алаш партиясы да, Түркістан федералистер партиясы да, балаларды тегін оқытуды, жергілікті халықтар тілінде жоғарғы оқу орындарын ашуды, билік пен сот жүйесінің

“халықтың тұрмыс ыңғайына қарай болуын”, өнеркәсіп орындарында жұмысшылар үшін сегіз сағаттық жұмыс күнін белгілеуді талап етті.

Енді осы партиялардың бағдарламалық тұжырымдарындағы айырмашылыққа келетін болсақ, ол ең алдымен жер мен суды пайдалану мәселелеріне қатысы бар екендігін байқаймыз. Алаш партиясының бағдарламалық талаптары мен оның көсемі Әлихан Бөкейхановтың көзқарасы бойынша жер, оның астындағы және үстіндегі байлық бүкіл халықтың игілігі, жерді жеке меншікке сатуға болмайды делінсе, Түркістан федералистер партиясы жерге тұрақты жеке меншік орнатумен қатар су пайдаланудың тиісті ережелері болуын талап етті. Федералистердің бұл талабы Орта Азия аймағында дәстүрлі суарылмалы егін шаруашылығы үшін жер-су тапшылығынан туындаған деуге болады. Дін мен діни мекемелерге де көзқарас алшақтығы байқалады. Алашшылар діннің мемлекеттен бөлінуін және қазақтар үшін жеке муфтиат (діни басқарма) болуын қаласа, Түркістан федералистерінің бағдарламасында діннің мемлекеттен бөліну-бөлінбеуі жөнінде нақтылы айтылмаған; Алаш партиясы негізінен өркениетті елдерге тән сот жүйесін құруды жақтап, тек қана “қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен (яғни-әдет заңдары бойынша - З.Т.) қаралуы” қажет дей келіп, молданың қарауына “неке, талақ (ажырасу - З.Т.), жаназа, балаға ат қою сияқты істер” жататындығын анықтады [47, 221 б.].

Ал Түркістан федералистер партиясы барлық жерде қазылар соттарын құру қажет деп тапты. Сонымен қатар бітім сотының орын алатындығы да айтылды. Ал мұның өзі қазақтармен салыстырғанда Түркістан өлкесі тұрғылықты халықтарының арасында шариат (мұсылман заңы) пен әдет-ғұрып ережелері ықпалының күштірек болғандығын көрсетеді.

Түркістан, оның ішінде Сырдария мен Жетісу облыстарында, 1917 жылғы Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейін қалыптасқан саяси хал-ахуал жергілікті әртүрлі бағыттағы саяси ұйымдар мен қозғалыстардың арақатынастарын белгілі деңгейде шиеленістірді. Олардың біразы (атап айтқанда кадеттер, эсерлер, “Алаш” партиясы, “Шуро-и-ислами”, жекелеген жастар ұйымдары) елдегі билікті түгелдей өз қолына алуға тырысқан Уақытша үкімет пен оның жергілікті мекемелерін қолдаса, немесе оларға іш тартса, екіншілері (большевиктер, солшыл эсерлер, жекелеген қалаларға орналасқан гарнизондағы солдаттар комитеттері, жергілікті халықтар жұмысшыларының кедейленген топтары, майданның тыл жұмыстарынан елге оралғандарының біраз бөлігі, “Жас казак”, “Қазақ-қырғыз жастарының революциялық одағы” сияқты ұйымдар) жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестерін ашық жақтайтын болды. Ал Түркістан өлкесінде қарайтын Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан (Сырдария және Жетісу облыстары) аймағында құрылып, саясатқа белсенді түрде араласа бастаған “Ғұлама одағының” қоғамдық-саяси өмірде өз орнын табуға ұмтылып, жоғарыда айтылған негізгі екі саяси одақты да ашық жақтамай, өз күрес жолын іздеуге ұмтылды. Түркістан өлкесін негізінен шарифат қағидаларына сай қайта құруды ойластырған “Ғұлама одағы” ұлттық мәселелерді шешу жолдарын анықтау барысында “Шуро-и-ислами” М. Шоқай

басқарған өлкелік мұсылмандар кеңесімен ымыраға келе алмады, сол сияқты жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерімен де ортақ тіл таба алмады.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан өлкесі саяси, ұлттық, әлеуметтік тұрақсыздық жайлаған өңірге айналды. Осындай жағдайда басқа саяси күштермен салыстырғанда өз мақсаттарына жету жолында большевиктер партиясы тиімді нәтижеге тез арада қол жеткізген пәрменді де белсенді әрекеттер жасай алды. Олар халықтың ең кедейленген әлеуметтік топтары (олар сол кезде ел тұрғындарының басым көпшілігін құрайтын) оңай түсінетін: “Соғыс тоқталсын!”, “Заводтар мен фабрикалар жұмысшыларға берілсін!”, “Помещиктік жер иеленушілік жойылып, шаруаларға жер берілсін!”, “Ресейдің отарлы аймақтары халықтарына ұлттық теңдік берілсін!”,- деген саяси ұрандар ұсынып, оларды жүзеге асырудың нақтылы жолдарын анықтады. лениншілдердің пікірінше бұл ұрандарды жүзеге асырудың бірден-бір жолы империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру немесе Уақытша үкіметті қарулы көтеріліс (революция) жолымен құлатып, пролетариат диктатурасы түріндегі мемлекет орнату болып табылды. Ол үшін большевиктердің пайымдауынша алдымен Уақытша үкіметтің шылауына айналған кеңестерді большевиктендіру арқылы оларды қарулы көтерілістің басты құрамына айналдыру қажет еді. Сонымен қатар осы ұрандарды бірінші кезекте жұмысшылардың, майдан шебіндегі және тылдық гарнизондардағы солдаттар қауымы (негізінен үстіне шинель киіп, бойына қару асынған шаруалар өкілдерінен тұратын) мен ел астанасы Петроградқа жақын орналасқан Балтық флоты матростары арасында нысхаттауға бірінші кезекте мән берілді.

Осы жоспар мен нұсқаулар негізінде 1917 жылғы шілде - қыркүйек айларында елдің орталық аудандарымен қатар оның Қазақстан мен Түркістан сияқты аймақтарында да жергілікті Кеңестер мен оған жақын ұйымдарды большевиктендіру және оларды осы өңірлердегі Уақытша үкіметтің органдарына ғана емес, сонымен бір кезде осындағы ұлттық-демократиялық күштерге қарсы қою, олармен әртүрлі деңгейдегі және әр қилы түрдегі жанжалдарға итермелеу әрекеттері жиіленді. Бір сөзбен айтқанда большевиктер өз мақсаттарын орындау үшін неден де болса тайынбайтындарын көрсетті.

РСДЖ(б)П-ның орталық органдары жер-жердегі өз ұйымдарымен, соның қатарында Түркістандағы, тұрақты байланыстар орната бастады.

Мәселен, Перовск большевиктері мен РСДЖ(б)П-ның Мәскеу облыстық бюросы арасында осындай байланыс орнады. Бұл байланыс Перовск большевиктерінің “Социал-демократ” газетінің редакциясына жазған хаттары арқылы жүзеге асырылды. 1917 жылдың 19 шілдесінде Мәскеуге жолдаған хатында Перовск большевиктері былай деп жазды: “Біз Питерде орын алған өкімет дағдарысын үлкен алаңдаушылықпен бақылап отырмыз, оның ауыр сынақтар әкелуі мүмкін салдарларын ескерудеміз. Осыған қарамастан социализмнің түпкілікті жеңетіндігіне сенімдіміз” [140, 68-71 б.; 131, 74 б.].

Шамамен 10-12 шілде аралығында Перовск большевиктері РСДЖ(б)П орталық комитетінің “Партияның барлық мүшелері мен жақтаушыларына” арналған үндеуі жарияланған “Правда” газетінің (партияның орталық органы) санын алды. Үндеуде құрылтай съезінің қарсаңындағы партия саясатының

бағытын бұқараға түсіндіру мен партияның орталық комитетінің қорына тез арада қаражат жинау қажеттілігі айтылған. Көп кешікпей Перовск большевиктері партияның Москва облыстық бюросына үндеудің партия мүшелері, жұмысшылар мен солдаттар арасында талқыланғанын хабарлай келіп, олардың “Орталық комитетке біздің жауларымызбен күрес жүргізуі үшін жан-жақты көмек көрсету” жөнінде шешім қабылдағанын мәлімдеген. Атап айтқанда Перовскі жұмысшылары партия қорына жарты күндік жалақысын аударатындығы, ал қалаға орналасқан 1-ші Түркістан ротасының солдаттары қолма-қол 24 сом 40 тиын жинағандығы, ал қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі айтылған мақсатқа 160 сом жібергелі отырғандығы айтылған [131, 75 б.].

Сырдария облысына қарасты қалалардың қатарында (әрі облыс, әрі өлке орталығы Ташкентті есептегенде) Перовскінің өзіне тән революциялық дәстүрі болды. Өйткені қала темір жол бойындағы ірі станция болды, мұнда үлкен депо жұмыс істеді және 3-ші Сібір запас полкі, 1-ші Түркістан ротасы орналасқан гарнизон болды [141, 47 б.]. Перовскіде 1917 жылғы Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі бүкіл халықтың саяси ояну барысында біріккен социал-демократиялық ұйым құрылды. Маусым айының 21 күні одан бөлініп шыққан 20-дан астам адам өздерін большевиктердің Перовск қаласындағы дербес ұйымы деп жариялады. Олардың қатарында темір жол депосы жұмысшылары Агапов, А. Червяков, Н. Виторский, Капитонов, Крышев, Лобачев, Власов, Виторский, солдаттар П.А. Ермолов, Тонконогов, Супронович, В. Щенков, Горбунов, Емелин, пошташы И. Гершот сияқты жергілікті ел-жұртпен байланысы жоқ, негізі орыс халқының өкілдерінен тұрды.

1917 жылғы Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейінгі екі-үш айдың ішінде оған дейін меньшевиктердің ықпалы басым болған Черняев біріккен социал-демократиялық ұйымында большевиктердің ықпалы күшейді [130, 75 б.]. 1917 жылдың күзінде негізінен славян халықтары өкілдерінен тұратын Черняев большевиктерінің және оларды жақтаушылардың қатары А.Байсейітов, Ш.Бурнашев, Қ.Дауысов, Ұ.Бәкішев сияқты жергілікті халық өкілдерімен толықтырылды. Бұлардың қатарында 1894 жылы туған ұлты өзбек Рахым Тақабаев, оның замандастары Дүйсен Ерімбетов, Сайрашбай Қырғызбаев, Қилыбай Көсеубаев, т.б. болды [142, 147-149 б.].

1917 жылғы Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейін Уақытша үкіметтің қолына елдегі барлық билік шоғырлануы жөніндегі хабарлар жер-жерге жетуі әр өңірге әртүрлі әсер етті. Ұлт аймақтарындағы тұрғылықты халықтардың оған (Уақытша үкіметке) деген сенімі күн өткен сайын әлсірей берді, жұрт оған немқұрайды, тіпті кейбір жерде жаулықпен қарай бастады. Мұның басты себебі патша құлағаннан кейін, әсіресе Уақытша үкімет елдегі билікті өз қолына алғаннан соң одан күткен жақсылықтар, ең алдымен Қазақстан мен Түркістандағы ұлттық және әлеуметтік қанаудың жойылмаса да, айтарлықтай әлсірейді деген үміттің орындалмауына байланысты болды. Ал мұның өзі күн өткен сайын бұқаралық ұйымдар мен жергілікті жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңестерінде өз ықпалын күшейту бағытында

большевиктердің нәтижелі де тиімді әрекет жасауларына қолайлы жағдайлар туғызды.

Нәтижесінде Сырдария облысының кейбір өңірлерінде (негізінен жұмысшылар мен солдаттар шоғырланған қалалар мен ірі елді мекендерде) Кеңестердің беделі және оларға деген большевиктердің ықпалы өсе бастады.

Мәселен, Ташкент округтік сотының прокуроры 1917 жылғы 7 тамызда Ташкент сот палатасы прокурорының атына жазған баяндауында Сырдария облысындағы Кеңестердің қоғамдық-саяси өмірде басты рөлге ие болғандығын және еңбекші бұқара арасында үлкен беделге ие болғандығын атап көрсетті. Олар, делінді айтылмыш баяндауда, “жергілікті өмірдің барлық құбылыстарына сергектікпен көңіл аударып, жергілікті әкімшіліктердің іс-әрекеттеріне, қалалардың шаруашылық жағдайына сынап көзбен қарайды, азық-түлік тапшылығын шешу бағытында, ереуілдік қозғалысты реттеуде белсенділік көрсетуде”, - делінді [24, 72 б.].

Жаңа жағдайда Түркістанның, оның ішінде Сырдария облысының, түпкілікті халықтарының саяси белсенділігі күшейді. Мұны “мұсылман”, яғни түпкілікті жұмысшылары депутаттарының Кеңестерінің құрылуынан анық көруге болады. Белгілі қоғам қайраткері, әскери дәрігер, әрі тарихшы С.Ж. Асфендияров “Наша газета” айналымының 1917 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған “Мұсылман жұмысшы депутаттарының Кеңесі” (“Совет мусульманских рабочих депутатов”) атты мақала жариялады. С.Ж. Асфендияровтың пікірінше мұсылман жұмысшылары кеңесінің құрылуы – олардың саяси белсенділігінің артуының нәтижесі. Кеңесті құру идеясы, дейді С.Ж. Асфендияров, “ең алдымен тыл жұмыстарында болып қайтқан жұмысшылардың санасында пайда болды. Осы жұмысшылар әуел баста 16 адамнан тұратын ұйымдастыру бюросын құрады. Оның қызметі өлкелік жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі тарапынан қолдау тапты” [143]. 1917 жылғы 15 шілдеде көптеген қазақ жұмысшыларының қатысуымен өткен Ташкент тұрғындары (“мұсылмандары”) өкілдерінің қалалық жиналысында мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі құралып, оның атқару комитеті сайланды. Осы атқару комитеттің төрағасы болып сайланған С. Ж. Асфендияров өзі басқаратын ұйымның міндеттерін былай деп түсіндірді: “...біз, Түркістандағы мұсылмандар ішіндегі жұмысшы қозғалысының ізашарлары (пионерлері) ретінде, ешбір күмәнсіз орыстың демократиялық ұйымдарымен қоян-қолтық, қол ұстасып бірге боламыз, халқымызды азат ету жолындағы күреске кірісіп отырған біздер саналы күрескерлер ретінде әлемдік еңбек армиясының қатарына тұрамыз” [143].

Сырдария облысының (әрі Түркістан өлкесінің) орталығы Ташкентте құрылған мұсылман жұмысшылары депутаттарының Кеңесінің үлгісімен көп кешікпей облыс уездерінің орталықтары мен өлкенің басқа облыстарында қазақ депутаттарының кеңестері де пайда бола бастады.

Осы процеске ұйымдасқан бағыт беру үшін 1917 жылғы 2-5 тамыз орталығында Ташкент қаласында бірінші Түркістан өлкелік қазақ депутаттары Кеңесінің съезі болды. Оған Жетісу, Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарының өкілдері қатынасты. Съезд шешімінде қазақ депутаттары

кеңестерінің басты мақсаты өлкенің түпкілікті халықтарының мүддесін қорғау деп мәлімдеді [144, 138 б.].

Дегенмен де, жергілікті халықтар өкілдерінен құрылған Кеңестер еңбекшілердің халық бұқарасына айтарлықтай ықпал жасай алмады. Олардың қызметі негізінен Ташкент қаласы мен өлкенің жекелеген облыс және уезд орталықтарымен шектелді. “Мұсылман” халықтары өкілдерінің кеңестерін айтпағанның өзінде шілде оқиғаларынан кейінгі Түркістандағы саяси текетірес жалпы алғанда Уақытша үкімет органдарының басымдылығымен айқындалды. Олар жергілікті Кеңестерді жекелеген өңірлердің қоғамдық-саяси өміріне араласуынан, екінші “өкімет” рөлін атқарудан біртіндеп шеттетуге бағытталған әрекеттерін күшейтті, Кеңестердің қызмет аясына көптеген кедергілер жасады. Мұны Сырдария облысының Әулиеата уезінің мысалынан анық көруге болады. Уезде іс жүзінде қосөкіметтілік жойылып, барлық билік Уақытша үкіметтің уездік және болыстық атқару комитеттерінің және солардың әлеуметтік тірегі болған күштердің қолына көшті. Әулиеата жұмысшы және солдат депутаттары бұрынғысынша өмір сүріп жатты, алайда оның қызметі маңызы шамалы, екінші кезектегі мәселелерді шешумен байланысты болды. Кеңестегі көпшілік орынға ие болған және Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарының шылауына айналған меньшевиктер мен эсерлер Әулиеата кеңесінің қызметінің бағытын белгілі уақытқа басқа арнаға түсіріп жіберді. Енді жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі бұрынғысынша жер туралы, ұлттық және отарлық езгіні жою жөніндегі, ашаршылықпен күресуге арналған маңызды мәселелерді талқылап, шешуде құлықсыздық көрсетті.

Осыған қарамастан елде, оның ішінде Сырдария облысында, революциялық жағдайдың басты құрамдас бөліктерінің (“төмендегілердің” бұрынғысынша тұра алмауы, “жоғарыдағылардың” бұрынғысынша билік жүргізе алмауы) қалыптасуы қоғамдық-саяси ұйымдардың, ең алдымен кеңестер жүйесінің солшылдануына және оларға большевиктердің ықпалының өсуіне қолайлы алғышарттар қалыптастырды. Мұндай саяси хал-ахуал алдымен жұмысшылар мен негізінен солдаттар бұқарасы (солдаттардың көпшілігі шинель киіп, қару ұстаған шаруалар өкілдері болғаны белгілі) шоғырланған қалалар мен темір жол бойындағы елді мекендерде орын алды. Осының нәтижесінде жергілікті кеңестердің біртіндеп “большевиктендірілу” процесі басталып, жұмысшылардың ресми өкіметке қарсы күресі жаңа серпін ала бастады. Кейбір қалаларда лениншілдердің үгіті мен насихатына бой алдырған және “қанаусыз қоғам орнату” туралы ұрандарға сенген жұмысшылар мен солдаттар Кеңестерінің құрамындағы келісімпаз (Уақытша үкімет органдарымен) деп танылған депутаттарды шығарып, олардың орнына революциялық төңкерісті уағыздаушы большевиктер мен оларды жақтаушыларды сайлауды жүзеге асыра бастады. Мәселен, 1917 жылғы тамыздың ортасында Перовск жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесін қайта сайлау нәтижесінде оның құрамына большевик солдат А.Ф. Тонконогов пен большевиктерді жақтаушы жұмысшы Лукьянов сайланды, ал А.Ф. Тонконогов кеңес төрағасының орынбасары лауазымына ие болды [145, 168 б.].

Қазалы, Перовск қалаларында солдаттар депутаттарының гарнизондық Кеңестерінде де саяси төңкерісті жақтаушылардың саны артты.

Капиталистер мен жұмысшылар арасындағы қақтығыстар күн өткен сайын шиеленісе түсті. Ташкенттің, Шымкенттің және өлкенің басқа қалаларының жұмысшылары өндіріс пен өнімді бөлуге жұмысшы бақылауын орнатуды табандылықпен талап етті. Өлке жұмысшыларының ең ұйымдасқан және сан жағынан көп тобы - Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшылары жаппай ереуілге шықты. 1917 жылғы 1-ші тамызда Арыс станциясының паровозшылары ереуіл бастады. Бұл ереуілді Сырдария, Жетісу және ішінара Торғай облыстарының жұмысшылары қолдады. Әулиеата почтасы мен телеграфының қызметкерлері өздерінің Ташкенттік әріптестерін қолдап ереуілге шықты [146, 16 п.].

1917 жылдың тамыз айында бүкіл елде оның Түркістан мен Қазақстан сияқты отарлы ұлттық аймақтарындағы саяси хал-ахуал қатты шиеленісті. Егер осыған дейін мемлекеттегі іс жүзіндегі шындық билік үшін негізінен екі күш – бірінші жағынан, Уақытша үкіметтің төңірегіне топтасқандар, ал екінші жағынан, Кеңестер төңірегіне біріккен күштер күресіп келсе, енді елде әскери диктатура орнату мүмкіндігі пайда болды.

Осындай жағдайда 1917 жылғы 12-15 (25-28) тамыз аралығында Мәскеу қаласында өткен мемлекеттік кеңестің мәжілісінде талқыланған басты мәселе осыған байланысты болды: Ресейдегі мемлекеттік билік кімнің қолына көшуі мүмкін - Уақытша үкімет бейнелеп отырған буржуазияның қолына ма, немесе Кеңестердің құзырына ма, әлде әскери диктатураның қолына көше ме? Осы кеңесті шақырудың қарсаңында елдің оңшыл баспасөз көздері елде қатал тәртіп орнату қажет, ондай тәртіпті орнататын бір-ақ адам бар – ол генерал Л.Г. Корнилов деп жар салды. Елдегі ірі байлық иелері – капиталистердің, алпауыт жер иеленушілердің, сауда жүйесі көкжалдарының, Ресей армиясы генералитетінің сойылын соғып, сөзін сөйлеген саяси партиялар мен қозғалыстардың жетекшілері мен оңшыл ақпарат құралдары генерал Корниловтың билікке келуі мемлекетті қирау қарсаңына алып А. Керенский үкіметін де, мемлекеттің саяси тұрақтылығына үлкен зиян келтіріп отырған кеңестердің эсершіл-меньшевикшіл жетекшілерін де ауыздықтай алады деп есептеді. Осының нәтижесінде, деп санады олар, елде “Темірдей тәртіп орнап”, мемлекет күйреуден аман қалады [147, 129 б.; 148, 151 б.].

Мемлекеттік кеңестің мәжілісіне 2500 адам қатысты. Олардың қатарында Мемлекеттік Думаның барлық шақырылымдарының 488 депутаты, кооперация жүйесінің 313 өкілі, сауда-өнеркәсіп және банк құрылымдарынан 150 адам, сол сияқты кәсіподақ, земство, армия мен флот өкілдері, жұмысшы және солдат депутаттары атынан Ресей Орталық атқару комитетінің атынан 120 кісі, Уақытша үкіметтің 15 мүшесі және оның жер-жердегі 33 комиссары қатысты. Мәжілісіне жергілікті жерлердегі Кеңестер мен РСДЖП(б) өкілдері қатынастырылмады. Партиялық белгілері мен саяси көзқарастары жөнінен мәжіліске қатынасқандардың басым көпшілігі кадеттерден және монархисттерден тұрды [147, 129 б.]. Мәжіліске қатынасқан үш саяси бағыттың өкілдері өз пікірлерін ашық жариялады. Мәжілісті ашқан Уақытша үкіметтің

төрағасы А.Ф. Керенский үкіметке қарсылықтың барлық түрін аяусыз басатындығын мәлімдеді. Генералдар Л.Г. Корнилов пен А.М. Каледин, саяси қайраткерлер П.Н. Милуков пен В.В. Шульгинның, т.б. сөздерінде елдегі контрреволюциялық күштердің бағдарламасы жарияланды. Оның басты бағыттары кеңестерді жоюды, жүріп жатқан соғысты жеңіске дейін жеткізуді, армия қатарындағы қандай да болмасын ұйымдарды таратуды, өлім жазасын майдан шебімен қатар тылда да енгізуді, өнеркәсіп орындарында (фабрикалар мен заводта) қатаң тәртіп орнатуды, т.с.с. көздеді. Ресейдегі 11 казак-орыс әскерлерінің атынан сөйлген Дон казак-орыс әскерінің атаманы империяның казак-орыс әскерлері “қолдарындағы қаруымен майдандарда да, ел ішінде де опасыздық пен сатқындыққа қарсы күреседі”- деген сөздерді баса айтты [149, 472 б.]. Бұл пікір Қазақстандағы төрт казак әскерлеріне де тән болды. Н.С. Чхеидзе мен И.Г. Церетели сияқты Петроград Кеңесінің жетекшілері “революциялық демократия” дейтіннің өкілдері буржуазиялық өкімет билігін нығайтуды қолдайтындарын және “сауда мен өнеркәсіп табының өкілдерімен” түсінісуге дайын екендіктерін мәлімдеді [149, 472 б.].

Халықтың басым көпшілігі Л.Г. Корнилов бастаған генералдардың әскери билік орнату жөніндегі талабын үлкен қантөгіске алып келетін зорлық деп ұқты. Халықтың басым көпшілігінің осындай көңіл күйіне большевиктер “май күюмен” болды. Мәскеудегі мемлекеттік мәжіліс аяқталысымен большевиктер “Пролетарий” газетінде арнайы декларация жариялады. Атап айтқанда онда былай делінген еді: “Революция ісіне өлім қатері төніп тұр: помещиктер мен буржуазия жұмысшыларға, солдаттар мен кедей шаруаларға қанды қырғын дайындауда.... Біздің дауысымыз бен қарсылығымыз халық бұқарасына жететіндігіне сенімдіміз, олар біздің пролетариаттың революциялық партиясының төңірегіне топтасуда” [150].

Көп кешікпей, сол кезде Ресей армиясының бас қолбасшысы болған генерал Л.Г. Корнилов қарулы бүлік бастап, 1917 жылғы 25 тамызда батыс майданнан айтарлықтай әскер бөлімдерін Петроградқа қарай бағыттады және Уақытша үкіметтің отставкаға кетуін талап етті. 27 тамызда кадет партиясының мүшесі болған министрлер Корниловты қолдап, өздерінің отставкаға кететінін мәлімдеді, ал А.Ф. Керенский өз кезегінде Корниловты бүлікшіл әскери бөлімдері тиелген эшелондар Петроградқа қарай бағыт алуын естісімен, еңбекшілер Ақпан төңкерісінің жеңістерін қорғау үшін оған қарсы күреске аттанды. Қалыптасқан саяси жағдайды өз мақсаттары үшін шебер пайдалана білген большевиктер 27 тамыз күні Петроградтың жұмысшыларына үндеу арнап, оларды бүлікшілерге қарсы күреске шақырды. Бірнеше күннің ішінде олардың тікелей араласуымен қатарында 15 мыңдай жұмысшылар бар қызыл гвардия жасақтары құрылды.

А. Керенский сөз жүзінде Корнилов бүлігіне қарсы шыққанымен, Уақытша үкімет басшысы ретінде оған қарсы пәрменді қарсылық ұйымдастыра алмады.

Мұндай жағдайда большевиктік үгітшілер қызыл гвардия жасақтары арасындағы жұмыспен шектелмей, Корнилов басқарған әскери бөлімдердегі солдаттар мен казактарға Корнилов бүлігінің ел тағдыры үшін қаншалықты

қауіпті екендігін түсіндіріп, олардың бетін қайтару бағытында айтарлықтай табыстырға жетті.

Нәтижесінде екі-үш күн өтпей жатып Корниловшілдер Петроградқа жетпей тоқтатылды, 31 тамыз күні бүліктің басылғандығы жөнінде ресми түрде жарияланды. Корнилов және оны жақтаған бірнеше жоғарғы шен иелері (генералдар Лукомский, Деникин, Марков, т.б.) тұтқындалды.

Корнилов бүлігін басу барысында большевиктер үлкен саяси беделге ие болды. Елдің орталық аудандары мен шет аймақтарында Кеңестердің большевиктендіру процесі басталды. Мемлекеттегі саяси хал-ахуал күрт өзгерді. Большевиктер “Барлық өкімет Кеңестерге берілсін!” деген ұранды қайтадан көтерді.

Корниловшылықтың күйреуі реакция лагерін әлсіретті. Корниловшылдар буржуазиялық бостандықтардың бейнесі болған Уақытша үкіметке де халықтың басым көпшілігінің революцияшыл-демократиялық органдары болған Кеңестерге де қарсы бағытталып, елде әскери диктатуралық тәртіп орнатуды көздеген еді. Осы бүлікті басуда халық бұқарасының арасында аса үлкен белсенділік көрсеткен большевиктердің ықпалы күннен күнге күшейе түсті, ал бүлік кезінде солқылдақ саясат ұстап, батылсыздық көрсеткен ұсақ буржуазияшыл партияларға (ең алдымен эсерлер мен меньшевиктерге) деген халықтың сенімі айтарлықтай әлсіреді. Сонымен қатар елдегі ресми билікке ие болған Уақытша үкіметтің бүлік кезіндегі дәрменсіздігі оны көпшілік алдындағы беделінен жұрдай етті.

Корниловшылдықты революция мен халыққа қарсы ұйымдастырылған қастандық деп ұққан саяси күштер, ең алдымен РСДЖП-ның солшыл қанаты (бірінші кезекте – большевиктер) Түркістан өлкесінде де шұғыл іс-әрекеттерге барды. Мәселен, РСДЖП-ның Түркістан өлкелік бюросы большевиктердің ұсынысымен 1917 жылғы тамыз айының соңында барлық жұмысшыларға, солдаттарға және өлкенің күллі азаматтарына арналған үндеу жариялады. Онда Корнилов бүлігінің реакциялық мәні әшкереленіп, “буржуазия партиясы – кадеттердің сатқындық әрекеттері” айыпталды. Үндеуде: “Революцияшыл Ресейде барлық өкімет билігі революцияшыл халыққа, ол өзі құрған органдарға - жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңестеріне берілуге тиіс, - делінді [113, 35-36 б.]. Үндеу мынандай сөздермен аяқталды: “Пролетариат партиясы бостандық үшін күрес пен өлімге дайын. Даңқты ерлік тулары желбіреуде! Олар сіздерді, жолдастар, Кеңестер төңірегіне тығыз топтауға шақырады” [151].

РСДЖП бюросының осы үндеуі Сырдария облысының уезд орталықтары мен әскери гарнизондарында орналасқан солдаттар бұқарасы арасында кеңінен таратылды.

1917 жылғы 29 тамызда Перовск жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі Корнилов бүлігі мен Уақытша үкіметті айыптайтын шешім қабылдады. “Орын алған жағдайдан шығудың бірден-бір жолы, - делінді онда, - өкімет билігін өзінің құрамынан социалистік Уақытша үкімет тағайындайтын солдат, жұмысшы және шаруалар Кеңестерінің қолына беру болып табылады, сондықтан да жер-жерлерде барлық билік Кеңестерге көшеді”.

Келесі күні шақырылған кеңес мүшелері мен қалалық горнизон солдаттарының 1500 адам қатынасқан жалпы жиналысы қалалық Кеңестің айтылмыш шешімін қолдады [112, 36 б.].

Перовск жұмысшы және солдат депутаттарының жергілікті ұйымдар өкілдерімен біріккен мәжілісінің қаулысында атап айтқанда былай делінді: “Уақытша үкіметтің соңғы құрамы өмір сүруге қабілетсіз, өйткені оның елде бірде-бірі ұйымдасқан күшпен байланысы жоқ... контрреволюциямен күресуге мүмкіндігі жоқ, себебі оның демократиямен байланысы жоқ” [152, 157 б.].

1917 жылғы 29 тамызда Корнилов бүлігі туралы телеграф хабарын алғаннан кейін Түркістан қаласы жұмысшыларының, гарнизон солдаттарының, Түркістан теміржол станциясы тұрғындарының көп адам қатынасқан митингісі болды. Митинг қабылдаған қарарда Корнилов бүлігі қатаң айыпталды және барша халық революция ісін қорғауға шақырылды [153, 4 п.]. Түркістан қалалық Кеңесі “контрреволюциямен күресу үшін” жауынгерлер (әскери) жасақ (дружина) құрды. Бұл туралы орталыққа хабарлаған Кеңес басшылығы “жауынгерлер жасағының революцияны ішкі және сыртқы жаулардан қорғау үшін әркез дайын тұратындығын мәлімдеді” [19, 197 б.].

Корнилов бүлігін талқандауға байланысты елде өзгерген саяси хал-ахуалдың әсерімен Әулиеата жұмысшы және солдат депутаттар Кеңесі тамыздың соңы мен қыркүйектің басында эсерлер мен меньшевиктердің ықпалынан шығып, өзін еңбекшілердің сайлаған билік органы ретінде сезе бастады. Әулиеата Кеңесі шаруалардың жер үшін күресін қолдап, уезд тұрғындарының аштыққа ұшыраған тұрғындарына көмектесу мақсатында уездің жекелеген өңірлерінде (мәселен, Мерке бөлімінде) байлардың есебінен азық-түлік жинау ісіне тікелей араласа бастады, Уақытша үкімет органдарының осы салалардағы енжарлығын қатты сынға алды. Нәтижесінде оның халық алдындағы беделі өсті. Әулиеата Кеңесі қыркүйек айының басында өз жағына жергілікті гарнизон солдаттарын қаратты [154, 61 п.].

Корнилов бүлігі кезінде және ол басылғаннан кейін осыған ұқсас және сонымен сабақтас оқиғалар Қазалы мен Черняев уездерінде де орын алды.

Уақытша үкіметке қарсы бағытталған қарсылық толқыны өлкенің әскери гарнизондарын түгел қамтыды [152, 154 б.; 158-160 б.]. Мұндай жағдай, атап айтқанда Перовск қаласында уақытша орналасқан екінші және үшінші запас полктарының солдаттары арасында анық көрінді.

1917 жылғы тамыз айының соңғы күні өткен Перовскідегі жұмысшылар мен қалада орналасқан 3-ші запас полкінің большевиктер ұйымдастырған біріккен митингісі полктың қолда бар қару-жарағын, дүние-мүлкі мен киім-кешегін жұмысшыларға беру жөнінде шешім қабылдады [152, 161 б.].

Осы істің басы қасында болған солдат А.Тонконогов (1917 ж. Компартия мүшесі) өзінің 1938 жылы жазған және 50-ші жылдары жарияланған естелігінде осы оқиға туралы былай деп еске алады: “Большевиктердің және жұмысшы, солдат депутаттары Советінің (Кеңесінің-авт.) талап етуі бойынша Сибирьдің 3-ші запас полкінің командирі жұмысшыларды қаруландыру үшін 150 винтовка және бірнеше мың патрон беруге мәжбүр болды. Барлығы большевиктердің қолында 500-ге тарта винтовка, бірнеше мың патрон, бір вагон граната болды...

Қаруланып алғаннан кейін жұмысшылардың өз істеріне сенімі артты” [155, 142 б.].

Өлкедегі ортақ мақсаттары бар жекелеген Кеңестер өз қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін біріге бастады, мәселен, 1917 жылғы 30 тамызда Кеңестердің Ташкенттегі екі өлкелік атқару комитеттері шаруалар (негізінен орыстардан тұратын Кеңесі мен қазақ депутаттарының Кеңесі бірікті). Осының нәтижесінде біріккен басқару органы-Түркістан өлкелік қазақ және шаруалар депутаттарының атқару комитеті құрылды. Осы біріккен атқару комитетінің құрамына қазақ халқының өкілдері Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожанов енді [156, 283 б.]. Елдің көптеген аудандарында, ең алдымен Петроград пен Мәскеудегі жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің құрамында большевиктік ұрандар мен үндеулерді қолдайтын адамдар саны көбейді. Сондықтан да 31 тамызда Петроград Кеңесі барлық билік Кеңестерге көшсін деген большевиктік шешім қабылдаса, 15 қыркүйекте осындай қарарды Мәскеу жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі қабылдады. Мемлекеттің осы екі астаналық қалалары Кеңестерінің үлгісімен 1917 жылдың күзіне қарай оның ұлт аймақтарындағы Кеңестер де большевиктер жағына шыға бастады. Бүкіл елде жұмысшылардың ереуілдері жаңа қарқын алды, көптеген фабрикалар мен заводтарда, тау-кен кәсіптерінде жұмысшы бақылауы орнатылды, шаруалардың помещиктік жер иеленушілікке қарсы күресі өрістеді, жекелеген қалалар мен ірі темір жол бекеттерінде қызыл гвардия жасақтары құрылды. Осының барлығы елде революциялық дағдарыстың пісіп жетілгенін көрсетті. Осындай жағдайда В.И. Ленин басқарған большевиктер партиясының жұмысшылар мен негізінен солдат шинелін киген шаруалар өкілдерінен тұратын қару-жарақ асынған бұқара арасындағы ықпалы мен жетекшілік рөлі арта түсті. Бұл құбылыс, жекелеген ерекшеліктеріне қарамастан, Түркістан өлкесінің Сырдария облысына да тән болды. Мұнда жергілікті большевиктердің Түркістан әскери округінің Перовск, Черняев, Әулиеата, Қазалы, Түркістан, т.б. гарнизондары солдаттары мен Орынбор-Ташкент теміржолы бойындағы станциялар жұмысшыларының арасында айтарлықтай күшті болды.

Кеңестерді большевиктендіру Перовск, Әулиеата, Черняев, т.б. уездерді кеңінен қамтыды. 1917 жылдың жазының соңы мен күзінің басында Сырдария облысының жағдайы бұрынғыдан да шиеленісе түсті. Өлкеде орын алған саяси дағдарысқа шаруашылық күйзеліс келіп қосылды. Өлкені жұмыссыздық, қымбатшылық пен азық-түлік тапшылығы жайлады, ашаршылық қаупі төнді [157]. Тамыз айының соңында Орынбор азық-түлік комитеті “Түркістаннан телеграмма алғандығын, ал онда азық-түлік болмағандықтан нағыз ашаршылық басталғандығын хабарлап, ондағы жағдайдың адам төзгісіз екендігін мәлімдеді [158, 33 б.].

Азық-түлік тапшылығы салдарынан облыс қалаларында жұмысшылардың, солдаттардың, жергілікті ұлт өкілдерінің толқулары мен билік жүйесіне деген қарсылықтары күшейді [138, 163 б.].

Шаруалардың жер мен су үшін күресі жаңа серпінге ие болды. 1917 жылғы 5 қыркүйекте Сырдария облысының комиссары округтік сотқа мынадай мәлімдеме жолдады. “Жер мен су көздерін тартып алу жалғасуда, ешкім ешбір

заң мен қарарға бағынбайтын болды, сот үкімдері орындалмайды, жалпы алғанда барлық жерде анархия үстемдік етуде” [159, 23 б.].

Күн өткен сайын халықтың Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне сенімі азайып, оның саясатына наразылық білдіру күшейе түсті. Большевиктердің ықпалында болған өлкенің жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері халықты өз жағына көбірек тарту үшін Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның облыстық және уездік деңгейлердегі мекемелерін ашаршылық қаупімен нақтылы күрес жүргізбей отырғандығын қатты айыптады. Түркістан комитетінің аштықпен күресуі ешбір жауапсыз қалған Петроградқа бірнеше телеграммамен шектелгені айтылды.

Күн сайын күшейе бастаған жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне енді менсінбей қарап, оны мемлекеттік билік органы деп мойындаудан қалды. Ешкімге бағынуды қойған, өз қызметінде озбырлық пен дөрекілікке жол берген Кеңестер “революция мақсаты” деген желеуді жамылып, қарапайым халықты бұрынғыдан бетер жәбірлеуге кірісті. Бұл жөнінде Мұстафа Шоқай “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” атты еңбегінде Қазалы уезі ауылдарының мысалында мынандай мәліметтер келтіреді: “... зорлық-зомбылық күннен күнге үдеп барады. Қарулы жұмысшылар мен солдаттар ауылдарға келіп, бүкіл ауылды қоршап, үйлерді тінтіп, “революциямен оның құрбандарының пайдасына деп халықтан қыруар ақша алып... жақсы ат, қымбат кілем, тон, алтын-күміс дүниелер көрсе, алып кетеді. Әйелдерді зорлау оқиғалары да аз емес. Жұмысшы-солдат депутаттарының Кеңестері мен оның кейбір мүшелерінің талаптарын орындауға біреу сәл ғана қарсылық жасаса, бүкіл ауыл жазаға тартылуда, елдің зәресі қалмады. Ауданда аштық басталды, бізге астық берілмейді” [5, 139-140 б.].

Бұл үзіндіні өз еңбегінде М. Шоқай Қазалы өңірі қазақтарының Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің атына 1917 жылдың күзінде жазған арызынан келтірген. М. Шоқайдың айтуынша мұндай жағдайлар сол кезде Сырдария облысына жаппай тән болған. М. Шоқайдың айтуынша, Сырдария облысының Кеңестері ашаршылық қаупі төнген өлкеге көмек үшін келген және “теміржолмен тасылған бидай, тары, арпа, күріш – бәрін де орыстарға беру үшін ол жүк теміржол станциялары мен қалаларда сақталған...” [5, 140 б.].

Жергілікті Кеңестерді негізінен құраған “орыс жұмысшысы, әсіресе солдаты, - деп сабақтайды өз естелігін Мұстафа Шоқай одан әрі, - “революция заңы” дегенде өзінің ешқандай шектелмеген хұқы бар екенін, ойына келгенін істеуге ерікті екенін айтатын. Талан-тараж бен талай зорлық-зомбылықтың бәрін Түркістан жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестері “революция заңымен” ақтайтын” [5, 141 б.]. Бұл пікірін М. Шоқай Перовск жұмысшы-солдат теміржол жұмысшысы Агаповтың іс-әрекеті арқылы дәлелдеген [5, 141-147 б.]. Сонымен, 1917 жылғы күздің басында Түркістандағы саяси күрестің шиеленісуі Уақытша үкіметтің өлкелік комитеті мен осындағы жұмысшы-солдат депутаттары арасындағы текетірестен айқын көрінді. Орталықтағы, ең алдымен Петроград және Мәскеу Кеңестерінің үлгісімен Ташкенттегі Перовскідегі, Черняевтағы, Сырдария облысының басқа қалалары мен теміржол бойындағы

елді мекендердегі Кеңестер өкіметті тұтастай өз қолдарына алу үшін ашық күрес жүргізіп, заңсыз әрекеттерге барды. Осындай жағдайда 1917 жылғы 7-11 қыркүйекте Ташкентте “Шуро-и-Ислам” партиясының бастауымен өткен екінші өлкелік мұсылмандар съезі жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестерінің өкіметті өз қолдарына алмақ болған әрекеттеріне қарсы шықты. Съезге қатынасушылар жұмысшы-солдат депутаттарының Кеңестері өлкені мекендеген халықтардың азғантай ғана бөлігінің еркін білдіретіндігін баса көрсетіп, өлкелік үкімет оны мекендеген халықтардың өкілдері қатынасатын коалициялық принципте құрылуы қажет деп тапты. Өлкелік үкіметтің мәні туралы шешімде: “Екінші Түркістан өлкелік жалпымұсылмандық съезд өкіметті жұмысшы және шаруалар депутаттары Кеңестерінің қолына беруге қарсылық білдіреді. Өкімет коалициялық, елдің барлық күштеріне сүйенген, яғни бүкілхалықтық болуға тиіс”, – делінді [160]. Осы басты принципті нақтылай түскен съездің қосымша құжаттарында “Шуро-и-Ислам” төңірегіне біріккен Түркістандық ұлттық демократиялық күштер маңызды саяси талаптар жүйесін анықтады. Олар негізінен мынаған саяды: Мұсылмандар (яғни Түркістанды мекендеген түпкілікті халықтардың өкілдері – З.Т.) өлкелік үкіметке оның саясаты демократиялық принциптерге негізделген және өлкені тұрғындарының басым көпшілігінің мүдделерін есепке алған жағдайында ғана мүше бола алады; Түркістан тұрғындары үшін халықтың өзін-өзі билеу құқы басымдылық (приоритетный) болып саналады; өлкелік мұсылмандар Кеңесі мұсылмандар атынан әрекет жасайтын және солардың мүдделерін қорғайтын жалпы мұсылмандық заңды орган болып табылады [62, 47 б.].

Алайда осы талаптар негізіндегі іс-әрекеттер 1917 жылғы 12 қыркүйекте Ташкентте басталған айтулы оқиғаларға байланысты басталмай жатып аяқсыз қалды. Сол күннің қарсаңында большевиктердің ықпалымен және халық бұқарасының Уақытша үкіметтің Түркістандық комитетіне қарсы бағытталған жаппай наразылығына байланысты Ташкент қалалық Кеңесінің атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісі 12 қыркүйекте “Бүкіл өкімет Кеңестерге берілсін!” – деген ұран астында қалада бұқаралық митинг ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады.

Митинг белгіленген күні Ташкенттегі Александров бағында өтіп, онда алдымен талқылауға шаруашылық күйзеліспен күресу мәселесі ұсынылды. Митингке 6 мыңнан астам адам: теміржол жұмысшылары, қаланың өнеркәсіп орындарының еңбекшілері, 1,2-і сібірлік запас полкының солдаттары, ескі және жаңа қаланың тұрғындары қатысты. Митинг большевиктер ұсынған төменгі тармақтардан тұратын революциялық шешім қабылдады:

- 1) капиталистердің дүние-мүліктері мен олардың қолындағы күнделікті тұрмысқа қажет керек-жарақтарды дереу тартып алу (реквизициялау);
- 2) өндіріс пен өнімді бөлуге жұмысшы бақылауын орнату;
- 3) мемлекеттік мәні бар банк мекемелерін национализациялау (мемлекеттік меншікке айналдыру);
- 4) қала мен ауыл-село арасында шаруалар өнеркәсіп өнімдерін, ал қала тұрғындары азық-түлік алып тұруларына мүмкіндіктер туғызатын дұрыс қарым-қатынастар орнату;

5) барлық жерлерді ешбір кедергісіз және тегін шаруалардың қолына өтуін қамтамасыз ету;

6) кеңес пен кәсіподақтың рұқсатынсыз заводтар мен фабрикаларды жабуға болмайтыны туралы заң шығару;

7) жұмыссыздарды кәсіп иелерінің есебінен қамсыздандыру жөнінде дереу заң жариялау;

8) жоғарыда айтылған талаптардың орындалуына мүмкіндік жасау үшін өкіметті толығымен жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңесінің қолына беру;

9) Ташкентте революциялық демократияның барлық органдарының өкілдерінен тұратын революциялық комитет құру қажет. Ол ертеңгі күннен бастап бар билікті өз қолына алуға және барлық өнім түрлерін есепке алып, оларды бөлуге бақылау орнату қажет [113, 134 б.].

Митинг осымен қатар Кеңестердің өлкелік атқару комитетін буржуазиялық партиялармен қарым-қатынасты келісімпаздық саясат ұстағаны және жұмысшылар мен солдаттар мүддені қорғауда енжарлық көрсеткені үшін айыптап, оның құрамын қайта сайлау үшін өлкелік кеңестер съезін шақыруды талап етті.

Митингке қатысушылар 14 адамнан тұратын революциялық комитет құрамын сайлады. Олардың қатарында 5 солшыл эсерлердің өкілдері, 4 большевик, 2 меньшевик-интернационалист, 2 анархист, 1 максималист болды [62, 51 б.].

Ревком мүшесі тек қана “еуропалықтардан” тұрды, оның құрамына жергілікті (түпкілікті) халықтардан бір адам да сайланған жоқ.

Сонымен әуел баста шаруашылық күйзеліс пен азық-түлік мәселесін талқылау үшін шақырылған митинг большевиктердің және оларды жақтайтын басқа да солшыл күштердің ықпалымен саяси мәнге ие болды. Ташкенттегі оқиғалар қарама-қайшылықты жағдайда шапшаң қарқынмен өріс алды. Енді әртүрлі ұйымдар мен әлеуметтік топтар бірінші кезекке өкімет туралы мәселені қойды. Ресми өкімет органдары (ең алдымен уақытша үкіметтің Түркістан комитеті) әуел кезде іс жүзінде өлке орталықтарындағы билік тізгінінен айырылып қалды.

Митинг аяқталысымен оған қатынасқан теміржол жұмысшылары қызыл гвардия жасақтарын ұйымдастыру туралы мәселе көтерді. Сол күні Ташкент Кеңесінің атқару комитеті қайтадан сайланды. Оны солшыл эсер полковник Н.И. Черновский басқарды. Ал митингте сайланған революциялық комитет өз кезегінде Түркістан әскери округінің командашысы генерал Черкесті қызметінен тайдырып, оның орнына эсер поручик Е.Л. Перфильевті тағайындады, прапорщиктер мектебі таратылды [62, 184 б.].

13 қыркүйекте ескі қаладағы шейхантауыр мешітінің жанында 15 мыңдай адам қатысқан тағы бір митинг өтті. Жергілікті тұрғындардың шақыруымен оған қалалық Кеңестің атқару комитеті мен революциялық комитеттің мүшелері қатынасты. Олар тұрғылықты халықтардың өкілдеріне 12 қыркүйектен бері Ташкентте орын алған оқиғалар жөнінде түсінік беріп, осы оқиғалар туралы жау элементтердің таратып жатқан жалақорлық өсек-аяңын

әшкереледі. Митингке қатынасушы ескі қала тұрғындары Ташкент қалалық Кеңесінің атқару комитеті мен ревком мүшелеріне сенім білдірді [18, 184 б.].

13 қыркүйекте Ташкентте өкімет іс жүзінде қалалық Кеңестің қолына көшті, болған оқиға туралы телеграф арқылы өлкенің барлық Кеңестеріне хабар берілді.

Ташкент қалалық Кеңесінің атқару комитетінің негізінен солшыл эсерлер мен большевиктерден тұратын жаңа құрамы сайланды.

Өрши түскен саяси текетірестердің бір жағында солшыл эсерлер мен большевиктер ықпалында болған Ташкент қалалық жұмысшы және солдат депутаттар Кеңесі, екінші жағында Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның шылауына айналған Кеңестердің өлкелік атқару комитеті болды, ал М. Шоқай басқарған өлкелік мұсылман комитеті мен қазақ депутаттарының Кеңесі У. Ходжаев жетекшілік еткен өлкелік мұсылмандық Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне қолдау көрсетті. 19 қыркүйек күні Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанынан өлкелік ұйымдардың - өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің, өлкелік шаруалар депутаттары Кеңесінің, өлкелік қазақ-қырғыз депутаттары Кеңесінің, өлкелік жалпымұсылман Кеңесінің өкілдерінен Уақытша мәжіліс (временное совещание) аталған іс жүзінде консультативтік мекеме құрылды. Осы “мәжілісті құрудағы мақсат, - денінде соған арналған ресми құжатта, өлкеде қалыптасқан төтенше жағдайда заңды тәртіпті сақтау және қаупі төніп тұрған азамат соғысын болдырмау” [156].

1917 жылғы қыркүйекте Ташкенттен Скоблев қаласына көшіп барған жұмысшы-солдат депутаттарының өлкелік Кеңесінің атқару комитеті жергілікті Кеңестерге телеграммалар жолдап, оларды Ташкент Кеңесінің жаңа атқару комитеті және революциялық комитетке бағынбауға, ал поручик Перфильевтің бұйрықтарын орындамауға шақырды.

Сонымен қатар күн сайын бел алып бара жатқан Ташкент қалалық Кеңесіне қарсы күштер Уақытша үкіметтің басшысы Керенскийден Ташкент қаласы мен Түркістан өлкесінде тәртіп орнату үшін жақсы қаруланған жазалаушы экспедиция ұйымдастыруды өтінді. Жазалаушы экспедиция ұйымдастырылатыны туралы хабар жетісімен 20 қыркүйекте Ташкент жұмысшыларының жаппай ереуілі басталды. Оны өлкенің басқа аудандарындағы жұмысшылар да қолдады.

Уақытша үкімет Түркістан округының командашысы және өзінің Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Бас комиссары етіп генерал П.А. Коровиченконы тағайындады. Генерал П.А. Коровиченко судай қаруланған жазалаушы экспедицияны басқарып 24 қыркүйекте Ташкентке келді. Ол 26 қыркүйекте арнаулы бұйрық шығарып “бүлікшілдерге қарсы қатал жазалар қолданатынын ескертіп, олардың соңынан ерген әскери бөлімдерден дереу қаруларын өткізуді және олардың жауынгерлерін әскери қызметтен кетулерін (демобилизациялауларын) талап етті” [62, 53 б.]. Осылай аяқталған қыркүйектегі Ташкент оқиғалары өлкедегі негізінен орыс халқының өкілдерінен тұратын қоғамдық-саяси күштер арасындағы жіктелудің айқын көрінісі болды. Бұл оқиғалардың барысында большевиктер мен оларды жақтаушылар (солшыл эсерлер, меньшевик-интернационалистер) айтарлықтай

ықпал еткен Ташкент қалалық жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесі Түркістан өлкесінде 1917 жылдың күзіне қарай әбден шиеленіскен қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді таптық күрес, революциялық төңкеріс жолымен шешуге бет алғанын көрсетсе, оларға қарсы тұрған либералдық-демократиялық күштер айтылмыш мәселелерді шешу ісінде қабілетсіздік, енжарлық танытты.

Жоғарыда айтылған күштер өздерінің іс-әрекеттерінде Түркістанды мекендеген және өлке тұрғындарының басым көпшілігін құрайтын түпкілікті халықтарға байланысты ұлттық мәселелерді нақтылы шешуді былай қойғанда, оларды талқылауға да құлықсыз екендіктерін көрсетті.

Осындай жағдайда Түркістандағы ұлттық қозғалысты бейнелейтін ұйымдар мен партиялар (“Шуро-и-ислам”, “Шуро-и-улема”, өлкелік мұсылмандар кеңесі, т.с.с.) олардың бағдарламалық тұжырымындағы кейбір айырмашылықтарына қарамастан, түбірлі мәселелерді табысты шешу үшін әрекет бірлігі керек екендігін түсіне бастады.

Бұл жағдай 1917 жылғы қыркүйекте Ташкентте өткен “Түркістандық және қазақстандық мұсылмандардың съезі” аталған басқосуда бүкіл Түркістан мен Қазақстанға ортақ “Иттифаки-и-муслимин” (Мұсылман одағын) партиясын құру әрекетінен айқын көрінді. “Мұсылман одағы” партиясы оның инициаторларының (ең алдымен”, “Шуро-и-улеманың” Сералы Лапин сияқты жетекшілерінің) пікірінше Түркістан өлкесінде 1917-ші Ақпан төңкерісінен кейін пайда болған “Шуро-и-ислам”, “Тұран”, т.б. соларға жақын партиялар мен саяси ұйымдарға біріктіру негізінде құрылуға тиіс еді. Алайда әртүрлі объективті және субъективті себептерден (бірігуге тиісті партиялар жетекшіліктерінің ала ауыздығы, қазан айында күшейген большевиктердің өкімет үшін күресі, Қазан революциясының жеңіске жетуі т.с.с.) бұл іс аяқсыз қалды. Мұның да үстіне қазақтың ұлттық-демократиялық “Алаш” партиясының серкелері айтылмыш “Мұсылман одағы” партиясын құруға іштей қарсылық білдірді.

Солай болғанына қарамастан съез қабылдаған Түркістанның келешектегі саяси құрылысы туралы қабылданған шешімінде демократиялық Ресей федеративтік республикасының құрамында Түркістан халықтарының “Түркістан федеративтік республикасы” атанған автономия құру идеясы ұсынылды және ол парламенттік республика болған жоқ делінді [62, 56 б.]. Қалай болғанда да бұл идеяның кейінірек, 1917 жылдың қарашасында “Түркістан (“Қоқан”) автономиясын құруға түрткі болғаны белгілі.

Түркістандағы саяси күштер мен саяси ұйымдар қыркүйектегі Ташкент оқиғаларына немқұрайды қараған жоқ. Ол оқиғаларға берілген бағалар да әртүрлі болды. Оның біреулері Ташкент оқиғалары заңды өкіметті құлатуға бағытталған озбырлық әрекет десе, екіншілері халықтың басым көпшілігінің түпкі мақсаттарына жауап беруге ұмтылыс деп бағалады.

Қалай болғанда да ол оқиғалар өлкенің қоғамдық-саяси өмірінде өз ізін қалдырды.

Бұл оқиғалар өлкедегі жан-жақты дағдарыстың тереңдей түскендігін, Кеңес өкіметі үшін күрестің күшейгендігін дәлелдеді. Черняев, Әулиеата,

Перовск, т.б. облыс қалаларының еңбекшілері революцияшыл Ташкентке қолдау көрсетті. 1917 жылғы 13 қыркүйек күні большевик Н. Морозов басқарған Черняев кеңесі Ташкенттегі революциялық комитеттің атына жолдаған телеграммасында “бүкіл өкімет билігінің революциялық демократияның нағыз өкілдерінің қолына көшуімен құттықтады” [113, 135 б.]. Ташкент жұмысшыларына жан-жақты қолдау көрсеткен Әулиеата Кеңесі Ташкент қалалық Кеңесі басқарған “революцияшыл бұқараның іс-әрекетіне сенім білдіретінін” хабарлап, әскери округтің қолбасшысын қызметтен босатқандықтарына түсіністікпен қарайтындығын білдірді [161, 5 п.]. Сырдарья облысының Атқару комитеті (Уақытша үкіметтің облыстық органы) Ташкент оқиғасы күндері Әулиеата гарнизоны солдаттарының “басқа әскери бөлімдердің жауынгерлеріне Ташкент гарнизоны солдаттарынан үлгі алуға шақырып, қала тұрғындарын азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылыққа байланысты бүлікке шақырғанына үлкен алаңдаушылық білдірген” [31, 894 б.]. 1917 жылғы 16 қыркүйекте Ташкенттегі оқиғалар туралы мәселені екінші рет талқылай келіп, Әулиеата Кеңесі өзінің өкілі С.К. Хмелевскийді Ташкентке аттандырып, “оған болып жатқан оқиғаларды өз көзімен көруді және олар жөнінде шындық хабарды Кеңеске баяндап беруді” тапсырды. Сонымен қатар оған Ташкенттен Әулиеата уезі үшін азық-түлік жөнелту тапсырылды. С.К. Хмелевский Ташкентте болған кезінде ондағы большевиктермен тығыз байланыс орнатып, өзінің большевиктер партиясына өткенін ресми түрде реттеді [43, 25 б.]. Осы кезден бастап Әулиеата Кеңесі большевиктер жағына шықты. Оның жекелеген мүшелері РСДЖ(б)П-ның қатарына өтіп, халық бұқарасының арасында белсенді революцияшыл үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді [42, 322 б.]. Өзінің нақтылы қызметінде Әулиеата Кеңесі Ташкент Кеңесі мен өлкелік ревкомның кейбір шараларын уез бен қала көлемінде қайталады. Мәселен, 1917 жылғы 25 қыркүйектегі мәжілісте С.К. Хмелевскийдің Ташкенттен келгеніне дейін Әулиеата қалалық Кеңесі Ташкент қалалық Кеңесі мен революциялық комитеттің үлгісімен уезд комиссары Астафьевты қызметінен алып, оның міндетін атқаруды комиссариат мүшесі Субботинге тапсырды. Сол күнгі мәжілістің шешімімен Әулиеата Кеңесі алыпсатарлықпен күресу мақсатында сауда нүктелері мен азық-түлік комитеті қоймаларының товар бөлуіне бақылау орнатты [162, 246 п.].

Қыркүйек айының соңына қарай Әулиеата Кеңесі қала мен уезді басқарудың міндеттерінің айтарлықтай бөлігін өз қолына шоғырландырды. Ал мұның өзі Кеңестің қолына барлық биліктің көшуінің қажетті алғышарттарын жасады. Әулиеатадағы айтылмыш оқиғалар Түркістан өлкесіндегі (бүкіл өлкедегі сияқты) революциялық дағдарыстың шырқау шегіне жақындағанының көрінісі, әрі оның құрамдас бөлігі болды. Сонымен, 1917 жылғы қазан айында Әулиеата өңірінде өкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына бейбіт түрде көшу мүмкіндігі қалыптасты. 1917 жылғы қазан айының басында Әулиеата жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінде алты адамнан большевиктік фракция құрылды, көп кешікпей оның мүшелерінің саны 16-ға жетті, ал олардың бесеуі түпкілікті халық өкілдері болды [163, 21 п.].

Ташкенттегі қыркүйек оқиғалары кезінде Черняев гарнизонының солдаттары революцияшыл ташкенттіктер жағында болды. Ташкенттегі революциялық комитеттің атына жолданған олардың телеграммасында: “Жұмысшы және солдат Кеңестерінің қолына өкіметтің өткенімен құттықтаймыз, әскерлердің (Түркістан округіндегі – З.Т.) қолбасшысы болып поручик Порфильевтің сайланғанын қолдаймыз, революциялық-республикалық армия мен демократиялық ұйымдардың игілігі үшін атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз [164, 21 п.]. Гарнизон солдаттары Ташкентке өз өкілі ретінде майдангер-солдат Ковалевті іс-сапарға жіберді. Оған сол кезде офицерлер таратып жүрген “авантюристердің азғантай тобы Ташкентте өкімет билігі үшін” күресуде деген қауесеттің қаншалықты шындыққа жанасатынын анықтау тапсырылды. Бірнеше күннен соң Ковалевтан Ташкенттегі оқиғалар жөнінде Черняевке хат келді. Онда хат жолдаушы Ташкентте өкіметті қолына алмақ болғандар бас бұзар “банда емес, оған барлық жұмысшылар ұмтылуда” деп баяндаған [159, 25 б.]. Сол күні өткен гарнизон солдаттарының жиналысында Ковалевтың Ташкент оқиғалары туралы хаты оқылды. Жиналыс Ташкентте өкіметтің жұмысшылар мен солдаттардың қолына өтуін қолдаған қарар қабылдады.

Қазалы Кеңесі де Ташкент Кеңесіне қолдан келген көмегін жасап, оған демеу көрсетті. Атап айтқанда Қазалы Кеңесінің тікелей араласуымен 14 қыркүйекке белгіленген Ташкент жұмысшыларының ереуілін басуға арналған қазан әскерінің жүздігінің (сотня) Ташкентке жүрмек болған жоспары орындалмай қалды [165, 289 п.].

Генерал Коровиченконың жазалаушы экспедициясының ойлаған ісін жүзеге асыруға Перовскі мен Қазалы теміржолшылары айтарлықтай кедергі жасады.

Кеңестердің өлкелік келісімпаз атқару комитеті осыған орай Коровиченкоға жолдаған телеграммасында “Перовскінің 1000 адамға жуық тұрғындары Ташкентті қолдап, теміржолды істен шығарған”, - деп хабарлап шарасыздық білдірген [166, 119 п.]. Шындығында да Перовск Кеңесінің ықпалымен жергілікті теміржол жұмысшылары генерал Коровиченконың жазалаушы экспедициясына жан-жақты қарсылық көрсеткен. Осы мақсатпен, жоғарыда айтылғандай, теміржол істен шығарылған, Ташкенттегі жұмысшылар ереуілін басу үшін дайындалған қару-жарақ тиеген екі вагон поездан ағытылып тасталған.

Қыркүйек оқиғаларына байланысты келтірілген тарихи мәліметтер революциялық Ташкентті бірінші кезекте теміржол жұмысшылары, жергілікті гарнизон солдаттары және қала тұрғындары қолдағандығын айқындайды. Ал облыс тұрғындарының жоғарыда айтылған әлеуметтік топтары негізінен орыс халқының өкілдерінен тұрғандығын ескерсек, большевиктер ұйымдастырған айтылмыш оқиғаларға қазақтардың, т.б. өлкенің байырғы тұрғындарының енжарлықпен қарағандығын көру қиын емес. Дей тұрғанмен, түпкілікті халықтардың жекелеген өкілдері Ташкент оқиғаларына қатынасқаны шындық, сол сияқты жер-жерлерде де ташкенттіктерді солар тарапынан қолдаушылар да болды.

Қалай болғанда да, Ташкенттегі қыркүйек оқиғалары Кеңестердің толық жеңісіне қол жеткізбегеніне қарамастан, олар жоғарыда айтылған облыс тұрғындарының әлеуметтік топтарына революцияландырушылық мәнде әсер етіп, қоғамның әлеуметтік езгінің ауыртпашылығын барынша бастан кешкен, кедейленген топтарының большевиктер жағына шыға бастағанының дәлелі болды.

Сонымен, 1917 жылғы қыркүйектің соңы - қазанның бас кезіне қарай Сырдария облысында бір-біріне ашық қарама-қарсы тұрған екі саяси күштер тобы (екі лагерь) қалыптасты: бір жағында отаршыл және жергілікті компродарлық буржуазия, контрреволюцияшыл офицерлер қауымдастығы, казак-орыс әскерлерінің монархисшіл атамандық-билеуші тобы және осылардың сөзін сөйлеп, сойылын соғатын саяси партиялар мен ұйымдар. Бұл топты революция жеңіске жете қалғанда малы мен дүние-мүлкінен айырылып қалуынан қорыққан ауыл мен қыстақтардың ауқатты, бай адамдардың айтарлықтай бөлігі қолдады. Осы топқа қыркүйек оқиғалары барысында және одан кейінгі уақытта большевиктер төңірегіне біріккен күштер қарсы тұрды. Оның қатарында қалалар мен темір жол бекеттерінде тұратын жұмысшылар, қала мен ауылдың кедейлерлерінің өкілдері, қалалық гарнизондарға орналасқан солдаттар қауымы болды.

Қыркүйек оқиғалары барысында халықтың айтарлықтай бөлігін қамтыған революциялық өрлеу 30 қыркүйек - 10 қазан аралығында Ташкент қаласында өткен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің екінші өлкелік төтенше съезінде өз көрінісін тапты. Съезге Түркістан өлкесінің барлық облыстарынан (оның қатарында Сырдария облысы да бар) келген 97 делегат қатысты. Съезде қаралған басты мәселелер Ташкент оқиғалары мен өлкелік өкіметті құруға байланысты болды. Съездің оңшыл эсерлерлер мен меньшевиктерден тұратын делегаттары қыркүйек оқиғалары үшін революциялық комитетті айыптайтын және генерал Коровиченко құрған тергеу комиссиясының қызметін талқылауды талап еткен қарар жобасын ұсынды. Большевиктер мен оны жақтаушылар келісімпаздарға қарсы шығып, оларды жұмысшылардың мүдделерін сатқандар деп айыптады. Өкімет туралы мәселе бойынша эсерлер мен меньшевиктер Уақытша үкіметке сенім білдіру жөніндегі қарарды өткізуге тырысса, большевиктер өкімет билігін Кеңестерге беруді талап етті.

Айтылған ұсыныстарды талқылауда таразы басы большевиктер жағына ауды. Осындай жағдайда меньшевиктер мен оңшыл эсерлер съезді тастап кетті. Съездің сол қанатын бейнелейтін қалған 51 делегат өздерін конференция деп жариялап, барлық жергілікті кеңестерге жаңа өлкелік Кеңесті құру үшін өз өкілдерін жіберуді ұсынды [18, 193-194 б.].

Съездегі әртүрлі саяси ағымдар арасындағы күрес оның барысында келісімпаз партиялар өкілдерінің съезді тастап кетуі, олардың халық сенімінен айырылып, солшыл саяси күштердің (большевиктер, солшыл эсерлер) керісінше өз ықпалдарын күшейте түскендігін көрсетті.

Большевиктердің еңбекші бұқарасына жасаған ықпалы күн өткен сайын үздіксіз өсе берді. Елдің басқа өңірлеріндегі сияқты, Сырдария облысында да,

көптеген жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің басшылығына большевиктер немесе оларды жақтаушылар келе бастады.

1917 жылғы қазан айының басында революциялық қозғалыс облыс орталығы Ташкент қаласында күшті қарқын алды. Қалада жұмысшылар мен солдаттардың Уақытша үкіметке сенімсіздік білдіруі жөнінде қарарлар қабылдаған көптеген митинглері өтіп жатты. 11 қазан күні болған Ортаазиялық теміржолдың бас шеберханасының жұмысшылары Кеңестердің екінші өлкелік съезіне қатынасып келген большевик А. Першиннің баяндамасын тыңдағаннан кейін съездегі оңшыл эсерлердің арандатушылығын ұйымдастырған, олардың жетекшісі Чайкиннің әрекетін айыптап, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің шешімімен жабылған “Наша газетаның” қайтадан дереу шығарылуын талап етті. “Бұл талаптарымыз орындалмаған жағдайда, - делінді жиналыс қарарында, - біздер, жұмысшылар мен ұсталар (мастеровые) еркін, революцияшыл баспасөзге көрсетілген зорлыққа батыл қарсы шығамыз; өмірде болып жатқан маңызды оқиғаларға байланысты шындықты біздер еркін жұмысшы баспасөзі арқылы естіп, білгіміз келеді” [167, 88 п.].

Осымен мазмұнды қарар 12 қазан күні өткен Ташкент теміржолының Бородиндік шеберханасы жұмысшыларының атынан да қабылданды. Мұндағы жұмысшылар жиналысында Кеңестердің екінші өлкелік съезіне қатынасушы большевик Н.Шумилов есеп берді. Осы бас қосуда Кеңестердің екінші өлкелік съезіндегі большевиктердің позициясын қолдаған және оларға қарсы пікірде болған келісімпаздар әрекеттерін айыптады.

Сырдария облысының, бүкіл Түркістан өлкесінің большевиктері партияның VI съезінің шешімдеріне сәйкес буржуазияшыл өкімет билігін құлатып, Кеңес өкіметін орнату үшін жан-жақты дайындықтар жүргізді.

1917 жылғы 13 қазанда Ташкент Кеңесі аса маңызды қарар қабылдады. Онда бұдан былайғы кезде барлық әскери бөлімдер, полктар мен рота командирлері “әскери бөлімдердің және гарнизондардың таратылатын топтарын бір жерден екінші жерге ауыстыру үшін жергілікті Кеңестердің атқару комитетінің рұқсатын алу міндеттелді” [138, 190 б.]. Ал 16 қазан күні большевик А. Першиннің жетекшілігімен Ташкент гарнизонының полк, рота командирлерінің жиналысы Ташкент Кеңесінің жоғарыда айтылған 13 қазандағы шешіміне қосылатындықтарын мәлімдеп, Ташкенттің революцияшыл гарнизонын Кеңестің “ұйымдасқан демократияның билігін” орнату үшін жүргізіп жатқан күресін қолдауға шақырды [93, 186 б.].

Ташкент Кеңесінің 13 қазандағы шешіміне сәйкес енді Түркістан округінің Уақытша үкіметті жақтайтын басшыларының өз білгенінше өлке орталығынан революцияшыл әскери бөлімдерді шығаруға, сол сияқты оған Уақытша үкіметке берілген бөлімдерді алып келуге шамалары келмей қалды.

18 қазанда кәсіподақтар мен әскери бөлімдердің өкілдері қатынасқан Ташкент қалалық Кеңесінің кеңейтілген мәжілісі соғысты тоқтатуды, тұтқындалған революционерлерді босатуды, барлық жерлерді жер комитеттеріне беруді, жасырын дипломатияны жоюды талап еткен большевиктер ұсынған шешім жобасын қабылдады. Бұл шешімді қолдап 89 кеңес мүшесі дауыс берді, 4-ақ адам қарсы дауыс беріп, 6 кісі қалыс қалды. Ал

мұның өзі Ташкент қалалық Кеңесі түгелге дерлік большевиктердің соңынан ергендігін көрсетті [138, 192 б.].

23 қазанда “Ташсам” фабрикасы мен “Гольберг” заводының жұмысшылары бірлескен шешім қабылдап, онда: “1) барлық өкімет билігін жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестеріне беруді; 2) шет елдік жаумен келісімге келіп, соғысты тоқтатуды; 3) жерді шаруларға тегін беруді” талап етті” Жұмысшылар “Ресейде төңкерістен кейін (Ақпан төңкерісін айтып отыр – З.Т.) революцияшыл халыққа пайдасы тиетін бір де қадам жасамаған Уақытша үкіметке сенімсіздік білдірді [138, 172 б.].

Осымен мазмұнды қарарлар 1-ші және 2-ші сібірлік атқыштар полктары жауынгерлерінің, сол сияқты Черняев пен Перовск гарнизондары солдаттарының жиналыстарында да қабылданды [138, 151 б.; 177 б.; 181 б.; 184 б.; 188-190 б.].

Қорыта келгенде, Түркістандағы азаматтық қарама-қарсылықтың шиеленісуі мен “төмендегілердің” мемлекеттік билікті өз қолында ұстап тұрған “жоғарыдағыларға” наразылығы күшейген жағдайында осыған дейін Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарын (ең алдымен оның Түркістан комитетін) қолдап келген эсерлер мен меньшевиктердің бірлігі әлсіреп, олар бөлектене бастады. Атап айтқанда эсерлер партиясынан олардың солшыл қанаты, ал меньшевиктерден “меньшевик-интернационалистер” аталған тобы бөлініп шықты. Солшыл эсерлер мен меньшевик-интернационалистер Уақытша үкіметке қолдау көрсетуден бас тартып, “Бүкіл өкімет кеңестерге берілсін!” деген большевиктік ұранды қолдай бастады. Өкімет үшін күресте орталықтағы және ұлт аймақтарындағы, атап айтқанда Түркістан мен Қазақстандағы большевиктер тактикалық тұрғыдан солшыл эсерлермен және меньшевик-интернационалистермен одақтасты. Сондай-ақ большевиктер қызметінің, әсіресе қарулы күштер арасында жандануына байланысты үкімет билігінің қарулы көтеріліс арқылы Кеңестердің қолына көшуінің алғы шарттары жасалғанын көреміз. Осындай жағдайда аймақта тәуелсіз Түркістан автономиясы идеясы да пісіп-жетіле бастады.

3 Қазақстанның оңтүстік аймағындағы кеңестер билігінің орнау кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және саяси өмір

3.1 Сырдария облысындағы Кеңес өкіметінің орнауы және қосөкіметтіліктен бірөкіметтілікке көшу

Большевиктер партиясының басшысы В.И. Лениннің пайымдауынша 1917 жылдың қазан айында қарулы көтеріліс арқылы Уақытша үкіметті құлатып, елдегі өкімет билігін Кеңестердің қолына беруге қолайлы жағдайлар туды. Партия басшылығы жанталасқан түрде Петроград, Мәскеу, т.б. елдің ірі орталықтарында қарулы көтерілісті тікелей дайындауға кірісті. 1917 жылғы 8 (21) қазанда В.И. Ленин большевиктер партиясының Орталық Комитетке “Бөгде адамның кеңестері” деген хат жолдады. Бұл хатында ол “Бүкіл өкімет Советтерге көшуге тиіс ... өкіметтің Советтерге көшуі қазір іс жүзінде қарулы көтеріліс жасауды талап етеді” дей келіп [168, 430 б.], оның табысты аяқталуының төмендегі шарттарын атап көрсетті:

1) Көтеріліспен еш уақытта ойнауға болмайды, ал көтеріліс басталған екен, оны ақырына дейін жеткізу керек...

2) Шешуші жерде, шешуші кезеңде үлкен басым күш жинау қажет ...

3) Көтеріліс басталған екен, барынша батылдықпен, қимылдау қажет...

4) Жауды тұтқиылдан басып алуға тырысу керек...

5) “Моральдық басымдылықты” қайткен күнде де қолдай отырып, күн сайын (егер бұл қала туралы болса, онда: сағат сайын)... аз да болса жеңіске жетіп отыру керек” [168, 431 б.]. Осы нұсқауларға сәйкес большевиктер шешуші жерлерге, атап айтқанда Ресейдің екі астанасы Петроград пен Мәскеуге, аймақтың ірі орталықтары саналған Киев, Минск, Қазан, Екатеринбург, Омск, Орта Азия (Түркістан) жағдайында Ташкент, т. б. қалаларға “үлкен басым күштер” жинауға кірісті. Ол күштердің негізін Қызыл гвардия жасақтары, жергілікті жерлердегі гарнизондарға орналасқан солдаттар қауымы, ірі заводтар мен фабрикалардағы большевиктер ықпалындағы жұмысшылар, қалалар мен селолардағы тұрғындардың кедейленген топтары (люмпендер) құрады.

24 қазан (6 қараша) күні В.И. Ленин Орталық комитетке көтеріліске қатысты соңғы хатын жазды. Онда: “қайткен күнде де, бүгін кешке, бүгін түнде... үкіметті тұтқынға алу керек... күтуге болмайды!! Бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін... үкімет қобалжып отыр. Оны қайткен күнде де талқандап бітіру керек”, - делінді [168, 490-491 б.].

Сол күні кешкісін Петроградта большевиктердің басшылығымен жұмысшылардың, солдаттар мен матростардың қарулы көтерілісі басталып, олар астананың маңызды нысандарын басып алды. 25 қазанда (7 қараша) таңертең Петроград әскери-революциялық комитеті Уақытша үкіметтің құлатылғанын жариялап, “мемлекеттік өкімет Петроград Советінің органы – Петроград пролетариаты мен гарнизон бастап отырған әскери-революциялық комитеттің қолына көшкенін”, - мәлімдеді [169, 1 б.].

Әскери-революциялық комитеттің “Россия азаматтарына” арналған үндеуінде: “халық мақсат еткен іс: дереу демократиялық бітім ұсыну, жерге

помещиктік меншікті жою, өндіріске жұмысшы бақылауын қою, Совет үкіметін құру, міне, бұл іс қамтамасыз етілді”, - делінді [168, 430 б.].

Петроградтағы Қазан қарулы көтерілісінің жеңіске жетуінің, Кеңестердің Бүкіл Россиялық II съезінің шешімімен елдегі билікті өз қолына алған В.И. Ленин басқарған жаңа үкіметтің (өзін жұмысшы және шаруа үкіметі деп жариялаған) құрылуы күллі Ресейдің орталық аудандары мен ұлт аймақтарында Кеңес өкіметінің орнау процесін бастады. Бұл процесті революция жетекшісі “Кеңес өкіметінің “салтанатты шеруі” деп атады. Қазақстанның негізгі орталықтарында (облыс, уезд және жекелеген болыс орталықтарында) Кеңес өкіметінің орнауы табаны күректей төрт айға созылды. Жаңа өкімет өлкенің барлық аймақтарында оп-оңай, бір қалыпты орнай қалған жоқ. Атап айтқанда, жергілікті Кеңестер мен гарнизон солдаттары, большевиктер жағына бүтіндей шыққан, айтарлықтай қызыл гвардия аталған жасақтары бар аудандарда өкімет билігі Кеңестердің қолына бейбіт жолмен, қантөгіссіз көшті. Ал революция жауларының (казак-орыс әскерлері, орталықтан қашқан большевизмге қас күштер, алашорданы жақтаушылар) айтарлықтай шоғырланған өңірлерде Кеңес өкіметі қарулы көтеріліс жолымен, қантөгіс арқылы орнады. Кеңес өкіметі қантөгіссіз Қазақстанның солтүстік-шығысының көпшілік аудандарында, Сырдария облысы мен Бөкейде орнады. Ал Орал, Орынбор және Жетісу облысында большевиктер мен Кеңестер билігі қарулы көтеріліс жолымен орнады [45, 307 б.; 139, 43-44 б.].

Алайда “Кеңес өкіметінің салтанатты шеруі” оның бейбіт жолмен немесе көтеріліс түрінде жүзеге асырылуына қарамастан, ол отарлы аймақ халықтарының барлық әлеуметтік топтары жаппай қолдаған құбылыс болған жоқ. Өйткені Кеңес өкіметінің орнауы негізінен сырттан келген зорлықшыл күштердің заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесі болды. Бұл жөнінде А. Байтұрсынов “Жизнь национальностей” атты басылымның 1919 жылғы 3-тамыздағы санында жарияланған “Революция и киргизы” атты мақаласында [47, 7 б.] былай деп жазды: “Ресейдің орталық аударында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз. Шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізілді. Тоқ етерін айтқанда, ол қозғалыс шет аймақтарда революция (әдеттегі түсініктегі) емес, барып тұрған анархия болды...Егер бұрын патша чиновниктері аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер - коммунистердің атын жамылғандар жүргізіп отыр” [47, 7 б.].

А.Байтұрсынов “большевиктер - коммунистердің атын жамылғандар” деп сол кездегі Қазақстан мен Түркістанның қалалары мен басқа да ірі елді мекендерінде (мәселен, теміржол станцияларында) орналасқан әскери гарнизондар мен славян тектес жұмысшыларды айтып отырғаны айдан анық. Өйткені 1917 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларында тек солардың араларында ғана жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестері әрекет еткен және олардың көпшілігі большевиктердің ықпалында болған еді.

Қазақстан мен Түркістанда Кеңес өкіметінің орнауында осы өңірлердің әртүрлі аймақтары (облыс, губерниялары) бағынған Ташкент, Омбы, Орынбор,

Астрахань сияқты қалаларда Кеңес өкіметінің орнауы шешуші түрде ықпал етті. Бұл ретте Сырдария облысы үшін Ташкентте, Перовскіде, Әулиеатада, Шымкентте және осы өңірлердегі теміржолдар бойына орналасқан елді мекендердегі саяси өзгерістердің маңызы үлкен болды.

1917 жылғы қазан мен қараша айларында Перовск, Түркістан, Черняев, Әулиеата қалаларына орналасқан гарнизондардың солдаттары большевиктер жағына шықты, Орынбор-Ташкент теміржолы бойындағы ірілі-ұсақты елді мекендерді мекендеген жұмысшылар арасында Кеңес өкіметін жақтаушылардың саны өсті. Перовск, Черняев, Түркістан қалалары мен Ақбұлақ, Шиелі, Арал, Арыс, т.б. теміржол станциялары мен Жүлек, Жосалы, Қазалы, т.б. елді мекендерде Қызыл гвардия жасақтары (отрядтары) құрылды. Бұл жасақтардың қатарында орта есеппен 60-тан 120-130 қарулы адамдар болды. Тек қана Перовск мен Әулиеата қызыл гвардияшыларының саны 200-дей адамға жетті [170, 47-48 б.; 170, 67-68 б.].

Бұл күндері Ташкент қалалық Кеңесі күллі Түркістан өлкесінде, ең алдымен Сырдария облысында, Кеңес өкіметін орнатуға басшылық жасайтын негізгі орталыққа айналды. Осы кезге дейінгі “Наша газета” атты басылымның орнына 1917 жылғы 21 қазанында “Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің хабаршысы” (“Известия Ташкентского Совета рабочих и солдатских депутатов”) шыға бастады. Бұл басылым өзінің әр саны сайын халықты Уақытша үкіметті құлату үшін күреске шақырумен болды. 27-қазан күні Ташкенттегі Азаттық үйінде (Дом свободы) қалалық Кеңестің кеңейтілген мәжілісі болды. Мәжіліс залына қаладағы әскери бөлімдердің, өнеркәсіп орындарының (заводтар мен фабрикалардың), теміржол шеберханаларының қолдарында қару-жарақтары бар көптеген өкілдері жиналды. Олар Петроградта жеңіске жеткен жұмысшылар мен солдаттардың көтеріліс үлгісімен Түркістанның орталығы Ташкентте де Уақытша үкіметтің комитетіне және олардың жер-жерлердегі органдарына қарсы қару алып, батыл қарсы шығуды талап етті. Петроград үлгісімен көтерілісті әскери-техникалық жағынан шұғыл дайындау ісі басталып та кетті. 28 қазанда ертеңгі сағат алтыда бас теміржол шеберханаларының дабыл гудогінің дауысы естілді. Бұл дабыл қарулы көтеріліске шығудың хабаршысы еді.

Ташкенттің революцияшыл жұмысшылары мен солдаттарының большевиктер жетекшілік еткен көтерілісі 1917 жылғы 31-қазан күні жеңіспен аяқталды. 1-қарашада Ташкент Кеңесінің атынан теміржол бойы арқылы барлық жергілікті Кеңестерге “Бүкіл өкіметке Кеңес ие болды. Сіздер де өкіметті өз қолдарыңызға алыңыздар”, - деген телеграмма жіберілді [93, 193 б.].

Ташкентте орын алған қарулы текетірес іс жүзінде тегі еуропалық тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік топтарының арасында орын алды. Дәлірек айтқанда өкімет билігі үшін күрес негізінен біржағынан орыс жұмысшылары мен солдаттарына сүйенген қалалық Кеңес пен екінші жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оны жақтайтын күштер арасында болды. Ал жергілікті халықтар (өзбек, қазақ, т.б.) бұл оқиғалар кезінде бейтараптық позиция ұстады. Тек қана ескі қаланың құрылысшы өзбек жұмысшыларынан

құрылған 150 адамдық жасақ қана Ташкент Кеңесінің жағында болды [62, 65 б.].

Ұлттық-демократиялық идеяларды насихаттаушылар болған Орта Азиядағы жәдидтер (жаңашылдар), шуроисламистер, Қазақстандағы Алаш партиясының жетекшілері әуел бастан-ақ большевиктердің Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарын құлатуларына үзілді-кесілді қарсы шықты. Атап айтқанда, осы өңірлердегі ұлттық-демократиялық күштердің Ұбайдулла Ходжаев, Сұлтанбек Қожанов сияқты көрнекті өкілдері жалпымұсылмандық және ұлттық-демократиялық ұйымдардың атынан большевиктердің Ташкентте өкімет билігін күшпен тартып алғандығына табанды түрде ашық қарсылық көрсетті. Олар өлкедегі өкімет Шкапский, Тынышбаев, Иванов, т.б. мүшелері болған Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің қолында қалуын батыл талап етті [62, 68 б.].

Қазан революциясы Ресейдің ұлт-аймақтарындағы, олардың қатарында Қазақстан мен Түркістандағы орыстар мен жергілікті халықтардың қарым-қатынастарын күрделендіріп, тіпті кей жерлерде шиеленістіріп жіберді. Кеңес өкіметі жергілікті орыс қауымдастығынан, саудагерлер мен чиновниктер, офицерлер мен ауқатты жериеленушілер тарапынан қолдау тапты. Большевиктердің ұрандарымен таныс адамдарға бұл сырттай қарағанда күтпеген жағдай еді, өйткені айтылмыш әлеуметтік топтардың позициясы коммунистік идеялар мен ұрандарға қарсы болуға тиіс еді. Солай болғанына қарамастан, олар өздері үшін сол кездегі басты қауіпті Кеңес өкіметі тарапынан емес Түркістандық (Қазақстандық) мұсылмандықтан көріп еді.

Нақтылы саяси хал-ахуалдың осылай қалыптасуына қарамастан, Кеңес өкіметінің Ташкентте жеңіске жетуі Түркістан өлкесінің, ең алдымен Сырдария облысының қалаларында Кеңес өкіметінің орнауын тездетті.

Ташкент көшелерінде Кеңес өкіметі үшін күрес жүріп жатқан кезде, 1917 жылғы 30 қазанда Перовск қалалық Кеңесі жергілікті гарнизон солдаттарына сүйене отырып, өкіметті өз қолына бейбіт түрде алды. Бұл жөнінде қалалық Кеңестің сол күні қабылданған шешімінде айтылды. Сол күні Перовск гарнизонының солдаттарынан құрылған П.А. Ермолов басқарған жасақ Ташкент Кеңесіне көмекке жіберілді [170, 47 б.].

Қалалық Кеңес (солдат-большевик А.Ф. Тонконогов басқарған) Перовскідегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының жетекшілерін, қалада орналасқан 3-ші Сібір Запас полкының сенімсіз деп саналған офицерлерін тұтқынға алу жөнінде шешім қабылдап, оны жүзеге асырды, полктың өзі таратылып, оған тиесілі болған қару-жарақ пен киім-кешек негізінен орыс жұмысшылары мен бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарынан оралған солдаттар мен жергілікті қызыл гвардия жасақтарына таратып берілді. Саны өсіп, жақсы қаруланған Қызыл Гвардия жасағына Перовск депосының жұмысшысы большевик Н.Ф. Селиверстов, Теміржол станциясының коменданты, әрі қалалық милиция бастығына Нараев тағайындалды [172, 13 б.; 155, 143 б.; 173, 71 б.].

Қараша айының алғашқы күндері Қазалы станциясының жанындағы Ново-Казалинск поселкесінде сондағы гарнизонға орналасқан 4-ші Сібір полкының

қолдауына сүйенген жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі өз билігін орнатты. Бұл жөнінде сол кездегі Кеңес төрағасы Р.П. Новицкий 1957 жылы жазған естелігінде мынандай мәліметтер келтіреді: “Петроградта... В.И. Ленин бастаған тұңғыш Совет өкіметінің жеңгендігі туралы хабарды Ново-Казалинск поселкесінің жұмысшылары мен солдаттары асқан қуанышпен қарсы алды.

Октябрь революциясынан кейін бірнеше күннен соң Сібірдің 4-ші атқыштар полкы таратылды. Полктың барлық мүлкін, қару-жарағын Ново-Казалинск жұмысшы және солдат депутаттарының Советі қабылдап алды... мұнан кейін қызыл гвардияшылардың Қазалы отрядын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Большевиктердің бәрі отрядқа жазылды.

Ең алғашқы отряд 500 адамнан ұйымдастырылды, ал кейін ол 1000 адамға дейін өсті” [155, 157 б.].

Қазалы жұмысшы және солдат депутаттары Советі өкімет билігін өз қолына алысымен уездің буржуазиясына алтындай 500 мың сомдық салық салды да бұл қаржыға Қазалы қаласының, Ново-Казалинск поселкесінің тұрғындарын және жергілікті қызыл гвардия жасағын нанмен және күнделікті қажет товарларымен жабдықтауды ұйымдастырды [155, 158-159 б.].

Әулиеата қаласында Кеңес өкіметі 1917 жылғы 6-шы қарашада орнады. Қызыл гвардия жасағы мен қалалық гарнизон солдаттарына сүйенген Әулиеата Кеңесі қолына қала мен уезд көлемінде өкімет билігі бейбіт жолмен көшті. Әулиеата Кеңесінің жаңа құрамына қалалық гарнизонның әскери дәрігері С.К. Хмелевский, большевик солдаттар С. Карев пен Федоров-Завадский, жұмысшы, коммунист К. Чернышев кірді [174, 22 п.; 175, 48 б.].

Дәл сол күні С.К. Хмелевский теміржол телеграфы арқылы Ташкентпен байланыс жасап, өлке орталығына арнаулы тапсырмамен жіберілген Першинмен сөйлесті: осының нәтижесінде Әулиеата Кеңесі Петроград пен Ташкентте большевиктер ұйымдастырған қарулы көтерілістердің жеңіске жеткендігі жөнінде сенімді хабар алды. Хмелевский Першинмен болған телеграфтық әңгіменің жазбасымен Әулиеата Кеңесінің басшылығын таныстырды. Оның қазақшаға аударғандағы мәтіні төмендегіге саяды: “Мен Першинмін, сіз кімсіз, сізге не керек? Мен атқару комитетінің (Әулиеата Кеңесінің - З.Т.) мүшесі Хмелевскиймін.

Сұрау: Мемлекеттік телеграф ешбір хабарды қабылдамайды және ешқандай мәліметтер бермейді. Біз Ташкентте болып жатқан уақиғалардан хабарсызбыз, еш нәрсе білмейміз. Жергілікті (Әулиеаталық) гарнизонның атқару комитеті (орталықта) орын алған оқиғаларды кейіннен баяндауды өтініп отыр. Іс жүзінде өкімет Кеңестерге көшкені және Уақытша үкіметтің құлағаны рас па? Жарлықтар мен нұсқаулар күтеміз.

Жауап: Ташкентте Өкімет Кеңестерге көшті. Құрамында жеті адам бар Бүкілтүркістандық атқару комитеті құрылды: 3 адам өлкелік жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінен, екеуі шаруалар депутаттары өлкелік Кеңесінен, бір кісі социал-революционерлер партиясынан және біреуі социал-демократтардан. Жер-жерлерде өкімет Кеңестерге (көшсін). Петроградтан осы жылғы 30-шы қазанда Уақытша үкіметтің құлатылғаны жөнінде ресми хабар

алынды. Мәскеуде қарулы көтеріліс болды. Басқа мәліметтер жоқ. Нұсқаулар алу үшін Атқару комитеті мүшесінің жіберілуін сұраймыз.

Сұрақ: Ағымдағы оқиғалардың теміржол телеграфы арқылы баяндалып тұруын өтінеміз.

Жауап: Почта-телеграф мекемесіне байланысты шаралар қабылданды. Таяу күндері барлық Кеңестерге нұсқаулар жолдаймыз...”

Әулиеата қалалық және уездік Кеңесінің Атқару комитеті Ташкентпен орын алған телеграфтық байланыс туралы хабарды талқылай келіп, оның мәтінін Пішпек пен Меркідегі жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестеріне жеткізу туралы қаулы қабылдады және соңғылардың оны Пржевальскіге, Верныйға, Қапал мен Лепсіге хабарлауын өтінді [176, 235-236 пп.].

Күн өткен сайын Әулиеата қаласы мен басқа ірі елді мекендерде Кеңес өкіметі нығая бастады. 1917 жылғы 1-ші желтоқсанда шаруалар депутаттарының Әулиеата уездік мәжілісі Кеңес өкіметін мойындау жөнінде қаулы қабылдады. Ол қаулыда атап айтқанда былай делінді: “Шаруалар депутаттарының уездік съезі өкімет туралы мәселені талқылай келіп, 31 дауыстың қолдауымен (8 дауыс қарсы, бір дауыс қалыс қалған жағдайда) жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің толық билігін мойындап, ол тағайындаған комиссарларға жан-жақты қолдау көрсетеміз” [113, 167-168 б.].

Кеңестердің біріккен уездік Атқару комитетіндегі басшылыққа большевиктер ие болды. Жергілікті большевиктік ұйымның қысымы нәтижесінде сол жылдың 16-шы желтоқсанында өткен қазақ съезі уездік жұмысшы, солдат және шаруалар (орыс шаруалары - З.Т.) Кеңесіне өз өкілдерін сайлау жөніндегі мәселені талқылай келіп, мынандай шешім қабылдады: “сайланған қазақ өкілдері жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңесімен біріксің, ал уездік мұсылман комитеті таратылсын, оның істерін Кеңес қабылдап алсын” [177, 75 п.].

Осы шешімге сәйкес уездің Кеңеске Шу өңірінен Рысқұлбек Ибрагимов, Бақыт Байзақов, Тау учаскесінен П. Жаллаев пен Әлімқұл Жаманқұлов, Ассы бөлімінен - Әзізбек Өтегенов пен Ысқақ Алыпов, Меркі бөлімінен – Бөрте Баужаматов пен Тыманқұл Жайнақов сайланды. Қазақ жұмысшылары есебінен уездік Кеңеске Сәбит Ахунов енгізілді.

Сонымен, 1917 жылғы қараша-желтоқсан айларында Әулиеата уезіндегі өкімет билігі жұмысшы, солдат, орыс шаруалары мен қазақтар өкілдерінен тұратын Кеңестің қолына көшті. 1917 жылғы қараша айында Черняев (Шымкент), Арыс, Түркістан, Қазалы қалаларында да Кеңес өкіметін орнатуда сырттан келген зорлықшыл күш - жергілікті гарнизон солдаттары мен теміржолшы жұмысшылары шешуші рөл атқарды.

Черняевта (Шымкентте) Кеңес өкіметін орнатуда майданнан қайтқан Т. Заря, Ковалев, ағайынды Герасимовтар сияқты солдаттар мен Ташкенттен әдейі жіберілген большевик М. Забаров, Қазалыда темір жол жұмысшысы Р. Новицкий, т.б. ерекше белсенділік көрсетті. Билік Кеңестердің қолына көшкен жоғарыда айтылған қалаларда жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттарының Атқару комитеттері біріктіріліп, олар орталық В.И. Ленин басқарған Кеңес үкіметінің (РКСР-сы Халық комиссарлар Кеңесінің) және

Ташкент Кеңесінің жергілікті органдары ретінде қызмет атқара бастады. Олар ең алдымен жаңа өкіметтің қарулы тірегі Қызыл Гвардия жасақтарының бұрын құрылғандарын нығайтып, олар болмаған қалалар мен елді мекендерде жаңадан құрды, азық-түлік органдарына бақылау орнатты [155, 157-158 б.; 178, 4 п.; 179, 78 п.; 170, 48 б.].

Кеңес өкіметі басшыларының пікірінше “Қызыл гвардия” жасақтары келешекте бүкіл ел көлемінде, оның ішінде Қазақстан мен Түркістан өлкесінде құрылуға тиісті “социалистік”, жұмысшы-шаруа Қызыл армиясының негізін құруға тиісті болды. Түркістан Халық комиссарлар Кеңесінің 1917 жылғы 28-і қарашадағы шешіміне сәйкес “жұмысшы және солдат депутаттарының барлығы” дереу “Қызыл Гвардия” жасақтарын құруға міндеттелді, ал әскери комиссар оларды жасақтау үшін жергілікті Кеңестерге қару-жарақ бөлуге тиісті болды.

18 бен 45 жастың арасындағы жұмысшылар “Қызыл Гвардияға” жазылуға міндеттелді, ал одан жасы үлкендер оның қатарына “ерікті” түрде кіруге құқылы болды.

Кеңес өкіметі жаңадан орнап, нығаю жолына түсіп жатқан 1917-1918 жылдарда Түркістан жағдайында “Қызыл Гвардия” жасақтарына жергілікті халықтар өкілдері қабылданды [63, 122 б.]. Мұның өзі де жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметінің империялық саясатты жүргізетін жүйе болғандығын көрсетсе керек.

Профессор А.С. Елагиннің есептеуі бойынша Сырдария облысының біраз қалаларында Қызыл Гвардия жасақтары құрылды. Олардың кейбіреулерінің қатарында бірнеше жүз адамнан болды. Мәселен, Перовск Қызыл Гвардия отрядының қатарында 700, ал Қазалы отрядында 500-ге жуық адам болған [170, 77 б.].

Кеңес өкіметі облыстың қалалары мен теміржол станцияларында орнасымен Кеңестер жүйесін айтылмыш елді мекендерге жақын орналасқан ауылдар мен селоларда да құру ісі басталды. Бұл іске 1918 жылғы ақпан айында құрылған Әулиеата қалалық большевиктердің қалалық және сол жылдың күзінде ұйымдасқан уездік комитеттері мұрындық болып, жетекшілік жасады. Бес адамнан тұратын (Федоров-Завадский, С. Хмелевский, Д. Цыганков, С. Карев, Н. Чернышев) қалалық комитет пен жеті адамнан құрылған (Прокудин, Трофименко, К. Қожабергенов, Д. Қабылбаев, Д. Тұрғанбаев, Б. Кәрімбаев, Найденов) уездік большевиктер комитеті ауылдар мен селоларда Кеңестер жүйесін құруда белсенділік көрсетті.

Көп кешікпей Әулиеата уезінің жекелеген болыстарында, атап айтқанда Меркі, Қазан, Ново-Воскресенск, Михайловск болыстарында, большевиктік ұйымдар пайда болды. Теміржол құрылысшылары арасында да большевиктік ұйымдар құрылды.

Уездің билік жүйесіне большевиктер тартылды. Көптеген уездік Кеңестердің Атқару комитеттерінің құрылымдары (структуралары) қайтадан шын мәніндегі атқару өкімет ретінде қызмет жасауға ыңғайластырылды. Ташкентте шығып тұрған “Наша газета” басылымының 1917 жылғы 17 желтоқсандағы санында Черняев (Шымкент) солдат, жұмысшы және шаруалар

Кеңестерінің біріккен мәжілісінде қаладағы билік (өкімет) жүйесін құру туралы мәселе талқыланғандығын айта келіп, оның шешімдеріне сәйкес Комиссариат құрылғандығын баяндады. Жаңадан құрылған осы комиссариатқа солдаттардың төрт өкілі, жұмысшылардан 3 адам, шаруалар мен мұсылмандардан (жергілікті халық) екі-екі адамнан сайланды.

Черняев (Шымкент) уездік Кеңесі Атқару комитетінің төрағалығына большевик Г. Зарубин, орынбасарлығына большевик М. Пьядовский, хатшылығына А. Коре сайланды. Уезд көлеміндегі халық шаруашылығын басқаратын комиссар болып большевик И. Вареницкий, халық ағарту істері жөніндегі комиссарлық қызметке партияда жоқ И. Матюшев, еңбек істері жөніндегі комиссар болып большевик Т. Курносков, қаражат (финанс) комиссарлығына большевик А. Байсейітов тағайындалды. Бірер күн өткеннен кейін комиссарлар қатары Е. Ковалевпен (жер істері жөніндегі) және Косаревпен (азық-түлік істері бойынша) толықтырылды. Келтіріліп отырған мәліметтерден көрініп отырғанындай, Черняев (Шымкент) уезін басқаруға тиісті адамдардың қатарында түпкілікті халықтың бір-ақ өкілі (А. Байсейітов), ал қалғандары жергілікті өмірден хабары жоқ, оның тұрғындарының тілін, әдет-ғұрпын, ділін (менталитетін) білмейтін, дәлірек айтсақ білгісі де келмейтін империялық пиғылдағы зорлықшыл күштердің өкілдері болды.

Жаңадан саяси билікті өз қолдарына шоғырландырып жат жұрттық осындай күштерден құрылып жатқан Кеңес өкіметінің органдары жалпы алғанда жергілікті халықтарға менсінбей, астамшылдықпен қарады. Ал оларға көп жағдайда әпербақан, айғайшыл жекелеген жергілікті тексіздер қосылды. Осындайлар жөнінде Жүсіпбек Аймауытовтың 20-ы жылдардың басында жарияланған бір әңгімесінің бір кейіпкері оның екіншісіне былай дейді: “Сәбеті (Совет дегені – З.Т.) ме, кәмитеті (комитет дегені – З.Т.) ме - қаңғып жүрген бірдеңесі дағы... Шұлғаудың маңқа баласы ұлық болған соң, құдайға не амалың бар?... Бұлар ел билеген соң қайдан оңсын” [180].

Черняевта (Шымкентте) Кеңес өкіметінің орнығып, нығаю кезеңінде алғашында бір одақта қызмет атқарған екі саяси партия ұйымдары болды. Олар большевиктер мен солшыл эсерлердің ұйымдары еді. Қала большевиктерінің жетекшісі М. Зибарев 1918 жылғы шілдеде жергілікті Совдептің (депутаттар Кеңесінің) төрағасы болып сайланды. Ол аса қысқа мерзімде күштеу әдістерін қолданып қаладағы кәсіпорындарды национализациялауда, Қызыл Гвардия жасақтарын құруда және халықты белгілі деңгейде азық-түлікпен қамтамасыз етуде қажырлы әрекеттер жасады. М. Зибаревқа пәрменді іс-әрекеттерге баруға 1904 жылғы Бакудегі әйгілі ереуілге қатысқаны үшін 1905 жылы Шымкентке жер аударылған байырғы революционер А.Г. Калашников жан-жақты көмек көрсетті. М. Зибарев жетекшілік еткен большевиктер тобының қатарында Г. Зарубин, С. Глухов, А. Коре сияқты кісілер болды. Көп кешікпей Черняев (Шымкент) Кеңесінің басшылық органдары сияқты Сырдария облысының басқа қалалық және уездік Кеңестері атқару комитеттері құрамынан “солшыл эсерлердің” өкілдері ығыстырылып, олар негізінен “большевиктендірілді”. Біртіндеп жер-жердегі мұсылман (яғни жергілікті халықтар) өкілдерінен құрылған Кеңестер де жекелеген жұмысшы және солдат депутаттары

Кеңестерімен біріктіріліп, олардың Атқару комитеттері барынша “орыстандырылды” немесе орыс және украин халықтарының (яғни славяндардың) өкілдерінен тұратын болды. 1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Уақытша үкіметтің уездік, қалалық және болыстық Атқару комитеттері таратылып, олар солармен деңгейлес Кеңестердің тиісті органдарымен алмастырылды.

Бір сөзбен айтқанда, 1918 жылдың жазына қарай Кеңес өкіметі Сырдария облысының негізгі қалалары мен ірі елді мекендерінде және соларға жақын орналасқан болыс орталықтары мен жекелеген ауылдарында Кеңес өкіметі орнап, бұл өңірдегі “көпөкіметтілік” Кеңестер бейнелейтін бірөкіметтілікпен алмастырылды.

“Көпөкіметтіліктен” большевиктенген Кеңестер айқындайтын бірөкіметтілікке өту процесінің барысында “жеңіске жеткен социалистік революцияны” қорғау органдарының, атап айтқанда жоғарыда айтылған “Қызыл Гвардия” жасақтарын, жаңа “халықтық милиция” органдарын, жаңа “пролетарлық” сот жүйесін, т.с.с. қалыптастыру және нығайту шаралары жүзеге асырылды. Сонымен қатар жаңа өкіметтің экономикалық тірегі мен идеологиялық қолдау аппараттарын құру ісі жүзеге асырылды.

Түркістан КАСР-ының Халық комиссарлар Кеңесі (үкіметі) республика көлемінде бұрынғы сот жүйесін жойып, олардың орнына жаңа сот мекемелерін ұйымдастыру үшін Заң халық комиссариатының арнаулы комиссия құру жөнінде шешім қабылдады, сонымен қатар жер-жерлерде контрреволюциямен күресуге тиісті Төтенше комиссиялар (ЧК) жасақтала басталды. Кеңес өкіметінің репрессиялық іс-әрекеттер жүргізуінің екпінді құралы болған бұл комиссиялар бүкіл түркістандық “контрреволюциямен, алыпсатарлықпен және қарақшылықпен күрес” Төтенше комиссияның (ТуркЧК) құзырында болды. Дәл осындай әдістермен “буржуазиялық” деп аталған милиция (ел ішіндегі тәртіпті сақтап-қорғауға міндетті ұйым) таратылып, ол “халықтық” милиция дегенмен алмастырылды.

Түркістан КАСР-ы үкіметінің қаулысымен “халықтық” милицияға басшылық жасау жергілікті Кеңестерге тапсырылды [63, 121-122 б.].

Түркістан өлкесінің халық комиссарлар Кеңесі 1918 жылдың көктемінен бастап бүкіл республика көлемінде, оның ішінде Сырдария облысында да жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының бөлімдерін құра бастады. Түркістан өлкесі сияқты Ресей Кеңестік Федерациясының шет аймақтарында Қызыл Армия бөлімдерін құру ісі РКФСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 13-і қаңтардағы Тұрақты Қызыл Армия құру туралы декретіне сәйкес жүргізілді. 1918 жылғы наурызда Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлары Кеңесі жергілікті Кеңестердің өкілдерінің (олардың қатарында Сырдария облысы Кеңестерінің өкілдері де болды) басын қосқан ерекше мәжіліс шақырды. Оған әскери мамандар да шақырылды. Осы “ерекше мәжіліс” бірнеше күн бойы күн тәртібіндегі мәселені талқылай келіп, 18 наурыз күні “Түркістан өлкесіндегі жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы туралы Уақытша ереже” қабылдады. Қарулы күштердің негізі, делінді айтылмыш Ережеде, “әскери істің техникасын жете білу, темірдей тәртіп, қатал мінез, төзімділік,

өлімді елемеу”, тек қана осындай күштерге ие болған Қызыл Армия айбарлы болмақ” [24, 151 б.].

Кеңес өкіметі жеңіске жеткен алғашқы күндер мен айларда Қызыл Армия бөлімдері мен Қызыл Гвардия жасақтары іс жүзінде қатар құрылып жатты. Қызыл Армия бөлімдері іс жүзінде Қызыл Гвардия жасақтарының принциптері еріктілік негізінде құрылды және “қызыл” революция жеңісін оған “жау күштерден” қорғауға міндетті болды. Кеңес өкіметінің қарулы тірегіне айналған осы күштер негізінен орыс және басқа да славян халықтарының өкілдерінен жасақталды.

Мәселен, Перовск (Қызылорда) Қызыл Гвардия жасағының алғашқы саяси комиссары П. Власов өз естелігінде осы қаладағы және оған жақын орналасқан елді мекендердегі “революцияның қарулы тіректерінің” темір жол бойындағы станциялардың жұмысшыларынан (негізінен орыстар) тұрып, күн сайын олардың санын көбейтіп отырғандығын айтады. Қызыл Гвардия отрядын толықтыру үшін, - деп жазды П. Власов, теміржол бойындағы елді мекендерге “большевиктер үгітшілер жіберді... Барлық торапты станцияларды аралауға 5 адамнан делегация сайланды... Біз... Жосалы теміржол станциясында митинг өткіздік. Мұнда біздің Қызыл Гвардия отрядына 41 адам қосылды. Қазалыда 7 адам, Арал станциясында 25 адам, Ембі станциясында 25 адам жазылды” [155, 144-145 б.; 157 б.]. Ал Қазалы станциясының жанындағы орыстар тұратын Ново-Казалинск поселкесінде де Қызыл Гвардия жасағы құрылды. Оған да Перовск большевиктері көмектесті [175, 40-62 б.].

Перовск Қызыл Гвардия жасағы 1928 жылғы 19-ақпанда Қоқан қаласында 1917 жылғы қарашада құрылған Түркістан автономиясын талқандап, оның үкіметін жою зорлық әрекеттеріне қатынасты [155, 146 б.].

Қазақстандағы Қызыл Гвардия жасақтары мен Қызыл Армия бөлімдерін қару-жарақпен қамтамасыз етуде Орынбор, Омбы, Саратов, Ташкент, т.б. қалалардағы Кеңес органдары айтарлықтай көмек көрсетті. Сырдария облысының қалалары мен басқа да ірі елді мекендеріндегі “революцияның қарулы тіректеріне” қару-жарақ беруде Ташкент қаласының ролі үлкен болды. Алайда жоғарыда айтылған қалалардың көмегі Қазақстандағы Кеңестің қарулы жасақтар мен бөлімшілердің қару-жараққа деген сұраныстарын толық қанағаттандыра алмады. Сондықтан да, өлкенің басқа өңірлеріндегі сияқты, Сырдария облысының жергілікті Кеңестері оларға қажетті қару-жарақты казак-орыс (казачество) әскери-бөлімдерін қарусыздандыру, бұрынғы әскери бөлімдерді тарату (демобилизация), бұрынғы патшалық армия офицерлері мен ірі байлық иелерінің қолдарындағы қаруларды тәркілеу арқылы табуға тырысты [24, 158 б.]. Осындай шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде кейбір Кеңестік әскери жасақтар мен бөлімшілер айтарлықтай деңгейде қаруланды. Мәселен, 1918 жылдың көктемінде Перовск Қызыл Гвардия жасақшыларының қолында 1200 мылтық, оған қажетті оқ-дәрі, ағылшын үлгісімен жасалған бір вагон қол гранатасы болды [155, 146 б.].

Осындай жасақтанған Қызыл Гвардия жасақтары мен Қызыл Армия бөлімдеріне сүйенген жергілікті Кеңестер облыс, уезд және жекеленген ірі болыстар орталықтарында құлатылған Уақытша үкімет пен күштеп таратылған

ұлттық автономиялардың (Алаш және Түркістан автономияларының) билік органдарының орнына өздерінің жеке дара басқару жүйесін (“бірөкіметтілігін”) орнатты.

Жоғарыда айтылған жәйттер Г. Сафаровтың Түркістанда “Кеңес өкіметі орналасқан орыс қалалары мен түпкілікті халық бұқарасы арасында түбі терең жар (глубокая пропасть) пайда болды”, - деген тұжырымының дұрыс екендігін көрсетеді [121, 132 б.].

Өлкенің негізгі аудандарында осындай жолмен Кеңестер өз билігін орнатқаннан кейін В.И. Ленин басқарған Орталық Кеңес үкіметі осыған дейін күштеп таратылған жергілікті халықтардың ұлттық автономияларының орнына кеңестік негіздегі мемлекеттік құрылымдар ұйымдастыру ісіне кірісті.

1918 жылғы 20 сәуір - 1 мамыр аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің бесінші съезі Ресей Кеңестік Федерациясының құрамындағы Түркістан Автономиясы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғандығын жариялады. Съездің атына Ресей Кеңестік Федерациясы үкіметінің төрағасы В.И. Ленин мен оның Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары (министрі) И.В. Сталиннің жолдаған телеграммасында былай делінді: “Сіздердің өлкелеріңіздің советтік негіздегі автономиясын Халық Комиссарлар Советінің қолдайтынына сене беріңіздер, жолдастар, біздер сіздердің бастамаларыңызды қуаттаймыз және бүкіл өлкені Советтер жүйесімен толтырады... деп барынша сенеміз” [181, 390 б.].

ТАКСР-ның құрамына орта Азияның басты аймақтарымен (Хиуа мен Бұхара өңірлерінен басқа) Қазақ халқының атақонысы болып табылатын Жетісу мен Сырдария облыстары да кірді.

1918 жылғы 14 мамырда Қазақстанға Орталық Кеңес өкіметінің Төтенше комиссары болып тағайындалған Ә.Т. Жәнкелдинге Қазақ өлкесінің Кеңестерінің Құрылтай съезін шақыру және онда Ресей Кеңестік Федерациясының құрамында болуға тиісті Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын жариялау ісі тапсырылды.

Сонымен, жоғарыда айтылған ойларымызды қорыта келе, “Кеңес өкіметінің салтанатты шеруі” Сырдария облысында оның бейбіт жолмен немесе көтеріліс түрінде жүзеге асырылуына қарамастан, аймақ халықтарының барлық әлеуметтік топтарының жаппай қолдауына ие бола алғаны туралы тұжырым жасаймыз. Кеңес үкіметінің орнауы Қазақстанның басқа аймақтарындағыдай Сырдария облысында да сырттан келген зорлықшыл күштердің заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесі болды. Ұлттық-демократиялық идеяларды насихаттаушылар болған Орта Азиядағы жәдидтер, шуроисламистер, Қазақстандағы Алаш партиясының жетекшілері әуел бастан-ақ большевиктердің Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдарын құлатуларына үзілді-кесілді қарсы шыққандарына қарамастан, большевиктер өз биліктерін орнату жолында ұлттық мүдделерді соңғы орынға ығыстырып тастады. Осылайша 1918 жылдың жазына қарай Сырдария облысының негізгі қалалары мен ірі елді мекендерінде және соларға жақын орналасқан болыс орталықтары мен жекелеген ауылдарында Кеңес өкіметі орнап, бұл өңірдегі “көпөкіметтілік” Кеңестер бейнелейтін бірөкіметтілікпен алмастырылды. Көп

ұзамай большевиктер басқарған Орталық Кеңес үкіметі өзінің жеке дара билігін Қазақстан мен Түркістанның (Орта Азияның) Кеңестік Автономиялық Республикалары деңгейіне көтерді.

3.2 Кеңестік билік жүйесінің экономика мен идеология салаларындағы негіздерін құрудағы алғашқы қадамдары

Түркістан өлкесінде, оның құрамдас бөлігі болып табылатын Сырдария облысында, Кеңес өкіметі өз билігін орнатысымен осы өңірдегі өзінің экономикалық саясатын нақтылы жүзеге асыра бастады. Әуел бастан-ақ Кеңес өкіметінің негізгі бағыттарын В.И. Ленин экономика саласындағы саясаты мемлекеттік орталық және ұлт аймақтарында Қазан төңкерісіне дейін орын алған ел шаруашылығындағы көпукладтық пен нарықтық қатынастарды жойып, олардың орнына орталықтан басқарылатын жоспарлы экономика қалыптастыруға бағытталды. Ал мұның өзі қоғамдық-саяси өмірдегі теке-тірес пен қарама- қарсылықтың экономикалық негізін жою деген сөз еді.

1917 жылғы Қазан төңкерісі жеңіске жеткен күннің ертесінде-ақ, академик И.И. Минцтің дәл көрсеткеніндей, В.И. Ленин “социалистік құрылыстың жоспарын ойлана бастады... оның ұзын-ырғасын жасап, жоспардың жекелеген ұстанымдарын айқындайтын мақалалар жазды...” [182, 197 б.]. Осы бағыттағы оның пікірлері мен нұсқаулары 1918 жылғы сәуір айында аяқталған “Совет өкіметінің кезектегі міндеттері” деген еңбегінде айқын да ашық айтылды [183, 179-225 б.]. “Біз Россияны кедейлер үшін байлардан, еңбекшілер үшін қанаушылардан тартып алдық, - деді осы кітапшасында В.И. Ленин.- Енді біз Россияны басқаруға тиістіміз. Сондықтан бастан кешіріп отырған кезеңге тән ерекшіліктердің бәрі, қиыншылықтардың бәрі мынада: ...қанаушылардың қарсылығын соғыс арқылы басып-жаншу жөніндегі басты міндеттен, басқару жөніндегі басты міндетке көшудің ерекшелігін түсінуде болып отыр” [183, 186-187 б.].

Басқа сөзбен айтқанда, В.И. Ленин Қазан қарулы көтерілісі жеңісі нәтижесінде саяси биліктен айырылған материалдық игілік иелерінің Кеңес өкіметіне деген қарсылығын енді экономиканы басқару әдістерін өзгерту жолымен басып-жаншу қажеттігін айқындады. Мұны ол саяси билікті алғаннан кейінгі Кеңес өкіметінің батыл жүзеге асырылуға тиісті кезектегі міндеттері деп санады.

Бұл міндеттерді орындау ең алдымен ел шаруашылығындағы бұрын орын алған көпукладты, нарықтық қатынастарды жойып, оның орнына меншіктің барлық түрлерін мемлекеттендіру немесе мемлекеттік меншікке айналдыру негізінде осыған дейінгі товарлық-ақшалық қатынастарды тежеу саясатынан анық көрінді. Ал мұның өзі экономиканың басты салаларын национализациялаудан, 1918-1920 жылдары орын алған “соғыс коммунизм” саясаты дейтін төтенше шаруашылық шаралары, т. с.с. арқылы жүзеге асырылды [63, 131 б.].

Бұл саясаттың екінші жағы сол жылдары Кеңес өкіметі жүргізген азық-түлік мәселесіне байланысты іс-әрекеттері еді. 1917-1920 жылдар Кеңестік жүйе жүзеге асырған азық-түлік өнімдерін есепке алу, оларға байланысты

орнатылған азық-түлік салғырты (продразверстка) мен салығы көлемінің ұдайы өсіп отыруы, астық монополиясын орнату, өнімдерді жиі-жиі реквизициялау (тартып алу) мен тәркілеу тек қана ауқатты, бай адамдарға ғана емес, ең алдымен халықтың басым көпшілігі болатын топтарына аса ауыр тиді.

Экономика саласындағы Кеңес өкіметінің айтылмыш саясаты жүзеге асырыла бастауының қарсаңында өлкенің халық шаруашылығының жағдайы аса ауыр еді. Кеңес өкіметі жеңіске жеткен кезеңдегі Түркістан өлкесінің экономикасы күрделі дағдарыс жағдайында болды. 1914 жылдан басталған бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында империяның орталық аудандарымен салыстырғанда мешеу дамыған Түркістан өлкесінің өнеркәсібі аса ауыр құлдырауға ұшыраған еді. Мәселен, 1913 жылмен салыстырғанда өлкедегі сол кезде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының саны 1917 жылы 75%-ға, ал олардың өнім өндіру көлемі 80%-ға кеміді [63, 131 б.].

Орталық Кеңес үкіметі болса, лениндік нұсқауларға сәйкес жаңа тұрпатты экономиканы басқару үшін өзінің жанынан Халық шаруашылығының жоғарғы Кеңесі (Высший совет народного хозяйства – ВСНХ) аталған мекеме құрды. Мұндай шаруашылық Кеңестер жергілікті жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңестерінің жанынан да құрылуға тиісті болды. Олар туралы орталық Кеңес үкіметінің арнаулы Ережесі қабылданды (1917 жылғы 22 желтоқсанда). Осы Ережеде жергілікті халық шаруашылық Кеңестері “әрбір экономикалық ауданның (облыстың) шаруашылық өмірін жалпы мемлекеттік мүдделермен реттеу үшін құрылады”, - делінді.

Осы құжатқа сәйкес 1918 жылғы 21 наурызда Түркістан Өлкелік халық шаруашылық Кеңесі құрылды. Одан кейін өлкенің жекелеген өңірлерінде оның аймақтық (облыстық, уездік) бөлімдері ұйымдастырылды. Мәселен, 1918 жылғы 4-сәуірде Сырдария облыстық халық шаруашылық Кеңесі құрылса, одан кейін облыстың барлық уездері мен ірі саналған қалаларында оның бөлімшелері дүниеге келді. Жалпы алғанда осы шаруашылық Кеңестер жүйесінің басты міндеті Түркістан өлкесін Ресей өнеркәсібі үшін шикізат көзі және оның товарларын сататын рынок рөлін арттыруға қызмет етті. Бұл бағыт Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ Түркістанды, ең алдымен Ресейлік жеңіл өнеркәсіпті мақта талшығымен қамтамасыз ететін өңір ретіндегі патша үкіметі кезіндегі рөлін арттыра түсуге бағытталған іс-әрекеттерінен анық көрінді. Мәселен, орталықта Кеңес өкіметі орнасымен Ресей Федерациясының жоғарғы Халық шаруашылық Кеңесі “Мақта ісін монополизациялау туралы қаулы” қабылдады (1918 ж. 12 қаңтарда). Осы қаулыға сәйкес Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесі сол жылғы 26 ақпанда “Өлкедегі мақтаны тәркілеу (конфискациялау) туралы декретті” жариялады. Түркістан өлкесінің сол кездегі үкіметінің басшысы Колесов қол қойған осы құжатта былай делінді: “Түркістан өлкесіндегі мақтаның барлығы ... тәркіленіп, ол жұмысшы-шаруа үкіметінің меншігі деп жарияланды. Өлкенің барлық Кеңестері мен революцияшыл теміржол комитеттері осы декретті жүзеге асыру және жиналған мақтаны “Ташкент” темір жол станциясына жеткізу үшін өз өкілдерін бөледі. Меншік иелері қарсылық көрсетсе, олар ату жазасына кесілуге тиіс” [63, 134 б.].

Облыс орталығы Ташкентте Кеңес өкіметі орнап, нығая бастаған кезден бастап Түркістан АКСР-нің Халық комиссарлар Кеңесінің декреттерімен және басқа да қарар-шешімдерімен жер-жерлердегі кәсіпорындар национализацияланды немесе мемлекеттік (бүкілхалықтық) меншік деп жарияланды. Мәселен, 1918 жылғы 26-ы наурызда Түркістан республикасының Халкомкеңесі (Халық комиссарлар кеңесі) “Хида” және басқа да акционерлік қоғамдарының Арал теңізіндегі балық аулау және өңдеу кәсіпорындарын национализациялау жөнінде декрет шығарды. Оны жүзеге асыру барысында жаңадан құрылған Арал балық кәсібі басқаратын комитет теңіз жағалауындағы 12 үлкенді-кішілі 12 акционерлік балық кәсіпорындарын национализациялады. Мұның үстіне Арал жұмысшы депутаттары Кеңесі (Совдеп) капиталистерге жатқызылған 17 кәсіпкердің тұрғын үйлерін тәркілеп, оларды баспанасыз балықшыларға берді.

Сырдария облысында 1918 жылдың екінші жартысында 36 тері өңдейтін және аяқ киім тігетін кәсіпорындары национализацияланды.

Олардағы жұмысшылар саны 775-ке тең болды. 1919 жылдың соңында облыста осы салада қоғамдастырылған кәсіпорындарының саны 73-ке жетіп, оларда 4301 адам еңбек етті [184, 22 б.].

Ал 1919-1920 жылдарда Сырдария облысындағы мақта тазалау кәсіпорындары түгелге дерлік национализацияланып, олардың 35-і жергілікті Халық шаруашылығы Кеңестерінің (Совнархозы) басқаруына өтті [184, 134-135 б.].

Облыстағы ірі диірмендер мен басқа ұн тартып, жарма шығаратын кәсіпорындары да национализациялауға ұшырады. 1918-1920 жылдар аралығында Сырдария облысында 300 жұмысшысы бар 16 ірі диірмендер мен ұн мен жарма шығаратын кәсіпорындары национализацияланып, 2600 жұмысшысы бар 1060 осы саланың майда кәсіпшіліктері (предприятия кустарного типа) облыстық Халық шаруашылық Кеңесінің қарауына өтті [185, 6-8 б.].

“Шаш ал десе, бас алатын” жергілікті шолақ белсенділер Түркістандағы национализациялау науқанының қарқынын орталық Ресейдегі қарқыннан да “биік деңгейде” жүргізді. Кейбір жерлерде 5-10 адам еңбек ететін майда колөнер кәсіпшіліктері де мемлекеттік меншікке айналдырылды.

Мәселен, 1918 жылдың ортасына дейін Ресейдегі барлық өнеркәсіп орындарының 11%-ы национализацияланса, Түркістан өлкесінде бұл көрсеткіш 45% -ға тең болды.

1918 жылдың бірінші жартысында Түркістанда мемлекеттік меншікке мақта тазалайтын, май шығаратын, тері өңдейтін кәсіпорындарымен қатар жекелеген көмір және мұнай шығаратын кәсіпорындар мемлекет меншігіне көшірілді. Бұл науқан баспаханалар мен басқа да полиграфиялық нысандарды айналып өткен жоқ. Атап айтқанда, Түркістан өлкесінің өкіметі 1918 жылғы 16 наурызда “Мұнай және көмір өнеркәсіптерін национализациялау” туралы, 19 наурызда полиграфиялық кәсіпорындарын, ал сәуірде Жетісу, Ферғана және Бұхара темір жолдарын, мамыр айында жеке меншік бөліктердің күллі бөлімшелерін национализациялау жөнінде декреттер жариялады.

Айтылған кезеңде (1918 жылдың бірінші жартысында), жалпы алғанда өлкенің 316 өнеркәсіп орындары мемлекеттік меншікке көшті. Оларда осы аймақтағы өнеркәсіп жұмысшыларының 60%-ы еңбек ететін еді.

Осындай саясатты жүзеге асырудың нәтижесінде 1920 жылдың соңына қарай толық емес мәліметтер бойынша Түркістан өлкесіндегі 1175 кәсіпорындар мемлекеттік меншікке айналдырылды. Оларда жанданып еңбек ететіндердің 90%-ы, өлкедегі машиналар мен механизмдердің 80%-ы шоғырланды [63, 134-135 б.].

Түркістан большевиктері, орталық Ресейдегі сияқты басқа саяси партиялардың, атап айтқанда біраз уақыт Орталық және Түркістандық Кеңестік үкіметтердің құрамында болған солшыл эсерлердің өнеркәсіпті национализациялаумен қатар оның кейбіреулерін “социализациялау” жөніндегі ұсыныстарын да қабылдамай тастады.

Большевиктердің пайымдауы бойынша “солшыл эсерлер” ұсынған “социализациялау” идеясы немесе жекелеген кәсіпорындарына ұжымдық меншік орнату идеясы товарлық-нарықтық қатынастарды мойындаумен бірдей еді. Ал большевиктер болса, негізі қалана бастаған келешектегі тоталитарлық жүйенің экономикасы орталыққа бағындырылған жоспарлы тәртіпке негізделуі тиіс деп есептеді. Уақыт көрсеткеніндей, сірескен жоспарға бағынған экономика түптеп келгенде Кеңес Одағының тарих сахнасынан 74 жылдан кейін кетуінің басты себептерінің бірі болды.

Кеңес өкіметі экономика саласында жоғарыда айтылған шаралармен шектелген жоқ. Атап айтқанда, Кеңес өкіметі орнасымен В.И.Ленин басқарған орталық үкімет бүкіл ел көлемінде астық монополиясын, азық-түлікке тұрақты баға тағайындау тәртібін, артық өнімді мемлекетке алып, оны қайта бөлу үрдісін айқындаған “соғыс коммунизмі” әскери-экономикалық шаралар жиынтығын енгізіп, оларды коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің экономикалық саясатының құрамдас бөліктері деп жариялады.

1918 жылғы 9-мамырда Ресей Федерациясы Халық Комиссарлар Кеңесінің “Азық-түлік комиссариатына деревнялық буржуазиямен күресте төтенше билік беру туралы” декреті жарияланды. Онда “бұл құжат азық-түлік қорын жасырып, алыпсатарлықпен айналысатын деревнялық буржуазиямен күрес” мақсатында қабылданды делінгенімен осы қаулының негізінде елде азық-түлік монополиясы мен астыққа деген тұрақты бағаның орнатылуы тек қана “деревня буржуазиясына” ғана емес, жалпы шаруалар қауымына, басқа сөзбен айтқанда, астық пен басқа да азық-түлікті өндірушілерге қарсы бағытталды. Дәлірек айтсақ бұл декрет товарлы-ақшалы нарықтық қатынастардың тамырына балта шабуға жол берілді. Осы декретке сәйкес өз қолдарындағы азық-түлік қорларын үкімет бағалаған тұрақты бағалармен дер кезінде өткізбегендер халық жаулары деп жарияланып, он жылдан кем емес мерзімдерге бас бостандығынан айырылып, басқа өңірлерге жер аударылатын болды [186, 52-53 б.].

Бұл декрет арқылы Орталық кеңес үкіметі бүкіл елде, оның ішінде Қазақстан мен Түркістанда азық-түлік диктатурасын орнатты. Түркістан өлкесінің Сырдария облысында Кеңес өкіметінің орнап, нығаю процесімен қатар азық-түлік диктатурасы да орнатыла бастады. Диктатура күштеуге

сүйенген билік деген сөз жиі айтылатын болды: пролетариат диктатурасы, азық-түлік диктатурасы дегендей.

Азық-түлік саясатында осындай қатал шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1917 жылғы қарашадан 1918 жылғы мамырға дейін Қазақстаннан Ресейдің орталық өнеркәсіп аудандарына 18.245 мың пұт астық, 1.478 мың пұт ет, 220 вагон балық жөнелтілді, ал бір ғана Сырдария және Жетісу облыстарының 1918 жылғы өнім есебінен 4622 мың пұт астық, 432 мың бастан астам қой, 12 мың басқа жуық ірі қара мал дайындалды [187, 75 б.; 78 б.].

Уақыт өткен сайын айтылмыш декретке сәйкес азық-түлік салғыртының (продразверстка) көлемі өсе берді. Мәселен, Сырдария облысында 1919 жылғы астық өнімі бойынша әр уезге салынған азық-түлік салғырты (продразверстка) мен оның орындалу нәтижесі төмендегідей болды (пұтқа есептегенде) [188, 19-20 п.].

Кесте 1 - Сырдария облысында 1919 жылғы астық өнімі бойынша әр уезге салынған азық-түлік салғырты мен оның орындалу нәтижесі

Азық-түлік комитеттері	Салым көлемі	Орындалуы	Пайызға шаққанда	Қалғаны (пайызға шаққанда)
Ташкент уезі	1.733.845	889.697	51,3	48,7
Бетпақдала уезі	425.000	82.485	19,4	87,7
Черняев уезі	2.167.093	502.262	23,2	76,8
Түркістан уезі	75.000	74.060	98,7	7,3
Әулиеата уезі	1.710.000	420.824	24,1	75,9
Перовск уезі	125.000	44.77	35,8	64,2
Қазалы уезі	113.710	7.706	6,7	93,3

Сол кездегі мал басына белгіленген салғырттың көлемі мен орындалу көрінісі мынандай болды (мал басын ірі-қараға шаққанда) [189, 19-20 п.]:

Кесте 2 - Мал басына белгіленген салғырттың көлемі мен орындалу көрінісі

Уездің азық-түлік комитеттері	Салым	Орындалды	Пайызға шаққанда
Ташкент уезі	99.820	65.817	65,9
Бетпақдала уезі	44.180	13.557	28,1
Черняев (Шымкент) уезі	56.800	52.539	92,4
Түркістан уезі	5.000	7.572	151,4
Әулиеата уезі	65.000	47.260	72,7
Перовск уезі	9.600	21.393	222,8
Перовск уезі	9.600	21.393	222,8
Қазалы уезі	27.672	10.002	36,5
Қорытынды	312072	218.140	69,8

Жер-жерлерге жіберілген азық-түлік комитеттерінің өкілдеріне мына мағынадағы нұсқаулар берілген: “Азық-түлік қызметкері (продроботник) Ленин жолдастың сөздерін жадында сақта: кулакты тона, орташаны ренжітпе, кедейге көмектес” - іс жүзінде осы нұсқаудағыдай болды [190, 22 п.]. Салғырт мен салық кедей, орташа, дәулетті, бай демей жаппай жиналды. Азамат соғысы тудырған қосымша қиыншылықтарға орай тапшылық көрген орталық Ресей өнеркәсіп орталықтарының тұрғындары үшін жинайтын азық-түлік мөлшері, әсіресе ет салығының көлемі өсті. Ол үшін мал баққан Сырдария облысының шаруаларын (басым көпшілігі қазақтар болған) әртүрлі әлеуметтік топтарға қалай болса, солай бөліп, олар төлейтін ет салығының (мал басының) мөлшелері анықталды. Облыс тұрғындарының ірі-қараға шаққанда 6 басқа дейін малы барлар - кедейлер, 10-басқа дейінгі малы барлар - орташалар, 11-ден 20-ға дейін мал иелері - байлар деп есептелді. Осы әлеуметтік топтар мүшелеріне салынатын салық мөлшері былай анықталды: 6-дан 10-ға дейін малы барлар бір малдан, 11-ден 20-ға дейін малы барлар 2 бас малдан, 31-ден 40-қа дейінгі малы барлар 5 бас малдан, 40-тан 50-ге дейінгі малы барлар - 10 бас малдан, 60 бастан астам малы бар кісілер бар малының 25%-ын мемлекетке өткізуге міндеттенді [187, 79 б.]. Осындай есепке сүйенген (дәлірек айтсақ, ол есептегі көрсетілген салық мөлшерін өздерінше көбейтіп отырған) азық-түлік жинаушылар іс жүзінде қазақ ауылдарын тонауға кірісті. Жергілікті “продроботниктерге” Ресейдің орталық аудандарынан 1918 жылдың көктемінен Қазақстан мен Түркістанға жіберілген азық-түлік отрядтары (продотряды) мен жұмысшылардан тұратығын автомобиль колонналары көмектесті. 1918 жылғы бір ғана сәуір айында Ресей Федерациясының азық-түлік комиссариаты Қазақстан мен Түркістанның көптеген өңірлеріне 1000 “революцияшыл” жұмысшылардан тұратын азық-түлік отрядтары мен жүздеген автомашиналардан тұратын колонналар жіберді. Уақыт өткен сайын олардың сандары еселеп өсті. 1920 жылы бір ғана Сырдария облысында Ресейден келген құрамында 900-дей адам бар 300 азық-түлік отряды орталық үшін астық пен мал басын жинап, оларды үзіліссіз ашаршылыққа ұшыраған Иваново-Вознесенск, т.б. қалалардың тұрғындарына жөнелтіп отырды [191, 222 б.; 192, 120 п.]. Осындай әрекеттер нәтижесінде 1920 жылдың бірінші желтоқсанына дейін Сырдария облысын түгел тінтіп шыққан азық-түлік отрядтары ресми мәліметтер бойынша 80.502 пұт бидай, 2.303.675 дәндік жемшөп (зернофураж), 130.110 пұт ет, 3804 пұт көкөніс дайындады [193, 4 п.].

Бұл отрядтар өлкенің ауыл тұрғындарынан азық-түлік пен мал басын зорлап тартып алып отырды. Оларға кейбір жергілікті билік басында отырған шовинистік пиғылдағы, жергілікті халыққа жаны ашымайтын чиновниктер барынша көмектесті.

Сондай қаныпезерлердің бірі Перовскі уезін ешбір шек қоюсыз билеген Гершот деген болды. Ол туралы Мустафа Шоқай өзінің “Кеңестер билеген Түркістан атты енбегінде былай деп жазды: “Перовскіде өзі би, өзі қожа Гершот отыр. Одан тұтастай халық - қырғыздар (қазақтар) үдере көшкен. Осы босқыншылықта бір миллионға жуық адам өлген” [5, 75 б.].

Шет елде эмиграцияда болған Мұстафа Шоқайдың осы сөздері Ташкентте шығып тұрған “Бірлік туы” газетінің 1918 жылғы бір санында жарияланған мақаламен сарындас. “Осы күні (1918 жылдың көктемінде – З.Т.), - делінген айтылмыш мақалада, - Сырдария облысына аштықтың тегіс таралғаны, аштыққа шыдай алмай көбінше қазақтардың басы ауған жаққа қаңғып кетіп жатқаны газет оқырмандарына белгілі... Осы аштық Ақмешіт уезінде болып, күн сайын өлім-жітім көбейе бастады және осы өлген адамдарға кебін табу қиынға айналды. Кебін табылса, ақ жауып, арулап көметін адам табылмай састырды...” [194].

Әулиеата уезіндегі ашаршылыққа байланысты Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған 1918 жылғы 15 қарашада жазылған бір құжатта осы өңірдегі тіркелген ашыққандар саны 5000-ға жеткендігі, оларға шұғыл түрде көмек көрсетілмесе, көктемге дейін осы 5000 адамның жартысы ғана тірі қалуы мүмкін делінген [195, 35 п.].

Ашаршылық Қазалы уезін де шарлады. “Ұлуғ Түркістан” газетінің 1918 жылғы екінші сәуірдегі санында осыған орай жарияланған мақалада былай делінді: “...Қорқынышты ашаршылық Қазалы уезінде де көріне бастады. Бұл пәлекет әсіресе қазақ халқы үстіне түсті. Қазір даладан қалаға бірін-бірі сүйреп келушілер көбейді. Бұлардың ішінде аштан өліп жатқандар бар... Қазалының оқыған жастары қаланың саналы ақсақалдарын жинап, аштардың хал-жағдайларын түсіндірді... Көмек комиссиясы сайланып, жәрдем жинай бастады”. Мақала авторы М. Күзембаев Қазалыда ашыққандарға Мұқымбай Хасенбайұлы сияқты дәулетті адамдардың көп жәрдем бергендігін атап көрсетті. Мұндай бастамалар Сырдария облысының басқа аймақтарында да көріне басталды. Мәселен, 1918 жылғы 26 қазан күні Әулиеата уезінің зиялылары мен дәулетті топтары өкілдерінің өңірді жайлаған ашаршылыққа байланысты басқосулары (құжатта “конференция” делінген) өтті. Оған Қарабастау болысынан Керімбай Буракин, Билікөл болысынан - Белқожа Ташманбетов, Ошақты болысынан - Әбдрахман Жанабаев, Ұйық болысынан-Әбдірахман Бейбітов, Сейсембай Әлімбеков, Жаманқара Ниязбеков, Тастөбе болысынан - Омар Ниязбеков, т.б. болыстардан ұзын саны 30-ға жуық қатынасты. Уездегі қазақ болыстарының өкілдері осы басқосуға уездік Кеңестің Атқару комитетінің большевиктер фракциясының мүшелері Н.Прокудин, Федоров-Завадский шақырылды. Осы мәжіліске қатынасушылар ашыққандарға көптеп-көлемдеп, халық есебінен азық-түлік, сойыс мал, киім-кешек жинау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Сонымен қатар Кеңестердің уездік комитетінің мүшелері Төреқұл Жанұзақов пен Тұрар Рысқұловты Түркістан үкіметіне өздерінің өкілдері етіп жіберу жөнінде шешім қабылдап, оларға өлкелік үкіметке аштарға көмек көрсету туралы өз талаптарын жеткізуді тапсырды [196, 9 п.; 54 п.].

Жергілікті халықтың осындай ауыр жағдайға ұшырағандығына карамастан, орталықтан келген Кеңес өкіметінің азық-түлік отрядтары өздерінің тонаушылық іс-әрекеттерін жалғастыра берді. Халық бұқарасы тарапынан әртүрлі деңгейдегі және әрқилы түрдегі қарсылыққа кездесті. Бұл қарсылықты Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының жергілікті

белсенділері “буржуазияшыл ұлтшылдардың” залымдық әрекеттері деп түсіндірді, азық-түлік отрядтарының әрекеттерін ақтап, қолдап отырды. Мәселен, Орталық Ресейден келген азық-түлік отрядтардың тонаушылық іс-әрекетінің тігісін жатқызбақ болған бір мақалада былай деп жазылды: “Жұмысшы отрядтарының деревняға жасаған жорығын (поход) бір ұлттың екінші ұлтқа шабуылы деп ұқпау керек. Бұл отрядтар өздерінің қызметін барлық ұлттардың кедейлерін біріктіруге бағындырулары қажет”. Одан әрі қарай мақала (оның авторы көрсетілмеген. Ол редакция атынан жарияланған сияқты) Ресейден келген азық-түлік отрядтары “кедейлер мен орташалардан астықты күштеп тартып алу үшін емес, керісінше кулактар мен байлардан оны азық-түлік алуда оларға көмектесу үшін келді”, - деп жауырды жаба тоқиды [197].

В.И. Ленин болса, Ресей мен ұлт аймақтардағы ашаршылықтың себептерін біржақты түсіндірді. Ол халықтың айтарлықтай бөлігінің Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан ашаршылыққа ұшырауын буржуазия мен байлардың қарсылығының нәтижесі деп жариялады.

“Ашаршылық Ресейде астық жоқтығынан емес, - деп жазды ол Путилов заводының жұмысшыларына жазған хатында, - буржуазия және барлық бай адамдар ең маңызды және қиын мәселеде, астық туралы мәселеде, еңбекшілер үстемдігіне, жұмысшылар мемлекетіне, Совет өкіметіне қарсы ең ақырғы шешуші зор майдан ашып жатқандықтан болып отыр” [183, 391 б.]. Одан әрі Кеңес үкіметінің басшысы ашаршылықтың кең етек жаюына себепші болып, “астық монополиясына, мемлекеттік астық бөлу ісіне кедергі жасап, кесел келтіріп отырғандарға” қарсы қатал күрес ашу қажеттігін баса көрсетті. Бұл күресте ең алдымен Петроград сияқты өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары бастаулары қажет деді. Олар, яғни өнеркәсіп жұмысшылары, деді большевиктер көсемі “...он жетінші жылғы февраль мен октябрьдегіден кем түспейтін ерлік көрсетуді талап ететінін, астық пен жалдаптық жасаушыларға қарсы кулактарға, алпауыттарға, іріткі салушыларға, паракорларға қарсы ұлы “крест жорығын” ұйымдастыру керек екенін... түсінуге тиіс” [183, 391 б.].

Осы «крест жорығына орталық аудандардың жұмысшыларының үлгісімен “ұлан-байтақ елдің барлық түкпірлерінде алдыңғы қатарлы жұмысшылар жаппай шығуы керек” екендігін ол баса, шегелеп айтты. “Коммунизмге, - деді ол, - сапалы түрде және шексіз берілген пролетариаттың темірдей берік отрядтары ондаған есе көп болуы керек... Сонда біз революцияны социализмнің табалдырығына дейін жеткіземіз” [183, 394 б.].

Орталық Кеңес өкіметінің басшысынан осындай “бата алған”, қатарында сан мыңдаған «революцияшыл пролетариаттың саналы өкілдері бар азық-түлік отрядтары жер-жерлердегі Кеңес өкіметінің солақай белсенділері мен “кедейлер комитеттеріне сүйеніп”, заңсыздық, зорлықшылдық әрекеттерге барды. Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі алғашқы жылдарда негізі қалыптасқан жалпы экономикалық, оның ішінде аграрлық және азық-түлік мәселесіндегі саясаты түптеп келгенде, кейінгі кезеңдерде Кеңес Одағында қалыптасқан тоталитарлық жүйеге қызмет

етіп, мыңдаған кәсіпкерлер мен миллиондаған шаруалар бұқарасына ауыр қасіреттер әкелді.

Жер-жердегі Кеңес өкіметінің органдары әр түрлі, кейде ойдан шығарылған себеп-сылтаулармен және ашаршылықпен күрес қажеттігін желеу етіп өздеріне қарайтын территориялардағы капиталистерге, ірі саудагерлер мен дәулетті кәсіпкерлерге көп мөлшерде әртүрлі айыппұл мен заңсыз “контрибуциялық” салықтар салды. Мәселен, Әулиеата Кеңесі 1918 жылғы 28 наурыздағы арнаулы декретімен уездің түпкілікті халықтардан шыққан капиталистерді сол жылдың 2-ші сәуіріне дейін өз есеп шотына бір миллион рубль өткізуді міндеттеді. Осылармен қатар осы өңірдегі 52 орыс капиталистері соншама ақша көлемінде “контрибуциялық” салық төлеуге тиісті болды. 1918 жылдың 12 сәуірінде Түркістан қалалық депутаттар Кеңесі жергілікті ірі саудагерлерге табыс салығын дер кезінде төлемеді деген сылтаумен 300 мың рубль айыппұл салып, майда кәсіпкерлердің бірнеше жүзмыңдық дүниемүлкін тәркілеу жөнінде қаулы шығарды [24, 200 б.].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы іс-әрекетіне баға бере келіп, Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы “Жизнь национальностей” газетінде “Киргизы” атты мақаласында былай деп тұжырым жасады: “Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз; шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізілді... Егер бұрын патша чиновниктері аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевиктер-коммунистердің атын жамылған адамдар тобы жүргізіп отыр” [47, 7 б.].

Ахмет Байтұрсыновтың осы тұжырымы барынша дәл айтылған. Оған алып-қосар артық сөз жоқ. Большевиктер тек мемлекеттік (кеңестік) басқару және билік жүйесіндегі жетекшілік рөлге ие болумен шектелген жоқ. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, милиция, Қызыл Гвардия мен Қызыл Армия жасақтары мен бөлімшілеріне де бақылау орнатты. Сонымен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларына жаппай бақылау орнату арқылы оларды жеке-дара билеп төстеу үшін, олар идеология мен мәдениет салаларына да өз үстемдіктерін жүргізу қажет деп санады. Бұл ретте ең алдымен таптық, коммунистік ұстанымдары жетекшілікке алған большевиктер партиясының жергілікті ұйымдарын кеңінен құрып, оларды нығайту қажет деп табылды.

Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен соң жұмысшы табы билеуші тап болып танылып, кеңес мемлекеті пролетариат диктатурасының мемлекеті деп жарияланды, ол коммунистік (большевиктік) партия елдегі билеуші саяси ұйымға айналуға тиісті болды. Орталықта да, ұлттық аймақтарда да бұрын іс жүзінде бытыраңқы жағдайда болған большевиктік топтар бірігу процестерін бастап келіп, бір-бірімен байланысты ұйымдарға топтасты. Мұндай үрдістер Сырдария облысына да тән болды. 1918 жылдың күз айларында Сырдария облысына қарайтын Жосалы, Арал, Арыс сияқты темір жол станцияларында большевиктік партия ұйымдары құрылды. Ал Перовск, Черняев (Шымкент), Әулиеата, Түркістан және Қазалы сияқты қалалар мен елді мекендердегі партия ұйымдары шапшаң қарқынмен өсті. 1918 жылғы 17-25 маусым аралығында

Ташкент қаласында Түркістан коммунистерінің өлкелік конференциясы өтті. Оған қатынасушылар бұл конференцияны өздерінің бірінші өлкелік съезі деп атап, партиялық құрылыстың өзекті деп саналған мәселелерін талқылады. Олардың қатарында өлкенің жергілікті халықтарының өкілдерін партия қатарына тарту, партиялық баспасөз жүйесін қалыптастыру туралы мәселелер де болды. Конференция “Мұсылман пролетариаты арасындағы жұмыс туралы” аталған қарар қабылдады. Онда “Мұсылман бұқарасын жаңа өмір құруға кеңінен қатынастыру”, “социалистік отанды қорғау үшін” Қызыл Армия бөлімдерін құру ісіне ерекше мән беру, жергілікті облыстық және уездік Кеңестердің жанынан ұлт істері жөніндегі Комиссариат бөлімдерін (секцияларын) құру, Түркістанның жергілікті халықтарының тілдерінде партиялық әдебиет шығару ісін бастау жұмыстарына үлкен мән берілді [198, 11-12 б.]. Конференция қарарлары мен ұсыныстары жер-жерлерде кеңінен нахихатталып, жергілікті партия ұйымдарын құру ісі жанданды.

1918 жылдың жазында Перовск партия ұйымының қатарында 193 коммунист, Қазалы ұйымында - 120, Түркістан қалалық партия ұйымында 52 адам болды. Партия ұйымдарының ұйымдық жағынан нығаю процесі облыстың басқа қалаларында тез қарқынмен жүзеге асып жатты [93, 265 б.].

Осындай жұмыстардың нәтижесінде 1919 жылдың ақпанында Сырдария облыстық партия ұйымын құру ісі аяқталды [87, 87 б.].

1920 жылғы 13-16 тамыз аралығында Шымкентте Сырдария облыстық бірінші партия съезі өтіп, онда Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы (РКПб) Түркістан комиссиясының сол кездегі төрағасы В.В.Куйбышев «РКП-ның Түркістандағы міндеттері» деген баяндама жасады. Баяндамашы облыс партия ұйымының алдына екі басты міндетті - отарлық езгінің қалдықтары мен жергілікті халық арасындағы патриархаттық-феодалдықты жою – міндеттерін қойды [87, 111 б.].

Кейінгі тәжірибе көрсеткеніндей “отарлықтың қалдықтарын жою” көп жағдайда сөз, декларация жүзінде қалды да, “патриархаттық-феодалдық қатынас” қалдықтарын жою туралы нұсқау пәрменді түрде жүзеге асырыла бастады. Бұл “қалдықтар” қатарына қазақтардың дәстүрлі шаруашылықпен айналысу ісі, ұлттық салт-сана, діни наным-сенімдер, діл мен тіл ерекшеліктері мен оларды сақтаушылар жатқызылды. Ондаған жылдарға созылған оларға қарсы күрестің зиянды зардаптарынан халқымыз бүгінге дейін толық айырыла қойған жоқ...

Коммунистік партияның ұлт аймақтарындағы ұйымдарының нығайып, саяси билікті жеке өз қолдарына алуы барысында оларға қарсы көзқарастарда болған және “буржуазиялық”, “ұлтшылдық”, “келісімпаздық”, т.б. саяси айдар тағылған партия ұйымдары күштеп таратылып, олардың баспасөз органдары жабылды. Таратылған партиялардың полиграфиялық игіліктері жаңа, большевиктік, кеңестік бағыттағы газет пен журналдар шығару үшін пайдаланылды. Жаңадан қалыптаса бастаған большевиктік, кеңестік баспасөз коммунистік идеологияны таратудың пәрменді құрамына тез қарқынмен айнала бастады. Жаңа өкіметке сенімсіз немесе қарсы бағытта деп бағаланып, Кеңес өкіметінің алғашқы айларында күштеп таратылған саяси ұйымдар қатарына

“Алаш”, “Шуро-исламия”, “Ғұламалар одағы”, “Үш жүз” партияларын, жабылған баспасөз органдары қатарына “Қазақ”, “Бірлік туы”, “Сары арқа”, т.б. газеттерді бірінші кезекте жатқызуға болады.

Қазақстан мен Түркістанның қалаларында коммунистік идеялар мен ұстанымдарды уағыздайтын газеттер шыға бастады. Олардың қатарына “Қазақ мұңы” (Орынбор), “Ұшқын” (Орынбор), “Заря свободы” (Верный), “Иштракиюн” (Ташкент), “Мехнаткашлар товуши” (Самарқан), “Вестник семиреченского трудового народа” (орыс және қазақ тілдерінде, Верный), т.б. газеттерді жатқызуға болады. Бұлар Қазақстан мен Түркістанды мекендеген халықтар (орыс, қазақ, өзбек, т.б.) тілдерінде шығып тұрды және олардың біразы Сырдария облысына таратылды [87, 75 б.; 95, 270 б.].

Азамат соғыс жылдарында ұлттық-демократиялық, ұсақ буржуазияшыл және жекелеген діни партиялар да таратылып, Түркістан өлкесін мекендеген халықтардың ұлттық-мәдени ұйымдары жабылды. Олардың қатарына Жас бұхарлықтар (младобухарцы), Жас хиуалықтар (младохивинцы) ұйымдары мен Түркістандық армяндардың “Дашнакцутюн” тобын, осы өңірдегі еврейлердің “Поалей цион” партиясы мен “Бунд” тобын жатқызуға болады [63, 123 б.].

Азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның басталуына байланысты негізгі аймақтарында Кеңес өкіметі сақталып қалған Түркістан АКСР-дағы большевиктер ұйымдары мен билік жүйесінің қызметінде әскери мәселе бірінші орынға шықты. Соғысқа байланысты, Кеңес мемлекетінде қалыптасқан жаңа жағдайға байланысты 1918 жылғы шілдеде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің кеңейтілген мәжілісінде В.И. Ленин мынаны атап көрсетті: “Біздің еліміз тағы да соғысқа душар болып отыр... Россия Социалистік Федеративтік Совет Республикасының өмір сүруі туралы барлық мәселе, Россиялық социалистік революцияның барлық мәселесі соғыс мәселесіне келіп тіреліп отыр” [199, 15 б.]. Осы жағдайдан туындайтын басты міндет ретінде ол “пролетариаттың қатарларын бұрынғыдан да тығызырақ топтастырып... барлығын да соғыс мәселесін шешуге жұмылдыра алатындай етіп ұйымдастыра білу”, – міндетін қойды [199, 17-18 б.].

Лениндік осы тапсырманы тез арада орындау үшін Түркістан өлкесінде де шұғыл шаралар жүзеге асырыла бастады. Ескі Ташкент қаласында шұғыл түрде шақырылған көп адам қатынасқан митингіде төмендегі мазмұндағы құжат қабылданды: “Алдымызға қойылған мақсат-міндеттер (социализм құру жөніндегі – З.Т.) жауды толық жеңгенде ғана мүмкін болатындығын еске алатырып қаулы етеміз: 1) Советтік негіздегі Түркістан Республикасын қорғау; 2) Осы мақсатпен қарулану және әскери өнерді үйрену; 3) Әскери партия жасақтарын (дружиналарын) құру” [200].

Осыған мазмұндас қаулы-қарарлар сол кездерде өткен Түркістан уезінің екінші теміржолшылар съезінде, Кеңестердің үшінші Қазалы уездік съезінде, Черняевте (Шымкентте), т.б. Сырдария облысының елді мекендерінде болған митинглерде қабылданды. Жергілікті Кеңестер мен большевиктік ұйымдар жоғарыда айтылғандай қаулы-қарарлар қабылдаумен шектелген жоқ, нақтылы іс-әрекеттер де атқарды. Мәселен, Азамат соғысы басталысымен бұрыннан бар Қызыл Гвардия жасақтары мен Қызыл Армия бөлімшелеріне қосымша әскери

құрылымдар құрылып жатты. Олардың қатарында 4-ші Түркістан полкі, жеке Черняев (Шымкент) батальоны, Түркістан казак Кеңес полкі, Перовск жауынгер жасағы, т.б. әскери бөлімшелер болды. Олардың құрамында өлкені мекендеген халықтардың - орыс, украин, казак, өзбек, татарлардың, т.б.- өкілдері болды [93, 285 б.]. Бұл әскери құрамалар ақтарға қарсы күресу үшін Азамат соғысының Орынбор, Ақтөбе, Закаспий майдандарына аттандырылды.

Азамат соғысы жағдайында Түркістан большевиктері Ресейдің орталық аудандарының үлгісімен жастар мәселесіне нақтылы назар аударыла бастады. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өлкеде дербес жастар ұйымдары болған жоқ. Соған қарамастан большевиктер іс-қимылға бейім тұратын белгілі жастардың, белгілі бөлігін Түркістан өңірінде Кеңес өкіметін орнату үшін күреске жұмылдыра білді. Ал жаңа өкімет жүйесі қалыптасып, нығаю барысында, әсіресе Азамат соғысы тудырған жаңа жағдайда тез қарқынмен өрістей бастаған жастар қозғалысын большевиктер өз бақылауына алып, оларға жетекшілік жасау ісінің Кеңес өкіметінің нығаю процессінде маңызды екендігін жақсы түсінді.

1918 жылдың екінші жартысында өлкенің, оның ішінде Сырдария облысының, алдымен қалаларында, одан кейін басқа да елді мекендерінде “Социалистік жастар одағы” атанған ұйымдар құрыла бастады, ал жекелеген партия комитеттері жанынан жаңа “Жастар ұйымдары (коллективтері)” пайда болды. 1918 жылғы тамызда Ташкентте “Жастардың социалистік одағы” құрылып, көп кешікпей оның баспасөз органы - “Юный труженник” атты журнал шығарыла бастады [201, 20 б.; 93, 301 б.]. Бұл одақтың бөлімшелері өлкенің басқа қалаларында, олардың қатарында Сырдария облысының уезд орталықтарында да құрыла бастады. 1918 жылдың соңына қарай Түркістандағы “Социалистік жастар одағының” саны 15-ке жетіп, олардың қатарында 2000-ға жуық адам болды [201, 20 б.; 93, 301 б.]. Бұл ұйымдар кейінірек құрылған Коммунистік жастар одағының (Коммунистический союз молодежи – комсомолдың) құрылуына жол салушы, ізашар ұйымдар ролін атқарды. 1919 жылғы 15 сәуірде Ташкенттегі “Социалистік жастар одағы” большевиктердің ұсынысымен жұмысшы жастардың коммунистік одағы болып қайта құрылды. Біртіндеп коммунистік бағыттағы жастар одағының қатарына ауыл, қыстақ, селоларды мекендейтіп әртүрлі ұлттардың өкілдері тартыла бастады.

Түркістандағы Коммунистік жастар одағына алғашқылардың қатарында мүше болған казак жастарының ішінде, кейін оның жетекшісіне айналған Ғани Мұратбаев та болды.

1920 жылғы 21 қаңтарда Ташкентте Түркістан комсомолының бірінші өлкелік съезі ашылды. Оған қатарларында 8000 мүшесі бар 120 делегат қатынасты. Съезд Түркістан комсомолының құрылғандығын баянды етіп, оның жарғысы мен бағдарламасын қабылдады [63, 127 б.]. Осы съезден кейін жер-жерлерде комсомол ұйымдарын құру және олардың қызметін жандандыру ісі жаңа сапалы сатыға көтерілді. Түркістан мен Қазақстан Коммунистік жастар одағы ұйымдарының құрылу және нығаю барысында осы аймақтарда бұрыннан бар “Бірлік”, “Оқушы жастар одағы”, “Тарбут”, “Макаби”, “Голубой бунт”

сияқты жастар ұйымдары ұлтшылдық және ұлтшылдық-буржуазиялық бағыттардағы ұйымдар деген айыптар тағылып, таратылды. Ал комсомол ұйымдары болса, партияның “көмекшісі мен резерві” аталып, коммунистердің “қолбаласына” айналды.

Қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларына бақылау орнатып, оларға жетекшілік ету бағытындағы большевиктердің іс-әрекеттері жоғарыда айтылғандармен шектелген жоқ. Енді олар еңбекшілердің кәсіподақ ұйымдары мен шаруалардың өзара көмек көрсету комитеттері, “Кедей”, “Қосшы одағы” сияқты бұқаралық ұйымдарына да бақылау орнатып, оларды өздерінің айтқандарын орындайтын, “жүр” деген бағытта жүретін қолшоқпарларына айналдыру бағытында әрекеттерге көшті. Нәтижесінде 1918-1920 жылдары негіздері қаланып, қызметтері басталған айтылмыш ұйымдар біртіндеп белгілі дәрежеде өнеркәсіп пен аграрлық қайта құрулардағы большевиктік бағыттар мен ұстанымдарды жүзеге асырушыларға айналды. Олардың бұл рөлі 1920-1930 жылдарда елді тез қарқынмен индустрияландыру мен оның ауыл шаруашылығын күштеп жаппай ұжымдастыру барысында ерекше көрінді. Ал бұл “қайтақұрулардың” мемлекет пен халыққа қаншалықты зардапты болғандығы көпшілікке белгілі...

Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі елдің күллі өмірін социалистік негізде қайта құруда, саяси насихат пен мәдени құрылыс ісіне үлкен мән берді. Олардың осы мәселедегі бағдарламалық ұстанымдары адамдардың зердесіне коммунистік идеологияны әртүрлі әдістерді қолданып, жаппай енгізу жолымен жалпы қоғамдық сапаны жаңа талаптарға сай қайта құруды көздеді. Адам сапасын “кеңестендіру” мен “коммунистендіру” үшін мәдениеттің барлық салаларына – баспасөзге, оқу-ағарту ісіне, ғылымға, өнерге байланысты іс-шаралар белгіленді. Олар дін мен ділге, ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты да жүзеге асырылды...

Халық бұқарасына коммунистік ұстанымдарды насихаттап, көпшілікке саяси тәрбие беруде алғашқы большевиктік газеттер айтарлықтай рөл атқарды. Бастапқы кезде Сырдария облыстарының жұртшылығына Ташкент, Орынбор, Верный, т.б. қалаларында шыға бастаған орыс, өзбек, қазақ тіліндегі газеттер таратылды.

Әуел баста Қазақстан мен Түркістанның жергілікті ұлттар тілінде шығатын газеттердің аз болуына байланысты орыс тіліндегі газеттерде қазақ, өзбек, қырғыз тілдерінде қосымшалар мен арнайы бөлімдер жарияланып тұрды. Көп кешікпей Қазақстан мен Түркістан өлкесінің жекелеген қалаларында қазақ тілінде кеңестік бағытта газеттер шығарыла бастады. Олардың қатарына “Тіршілік” (Ақмола), “Көмек” (Верный), “Ұран” (Орда, Орынбор), т.б. газеттерді жатқызуға болады [19, 487 б.].

Бұрын полиграфиялық базасы болмаған қалаларда (олардың қатарында Сырдария облысының уезд орталықтарында) газеттер шығару үшін баспаханалар (типографиялар) ұжымдастыру жөнінде шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, 1918 жылғы 29 мамырда Түркістан уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңесінің Атқару комитеті еңбек комиссарына қалада типография ұжымдастыруға және оған қажетті үш адамнан (қазақ, орыс

және маман баспагер) тұратын қызметкерлерге қажетті қаражат табуды тапсырды [202, 91 п.].

Кеңес өкіметі дінді “адамдардың миын уландыратын апиын” деп жариялады, шіркеу (Ресейде), мешіт (мұсылман діндегі халықтар мекендейтін ұлт аймақтарында) мемлекеттен ажыратылды, мектеп пен басқа оқу орындарында дін сабағын өткізуге тиым салынды [203, 263 б.]. Қазақстан мен Түркістандағы мешіттер мен олардың жанындағы медреселер жабылды, діндарлар мен діни қызметкерлер қуғын-сүргінге ұшырады, діни әдебиетті оқуға тиым салынып, отқа жағылды. Ислам дініне сенушілер мен оны уағыздаушылар коммунистік идеология мен кеңестік құрылысқа қарсы саяси бағыт деп бағаланып, оған “панисламизм” деген айдар тағылды. Тілдерінің негізі ортақ, ділі мен әдет-ғұрыптарында көптеген ұқсастықтар бар түрік тілдес жұрттар бірлігі туралы пікір айтып, оны насихаттаушылар Кеңес өкіметі мен большевиктер уағыздаған “интернационализм” принциптеріне қарсы әрекет етушілер деп айыпталып, оларға “пантүркістер” деген анықтама берілді. Олар Кеңес өкіметі нығаю барысында саяси қуғын-сүргін объектілеріне айналды.

Оқу-ағарту ісі де саясаттандырылды. Тек қана жаңа, кеңестік типтегі, коммунистік идеологияны, таптық принциптерді басшылыққа алатын жаңа оқу-ағарту жүйесін - мектептер мен жоғарғы оқу орындарын қалыптастыру мен дамыту міндеттері мәдени құрылыстың өзекті мәселелері болып жарияланды. Бұл ретте 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін құрамына Сырдария облысы кіретін Түркістан өлкесінде көптеген конфессионалдық (діни), айтарлық жәдидтік (жаңаша), жүздеген орыс-түзем, таза орыс мектептері болды. Зерттеушілер А.Голованов пен Г.Тілеуқұловтың мәліметтеріне сүйенсек, 1913 жылы Түркістан өлкесінде 7290 конфессионалдық мектеп (оқушылар саны 70.861 адам), 40 жәдидшіл (жаңаша) мектеп (олардың қатарында үш қыздар мектебі), 126 орыс-түзем (орыс-қазақ, орыс-өзбек, т.б.) мектеп, 330 бастауыш орыс мектептері (оқушылар саны – 26.386 адам) және 7 мыңдай тәліптер оқитын медресе болды [63, 152 б.].

Мектеп пен оқу-ағарту саясатын анықтау кезінде Кеңес өкіметі Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түпкілікті халықтардың 1917 жылғы қазанға дейінгі сауаттылық деңгейі тек қана орысша сөйлеп, орысша жаза білгендердің санымен анықталып, олардың айтарлықтай бөлігі сандаған ғасырлар бойы араб графикасы негізінде сауатты болғандығы, бұл өңірде жүздеген ұлттық және діни мектептер болғандығы есепке алынбады. Сондықтан да Қазан төңкерісіне дейін Қазақстан мен Түркістанды мекендеген қазақтар мен басқа жергілікті халықтардың екі-ақ проценті сауатты болған деген тұжырым ғылыми және саяси әдебиетте орын алды. Осындай мәдениетсіздік пен қараңғылық жайлаған елге оқу мен білімді кеңестік жүйе алып келді деген пікір саналы түрде қалыптастырылды. Білім мен ғылым біртіндеп елдегі “аға, жетекші халық”, басқаларды “жарылқаушы ұлт” аталған орыс халқының үлесіне тиесілі болды.

Оқу-ағарту жүйесінде, ең алдымен мектептерге байланысты жоғарыда айтылған большевиктік мәдени бағдарлама бұрыннан қалыптасқан өлкедегі орыс және жергілікті халықтар тіліндегі оқу орындарының мұғалімдері тарапынан қарсылыққа кездесті. Олар ең алдымен мектептерді саясаттандыру

әрекеттеріне наразылық білдірді. Олар айтылмыш мәселеде “мектеп саясаттан тыс тұрады, мұғалімдер қандай да болсын саяси партияның көзқарасын жақтамау қажет. Мұғалім еркін тұлға болуға тиіс”,-деген Бүкілресейлік мұғалімдер одағының бағытын жақтады [24, 214 б.].

Осыған қарамастан Кеңес өкіметі 1917-1920 жылдарда Қазақстан мен Түркістанда, олардың қатарында Сырдария облысының қалалары мен ауыл-селоларында жаңа типтегі, кеңестік мәдени құрылыс міндеттеріне сай мектептер жүйесін қалыптастырып, оларды мұғалімдермен қамтамасыз етуде, хат танымайтын ересек адамдардың сауатсыздығын жоюға көптеген оңды жұмыстарды жүзеге асырды.

Бұл саладағы игілікті істер Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі жылдарда өз жалғасын тауып, бастауыш, орталау, орта мектептер жүйесімен қатар, жоғарғы оқу орындар (университеттер мен институттар), ғылыми-зерттеу мекемелері, т.б. мәдениет салалары қарқынмен дамытылды. Осы іс-шаралардың жиынтығы кеңестік тарихнамада мәдени революцияның жеңіске жетуі деп анықталғаны белгілі. Мәдени құрылыстың барлық салалары дерлік коммунистік идеялар негізінде саясаттандырылғанымен, оның табыстары Қазақстан мен Түркістан халықтарын әлемдік өркениеттің жетістіктерімен сусындауға мүмкіндік берді...

1917-1920 жылдар аралығында ескі мектептер жүйесінен жаңа кеңестік мектептерге көшуде алғашқы қадамдар жасалды. Ескі мектептер жүйесін қайта құру ісіне Түркістан АКСР-ның оқу-ағарту істері жөніндегі комиссариат пен жергілікті Кеңестер жанындағы оның бөлімшелері жетекшілік жасады. Оқу-ағарту ісінде Түркістан жағдайында бұрыннан бар әртүрлі мектептерді (конфессионалдық, жәдидтік, т.б.) бірыңғай кеңестік еңбек мектептері етіп қайта құру принципі негізге алынды. Бұл мектептер екі сатыға бөлінді: бірінші сатылы мектепте 8-ден 13- жасқа дейінгі балалар бес жыл оқитын болса, екінші сатылы мектептің оқу мерізімі төрт жыл болып анықталып, онда 13 пен 17 жастар арасындағы ұл-қыздар оқуға тиісті болды. Түркістанның көшпелі халықтарының балаларын кеңестік мектептерге тарту үшін арнайы интернаттар ашылды.

Жаңа бірыңғай кеңестік мектептердің басты міндетін 1919 жылғы наурыз айында өткен РКП(б)-ның VIII-і съезі «Қоғамды коммунистік тұрғыда қайта түлетудің құралы» болу деп анықтады.

1920 жылдардың басына қарай Түркістан АКСР-нда 1925 бірінші сатылы мектептер (оқушылар саны 165.615, олардың 55,6% -і жергілікті халықтардың балалары) және жарты мыңдай оқушысы бар 58 екінші сатылы мектептер жұмыс істеді, көшпелілердің балалары үшін 150 интернат ашылды. Жаңа тұрпатты кеңестік мектептер санының өсуімен қатар, ескі әдістемелі мектептер (діни және діни-ұлттық) саны күрт азайды. Ондай мектептер саны 1920 жылдың жазына қарай небәрі 20-дай ғана болып, медреселер жойылу жағдайында болды [63, 152-153 б.].

Жаңадан құрылып жатқан кеңестік мектептерге мұғалімдер жетіспеді. Бұрынғы мектептерде қызмет атқарған мұғалімдерге Кеңес өкіметі сенімсіздік білдірді. Сондықтан да облыс және уезд орталықтарында бастауыш мектептер

мұғалімдерін даярлайтын немесе олардың білімін жетілдіретін қысқа мерзімді (негізінен үш айлық) курстар ашылды. Ол курстардан өткен жүздеген мұғалімдер шалғайдағы ауыл мен қыстақтардағы мектептерге жіберілді. Осындай жолмен даярланған адамдарға бастауыш мектеп оқушыларына жазу мен сызу білімі ғана берілді, олар шын мәніндегі мұғалімдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтын. Алайда ол кезде басқа амал болмады. Осындай зәрулікті аз да болса қанағаттандыру үшін Түркістан өлкесінің үкіметі әскер қатарында қызмет ететін мұғалімдерді әскери қызметтен босатып, оларды өз мамандығы бойынша пайдалану туралы бұйрық та шығарды [138, 244-245 б.]. Бірақ та мұндай шаралардың тиімділігі шамалы болды.

Жергілікті партия ұйымдары мен кеңестер большевиктік идеологияны таратудың басқа да жолдары мен әдістерін іздестіріп, олардың біразын жүзеге асырды да. Жастар арасында жаңа идеяларды тарату мақсатында әртүрлі кештер, концерттер ұйымдастыру, театр үйірмелері мен қауымдастықтарын құру, жергілікті клубтар мен газеттер жанынан тегін оқу бөлімдерін жабдықтап, оларда коммунистік үгіт пен насихат жүргізу істері жолға қойылды.

Бұл істе жергілікті большевиктер сол кезде жекелеген уезд орталықтарында пайда бола бастаған әртүрлі көркемөнерпаздар үйірмелерін, “Театр қауымы” атанған шығармашылық ұйымдарды біртіндеп өз мақсаттарына пайдалануға тырысты. Мұндай ұйымдардың алғашқысының бірі 1918 жылдың басында Қазалы қаласында қазақтың өнерпаз жастарынан құрылған “Театр қауымы” болды. Қауым өздерінің “Тұтынған жолын халыққа білім тарату, ұлт мектептерін ашу” деп анықтады [204]. Осы “Театр қауымының” мүшелері қалада “Ұлттық кеш” өткізіп, онда “Адам қаны аттатпайды” атты драма қойып, оның соңынан халық музыкасынан концерт берді [205].

Қазақ жастарының театр қауымы (театр кружогі) Перовск қаласында да құрылды. «Бірлік туы» газетінің мәліметі бойынша қалада құрылған “Қазақ оқушы жастар тобы” “13 мартта (1918 ж.) Рахат Төлешевтің жаңадан жазылған “Аға сұлтан” деген пьесасын қойып, әдебиет кешін өткізген. Түскен пайда аштарға көмекке арналды. Жастар тобы өз беттерімен қаражат жинап, “Рахатты басқа жұмыстан босатып жаңа кітап (жаңа пьесалар – З.Т.) жазуға мүмкіндік берген”. Жастар оған (Рахат Төлешевке) ай сайын 70 сом мөлшерінде қаламақы төлеп тұратын болған [194].

Осылай халыққа өз беттерімен, өз ынталарымен мәдени қызмет атқару мақсатында пайда болған жастар қауымдастықтарына большевиктердің нұсқауымен біртіндеп жаңадан құрылып жатқан Комсомол ұйымдары ықпал ете бастады. Енді олардың мәдени-ағарту мақсатында ұйымдастырған кештері мен қойған спектакльдері арқылы өмірге деген коммунистік көзқарас уағыздала басталды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін осындай ұйымдардың жұмыс тәжірибесі “Қызыл отаулар”, “Қызыл керуендер” сияқты коммунистік идеологияны насихаттайтын мекемелердің қызметіне ұласты...

Сонымен, қорыта келгенде Қазан төңкерісі мен Азамат соғысының жеңісі нәтижесінде жеке, дара саяси билікке қол жеткізген большевиктер кеңестік негіздегі мемлекеттік жүйені қалыптастырды. Бұл жүйе 1917-1920 жылдар

аралығында Орталық Ресейдің үлгісімен және оның тікелей ықпалымен Түркістан АКСР-ында, оның құрамында 1924 жылға дейін болған Сырдария және Жетісу облыстарында қалыптасып, орнықты. Сол аумалы-төкпелі, қарама-қайшылықтарға толы кезеңде келешекте күшіне кіретін тоталитарлық мемлекеттің экономика мен идеология саласындағы алғышарттары пайда болып, қоғам өмірінің шындығына айналды.

Қорытынды

Еліміз егемендік алғаннан кейін XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезіндегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі объективті түрде зерттеулерді қажет еткен болатын. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ұзақ уақыт насихатталған «адамдардың тарихи жаңа қауымдастығы - кеңес халқы» дейтін тұжырымдама тарихи тұрғыдан тереңнен қалыптасқан, объективті тұрғыдан өспесе, өше қоймайтын ұлттық мемлекетті жаңғырту идеясын жоққа шығару мақсатын көздейтін-ді,»- деп атап өткендей большевиктік саясат қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарсы бағытталған шараларды жүзеге асырған болатын [206, 272 б.].

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанның, солармен қатар Орта Азияның патшалық Ресейдің отарына айналу процесі аяқталды. Алып империяның жаңадан қосылған бұл өңірлерін патша өкіметі тез қарқынмен метрополияның арзан шикізат көзі мен өз товарларын қымбат бағамен өткізетін рыногына айналдырды. Қазақстан мен Орта Азия бүкілресейлік шаруашылық айналымына енді.

Ресейдің отарына айналысымен, әсіресе XIX-XX ғасырлар тоғысында Түркістанға капиталистік қатынастардың енуімен бірге, отарлық езгі күшейе түсті. Патша өкіметі жаңадан қосылған өңірлердің отарлық сипатын түпкілікті орнықтыруды ойластырды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, патша үкіметі Қазақстан мен Түркістан өлкелерінде, оның ішінде Сырдария облысында да бар жүйелі түрде XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарында көп салалы: әкімшілік-территориялық, сот және діни реформаларды жүзеге асырды. Олардың нәтижесінде Қазақстан мен Түркістан өлкелерін мекендейтін халықтардың этникалық территориясы бөлшектенді, сот жүйесі жалпыресейлік сот жүйесіне сәйкес қайта құрылды, жергілікті халықтардың, ең алдымен қазақ халқының жерлері мемлекеттік меншік деп жарияланды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орталық Ресейден бірнеше толқыннан тұратын жүз мыңдаған қоныс аударушылар (переселендер) келіп қоныстанды. Олар үшін сулы да, нулы миллиондаған гектар жерлер жергілікті халықтан тартып әперілді. Ол жерлерге казак-орыс станицалары, негізінен қоныс аударып келген орыс, украин, т.б. славян тектес халықтар өкілдерінен селолардан басқа да елді мекендер салынды. Отарлы өңірдің шаруашылық өмірі патшалық империяның шаруашылық аясына енгізіле бастады. Мұнда өнеркәсіп орындары, атап айтсақ негізінен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге негізденген шағын кәсіпорындар, жекелеген тау-кен өнеркәсібі, теміржол жүйелері салына бастады, жәрмеңкелік сауда пайда болды, қала тұрғындарының саны өсті. Нәтижесінде жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылық тәртібі бұзылды, қалалар мен ауылдарда әлеуметтік теңсіздік күшейді.

Патша өкіметінің экономикалық саясатының отарлық сипаты, әсіресе оның аграрлық саладағы көріністері көшпелі және отырықшы қазақтар санының арасалмағын өзгертті, шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуына, мал түліктерінің құрамының біртіндеп өзгеруіне әсер етті.

XX ғасырдың басында жалпы Ресейде, оның отарлы аймақтарында әлеуметтік қайшылықтар шиеленісті, империяның Қазақстан мен Түркістан өлкесіндегі отарлық саясаты, әсіресе «столыпиндік» реформаларды жүзеге асыру барысында аса күшейді. Империядағы дағдарыс 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты шырқау шегіне шықты. Жоғарыда айтылған факторлар Қазақстанның, оның ішінде Түркістан өлкесіне қараған Сырдария облысының қоғамдық-саяси хал-ахуалын да шиеленістірді. Бұл өңір біртіндеп метрополияның экономикалық өміріне ғана тартылып қоймай, оның орталығында орын алған саяси күрес орбитасына да тартыла бастады.

Бұл 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының Қазақстанға жасаған әсерінен, Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен аса айқын көрінді.

1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің жеңісі нәтижесінде патша үкіметінің құлатылуы мен Ресейде Республикалық тәртіптің орнатылуы Қазақстан мен Түркістандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Ақпан төңкерісі Қазақстанның басқа аймақтары сияқты оңтүстік өңірінде де үлкен қолдауға ие болды. Бірақ, аймақтың аталған кезеңдегі қоғамдық саяси дамуының өзіндік ерекшеліктері де болды. Аймақтағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары өзгерістерге қарамастан казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды. Көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елдімекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда болды.

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірдің өзіне тән ерекшеліктердің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде М.Шоқай, М.Тынышпаев сияқты қазақ зиялылары бастаған кадет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болуы болса, екіншіден, осы комитетпен текетіресте болған Ташкент Кеңесінің құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға ие болуына байланысты болды.

Өлке орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда жауап ретінде жергілікті халықтардың саясатқа белсенді түрде араласа бастаған өкілдері екі қоғамдық-саяси өмір мәселелеріне белгілі дәрежеде консервативтік бағыт ұстаған “Ғұламалар одағы” (“Улема жаннаты”) және қоғамды буржуазиялық-демократиялық тұрғыда өзгеруге бейім тұрған “Ислам кеңесі” (“Шуро-ислам”) атты ұйымдарын құрды. Ал аймақтағы ұлттық қозғалыстың басшылары өзара түсінісе алмағандықтарымен қатар, өз қызметін өлке орталығымен шектеді.

Түркістанда, оның құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстарында, империяның орталығында орныққан қосөкіметтілік «көпөкіметтілік» түрінде көрініс тапты. Революцияның жеңіске жеткенінен кейінгі алғашқы айларда (шамамен 1917 жылдың көктем-жаз айларында) бұл өңірде үкімет билігіне Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен жұмысшы және солдат Кеңестері ғана емес, сонымен қатар қазақтың ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясы, Түркістандық жәдидшілдік (жаңашылдық) қозғалысы нәтижесінде құрылған «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-улан», т.б. саяси партиялар мен басқа да саяси

қоғамдық қозғалыстар билік үшін Ресейлік социалистік партияларының (социал-демократтар, социалист-революционерлер), монархистер мен анархистер, т.б. саяси күштер өкілдері күресті.

Алайда саяси күрес логикасы бойынша 1917 жылдың күзіне қарай бұл өңірдегі «көпөкіметтілік» Орталық Ресей үлгісімен «қосөкіметтілікке» ұласты. Оның біріншісін негізінен кадеттер партиясы мен оның одақтастарынан тұратын Уақытша үкімет бейнелесе, екіншісін күн өткен сайын лениндік большевиктер партиясының ықпалы күшейген Орталық пен жергілікті жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңестері бейнеледі.

Қазақтың ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының басшылығы Уақытша үкіметті қолдаса, жекелеген қазақ халқының өкілдері, негізінен радикалдық көзқарас пен әрекеттерді таңдап алған интеллигенция өкілдері, Кеңестер жағында болды.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Сырдария облысындағы азаматтық қарама-қарсылықтың шиеленісе түсуі нәтижесінде енді «қосөкіметтілік» Кеңестердің жеңісі нәтижесінде соңғысының жеке дара саяси билігімен алмасты.

Петроградтағы 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жеңісімен басталған Кеңес өкіметінің саяси билігіне жету үрдісі Қазақстанда 1917 жылдың соңынан 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Бұл процесс Сырдария облысына да тән болды. Еліміздің басқа өңірлеріндегідей, Сырдария облысында Кеңестердің жеңіске жету жолы В.И. Ленин айтқандай, «салтанатты шеру» түрінде болған жоқ, керісінше тамыры терең әлеуметтік, таптық қарама-қарсылықты күшпен жеңу жолымен жүргізілді. Қазақстанның басқа аудандарындағыдай, Сырдария облысында жаңа өкіметті орнатуда басты рөлді атқарған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Кеңестері тұрғылықты халықтармен байланысы жоқ славян халықтарының, негізінен орыстардың өкілдерінен тұратын жергілікті гарнизон солдаттары мен ірілі-кішілі қалалар мен теміржол станциялары жұмысшыларынан тұрды. Жергілікті халықтардың, олардың қатарында қазақтардың жекелеген өкілдері ғана, Кеңес өкіметі үшін күреске қатынасты да, олардың басым көпшілігі бейтараптық позиция ұстады.

Алайда бүкіл империялық саяси және шаруашылық салаларда, ұлтаралық қатынастарда жаппай әрі терең дағдарысқа ұшыраған халықтарға Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметінің берген жалған уәделеріне (шаруаларға жер беру, жұмысшыларға өнеркәсіп орындарын алып беру, ұлттық теңдікті қамтамасыз ету сияқты) еңбекшілер қауымы көп жағдайда сеніммен қарады. Сондықтан да олар жалпы алғанда Кеңес өкіметінің орнап нығаюына белсенді түрде қарсы шыққан жоқ.

Кеңес өкіметінің орнап, нығаю барысында жаңа саяси билік экономика мен идеология салаларында өзінің негізі болатын алғашқы шарттарды қалыптастыру ісіне кірісті. Большевиктер сол кездің өзінде тұғыры қалана басталған тоталитарлық мемлекеттің келешектегі экономикасы орталыққа бағындырылған жоспарлы тәртіпке бағындырылуы тиіс деп есептеді.

Ал саясат пен руханият салаларында Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қалыптаса басталған ұстанымдары қоғамның өміріне тұтастай

бақылау орнатуға тиісті коммунистік идеологияның үстемдігін етуіне бағындырылды. Кейінгі тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, сірескен жоспарға бағынған экономика, бір идеологияға тәуелді болған саяси өмір түптеп келгенде 74 жылдан кейін Кеңес Одағының мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатуының басты себептерінің бірі болды.

Қазан төңкерісі жеңген бетте-ақ большевиктік басшылық арасында билеуші топтар меншігін тез арада экспроприациялау саясатын Қазақстан сияқты шет аймақтарға да сол күйінде көшіруді жақтайтын күштер жеткілікті еді. Қоғамдық мәселелерді түсіндіру мен шешуде өрісі тар партиялық деңгейден жоғары көтеріле алмаған олар іс жүзінде қазақ сияқты «тағы» халықтың «қарабайыр түке алғыссыз» тіршілігін, өмір салтын қиратып, бұзып, революциялық құралдар арқылы мүлдем жаңа өмір сатысына алып шығуға болады деп түсінді.

Әрбір тарихи кезеңнің міндеттерін анықтау, халықтың өзін-өзі тануы зиялы қауымның қызметі арқылы көрінеді. Бірақ саяси идеологияның үстемдігі жағдайында зиялы қауым өз мүмкіндігіне айырылды. Партия өкілдері партиялық және мемлекеттік жұмыстарда идеологияның негізгі тірегі ұлттық сананы, тарихты, тілді, дінді тұншықтыруға тырысты. Ұлттар тарихында ұлттық, аймақтық факторлардың ерекше маңызы бар. Әр ұлттың құрамы, шаруашылық жағдайы, өзіне ғана тән ерекшеліктері, табиғи және экономикалық мүмкіншіліктері оның даму деңгейін тікелей анықтайды. Ал большевиктік партияның мемлекеттік жұмыстарында осы факторлар ескерілмей, аяққа басылды. Жаппай күдіктенушілік пен жауқұмарлыққа байланысты үрей үйірген ахуал жағдайында олардың көбі арандату мен қуғындау нысандарына айналды.

Осы кезеңдерде халқымыздың басынан өткерген нәубетті аса бір өкінішпен еске аламыз. Ендігі уақытта бұндай келеңсіздіктер қайталанбаса екен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Пален К.К. Переселенческое дело в Туркестане. – СПб., 1910.– Ч.2.– 53 с.
- 2 Заорская В., Александров Г.А. Промышленные заведения Туркестанского края. - Пг., 1915. – Вып.1.–559 с.
- 3 Добромыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент, Ташкент. – 1912.– 204 с.
- 4 Галузо П.Г. Аграрные отношения на Юге Казахстана в 1867-1914 гг. / под ред. С.М. Дубровского – Алма-Ата: Наука, 1965. – 308 с.
- 5 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст. Б. Серікбайұлы, Қошым-Ноғай. – Алматы, 1992. – 184 б.
- 6 Пясковский А.В. Революция 1905-1907 годов в Туркестане. – М.: АН СССР. – 1958. – 614 с.
- 7 Наурызбаев С. Революционное и национально-освободительное движение трудящихся Сыр-Дарьинской области в начале XX века: автореф. ... канд. истор. наук. – Алма-Ата, 1967. – 30 с.
- 8 Динашева Л.С. Оңтүстік Қазақстандағы қоныс аударушылар тарихы мәселелері: жаңа көзқарас (1867-1917 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 27 б.
- 9 Историография истории СССР. Эпоха социализма /под ред. И.И. Минца - М.: высшая школа, 1982. – 336 с.
- 10 Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана. – Алма-Ата, 1969. – 164 с.
- 11 Дахшлейгер Г.Ф. В.И.Ленин и проблемы казахстанской историографии. – Алма-Ата, 1973. – 208 с.
- 12 Нусупбеков А. Основные вехи и некоторые итоги развития исторической науки в Казахстане // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. –1981. – С. 12-17
- 13 Нусупбеков А. Основные направление развития исторической науки в Казахстане // Наука Советского Казахстана в 1920-1980 гг. – Алма-Ата, 1981. – С. 225-232
- 14 Алдамжаров З. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане (Историография проблемы). –Алма-Ата, 1983.– 81 с.
- 15 Козыбаев М.К. К историографии гражданской войны в Казахстане //Вестник АН КазССР. – 1982. - № 8. – С.9-13.
- 16 Қозыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. – Алматы: Рауан, 1990.– 136 с.
- 17 Қозыбаев И.М. Историческая наука Казахстана: 40-80 годы XX в. – Алматы: КазГУ, 1992.–152 с.
- 18 Иноятов Х.Ш. Победа Советской Власти в Туркестане. - М.: Мысль, 1978. – 364 с.
- 19 Елеуов Т. Установление и упрочение Большой Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961. – 526 с.

20 Козыбаев М.К. рецензия на книгу Покровского С.Н. «Разгром интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1918-1920 гг)» // Вопросы истории СССР. – 1967. – №10. – С. 172-174.

21 Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. - 2-е изд., доп. и перераб. – Алма-Ата, 1987. – 392 с.

22 Елагин А.С. Социалистическое строительство в Казахстане (1918-1920 гг). – Алма-Ата: Наука, 1966.– 308 с.

23 Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929 жылдар). – Алматы: Ғылым, 1972.– 347 б.

24 Нурпейсов К. Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987.– 240 с.

25 Әйтиев Ә. Тарихи күн // Қызыл Қазақстан. – 1922. – № 3.

26 Меңдешев С. Қазақ Республикасының үш жыл жасауы //Қызыл Қазақстан. –1923. – № 22.

27 Тоғжанов Ғ. Ұлт мәселесі һәм кеңес өкіметі // Тілші. – 1923. – №1.

28 Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу: 1916 - 18 жж. / жауапты ред. С. Мұқанұлы. – 2-ші бас.–Алматы; - Қазан: Көркем әдебиет баспасы, 1936. – 530 б.

29 Бекұлы О. Азамат соғысында біз қалай жеңіп шықтық //Қызыл Қазақстан. – 1928. – №1-2 (69-70). – 112 б.

30 Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. - Ташкент, 1925. – 218 с.

31 Рыскулов Т. Октябрь в Туркестане // Казахстанская правда. – 1936, апрель – 26.

32 Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. –Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 482 с.

33 Минц И.И. История Великого Октября в 3-х т. - М., 1978.–Т.2. –1008 с.

34 Усенбаев К. Восстание 1916 года составная часть общероссийского революционного потока Киргизии //Коммунист Киргизстана. - 1986. - №12. – С. 35-39.

35 Усенбаев К. Приобщение трудящихся Киргизии к революционной борьбе в России. – Фрунз: Илим, 1971. – 60 с.

36 Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961.–363 б.

37 Джургенов А. В борьбе единство мы нашли. – Алма-Ата: Казахстан, 1972. – 168 с.

38 Пахмурный П.М., Григорьев В.К. Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1978.–224 с.

39 Зиманов С.З. В.И.Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1970.–303 с.

40 Зиманов С. Казахский революционный комитет.–Алма-Ата, 1981.–196 с.

41 Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 239 с.

42 Победа Советской Власти в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент: Фан, 1967. – 770 с.

- 43 Установление Советской власти в областях Казахстана (1917-1918 гг.): Сб. статей. – Алма-Ата: КазГосиздат, 1957. – 238 с.
- 44 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1916-1924 жж.): Түркістан кезеңі: тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 227 б.
- 45 Нұрпейісов К. Қазақстан азаматтық қарсылық кезеңінде // Қазақстан тарихы (очерк). – Алматы, 1994. – 301 б.
- 46 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 47 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 256 б.
- 48 Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 49 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М.: «Россия молодая», 1994. – 216 с.
- 50 Ауанасова А.М. Национальная интеллигенция Туркестана в первой четверти XX века. – Алматы: Қазақ Университеті, 2001. – 262 с.
- 51 Тұрсын Х.М. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасу және күйреу тарихы: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 24 б.
- 52 Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің Шығыс бөлімі: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 23 б.
- 53 Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1971 – маусым 1918 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.
- 54 Нұрмағанбетқызы Ж. Қазақстандағы Уақытша үкіметтің комиссарларының қызметі: тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 124 б.
- 55 Есиркемесова Б.А. Внутренняя политика Временного Правительства в Казахстане: автореф. ... канд. истор. наук, – Алматы, 2000. – 30 с.
- 56 Смағұлова С.О. Ұлттық интеллигенция және XIX аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 256 б.
- 57 Өзбекұлы С. XVII ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихы және қайраткерлері: заң ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1999. – 52 б.
- 58 Әуелғазина Т.Қ. XX ғасырдың 1-ші шерегіндегі зиялылардың қоғамдық-саяси қызметі: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. – 26 б.
- 59 Омарбеков Ш.Т. XX ғасырдың 20-30 жылдарында саяси қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарасы: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 29 б.
- 60 Слямов А.С. Солтүстік шығыс Қазақстан азаматтық қарама-қарсылық кезеңінде (1917-1920 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 29 б.
- 61 Нарматова Г.С. Общественно-политическая и государственная деятельность А.Розыбакиева: автореф. ... канд. истор. наук. – Алматы, 2002. – 28 с.
- 62 Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: “Шарк”, 2000. – 672 с.
- 63 Туркестан на историческом повороте (1917-1920 гг.): Учебное пособие // сост.: Голованов А.А., Тилеукулов Т.С. – Ташкент: Изд-во “Халк мероси”, 2002. – 161 с.

- 64 Пален К. К., Материалы к характеристике народного хозяйства в Туркестане. Отд. II. –Спб., 1911.–Ч. I. – С. 56-75.
- 65 Азиатская Россия. Земляихозяйство. - Спб.: Т-во А.Ф.Маркс, 1914. - Т.2. – 640 с.
- 66 Дулатов М. –Шығармалары. – Алматы: Жазушы. – 1991. – 384 б.
- 67 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 5 т. – Алматы, 2002. – 3 т. – 599 б.
- 68 Шонанұлы Телжан. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
- 69 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана: численность, размещение, состав (1870-1914 гг.).–Алма-Ата: Наука,1981.–112 с.
- 70 Заорская В., Александр К.А. Промышленные заведения Туркестанского края. – Петербург, 1915. – Вып. 1. – 559 с.
- 71 Утин А.А. Индустриальный Южный Казахстан. – Алма-Ата: Казахстан, 1972. – 192 с.
- 72 Обзор Сыр-Дарьинской области 1912 г. – Ташкент, 1914. – 192 с.
- 73 Якунин А.Ф. Революция 1905-1907 гг. в национальных районах России. М.: Госполит. изд., 1949. – 260 с.
- 74 Туркестанский курьер. – 1909, декабрь –12.
- 75 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 1975. – 384 б.
- 76 Новый Восток. – М., 1924. – №5.
- 77 Материалы по Киргизскому землепользованию.: Сыр-Даринская область. Чимкентский уезд. – Спб., 1910. – Т.2, вып.1. – 280 с.
- 78 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-11,тізбе-2, іс-20, 64-71п.
- 79 Шахматов В.Ф. О формах феодальной эксплуатации в Казахстане в XIX века //Вестник АН КазССР. – 1951. – № 11. – С. 93-108.
- 80 Скрыплев П.А. Материалы по обследованию перселенческого хозяйства в туркестанском крае. Ч.2: Русские селения в Чимкентском уезде Сыр-Дарьинской области.–Ташкент: Переселенческое управление.–1909.–203 с.
- 81 ҚР ОММ. – Қор-33, тізбе - 1, іс -13, 270 п.
- 82 Вестник Русско-Английской торговли за 1913 г. – Петербург. –№ 5-10.
- 83 Из истории рабочего класса и революционного движения. – М.: Изд-во АН СССР, 1958. – 795 с.
- 84 Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. – Алма-Ата, 1963. – 671 с.
- 85 Туркестанские ведомости. – 1905, ноябрь – 12.
- 86 Пален К.К. Всеподданнейшая записка, содержащая главнейшие выводы отчета о произведенной в 1908-1909 гг. Ревизии туркестанского края. Административный строй. – Спб., 1910. – Ч.2. – 53 с.
- 87 Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. – Алматы: Казмем баспасы, 1963. – 705 б.
- 88 Елькеев Б. Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане в период установления советской власти: автореф. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1975. – 30 с.

- 89 Русский Туркестан. – Ташкент. –1906, апрель – 8.
- 90 Зима А.Г. Киргизия накануне Великой Октябрьской Социалистической революции. - Фрунзе: АН Киргизской ССР. – 1959. – 113 с.
- 91 Революция 1905-1907 гг. в национальных районах России. –М.: Госполит. издат, 1949. – 812 с.
- 92 Новый Восток. - М., 1925. –№10-11.
- 93 История коммунистических организаций Средней Азии. – Ташкент: Узбекистан, 1967. – 778 с.
- 94 Қарқара айбаты. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Өлке, 1991. – 84 б.
- 95 Тугов П.И. К вопросу о продовольственном вопросе накануне Великой Октябрьской социалистической революции //Известия Академии наук Казахской ССР. Серия истории, экономики, философии и права. – 1957. – Вып. 2. – С. 32-36.
- 96 Известия особого совещания по продовольственному делу. – Петроград, 1916.
- 97 Нурпеис К. Турар Рыскулов и его время // Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – С. 134-163.
- 98 Рыскулов Т.Р. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году. В двух частях. – Кзыл-Орда: Изд. Комиссии при КазЦИКе, 1927. – 125 с.
- 99 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 1, тізбе-25, іс-171, 10-16 пп.
- 100 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 17, іс-9601, 14 п.
- 101 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-1, тізбе-31, іс-1153, 96,97,159,160 пп.
- 102 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-1, 146, тізбе-1, іс-66, 156-157 пп.
- 103 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-17, тізбе-1, іс-13204, 25 п.
- 104 Рыскулов Т. Восстание киргиз в 1916 г. //Новый Восток. – 1924. –№6. – С. 12-18.
- 105 Хасанов А. Воспитание учащихся в духе дружбы народов. – Фрунзе: 1966.
- 106 Бурджалов Э.Н. Вторая русская революция. – М.: Наука, 1971. – 463 с.
- 107 Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. –Алматы: Қазақстан баспасы, 1979. –Т. 31. – 159 б.
- 108 Никишов П.П. Из истории краха левых эсеров в Туркестане. - Фрунзе: «Кыргызстан», 1965. – 178 с.
- 109 Из истории казахов /сост. Е. Аккошкарров – Алматы: Жалын, 1997. - 448 с.
- 110 Смағұлова С. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
- 111 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы, 2008. – 105, 107 б.
- 112 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-1760, тізбе-1, іс-25, 36 п.

- 113 Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане 1917-1918 гг. //Сборник документов. – Алма-Ата: КазГосиздат, 1957. – 425 с.
- 114 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2,б.-1, іс-2, 144 п.
- 115 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-8, 19 п.
- 116 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-8, 26-27 пп.
- 117 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-10, 73 п.
- 118 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-10, 63,321 пп.
- 119 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 17, тізбе-4, іс-9599, 114 п.
- 120 Туркестанские ведомости. – 1917, май – 11. – №40.
- 121 Сафаров Г. Колониальная революция: опыт Туркестана //В кн.: Алаш Орда: Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. - Алматы: Жалын, 1996. – 272 с.
- 122 Труды Узбекского филиала ИМЛ.
- 123 Туркестанские ведомости. – 1917, август– 2. – №153.
- 124 Туркестанские ведомости. – 1917, апрель – 17. – № 21.
- 125 Нұрпейісов К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдардағы қоғамдық саяси өмірі туралы //Қазақ тарихы. –1997.–№ 2.–Б.23-25.
- 126 Программы политических партий России: конец XIX – начало XX вв. – М., 1995. – 461 с.
- 127 Озғанбай Ө. Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917ж.ж.). – Алматы, 1997. – 460 б.
- 128 Алаш Орда: Сборник документов /сост. Н. Мартыненко. – Кызыл-Орда, 1929.
- 129 ҚР ОМА. - Қор-17, тізбе 1, іс–22, 24 п.
- 130 ҚР ОМА. - Қор-15, тізбе-2, іс–422, 47 п.
- 131 Григорьев В.К. Противостояние: Большевики и непролетарские партии в Казахстане. 1917-1920 гг. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 252 с.
- 132 1917 год в Казахстане: Документы и материалы /сост. Ф.Н. Киреев, П.А. Абдуллина – Алма-Ата: Казахстан, 1977. – 284 с.
- 133 Никишов П.П. Из истории краха левых эсеров в Туркестане. // Институт истории партии ЦККП Киргизии – филиал института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. - Фрунзе: “Кыргызстан”, 1965. – 178 с.
- 134 Қазақ. – 1917, шілде –31.
- 135 Плоских В. Манас не признал себя виноватым. – Бишкек: “Илим”, МП “Табылга”, 1993. – 86 с.
- 136 Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. – Уфа: “Китап”, 1994. - Кн. 1. – 394 с.
- 137 Қазақ. –1917, қараша – 21.

- 138 Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане” //Сборник документов. –Ташкент: Фан, 1970.– 560 с.
- 139 Нұрпейісов К. Ұлы Октябрь Қазақстанда. –Алматы: Білім, 1977.– 48 б.
- 140 Вопросы истории Казахстана: Исследование молодых ученых / сост. К. Ускенбай. – Алма-Ата, 2004. – Вып. 5. – 120 с.
- 141 Оспанов Ә. Қазақстан қалаларында Совет өкіметін орнатуға солдаттар бұқарасының қатысы 1917-1918 жж. //Из истории борьбы за власть Советов в Казахстане. Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. – Алма-Ата, 1963. - Т.17. – С. 42–47.
- 142 Из истории борьбы за власть Советов в Казахстане // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1963. –Т. 17. – С.147–149.
- 143 Асфендияров С.Ж. Совет мусульманских рабочих депутатов города Ташкента //Наша газета. – 1917, сентябрь – 5.
- 144 Хроника событий Октябрьской революции в Узбекистане. – Ташкент, 1957.
- 145 Казахстан в огне гражданской войны: воспоминания участников Великой Октябрьской социалистической революции и гражданской войны в Казахстане // Институт истории партии при ЦК КП Казахстана, Филиал Института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС / под ред. С. Бейсембаева, П. Пахмурного. – Алма-Ата : Казгосиздат, 1960. – 470 с.
- 146 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-11,11-б-50-р, тізбе-2, іс-2, 16 парақ.
- 147 Великая Октябрьская социалистическая революция //Энциклопедия /под.ред. Г.Н. Гошкова, М.И. Кузнецова. – М., 1977. – 712 с.
- 148 Деникин А.И. Очерки Русской смуты. Крушение власти и армии. – М., – 1991. – 520 с.
- 149 Анфертъев И.А. В лихолетье // От первого лица. – М.: Патриот, 1990. – 479 с.
- 150 Пролетарий. – Петроград, 1917, август – 17.
- 151 Наша газета. - 1917, сентябрь – 18. – №116.
- 152 Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане: летопись событий 27 февраля 1917 г.–30 июня 1918 г. – Алма-Ата, 1967.– 455 с.
- 153 Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-57, тізбе-5, б.-1, іс-2, 4 парақ.
- 154 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-1, іс-2, 64 парақ; сонда іс-10, 61 парақ.
- 155 Революция от-жалынында. Естеліктер жинағы. – Алматы, 1957. - 143 б.
- 156 Иноятов Х.Ш. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. – Ташкент: Фан, 1967. – 128 с.
- 157 Наша газета. - 1917, июль – 18. - №70.
- 158 Елеуов Т. Казахстан в период подготовки Великой Октябрьской социалистической революции //Вестник АН Казахской ССР. Серия общественные науки. - 1954. - №10. - С. 26-41.

159 Пашинцева З.В. Борьба за установление и упрочение Советской власти в Сыр-Дарьинской области // В кн.: Установление Советской власти в областях Казахстана /Сборник статей.

160 Городская Дума //Туркестанские ведомости. –Ташкент. -1917. – № 140 (202). - 13 сентября. – С. 3.

161 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-11, тізбе-2, іс-4, 5 п.

162 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-2, 246 п.

163 Ташкент облыстық мемлекеттік мұрағаты.-Қор-1/10, тізбе-1, іс-21, 21 п.

164 Ташкент облыстық мемлекеттік мұрағаты.-Қор-1/10, тізбе-1, іс-21, 21 п.

165 Ташкент облыстық мемлекеттік мұрағаты.-Қор-1/10, тізбе-1, іс-30, 289 п.

166 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-1618, тізбе-1, іс-1-е, 119 п.

167 Ташкент облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-10, тізбе-1, іс-8, 88 парак.

168 Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 34 т. – 650 б.

169 Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1980. - 35 т. – 641 б.

170 Оспанов Ә. Қазақстан қалаларында совет өкіметін орнатуға солдаттар бұқарасының қатысы //Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР.– Алма-Ата, 1963. –17 т. – Б.47-48.

171 Вейц Б.И. Великий Октябрь в Казахстане. –Алма-Ата: Наука, 1977. – 262 с.

172 За власть Советов: Воспоминание Вологодских большевиков. - Вологда: Обл. книжн. изд-во, 1957. – 94 с.

173 Очерки истории Коммунистической партии Туркестана. – Ташкент, 1959. – Т.2. – 184 с.

174 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, 22 п.

175 Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане // Сб. документов. - Ташкент, 1947. – 501 с.

176 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-1, 235-236 п.

177 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-3, іс-16а, 75 п.

178 ҚР ОММ. - Қор 7, тізбе-1, іс-7, 4 п.

179 Өзбекстан Республикасы ОММ. - Қор-25, іс-20, 78 п.

180 Аймауытұлы Ж. Даладағы наурыз //Қызыл Қазақстан. – 1922. – №6.

181 Ленин В.И. Орта Азия мен Қазақстан туралы. – Алматы, 1960. –390 б.

182 Минц И.И. Год 1918. – М., 1982. – 197 с.

183 Ленин В.И. Совет өкіметінің кезектегі міндеттері: научное издание. – Алматы: Қазақстан, 1982. – С.41-46.

184 Тугов П.И. К истории национализации промышленности в Казахстане в 1918-1920 гг. //Известия Академии наук Казахской ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – 1960. – Вып. 1(12). – С. 13-28.

185 Материалы Всероссийских переписей 1920 г. Промышленная перепись в Туркестанской Республике. //Список промышленных заведений

Сырдаринской области. – Ташкент: Издательства ЦСЦ Туркестанской Республики, 1922. – Вып. 2. – 158 с.

186 Директивы КПСС Советского правительства по хозяйственным вопросам (1917-57 годы) // Сборник документов: в 4-х т. – М.: Госполитиздат, 1957. – 1 т. – 590 с.

187 Тугов П.И. Некоторые вопросы продовольственной политики Советской власти в Казахстане в 1917-1920 годах // Труды института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР.– Алма-Ата, 1962. – Т.3. – С. 75-78.

188 ҚР ОММ. – Қор-1, тізбе - 1, іс -12, 19-20 п.

189 ҚР ОММ. – Қор-1, тізбе - 1, іс -12, 19-20 п.

190 ҚР ОММ. - Қор-406, тізбе-1, іс-1а, 22 п.

191 Орлов Н. Девять месяцев продовольственной работы Советской власти. - М., 1918. – 9 с.

192 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 25, тізбе-1, іс-358, 120 п.

193 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-805, тізбе-1, іс-149, 4 п.

194 Бірлік туы. - Ташкент. –1918, наурыз - 22.

195 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-384, тізбе-1, іс-3, 35 п.

196 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-384, тізбе-1, іс-9, 54 п.

197 Известия. – Ташкент, 1920, қаңтар –14. - №34.

198 Резолюции и постановления съездов Коммунистической партии Туркестана: 1918-1924 гг. // Институт истории при ЦК КП Узбекистана – филиал института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1958. – Т.37. – 212 с.

199 Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы.–Алматы, 1980. –338 б.

200 Наша газета. – Ташкент, 1918, июль – 17.

201 Хамидходжаев А. Организация комсомола в Туркестане 1918-192 гг. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1957. – 208 с.

202 Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-57, тізбе-5, іс-1, 91-п.

203 Собрание узаконений рабоче-крестьянского правительства РСФСР, 1917-1918 гг. – №18. – 893 с.

204 Ақмешіттегі театр // Бірлік туы. - Ташкент, 1918, ақпан –28.

205 Ұлуғ Түркістан. – Ташкент, 1918, қаңтар – 28.

206 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында . - Алматы: «Өнер», 1996. – 272 б.